



МОСКОВСКИЙ
ПОЛИТЕХ



ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА
ПРОЕКТНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**«ТУРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТИ/УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН-АСТАНА»/«TURAN-ASTANA» UNIVERSITY
МӘСКЕУ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ / МОСКОВСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ/MOSCOWPOLYTECHNIC UNIVERSITY**



**"Тұран-Астана" университетінің 25 жылдығына арналған
«ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ - ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ
ТИІМДІ ДАМУ ТЕТІГІ» атты докторанттар, магистранттар және студенттердің XIV
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ТОМ I

МАТЕРИАЛЫ

**XIV Международной научно-практической конференции докторантов, магистрантов
и студентов**

**«ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ПРАКТИКИ - МЕХАНИЗМ ЭФФЕКТИВНОГО
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА»,
посвященной 25-летию Университета «Туран-Астана»**

ТОМ I

THE MATERIALS

**XIV International Scientific and Practical Conference of doctoral students,
undergraduates and students**

**«INTEGRATION OF SCIENCE AND PRACTICE - A MECHANISM FOR THE
EFFECTIVE DEVELOPMENT OF MODERN SOCIETY»
dedicated to the 25th anniversary of the «Turan-Astana» University**

VOLUME I

АСТАНА-2023

УДК 629.7

Б 55

Б 56 *«Ғылымның өзекті мәселелері: жас зерттеушілердің көзқарасы»:* «Тұран-Астана» университетінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғыл.-практ. конф. мат. Астана: «Тұран-Астана» университеті, 2023.- 323 б.

ISBN 978-601-7871-16-1

Жинаққа 2023 жылы 27-28 сәуірде «Тұран-Астана» университетінде өткізілген «Тұран-Астана» университетінің 25 жылдығына арналған **«ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ - ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ТИІМДІ ДАМУ ТЕТІГІ»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары енген. Конференция материалдары ғылыми қызметкерлер, докторанттар, магистранттар және студенттерге арналған.

27-28 апреля 2022 года в Университете **«ТУРАН-АСТАНА»** (Казахстан, г. Астана) состоится XIV Международная научно-практическая конференция докторантов, магистрантов и студентов **«Актуальные проблемы науки: взгляд молодых исследователей»**, посвященная 25-летию Университета **«ТУРАН-АСТАНА»**

В сборник вошли материалы Международной научно-практической конференции **«ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ПРАКТИКИ - МЕХАНИЗМ ЭФФЕКТИВНОГО РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА»**, посвященной 25-летию Университета **«ТУРАН-АСТАНА»**, проходившей 27-28 April 2023 года в университете «Тұран-Астана». Сборник рекомендован для научных работников, докторантов, магистрантов и студентов вузов.

УДК 629.7

Редакционная коллегия:

Джапарова Г.А., к.э.н., профессор; Алиев У.Ж., д.э.н., профессор; Даубаев К.Ж., д.э.н., профессор; Смоилов С.Ж., PhD, доцент; Капенова А.З., к.э.н., профессор; Нарбинова М.М., к.ю.н., доцент; Аимкулов Р.А., PhD, доцент; Искаков Б.М., к.э.н., доцент; Капсалямпов К.Ж., к. ю. н., профессор; Абишева К. М., д.ф.н., профессор; Нагымжанова К. М., д.пед.н., профессор; Барсукова Р.А., к.ю.н., профессор; Бекбусинова Г.К., к.э.н., доцент; Шнайдер В.А. к.фил.н., доцент; Кабашева Н.В. к.э.н., доцент; Жанतिकеев С.К. к.пс.н., профессор;

ISBN 978-601-7871-16-1
университеті, 2023

© «Тұран-Астана»

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАРҒА
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ УЧАЩИХСЯ В ШКОЛАХ
НЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

METHODS OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE TO STUDENTS IN
SCHOOLS THAT DO NOT TEACH IN THE KAZAKH LANGUAGE

Аннотация. Қазақ тілі – сан ғасырдан бері ата бабадан мирас болып келе жатқан киелі дүние. Ол – халықтың алтыннан қымбат кені. Тіл – адам баласының әлем бейнесін тану жолындағы түсінігінің, ойының, сезімінің, идеясының, дүниетанымының көрінісі.

Еліміздің мемлекеттік тілі- қазақ тілі. Осыған орай оқу орыс тілінде жүретін мектептерде егеменді еліміздің мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие. Мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты - оқу өзге тілде жүретін мектеп оқушыларының бастауыш мектепте қазақша қарым -қатынас тілінің негіздерін игеруіне, дұрыс оқып, дұрыс жазуға машықтануына яғни, тілдің орфографиясы мен орфоэпиясының заңдылықтарын түсіндіруге бағытталады.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, тіл, бағытталған, түсіндіру, орыс тілі.

Аннотация. Казахский язык – это священный мир, доставшийся нам от наших предков на протяжении многих веков. Это народная руда, более ценная, чем золото. Язык – это выражение человеческого понимания, мыслей, чувств, представлений, мировоззрения в способе узнавания образа мира. Государственным языком нашей страны является казахский язык, поэтому преподавание казахского языка, государственного языка нашей суверенной страны, в русскоязычных школах имеет жизненно важное значение. Цель обучения государственному языку - помочь школьникам, обучающимся на другом языке, овладеть основами казахского языка общения в начальной школе, научиться правильно читать и писать, то есть объяснить законы орфографии и правописания языка.

Ключевые слова: казахский язык, язык, ориентированный, объяснение, русский язык.

Abstract. The Kazakh language is a sacred world that has been inherited from our ancestors for many centuries. It is a people's ore more precious than gold. Language is an expression of human understanding, thoughts, feelings, ideas, and worldview in the way of recognizing the image of the world.

The state language of our country is the Kazakh language. Therefore, teaching the Kazakh language, the state language of our sovereign country, in Russian-language schools is of vital importance. The purpose of teaching the state language is to help schoolchildren who study in another language to master the basics of the Kazakh communication language in elementary school, to practice reading and writing correctly, that is, to explain the laws of orthography and orthography of the language.

Keywords: Kazakh language, language, oriented, explanation, Russian language.

Қазақ тілі – сан ғасырдан бері ата бабадан мирас болып келе жатқан киелі дүние. Ол – халықтың алтыннан қымбат кені. Тіл – адам баласының әлем бейнесін тану жолындағы түсінігінің, ойының, сезімінің, идеясының, дүниетанымының көрінісі.

Еліміздің мемлекеттік тілі- қазақ тілі.Осыған орай оқу орыс тілінде жүретін мектептерде егеменді еліміздің мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие. Мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты - оқу өзге тілде жүретін мектеп оқушыларының бастауыш мектепте қазақша қарым -қатынас тілінің негіздерін игеруіне, дұрыс оқып, дұрыс жазуға машықтануына яғни, тілдің орфографиясы мен орфоэпиясының заңдылықтарын түсіндіруге бағытталады. Негізгі мектепте бала бастауышта алған білімін жалғастырып, білім мазмұнын «қоршаған орта» тақырыптары арқылы толықтырып, грамматикадан алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға дағдыланады. Жоғары сыныптарда тілдік конструкцияларды сөйлеу әрекетінде еркін қолдану, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымын, стилистикалық ерекшеліктерін танып, оны теориялық жүйелеу мен өз бетінше сөздік қорын байыту әрекетін қамтамасыз етуі қарастырылады. Айтылған мақсаттарды іске асыру үшін алға қойылатын міндет: оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін күнделікті қарым -қатынас деңгейінде көрсете білу, меңгерту. Қазақ тілі сабағының әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқу-тәрбие негізі-сабақ. Сол себепті сабақ тартымды, әсерлі,мақсатты, айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Оқушылардың сапалы білім алуына, сол пәннен алынатын міндетті білім дағдыларын меңгеруіне дұрыс бағытта жол ашу үшін,әр пәннің мұғалімі сол пәннің өзіне тән ерекшеліктеріне, сол пәнге тән оқытудың принциптеріне баса көңіл бөлгені абзал(1).

Оқу орыс тілінде жүретін сыныптарда қазақ тілін оқытын оқушы өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы керек.

Осыған орай тілді меңгерудің жолдарындағы ғылыми зерттеулерге сүйенсек, психолог мамандар тіл үйренуде төмендегі қабілеттерді ерекше атап айтады. Олар: көру, сезу, есту. Тіл үйренуде естудің, сөйлеуде қабылдаудың орны ерекше. Өйткені, біздің байқауымызша, қай сыныпта болсын, оқушы ауызекі сөйлеуді тез меңгереді және өз қатарларымен тез тіл табысып сөйлеседі. Онда оқушылар дыбыстар мен сөздерді есту, сөйлеу арқылы қабылдап отырады. Бір-бірімен сөйлесу арқылы тілдің пайдалану жолын өздері-ақ меңгеріп кетуі мүмкін. Қазақ тіліндегі хабарлы сөйлем, лепті, сұраулы сөйлемдер екенін адамның сөйлеу мәнерінен, көңіл-күйінен білеміз. Мұны оқушы сөйлесу барысында, тілдің эмоциялық жағын, интонация ырғағын меңгеруі арқылы біледі.

Орыс сыныптарында қазақ тілін оқытуда көрнекіліктер көп көмек береді. Қай пәнді де оқытуда да көрнекілік маңызды орын алатынын айтқым келеді. Сол сияқты тілді оқытуда, оның ішінде, екінші тілді оқытуда көрнекіліктің берер көмегі өте зор. Мұғалімнің сабақ беруіндегі бір ерекшелік - ұғымдарды белгілі бір сызбалармен түсіндіріп, соны қолдана отырып, іскерлік жұмыстар жүргізеді. Мысалы, бір ғана ұғымды шағын көрнекілікпен жинақтап, баланың түсінуіне ыңғайлы етіп ұсынады.

Әріптерді естерінде жақсы сақтау үшін суретті алфавит қолданылады: онда әрбір әріптің суреті мен атауы және сол әріптен басталатын заттың суреті салынады. Мысалы, Қ дыбысының айтылуы мен жазылуын жалаң күйде түсіндіргеннен гөрі, қуыршақты көрсетіп тұрып, Қ дыбысының сөздің алдында және соңында келетінін түсіндірсе, балалар тез қабылдайды. Оқушының байқау, көру қабілеттерін ескеріп, тілді дамытудың бір түрі – көрнекілік(2).

Көрнекілік - оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көріп,қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Оқушылар көрнекілікке назар сала, бақылай отырып, оның мазмұнын ашатын мәліметті өз беттерінше жинақтайды. Көрнекілікті пайдалануға

қазақтың ұлы педагогы Ы. Алтынсарин да зор көңіл бөлген. «Қазақ жастары ғылым, өнерді кітап сөзі деп қарамай, заттай көзімен көріп ажырата білулері керек», - деген. Қазақ тілі сабақтарында көрнекілікті қолдану мүмкіндігі орасан зор: айнала қоршаған дүниені бақылау, соған байланысты әңгіме құрастыру, оқушылардың жинаған заттары, түрлі картиналар, оқулықтағы суреттер т. б.

Сөздік жұмысы әңгіме, өлең оқып, мақал-мәтел, жұмбақ жаттаумен байланысты. Осыған орай әр сабақта жаңа сөздерді, сөз тіркесін үнемі сөздік дәптерлеріне жазуын, жатталып отырылуын қадағалап отыру қажет. Әр сабақта игерілген жаңа сөздер ауызша, жазбаша сөзде үнемі қолданылып отырғанда ғана сөздік жұмыстары нәтижелі болады. Сөздікпен жұмыс грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады. Әр жаңа сабақта оқушы бірнеше жаңа сөздер үйренеді. Жаңа сөздерді кестеге жазған дұрыс болады, себебі, олар жаңа сөздің аудармасымен ғана танысып қоймайды, сонымен қатар сол сөздің синонимін, антонимін, омонимдерді тауып жазады. Мысалы: ақ-қара, күн-түн, биік-аласа, сұлу-әдемі, көркем, сымбатты.

Тіл үйрету үшін оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, олардың зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерін жақсы білу керек. Оқушылардың қабылдауы мен ойлауында толып жатқан ерекшеліктері бар, сондықтан әр сабақта қай оқушы нені білетінін және соған көмектесу үшін не істеу керектігін анықтап, есеп жүргізген жөн. Сонда әр оқушыға жекелей қандай тапсырма беру керек, кіммен нендей жұмыс жүргізу қажет екендігін шатастырмай білесің. Әсіресе бұл білімі нашар балаға көп көмек береді. Оқушының жіберген қатесін дәптерге жазып және оның себебін анықтағаннан кейін, сол қатесін оқушы екінші рет қайталамау үшін соған қосымша жұмыс ұйымдастыру қажет деп ойлаймын. Мысалы, оқуға, жазуға үйрету барысында олар жеке әріптерді, дыбыстарды жаттайды да, олардың әрқайсысының мәніне көңіл бөлмейді, сөздерді дұрыс байланыстырып оқып, жаза алмайды. Сондықтан әрбір сөздің айтылуы мен жазылуын салыстырып, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөліп, немесе, керісінше, дыбыстардан буын, буыннан сөз құрастыру арқылы үйретсе, сол сөзді оқушылар дұрыс жазып оқиды және есінде ұзақ сақтайды.

Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты - оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу болғандықтан, қазақ тілі сабағында ойын элементтерін кіріктіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мұғалімнің міндеті. Қазақ тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолдану тиімді:

1. Алфавитті дұрыс меңгерту;
2. Орфографияны дұрыс оқыту;
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру;
4. Грамматикалық құрылымды меңгеру;
5. Оқушының ойын дамыту, дұрыс жазу, айту.

Алфавитті дұрыс меңгерту үшін барлық әріпке карточкалар жасалады. Мысалы карточкалардағы сол әріптен басталатын аңдардың суреттерін салуы. Бұл ойында оқушылар әріптермен қатар аңдарын аттарын қоса жаттап, әріптерді әліпби тәртібі, ретімен қойып үйретеді(3).

Орфографияны дұрыс оқытуда алдыңғы сабақтармен байланыс ретінде «Сөздіктен сөзді тап» сөзжұмбақтарды шешіледі. Тақтаға шыққан оқушы қате жіберсе, қалғандары дұрыс керекті әріптерді айтады. Оқушылардың тіл дамыту жұмысын осылай ауызша, жазбаша екі бағытта жүргізу. Олардың тілін дамытуда көрнекіліктің алатын орны ерекше.

Лексиканы меңгертуде төменгі сыныптар үшін ойынға қажетті материал: карточкада бірінші басталатын әрпі жоқ сөздер жазылады. Ойынның мақсаты- сөздің бірінші әрпін тауып жазу.

Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру. Қазіргі мектептегі негізгі мәселелердің бірі-оқушыны өз бетімен оқуға үйрету. Сондай-ақ бұл мәселе өздігінен білім алуға да

әсерін тигізеді. Ынта қойып оқуға жаттығу арқылы оқушы көп нәрселерді біліп, өздерінің білімін толықтырып, ой-өрістерін дамытады. Сонымен қатар дұрыс оқуға дағды алған оқушы мәтіннің ішінен өзіне қажетті деректі материалдарды таңдап алуға мүмкіншіліктері болады. Мәтін оқумен байланысты мақсаттар қойылады: мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәтін не жөнінде айтылған, оқиға қай жерде болған, шығармадағы басты бейнелер. Мәтіннің мазмұнын айту үшін оқылған мәтінге жоспар құрылады, оны бөлімдерге бөледі, ат қояды, оны анықтау мақсатында жоспар құрылады(4).

Сабақта оқушылардың белсенділігін арттырудың тағы бір жолы- грамматикалық ойындарды жиі ұйымдастыру. Ойын оқушылардың белсенділігін арттырып, өтілген тақырыпты қалай меңгергенін көрсетеді. Екі команда оқушылары: а) сөйлем, ә) жіктеу, б) жаттығу орындау, в) суреттеу, г) осы етістіктер арқылы 3-4 сөйлем көлемінде әңгіме құру арқылы жарысады. Мұндай жұмыстар оқушылардың сабақ үстінде шаршамай сергек отыруына жағдай жасап, сабаққа ынтасын арттырады және пәнге көзқарасын қалыптастырады. Оқушыларды қазақша сөйлеуге үйретуде ойын элементтерінің үлкен әсері бар. Сабақ үстінде оқушы ойынды ойнай отырып, тілдік материалды меңгеру мақсатында сөздерді (аудармаларымен) жаттайды. Сюжетті суреттер арқылы сөйлемдер құрастыру, сергіту ойындары, жаңылтпаш, жұмбақ, алфавиттік жұмбақтар, метаграмма, анаграмма, кроссворд ойындары ұйымдастырылады.

Тал бесіктен басталған тәрбиенің сыры мен сипаты да сан салалы. Ана әлдиімен басталатын ұлы істі ата ақылы тереңдетсе, мектеп табалдырығын аттаған сәбиге ұстаздың да берер ұлағаты мол. Егер біз мектептегі тәрбие мен білім беру үрдісін дұрыс және тиімді, ұтымды ұйымдастырсақ, тәуелсіз, егемен еліміздің болашағының жарқын әрі жарық болғаны.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2012 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 жыл.
2. Б. Ысқақов. «Тіл дамытудың психолінгвистикалық негіздері» А.. 1996.
3. Қ. Ақпаева. Оқу орыс тілінде жүретінде мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, Рауан, 1997.
4. Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар. Алматы, Атамұра, 2001.

УДК 386

Жаскенова Альмира Уланбековна

Ракишева Акерке Мұратқызы

«Ұлттық және халықаралық құқық» кафедрасының студенті

Тұран-Астана университеті

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі:

заң ғылымдарының магистрі,

аға оқытушы Яғмусова А.Ф

АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ В СФЕРЕ ИНФОРМАТИЗАЦИИ И СВЯЗИ

CRIMINAL OFFENSES IN THE FIELD OF INFORMATIZATION AND COMMUNICATION

Аннотация. Бұл мақалада ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар және онымен күресу жолдары туралы толық мәліметтер

келтірілген. Қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға байланысты жалпы ұғымдарға тоқталып, толық ақпарат жеткізіледі.

Түйінді сөздер: Ақпараттандыру, ақпараттық жүйе, ақпараттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.

Аннотация. В этой статье подробно описаны уголовные правонарушения в сфере информатизации и связи и способы борьбы с ними. Полная информация будет доведена до сведения общих понятий, связанных с уголовными правонарушениями в сфере информатизации и связи в современном обществе.

Ключевые слова: Информатизация, информационная система, информационная безопасность, Уголовный кодекс Республики Казахстан.

Abstract. This article describes in detail criminal offenses in the field of informatization and communications and ways to combat them. Full information will be brought to the attention of general concepts related to criminal offenses in the field of informatization and communication in modern society.

Keywords: Informatization, information system, information security, Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.

Ақпарат біздің өмірімізде үлкен орынға ие, ол қоғамның жұмыс істеуі мен эволюциясының дамуына зор ықпалын тигізеді. Ақпаратты құру, өңдеу жинақтау, сақтау, жіберу және оны өндіру құралдары: электрондық есептеуге арналған технологиялар, телекоммуникация жасау құралдары мен жүйесі арасындағы байланысты арттырады. Осы аталған мәселелердің барлығы адам өміріндегі әртүрлі салаларындағы ақпараттық жүйелерді жүзеге асырудың құралдары мен әдістерінің қосындысы болып табылады және жаңа ақпараттық технологиялардың үрдістерінің кең ұғымына кіреді. Демек, бұл ақпарат қоғамдық қатынастардың ауқымды үрдісіне айнала отырып, тауарлық қасиеттерге ие болып, сатып алу және сатудың заты ретінде қарастырылатындығын білдіреді. Ескі қатынастардың өзгеруіне байланысты және жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болуы қоғамда орын алып отырған ақпараттық қатынастардың салдары болып табылады. Қазіргі таңда ақпаратты әртүрлі мақсатта: ғылыми-технологиялық құжаттамаларда, электрондық санау технологияларын, ақпараттар базасын билеу жүйесін бағдарламалық қамтамасыз жасау, әзірлеу, жіберу, жинақтау және қолданумен байланысты шартты байланыстардың көрнекті мөлшерде көбейуін байқауға болады.

Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы №217 Заңнамасына сәйкес:

✓ ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды жұмсау негізінде электрондық ақпараттық құралдарды, ақпараттық нысандарды қалыптастыруға және арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс;

✓ ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық жүйені қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;

✓ ақпараттық-коммуникациялық желі – ақпараттық жүйелер арасындағы я олардың құрамдастары арасындағы өзара іс-қимылды, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды беруді қамтамасыз ететін техникалық және аппараттық-техникалық құралдардың жиынтығы;

✓ ақпараттық процестер – ақпаратты орнату, шоктау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу, бөлу тағы ұстау процестері;

✓ ақпараттық технологиялар – әдістердің, өндірістік процестердің әрі ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, жинақтауды, өңдеуді, іздестіруді, шығаруды, көшірмесін түсіруді, беру мен таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

✓ компьютерлік оқиға – ақпараттық жүйелердің, ақпараттық ресурстардың, ақпараттық-коммуникациялық желілердің тиісінше шаруа істеуіне қауіп төндіретін әрі

олардың айналасындағы ақпаратты заңсыз шегеру, көшірмесін түсіру, үлестіру, бұрмалау, түрлендіру, жоғалту не бұғаттау үшін жағдаят жасайтын, олардың жұмысында жекелеген не сериялы түрде туындайтын олқылықтар. Аталған низамның 3 бабының 1 тармағына үйлесімді, электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар бен электрондық қызметтер нұсқау ақпараттандыру объектілері боп табылады [1].

Жаңа ақпараттық технологиялар қоғамның ілгерілеуіне серпіліс бере отырып, бұрын беймәлім болып келген жағымсыз үдерістердің туындауына әрі дамуына қозғаушы шарық болды. Бұл үдерістердің бірі есебінде қылмыстылықтың әлгінде нысанының олжа болуы танылады. Мәселен, электроника жүйесіндегі төңкеріс қылмыскерлерге, олардың қауымдастығына миллиондаған ақша қаражаттарын заңсыз меншіктену, қылмыстық жолмен табылған орасан мөлшердегі олжалы заңдастыру, алым салудан жалтару әлі әртүрлі жаза түрлерін қамдау, әрі оны жасыруға бағытталған кешенді шаралар жүргізуге мұрша беретін әлгінде техникалық құралдарға бағыт ашып берді. Ғылыми-техникалық революция кезеңіндегі қоғам дамуының тарихи ұнамсыз факторларынан өзге, Қазақстандағы қылмыстылықтың қазір нысандарының дамуына септігін тигізетін бөлек те факторлары баршылық. Сол себепті, олардың қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- ✓ қоғамды және мемлекетті басқару қызметін мемлекеттік аппараттың ішінара жоғалтуы;
- ✓ заңи базаның тұрақты болмауы және қайшылығы;
- ✓ мемлекеттік институттардың халыққа керекті өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауы;
- ✓ ел экономикасының, соның ішінде несиелік-қаржылық, валюта-ақша және тауар-шикізаттық салалардағы тепе-теңдіктің бұзылуы;
- ✓ мемлекеттік және қаржы-коммерциялық құрылымдардың лауазымды тұлғаларының тарапынан материалдық құндылықтарды сақтауға деген қызығушылықтың болмауы [2].

Кедейлікке тап болған азаматтар санының күнделікті өсуі, көне КСРО елдерінен мемлекет халқының көшіп-қону үдерісі, күннен күнге өсіп бара жатқан жұмыссыздық деңгейі әрі мекемелер мен бірлестіктердің тоқтап қалуы салдарынан жалпы қызмет аптасы ұзақтығының қысқартылуы мен мәжбүрлі демалыстың болуынан шаруаға қабілетті тұлғалардың жартылай ғана еңбекпен қамтылуы, адамгершіліктің төмендеуі және билік-басқарушылық әрі коммерциялық құрылымдар өкілдерінің екі жақты моралі, экономикадағы инфляциялық үдерістер қылмыстылықтың барлық эшалондарының толықтырылуына, оның әзір нысандары мен түрлерінің пайда болуына себеп болды. Бұл жағымсыз белгілердің ішінен жұмыссыздықтың өсіп бара жатуы және еңбекке қабілетті тұлғалардың жартылай ғана еңбекпен қамтылуына аса назар аудару қажеттігі туындап отыр. Бұл аталған себептер, сонымен бірге қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы қарама-қайшылықтардың өткірленуі, құқық қолдау органдары жүйесінің тығыз реформалануы, заңнаманың жетілмеуі және жиі өзгерістерге ұшырауы, құқық пайдалану тәжірибесіндегі орын алған кемшіліктермен қатысты қылмыстылықтың қарқынды өсуі мен сапалық өзгеруі, әлеуметтік құбылыс санатында компьютерлік қылмыстылықтың өркендеу үдерісін тездетуге әсерін тигізеді.

Компьютерлік қылмыстардың дәл түсінігінің, бұл құбылыстың мәнінің біржақты болмауы, құқық жақтау органдарының онымен күресуге деген өңкей тұжырымдамасын нақтылауға бөгет келтіреді. Сол себепті, қылмыстылықтың бұл жаңа түрінің туындауы және тексеру міндеттерін шешумен қатысты құқық қолдау органдарының қызметкерлерінің дайындығы жетімсіз боп табылады. «Ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету» мамандандырылуларын ашу қажеттілігі туындап отыр.

Осы уақытқа дейін компьютерлік қылмыс тек шет капиталистік елдерге ғана тән құбылыс болып саналды, сонымен қатар біздің қоғамды компьютерлендірудің нашар деңгейіне, қоғамдық және өндірістік қатынастарға ақпараттық технологиялардың жеткіліксіз енгізілуіне байланысты қылмыстың бұл түрі сирек кездесетін. Біздің елімізде компьютерлік қылмыстардың пайда болуы бұл құбылыс олардың қызметін жаппай

компьютерлендіру кезеңіндегі ғылыми процестің салдарынан барлық мемлекеттерге тән деген қорытындыға келеді. Біздің ойымызша, бұл жағдайлар осы мәселені толық ғылыми зерттеудің болмауына әкелді. Соңғы жылдары ғана бұл құбылыстың негізгі қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері қарастырылды, компьютерлік қылмыстармен күресу мәселелері бойынша жұмыс пайда болды. Отандық және шетелдік компьютерлік қылмысқа арналған арнайы әдебиеттерді, баспа материалдарын талдау нәтижесінде компьютерлік қылмысқа қарсы күрестің үш негізгі бағытын ажыратуға болады:

- 1) құқықтық;
- 2) ұйымдастырушылық-техникалық;
- 3) сот-медициналық [3].

Компьютерлік қылмыстан сақтандырудың құқықтық шараларына аталған қылмыс түрлері үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін заңнама нормалары жатады.

Ақпараттық, цифрлық технологиялардың дамуы электрондық құралдарды қолданудың криминогендік мүмкіндіктерін арттырды. Сондықтан компьютерлік қылмыстарға қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық құралдарын қайта қарау және ақпараттық қауіпсіздікті тиісті қылмыстық-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты, қылмыстық заңда компьютерлік ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізгені, оны заңсыз алғаны, дайындағаны, пайдаланғаны немесе таратқаны үшін жауапкершілікті көздейтін қылмыстар мен қылмыстық теріс қылықтардың құрамын көздейтін жеке тараудың қажеттілігі туындағандықтан, ақпараттық қауіпсіздікке қол сұғатын зиянды бағдарламалар мен компьютерлік қылмыстардың басқа да түрлерін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 7-тарау көзделген ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар енгізілді [4]. Дегенмен де бәрімізге мәлім, тек құқықтық шаралар көмегімен оң нәтижеге жету мүмкін емес. Сол себепті де, компьютерлік техника құралдарын құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау үшін ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы шараларды қолдану қажеттігі туындайды. Компьютерлік қылмыстардан сақтандырудағы ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың қолданылу әдісіне байланысты үш негізгі топты бөліп қарастыруымызға болады:

- ✓ ұйымдастырушылық;
- ✓ техникалық;
- ✓ кешенді.

Осы шараларды іске асыру кезінде басқару рәсімдерінің компьютерлік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін, компьютерлік залдар мен компьютерлік жабдықтарды техникалық қорғау мәселелерін, деректерді өңдеу стандарттары мен компьютерлік қауіпсіздік стандарттарын, сондай-ақ компьютерлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кадр саясатын дұрыс іске асыруды ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 11 қаңтар, 2007 ж. № 217-III /29.12.2014 ж. өзгерістер мен толықтыруларды қоса // <http://online.zakon.kz/>
2. Лоскутов И.Ю. Преступления в сфере информационных технологий в проекте новой редакции Уголовного кодекса Республики Казахстан// Международно-практическая конференция «Актуальные вопросы развития уголовного законодательства в рамках разработки нового уголовного кодекса РК» (Алматы, 20 сентября 2012 года). – с51 по 54 с.
3. Чекунов И. Г. Компьютерная преступность: законодательная и правоприменительная проблемы компьютерного мошенничества/ Российский следователь. – 2015-№17–с 30 по 32 с.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ӘДЕБИЕТПЕН
БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ****МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В
ИНТЕГРИРОВАНИИ С ЛИТЕРАТУРОЙ ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ
ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ****METHODS OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE IN INTEGRATION
WITH LITERATURE USING INTERACTIVE METHODS**

Аннотация. Қазіргі таңда жаһандық өзгерістер күнбе-күн жылдамдықпен қарыштап келеді. Білім беру саласында да оқушы мен студенттердің сұраныс-талаптары артып келеді. Білімді игерту әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді әрі саралап қолдануға бағытталды. Бүгінде қазақ тілін интербелсенді әдістер арқылы әдебиетпен байланыстыра оқыту әдістемесі жаңа мазмұнда оқытудың негізгі теория мен практиканы меңгертуге бағытталған тәсілдердің жиынтығы саналады.

Түйінді сөздер: интербелсенді, оқыту әдісі, тілдік әдістер, функционалдық сауаттылық, құндылық.

Аннотация. В настоящее время глобальные изменения стремительно растут. В сфере образования также растет спрос учащихся и студентов. Овладение знаниями было направлено на эффективное и дифференцированное применение различных методов и приемов. Сегодня методика обучения казахскому языку с помощью интерактивных методов в сочетании с литературой представляет собой совокупность подходов, направленных на овладение основной теорией и практикой преподавания нового содержания.

Ключевые слова. интерактивный, метод обучения, языковые методы, функциональные

Abstract. Currently, global changes are growing rapidly. In the field of education, the demand of students and students is also growing. The acquisition of knowledge was aimed at the effective and differentiated application of various methods and techniques. Today, the methodology of teaching the Kazakh language using interactive methods in combination with literature is a set of approaches aimed at mastering the basic theory and practice of teaching new content.

Keywords: interactive, teaching method, language methods, functional

Қазіргі таңда қазақ тілін интер әдістер арқылы әдебиетпен байланыстыра оқыту – өзекті мәселенің бірі. Себебі орта мектеп оқушылары мен студент оқу үдерісінде қазақ тілін интер әдістерді әдебиетпен тиімді байланыстыра оқытуда берілген тапсырмаларды жеңіл меңгеріп, сабақ мақсатына жетеді. Интер әдіс – бұл («Inter»- өзара, «act» - әрекет). Оқушы, студент үнемі бір-бірімен диалогты қарым-қатынас құрып, әңгімелесіп, пікір алмасуда белсенділігі басым болу жолында, мұғалім тек бағыттаушы болады. Оқытушы оқу материалдарын меңгертуде өз беттерімен бір-бірін жетелейтін тапсырмаларды әзірлеп, белсенділікке жұмылдыратын интер әдіс-тәсілдерді қолданады. Тұлғаның ішкі уәжі жұптық, топтық жеке жұмыс түрлерін орындау барысында өзіндік сыни көзқарасын білдіріп талқылағанда ғана білімді игеруге ынтасы оянады. Ал осы дағдыны

калыптастыру үшін интер белсенді оқытудың әдістерін тиімді пайдалану қажет. Осы интер әдістер арқылы оқушы, студент тапсырмаларды жеңіл меңгеріп, еске сақтауға да оңай болады. Сол себепті қазақ тілін әдебиетпен байланыстыра оқытуда интер әдістерді саралап интер әдіс сияқты түсініктерді ашып, орынды қолдана білуіміз керек. Сондықтан интер белсенді әдіс-тәсілдер жаңа мазұнда оқытудың ереже негізінде жатыр.

Енді әдіс дегеніміз жайлы тәжірибелі ғалымдардың зерттеулеріне тоқталсақ, мысалы әдіс-тәсіл жайлы Д.И.Тихонов: «Әдіс (гректің *metodos)*etodos)odos)dos)odos)) деген сөзінен алынған, табиғат құбылысын және әлеуметтік өмірдің жағдайын зерттеу немесе таным жолы, құбылыстарды оқып білу жолдарын, әдіснамалық теория танымы мен шындықты зерттейтін тәсіл. Философия әдісті белгілі түрде іс-әрекетті ретке келтіретін, мақсатқа жету тәсілі. Тұтастай алғанда, әдіс - іс-тәжірибелік және теориялық әрекеттерді шынайы меңгеруге бағытталған нақты міндеттерді шешудегі операциялардың, бірдей тәсілдердің жиынтығы» - деп қарастырса, Н.В.Ельницкий : « оқытушының іс-әрекеті мен әдіс-тәсілі »- деді. Ал С.А.Ананьев оқыту әдісін «білім беру тәсілдерінің үйлесімді жиынтығы»- деп көрсетеді. [1.133б]

Ғалымдардың түсініктерін негіздей отырып, оқыту әдісі – білім мазмұнын меңгеруге арналған іс-әрекет, амал-тәсілдердің жиынтығы саналады.

Оқушыларды оқытудың қазақ тілін меңгертуде әдебиетпен байланысты қамтамасыз етуде оқытушының пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқытудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Ең бастысы оқытушы өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын тұлғаны қалыптастуды басшылыққа алады. Бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту әдістері арқылы іске асырады.

Қазақ тілі арқылы әдебиет сабағын оқытуда оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру;

-Тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту ,топтық оқыту, бірлесе оқыту);

-Көрнекілік әдістері(иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым);

-Тәжірибелік әдістер (жаттығулар, тәжірибе жасау, колмен түрлі бұйымдар), (постер,кластер,букет) жасау;

-Репродуативтік әдістер;

-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдылары;

-Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері;

-ауқымды мәнмәтін бойынша зерттеу жұмысын жүргізу белгілі мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;

- Жанрларды түрлендіру (драманы хикаятқа);

- Рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алу, сұрақ қою;

-Оқушылардың сөйлеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, миға шабул, дебат, стратегияларды қолдану;

- Бүгінгі қоғамға лайық тұлғаның рухани жан дүниесін байытатын, қазақ тілінің этно-мәденилексикасын, даналық сөздерін меңгеру, қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу;

- Оқу үдерісіндегі түрлі жағдаяттар, «дөңгелек үстел», «брифинг», «баспасөз конференциялары», «Көңілді тапқырлар клубы», монолог, диалог, әңгімелесуге жағдай жасау;

- Оқу үдерісінде түрлі ұнтаспаларды, бейне таспаларды, медиаматериалдарды, бейнеролик, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютермен лингофондық аппараттарды, интер белсенді әдістерді пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану. [2.21,22]

Әрине оқытушы қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда қолданылатын құндылықтарға бағытталған тәсіл қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, ата-бабалар тарихына, мәдениеті мен әдет-ғырыптарына және түрлі мәдениеттер мен көзқарастарға құрмет көрсету мүмкіндігін көздейді.

Сондықтан қазіргі білім алушылардың сұранысына орай білімді, ақпаратты жоғары деңгейде меңгерте алатын функционалдық сауаттылықты арттыруда тиімді әдістерді талап етеді.

Интер өзара қарым-қатынас болса, «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену-үйрету, яғни «үйренуші-үйретуші», «үйренуші-үйренуші», «үйренуші -өзімен өзі» форматтарында жасайтын қарым-қатынас, жоғарыда көрсетілгендей мағынаны көре білу, өзіндік түсінікке ұмтылу, дәлелдер келтіру. Бірақ әр әдістің оқуды ұйымдастырудың өзіндік ережелері болады.

Бірінші ереже. Дәрісхананы не кабинетті дайындау. Тиімді жұмыс жасау үшін қажетті кеңсе тауарлары, интербелсенді тақта болуы керек.

Екінші ереже. Шағын топтарға топтастыру. Бірігу арқылы бір-бірімен тиімді қарым-қатынас құрып, өзара ортақ тіл таба білуіне ықпал жасайды.

Үшінші ереже. Мақсатты және күтілетін нәтижені айқындау. Сабақтың басында түрлі болжау (қара жәшік, кроссенс,терминдер) қолданылады.

Төртінші ереже. Жұмыс ережелерін қабылдау. Оқушылар өздері ережелерді талқылап, ұсыныстарын қарым-қатынас бағытында жазады. «Сөзді бөлмеу», «Қысқа, нұсқа сөйлеу».

Бесінші ереже. Сенім және жұмыс атмосферасы. Ойсергектер: жағымды психологиялық ахуалдар, логикалық ойлауға негізделген тапсырмалар, көңіл көтеретін ойын түрлері, психологиялық тестер т.б.

Алтыншы ереже. Барлық оқушылар жұмысқа қатысуы тиіс. Назарда сабақтың басты тәсілі ретінде топтық жұмыстар жүргізу.

Жетінші ереже. Тыңдай білу, барлық пікірлер тыңдалуы керек. Тыңдау мәдениеті сақталынғаны абзал. Талқылау, пікірлесу, тапсырманы бірлесе орындау.

Сегінші ереже. Жазбаша жұмыстар.Мұндағы басты мақсат- тұлғаның дамуы, шығармашылық дағдыларын дамыту. «Мен» тұрғысынан ішкі жандүниесін ашу.

Тоғызыншы ереже. Кері байланыс. Шығу парағы немесе түрлі рефлексия жасап дағдыланады. [3.263б]

Міне, бұл бір әдіс-тәсілдің өзіндік ерекшелігі. Қай тараптан алып қарасақ та, қазақ тілін интер белсенді әдістер арқылы әдебиетпен байланыстыра оқыту әдістемесі заман ағысынан қалмай, жаңа әдістермен толығып, оқу мақсатына қарай жеңілден күрделіге негізделген тапсырмалармен толығыуы оқытушының шеберлігінде екенін жоққа шығара алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.С.Симбаева.– Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, - 2019,- 133 б.]

2. «Назарбаев Зияткерлік мектебі»ДББҰ.Мұғалімге арналған нұсқаулық Педагогикалық шеберлік орталығы,2016,- 21,22

3.Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009,- 263 б

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАР

МОЛОДЕЖЬ НА РЫНКЕ ТРУДА В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ

YOUTH IN THE LABOR MARKET IN KAZAKHSTAN AND THE WORLD

Аннотация. Бұл ғылыми жұмыста еліміздегі және әлемдегі жастардың жұмысқа орналасу мәселелерінің қазіргі жағдайы мен болашақтағы перспективалары қарастырылады. Жас-азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін қолдап оны дамыту кез келген елдің және Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының өте өзекті және стратегиялық маңызды мақсаттарының бірі болып табылады.

Түйінді сөздер: жұмыспен қамту, еңбек нарығы, жаһандану, біліктілік, бәсекеге қабілеттілік

Аннотация. В данной научной работе рассматривается текущее состояние и перспективы на будущее проблем трудоустройства молодежи в стране и мире. Его развитие в поддержку конкурентоспособности молодых граждан является одной из очень актуальных и стратегически важных целей государственной политики любой страны и Республики Казахстан.

Ключевые слова: занятость, рынок труда, глобализация, квалификация, конкурентоспособность

Abstract. This scientific work examines the current state and prospects for the future of youth employment problems in the country and the world. Its development in support of the competitiveness of young citizens is one of the very relevant and strategically important goals of the state policy of any country and the Republic of Kazakhstan.


Keywords: employment, labor market, globalization, qualifications, competitiveness

Қоғамдағы еңбек нормаларына жауап беретін бәсекелестікке қабілетті жастарды қалыптастырудың негізгі факторы оның нарықтық экономика жағдайында жоғары біліктілігі мен сұранысына байланысты. Осындай жастарымыздың санының артуы еліміздің белсенді азаматтық қоғамын қалыптастырады, орта топ (класс) – кез келген мемлекеттің негізін құрайды. Республикамызда белсенді, бәсекеге қабілеті жоғары жастардың болуы азаматтық қоғамның тиімді жұмыс істеуінің, орта топтың тұрақты дамуының кепілі бола алады. Осылайша халықаралық қоғамдастықта Қазақстандық позицияларды одан әрі өркендету және нығайту үшін елдің іргетасы жастардың мәселесін қарағанымыз жөн. Әлемге белгілі, экономика ғылымдарының негізін қалаушы Карл Маркс өзінің «капитал» атты еңбегінде (XIX ғасырдың екінші жартысы) жұмыссыздықты мұқият зерттеді. Ол техникалық прогреспен бір жұмысшыға келетін өндіріс құралдарының массасы мен құны өсетінін атап өтті. Бұл еңбекке деген сұраныстың капиталды жинақтау қарқынынан салыстырмалы түрде артта қалуына әкеледі және бұл жұмыссыздықтың себептерінің бірі болып табылады. Жастардың еңбек нарығына енуінде қазіргі заманда айтарлықтай қиыншылықтармен қайшылықтар орын алады. Осындай тенденцияның болу себептерінің бірі жастар мамандық таңдағанда оның еңбек нарығындағы сұранысына емес қоғамдағы беделі мен танымалдылығына және де жалақы деңгейінің жоғары болуына қарайды. Осыған байланысты, оқу орнын бітіргеннен кейінгі жастардың көпшілігі алған мамандығы бойынша жұмыс қарастырмайды немесе мүлдем

жұмысқа орналаспайды. Бұл елімізде жастардың жұмыссыздық деңгейінің өсуіне алып келеді. Нәтижесінде, жастардың осы бөлігіне білім алуға жұмсалған қаражат әрдайым ақтала бермейді.


Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) баяндамасына сәйкес, бүгінгі жастардың өнімділік әлеуетін толық іске асыруды қамтамасыз ету үшін әлемде кемінде 450 млн. лайықты және өнімді жұмыс орындарын (басқаша айтқанда, сапасы жақсы жаңа жұмыс орындарын) құру қажет. «Белсенді экономикалық өсімге қарамастан мемлекеттер лайықты және өнімді жұмыс орындарының жеткілікті санын құра алмайды, бұл жастарға барынша теріс әсер етеді. Біз қазір лайықты еңбек мүмкіндіктерінің жетіспеуінің және экономикалық әлсіздіктің өсіп келе жатқанына куә болып отырмыз: бұл алаңдатарлық құбылыстар біздің басты байлығымыз – жастардың болашақ экономикалық әл-ауқатына қауіп төндіреді». Елімізде жұмыс орындарының жетіспеушілігіне және арзан еңбек күшіне байланысты «Көші - қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерді өңдеу нәтижесінде 2022 жылдың қаңтар – қазан айларында елге келгендер саны 12 925 адамды құрады, елден кеткендер саны - 21 876 адам, көші-қон сальдосы 8 951 адамды құрады». Ресми мәліметтер бойынша, елдің негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен жүреді. ТМД елдерінен келгендердің үлесі 86 пайызды, кеткендердің үлесі - мигранттардың жалпы санының 84,3 пайызын құрады. ХЕҰ бағалауы бойынша, қазіргі уақытта әлемде шамамен 11,5 млн бала қауіпті жұмыстарда, көбінесе құлдық жағдайда үй жұмысшылары ретінде жұмыс істейді. ХЕҰ жарияланымында әлемде шамамен 2022 жылы жас жұмыссыздардың жалпы саны 74 миллионды құрады-бұл 2021 жылмен салыстырғанда (76 миллион) аз, бірақ пандемия басталғанға дейін 2019 жылмен салыстырғанда алты миллионға көп, делінген.

1- Сурет. Кейбір мемлекеттердегі 2022 жылдың өткен жылмен салыстырғандағы қорытындысы бойынша жұмыссыздар үлесі. (пайыз)



1-Суретке мән берсек мемлекеттердің ішінде жұмыссыздық деңгейі жоғары мемлекетке Оңтүстік Африка мемлекетін жатқызамыз шамамен 28% ды құрайды. Бұл мемлекетте жұмыссыздық деңгейінің жоғары болу себептері экономикалық деңгейдің төмен болуына байланысты. Яғни жоғары инфляция, білім деңгейіне инвестиция жеткілісіздігі, халық санының жоғары деңгейі, еңбек өнімділігінің төменділігі, рассалық дискриминация және т.б. Келесі мемлекет Греция мемлекетінің жұмыссыздық деңгейі 17%. Оған себептердің бірі 2008 жылғы әлемдік ипотекалық кризистан кейінгі салдарды жатқызамыз. Мемлекет экономикасы 25% -ға төмендеді. Екінші мәселе ол жоғары мемлекеттік қарыздары, елдегі жоғарғы пайыздық мөлшерлеме және қарыздарды тқлей алмау мемлекеттің шығындарды азайтуындағы әрекеттері мемлекеттік қызметкерлерлердің санын азайтуға алып келді.

2- Сурет. ТМД мемлекеттеріндегі жастар арасындағы гендерлік жұмыссыздық деңгейі. (пайыз)



ТМД - дағы жастар арасындағы гендерлік жұмыссыздық та өзекті мәселе болып қала береді. 15 пен 24 жас аралығындағы жастар ТМД халқының едәуір бөлігін құрайды және көбінесе еңбек нарығында қиындықтарға тап болады. Жас әйелдердің өз кезегінде жұмысқа орналасу мүмкіндігі төмен және көбінесе жас жігіттерге қарағанда аз жалақы алады. Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) мәліметтері бойынша, Өзбекстан мен Қырғызстан сияқты кейбір ТМД елдерінде жас әйелдердің жұмыспен қамту деңгейі жас еркектерге қарағанда төмен. Себебі әйелдер көбінесе жұмыс орнында кемсітушілікке ұшырайды және жұмысқа орналасу және мансаптық өсу кезінде бірдей мүмкіндіктерге ие болмайды. ТМД - дағы жастар арасындағы гендерлік жұмыссыздық проблемасының шешімдерінің бірі еңбек нарығында жас әйелдер үшін тең мүмкіндіктер жасау болып табылады. Бұған жұмыс берушілерді жас әйелдерді жалдауға ынталандыру, жас әйелдердің білімі мен біліктілігін арттыру, сондай-ақ жұмыс орнындағы кемсітушілікке қарсы күрес саясатын жүргізу арқылы қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, еңбек нарығында жастарға жаңа мүмкіндіктер туғызатын шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу маңызды.

Қазақстанда іріктеп тексеру нәтижелеріне сәйкес жастар жұмысқа тұру деңгейі мен және оқуға деген ынталары төмен. 2022 жылдың екінші тоқсанында білімі бар 16 мен 29 жас аралығындағы жастардың саны 3,26 млн адамды құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,3% - ға немесе 177,2 мың адамға аз,

3- Сурет 15-28 жас арасындағы Қазақстандағы соңғы 8- жылдағы жұмыс бастылар мен орта және жоғары білімі бар азаматтар деңгейі.



Қазақстан Республикасында соңғы жылдары еңбек нарығында жастар арасындағы жұмысқа орналасудан бірнеше негізгі мәселелері бар, олар мыналарды қамтиды:

Жұмыс орындарының жетіспеушілігі: экономикалық дағдарыс жағдайында және елдегі еңбек нарығындағы жағдайдың нашарлауы жағдайында, оның ішінде жастар үшін де жұмыс орындарының жетіспеушілігі бар. Мектеп колледж бен университет түлектерінің көпшілігі жұмыс іздеуде қиындықтарға тап болады. Білікті мамандардың жетіспеушілігі: жастар көбінесе еңбек нарығында білікті мамандардың жетіспеушілігі мәселесіне тап болады. Жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру үшін жастардың

теориялық білімі ғана емес, сонымен қатар практикалық тәжірибелік дағдыларының да жоғары болуы керек. Төмен жалақы: жастар көбінесе төмен жалақы үшін жұмыс істеуге мәжбүр болады, бұл оларға өздерін және отбасыларын лайықты өмір сүру деңгейімен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Бұл көптеген жастардың бір уақытта бірнеше жұмыста жұмыс істеуге мәжбүр болуына әкеледі. Толық емес жұмысқа орналасу: Қазақстандағы жастар көбінесе толық емес жұмыс күні немесе уақытша жұмыс істейді. Бұл олардың кірістерін төмендетіп қана қоймай, жұмысынан айырылған жағдайда оларды экономикалық тұрғыдан осал етеді. Мемлекеттің жеткіліксіз қолдауы: Қазақстандағы еңбек нарығында жастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары әрдайым тиімді бола бермейді және барлық мұқтаждарды қамтымайды. Жастарға кәсіптік оқыту, қаржылық қолдау және консультациялық қызметтер түрінде қосымша қолдау қажет. Қазақстанда жастарды жұмыспен қамту мәселелерін шешу үшін жұмыс орындарын құру, білім беру сапасын жақсарту, кәсіпкерлікті қолдау және еңбек нарығында жастарды қолдау инфрақұрылымын дамыту сияқты кешенді шаралар қажет.

Осындай негізгі мәселелерді шешудегі ұсыныстар:

Халықаралық ұтқырлыққа жәрдемдесу: Қазақстан Үкіметі жастардың ұтқырлығына, мысалы, басқа елдерде алмасулар мен тағылымдамаларды ұйымдастыру арқылы жәрдемдесе алады, бұл жастарға жаңа білім мен тәжірибе алуға мүмкіндік береді, бұл олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларын дамыту: еңбек нарығындағы жастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары тиімдірек болуы және осы мәселеге мұқтаждардың көп санын қамтуы тиіс. Мұндай бағдарламаларға қаржылық қолдау, кәсіптік оқыту және кеңес беру қызметтері кіруі мүмкін. Мемлекеттегі цифрлық вакансиялар туралы ақпараттар тарататын ортаның санын арттырып және халыққа қолжетімді етіп жасау. Кәсіпкерлікті қолдау: Қазақстан Үкіметі шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайларды жақсартуы тиіс, бұл экономиканың өсуін және жастар үшін жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыруы мүмкін. Мемлекет тарапынан әр түрлі бағдарламалар, жеңілдіктермен субсидияларды қамтуы тиіс. Еңбекақыны арттыру: Қазақстан Үкіметі еңбек жағдайларын жақсартып, жас қызметкерлердің лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету үшін олардың еңбекақы деңгейін көтеруі тиіс. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне бағытталған білім беру жүйесі: білім беру жүйесі жастарға еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар мен білім беруі керек. Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын қолдау: көптеген елдер қазіргі еңбек нарығында жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды игеруге көмектесу үшін жастарға арналған оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеуде. Осындай бағдарламалардың артуы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін түсіруге септігін тигізеді. Тағылымдама бағдарламаларын дамыту: тағылымдамалар (стажировка) белгілі бір салада жұмыс тәжірибесі мен дағдыларын игерудің тиімді әдісі болып табылады. Көптеген елдер әртүрлі салалардағы жастарға осылайша мүмкіндік береді. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік бағдарламаларын құру: мемлекет пен жеке компаниялар жаңа жұмыс орындарын құра алатын және жастарды еңбек нарығына тарта алатын жобаларды жүзеге асыру үшін серіктестіктер құрады.

Жастардың жұмыссыздық мәселесі осы ғасырда пайда болған құбылыс емес сондықтан бұл мәселеге тарихи белгілі ғалымдардың теориялары өте көп. Ең танымал теориялардың кейбірі мыналарды қамтиды: Фридрих Август Фон Хайектің жұмыссыздық теориясы (XX ғасыр): бұл теорияға сәйкес, жұмыссыздық жалақының нарықтық деңгейден жоғары болуынан туындайды, бұл еңбекке деген сұранысты азайтады және артық жұмыс күшін тудырады. Джон Мейнард Кейнстің жұмыссыздық теориясы (XX ғасыр): бұл теорияға сәйкес, жұмыссыздық қоғамдық сұраныстың жеткіліксіздігінен туындайды, бұл жұмыс орындарының жетіспеушілігіне әкеледі. Уильям Бэйлистің еңбек нарығындағы сәйкессіздік теориясы (XX ғасыр): бұл теорияға сәйкес, жұмыссыздық жұмысшылардың біліктілігі мен тәжірибесі мен жұмыс берушілердің талаптары арасындағы сәйкессіздіктен туындайды. Филипп Куриеннің жұмыссыздық теориясы (XX

ғасыр): бұл теорияда, жұмыссыздық жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек қақтығыстарының салдары болып табылады деген көз-қарасты ұстанады. Гуманистік Экономика теориясы (XXI ғасыр): бұл теорияға сәйкес, жұмыссыздықтың себептері әлеуметтік әділеттіліктің болмауымен және қоғамдағы теңсіздікпен байланысты болуы мүмкін, бұл ресурстар мен мүмкіндіктердің жеткіліксіз бөлінуіне әкеліп соғады. Еңбек нарығындағы кемсітушілік теориясы (XXI ғасыр): бұл теорияда, жастар жұмыссыздығының себептері жасына, жынысына, нәсіліне немесе басқа факторларға негізделген кемсітушілікке байланысты болуы мүмкін, бұл жастардың еңбек нарығына кіруіне кедергі келтіруі мүмкін. Бұл теориялардың әрқайсысында жастар жұмыссыздығы мен еңбек нарығы мәселелерін шешудің өзіндік дәлелдері мен тәсілдері көрсетілген.

Төлен Әбдіктің көркем шығармаларын идеялық тұрғыдан талдай отырып, бәрі тамаша, көңілге қонымды (утопиялық) оқиғалар мен жағымсыз, көңілге қонымсыз жағдайларды (дистопиялық) көре аламыз. Төлен Әбдіктің антиутопиясы – қоғамда болып жатқан, автордың өзі көзі көрген әлеуметтік-саяси келеңсіздіктер. Ол діні, ділі мықты, ұлттық тілінің мәртебесі асқақтаған, ешкімге бағынбайтын, тәуелсіз елінің болғандығын қалаған.

Белгілі қаламгер Төлен Әбдіктің шығармалары 1964 жылдан бастап жариялана бастаған. Оның «Көкжиек», «Ақиқат», «Айтылмаған ақиқат», «Өліара», «Парасат майданы», «Оң қол», «Әке» т.б. шығармаларының қазақ әдебиетінің тарихына қосқан өзіндік үлесі бар. «Парасат майданы» повесі жайында белгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Төлен Әбдіктің бұл шығармасы – бүгінгі болмыстың ащы да өзекті шындығынан туындаған жан айқайы» [2],- деп ой толғаған. Автордың көркем шығармаларына идеялық тұрғыдан қарасақ, бәрі идеалды түрде керемет (утопиялық) оқиғалар мен келеңсіз оқиғалар, көңіл толмас жайлар (антиутопиялық) қатар берілген.

Автор адам баласының өмір мен өлім арасындағы қысқа ғұмыры осы мәңгі тайталаста өтіп жатқанын ашық суреттейді. Бұл реттегі жазушының басты материалы – өмір шындығы болса, басты құралы – сөз. Жазушы Төлен Әбдік сөз арқылы түрлі тұлғалар жасап, оларды да қуантып, қайғыртып, бір-бірімен тартысқа түсіріп, күреске араластырады. Сөйтіп, өмір шындығында болып жатқан күнделікті құбылысты көркем образдар арқылы оқырманның көз алдына әкелген. Сөзімізге дәлел ретінде автордың «Ақиқат» шығармасын алып қарайық:

«Ақиқат» деп аталып, тақырыбынан бастап, оқиғаның соңына дейін «Бұл қандай ақиқат болды екен?» деп қызығушылық тудыратын, өмірдің заңдылығын шынымен дәлелдеп, адамның білім көкжиегін кеңейтетін бұл шығарма – өміршең, маңызы зор шығарма. Төлен Әбдік «Ақиқат» шығармасы арқылы тіршілік туралы мәселелерді, тарихи жағдайды, ащы шындықты жасырмай көрсетеді. Бұл шығармада тарихымыз да, сол кездегі жағдай мен тіршілік үшін күрес те, болашағымыз да айқын көрсетіледі. Бұл шығарманы автордың өзі «фантастикалық повесть» деп атаған екен. Менің ойымша, бұл фантазия яғни адамның қиялынан туған нәрсе емес, нағыз өмір шындығы, нағыз ақиқат.

«Ақиқат» повесінің эпилогы ретінде испан халқының: «Әркім жәрмеңкені өзінің тапқан затына қарап бағалайды» [3, 256б.] мақалы алынған. Бұл шығармадағы жәрмеңке – адамның өмірі. Жәрмеңкеге адам бастапқы келгенінде ештеңеден хабарсыз, түк білмей келеді де, әр нәрсені алып, көріп, дәмін татқаннан кейін бәріне қызығушылығы, құмарлығы артып, бойын қанағатсыздық билейді. Адамның өмірі де сол сияқты. Автор айтпақшы, адамдар «қанағатсыздық ауруымен» ауырады. «Өмірде барына шүкіршілік етіп, тоқтап қалған пенде жоқ», - дейді автор. Ақыр соңында, адамның сол қанағатсыздығы өзінің түбіне жетеді.

«Ақиқат» шығармасы - автордың философиялық-психологиялық толғаныстағы алғашқы еңбегі. Бұл шығарма полицейлер қанша іздеп, таба алмай, телепаттың көмегімен таппақ болған қылмысты Роберттің профессор, генералдардың алдында айтуымен басталады. Робертке бұл нәрсе ұнамай, қанша рет қарсы шықса да, профессор мен генерал айтпасына қоймайды. Профессор өзінің қара басының қамы, атағы үшін Роберттен мүлде айырылғысы келмейтін. Тіпті, Роберттің телепаттық логикасының дамығанына қайран қалып, қуанады. Өйткені, Роберт әрі елесті көреді, әрі ой қабылдайтын дәрежеге жетеді. Алайда, Роберттің адам, жаратылыс, өмір жайлы ойларының шарықтау шегі жындыхана болды. Өзінің жындыханада екеніне сенбеген, тіпті қашып шыққан Роберт соңында «тіршілік-үлкен аурухана» деп тіршіліктен қашып, өз аяғымен жындыханаға келеді. Өйткені, Роберттің өзі айтқандай: «Шындықты бала мен жындылар ғана айтуға тиісті. Біз жындылармыз!» [3, 270 б]. Өзі «жындының» рөлінде жүріп қана шындықты айта алатынына Роберттің көзі жетті.

Профессор мен Роберттің мына диалогына назар аударсақ:

«...Болашақ тұнып тұрған фальсификация. Шындық пен жалғанның шекарасын таба алмаймыз. Өйткені бәрін қолдан жасаймыз.

Бұл сұмдық қой, – деді профессор сыбырлап. – Адамзаттың санасымен жасалған осыншама заттың бәрін жоққа шығаруға бола ма?..

Мынау өмірдегі мән-мағына, қасиет, әділет деп жүргендеріміздің бәрі адамдардың өздері ойлап тауып жүрген дүниелері. Әйтпесе олардың жаратылыс заңының негізін құрауға еш қатынастары жоқ...» [3, 273 б]

Роберттің әрбір ойлары, пікірлері – жай ғана «жындының» сандырақтары емес, өмірдің шындығы, заңдылығы, нағыз ақиқат болатын. Роберт ақиқатты солай жеткізді. Оған қоса, өзінің ерекше қасиетінің арқасында айналасындағы адамдардың шынайы бет-бейнесін көрді. Профессордың Роберттің тарихта аты қалуы үшін емес, өз атақ-дәрежесі үшін жан ұшырып жүргенін, өз әйелінің қанша жылдан бері опасыздық жасап келгенін, Священниктің бұрынғы өмірін, бәрін білді. Сол білгендерін көтеру оңай болмады. Тіпті өзінің жылағанын да байқамай қалды. Ең соңында, шығарма трагедиямен аяқталды. Әйеліне қағаз, қалам алдырып, күні бойы өз ойларын паракқа түсіріп, сақалын алып, жуынып, тазаланып түнде өз-өзіне қол жұмсайды. Тіпті, мойнындағы жіпті көрпеқаптан

жыртып алып, базарға сататындай біркелкі етіп, әдемілеп есіпті. Менің ойымша, Роберттің ақтық сапар алдындағы бұл ісі – мына жалған өмірден құтылғанына қуануы еді. Өйткені, тірі жүре берсе өзінің жаны тынышталмайтынын ол түсінген еді. «Ең үлкен бақытсыздық – бақыт атаулының болмайтынын сезіну»[3, 286 б] дейді ғой. Соған Роберттің көзі жетті.

Автор шығармада Роберттің шешесі айтқан ертегіні текке бермеген. «Шешем айтқан есікті ашып қойдым ба?» деп Роберт өзі ойланады ғой. Яғни, Роберт өзі білмеуге тиіс жайттарды білді. Тіршіліктің барлық құпиясын меңгерді. Өз «ақылынан азап» шекті. Роберттің ерекше қасиеті өзіне бақ емес, сор болып тиді.

Төлен Әбдіктің бұл шығарманы жазудағы стилі ерекше. Шығармада реализм орын алады, тарихилық Роберттің өзінің ойларымен ерекше суреттеледі. Оған қоса, Македонскийдің, Цезарьдің, Шыңғыс ханның, Наполеонның қанды жорықтары айтылады, пирамидалар жөнінде де қозғалады. Оған қоса, кейіпкерлер арасында тартыс бар: Роберт пен Священник екеуі бір-біріне пікірі, өмірге деген көзқарасы қарсы адамдар болғандықтан, олардың арасында тартыс орын алады. Шығармадағы автордың образ жасау ерекшелігі жоғары. Роберттің өзі есі бар кездегі, жындыханаға түскен кездегі 2 образымен есте қалса, өзін ғана ойлайтын профессор мен арсыз әйелінің, еш кінәсіз көрінетін Священниктің де образдары ерекше. Шығармада шығармашылық шегініс бар десек те болады. Бұл Роберттің анасының ертегі айтуымен байланысты. Сол ертегідегі ашуға болмайтын, жұмбақ есік Роберттің өміріне арқау болғандай. Роберт сол есікті ашып, бақытсыздыққа ұшырағандай болады.

Оған қоса, шығармада Роберт пен профессор, Роберт пен Священник, Роберт пен бас дәрігер арасында диалогтар болады. Бірақ, қашан да Роберт тек шындықты айтуға тырысады. Осы диалогтар арқылы әр кейіпкердің болмыс бітімі, мінезі ашылады. Оған қоса шығармада ішкі монологтың күрделі типі де кездеседі. Бұл, әрине, Роберттің ішкі толғанысы болатын. Сол ішкі ойлары Роберттің жанын жегідей жеп, соны трагедиямен аяқталды. Өмірдің заңдылығы сол: ақиқатты айтқан адам не өлтіріледі, не өзі өледі.

Шығармада уақыт кеңістігі айқын көрінеді. Роберттің өткен шағы (балалық, жігіттік шағы), қазіргі шағы, тіпті Роберттің болашақты болжаған болжамы да беріледі. Менің ойымша, автор болашақты нақты, дәл болжаған. Ғылым мен цивилизацияның заманында адам әрі қорқақ, әрі батыр, адал әрі арам болады. Кез келген нәрсені қолдан жасауға болады, сондықтан да еш нәрсенің құны болмайтынын автор нақты жеткізген. Роберт айтқан бұл сұмдық дүние қазіргі таңда шындыққа жанасып жатыр. Бұл әрине өкінішті. Адамның адамдығы жойылып, өмірдің мәні жоғалатынын автор сонау 70-жылдары айтып кеткен. Біздің мақсат – материалдық құндылыққа алданбай, рухани құндылығымызды арттыру, әр нәрсенің жетегінде кетпей, ойланып әрекет жасау. Ақиқатқа сенімсіздікпен емес, тура көзбен қарау.

Мен осыған дейін Төлен Әбдіктің өлім мен өмір арасындағы арпалысты суреттейтін, Алма есімді қыздың санасында болып жатқан процесті көрсететін «Оң қол» шығармасымен таныстым. Бұл шығармада да Алма - Роберт секілді ерекше тағдыр иесі. Бұл шығармада да адам жанының беймәлім тұсы суреттеледі. Бірақ, «Ақиқатта» да, «Оң қолда» да оқиға трагедиямен аяқталады. Екі шығармада да «бақытсыздық» мәселесі қозғалады. «Оң қол» шығармасындағы «бақытсыздық – адамның өз денесінің өзіне жау болуы». Ал, «Ақиқат» шығармасында адамның өзінің ерекше қасиетінің өзіне жау болуы – үлкен бақытсыздық. Автордың 5 танымал шығармаларына енетін «Оң қол» шығармасы мен «Ақиқат» шығармалары осы психологиялық, философиялық толғаныстары тоғысқан «Парасат майданы» шығармасын оқуға деген құлшынысымды арттырды.

«Парасат майданы» - Төлен Әбдіктің көркем туындысы емес, жазушының жан азабы, адамзатқа бағытталған жанайқайы, өмірдің тылсым сырына үңілген жанның өзгелерге айтар өсиеті. Бұл шығарма 2002 жылы Астана қаласында жазылған. Автор *«Парасат майданы» повесі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының*

лауреаты, ПЕН-клуб сыйлығының лауреаты және Франц Кафка атындағы Еуропалық алтын медальдың иегері атанды.

Бұл философиялық шығармасында жазушының қоғамның болашағы үшін қам жегенін, оған жаны ашып, жол сілтемек болғанын байқаймыз. Жақсылық пен жамандықты, жауыздық пен мейірімділікті қатар қойып, кімнің жеңіске жететінін баяндайды. Оқиға кез келген адамның басында болуы мүмкін болғандықтан, автор бас кейіпкердің атын атап, түсін түстемеген деген ой келеді. Ол кейіпкер ауруханада жатып адамдардың ізгі қасиеттері туралы көп ойланады. Жаратылысымызға тән пәк, ең таза деген сезімдер туралы ойын күнделік бетіне түсіре бастайды. Қалың ойдың шырмауына түсіп жүргенінде бейтаныс адам күнделігін оқиды. Оқып қана қоймай, басты кейіпкердің ойына жауап жазады. Жауабында жақсылық, мейірімділік, сыйластық, ізгі қасиет атаулысын жоққа шығарып, тығырыққа тірейді. Осылайша санадағы соғыс майданы басталып кетеді.

«Парасат майданында» бас кейіпкер өзін мазалаған сансыз сұрақтарды қағаз бетіне түсіріп, 13 наурыз бен 22 көкек аралығында күнделік жүргізеді. Бір күні жазған ойларын оқып танысқан беймәлім жаннан хат алады. «Бейтаныс құрбысы» хат жазады. Хатта жан азабын шегушінің пікірлеріне қарсы дәйектер айтылып, өзгеше тұжырымдар баяндалады. Ғұмырда тек қана ізгіліктің ғана емес, зұлымдық пен өтіріктің де адамдар үшін пайдаға асатынын, олардың да қажет екенін жеткізеді.

Маған «Парасат майданы» повесінен автордың мына бір пікірі ерекше әсер етті: «Дүниедегі ең жаман нәрсе – бірыңғай жалғандық емес, шындық араласқан жартылай жалғандық. Ең қатерлі адам – бірыңғай жексұрын емес, бойында аз болса да жақсы қасиеттері бар жексұрын. Ондай «жақсы» жексұрындармен күресу он есе қиын». [3, 266]

Жазушы адамның ішкі құндылықтарының сыртқыға қарағанда маңызды екенін айтып, шұбар жыландай ирелеңдеген жаман ой, арам пиғыл үшін адамдарды соттайтын заң жоқ екеніне күйінеді. Солайша барлық көріксіз ғадеттердің алғаш рет сол ой, ниет, жүректен пайда болатынын алға тартады. Кейіпкер түпсіз құрдымның түбіне құлағандай, бір сәт те санасын осқылаған ойлардан босана алмайды. Солай «санадағы соғыс» жалғаса береді.

Жан дүниесі күйзеліп, өзімен-өзі арпалысқа түскен басты кейіпкердің күнделігі түрінде берілген бұл шығарманың философиясы жақсылық пен жамандық, ақиқат пен жалғанның, үміт пен үмітсізденудің, зұлымдық пен махаббаттың майдандасуына құрылған. Тұлғаның ішкі конфликтісіне құрылған шығарма жеке адамның тағдыры арқылы бүкіл қоғамның тағдырын суреттейді, рухани байлық пен сана бостандығы, ақыл-ой азаттығына жетудің жолдарын іздеді.

Жалпы, кез келген ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткен тарихи кезеңдері ең алдымен сол халықтың әдебиетінде із тастайтыны ақиқат. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңдерінде рухани дамуымызға, мәдени өркениетке, ұлттық жан дүниемізге өзінің шығармаларымен көптеген үлес қосқан қаламгерлеріміздің бірі – Төлен Әбдік. Жазушының шығармалары адам мінезінің құпия сырларына үңілуімен, өмірдің мән-мағынасына философиялық тұрғыда қарауымен, өмірдің қайшылықты құбылыстарының күрделі шындығын ашумен ерекшеленеді. Төлен Әбдік шығармашылығының негізгі өзегі – пенде мұңы (антиутопия). Жеке басының мұңы емес, ұлттың, келер ұрпақтың мұңы.

«Abai.kz» сайтында Жалғас Ертайдың «Қазіргі жастар антиутопияны неге ұнатады?» атты мақаласы жарияланған. Онда «Жазушылар адамзаттың болашағын әр түрлі елестеткен. Антиутопия жанры бойынша, адамзаттың болашағы бұлыңғыр, ал билік тиранға айналып, табиғат апатшыл болып кетеді. Ақырзаманның жыршысы» [4], -дейді.

Қорыта айтқанда, әдебиеттегі «утопия» жанрын саралап, мәнін түсініп алып қана «антиутопия» жанрын бағалап, мәнін ұға аламыз. Кез келген жазушының утопиясы – шынайы өмірде жоқ, мінсіз дүниесі, арманы мен қалауы. Ал, антиутопиясы – автордың өзі көрген, көңілі толмаған жағдайлары мен келеңсіздіктер туралы жанайқайы. «Әдебиет – заман айнасы» екені рас. Сондықтан, белгілі бір кезең туралы деректерді біз сол кезеңдегі көркем шығармалар арқылы біле аламыз. Көркем шығарма авторларының утопиясы мен

антиутопиясы көптеген тақырыптық мәселелерді қамтиды. Бірақ, солардың қайсысын алсақ та, әйтеуір ұлттық рухты, сананы сақтап қалу мәселесі туындайды. Зерттеу жұмыстары негізінде Төлен Әбдікті Отан, ұлт, тіл, дін, тәуелсіздік сынды халықтың мүддесімен астасып жатқан ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерге аса қызығушылық танытқан жазушы ретінде танымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі. 1998. – 383 б.
2. Н.Үсенова. Төлен Әбдік шығармаларының жанрлық және тақырыптық болмысы. massaget.kz сайты. 2021. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/65182/>
3. Т.Әбдікұлы. Парасат майданы: Таңдамалы. Алматы: Раритет. 2012. – 616 б.
4. Ж.Ертай. Қазіргі жастар антиутопияны неге ұнатады? «Abai.kz» сайты. 2018. <https://abai.kz/post/81407>

УДК 398

Жумакасова Гулсумжан Габдрашова
старший преподаватель кафедры «Социально-гуманитарные науки и языковые дисциплины»
Университета «Туран-Астана»
(Астана, Республика Казахстан), e-mail: gulsumzhan-z@yandex.kz.
Нуржанова Замира Махмутовна
канд. филол. н., доцент Евразийского
национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Астана, Республика Казахстан), e-mail: zheltoksan30@mail.ru

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В НЕЯЗЫКОВОЙ АУДИТОРИИ

ОРЫС ТІЛІН ТІЛДІК ЕМЕС АУДИТОРИЯДА ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

SOME ASPECTS OF TEACHING RUSSIAN IN NON-LINGUISTIC AUDIENCES

Аннотация. Мақалада тілдік емес аудиторияда орыс тілін оқытудың ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар оқытудың инновациялық технологияларын қолдануды және студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды көздейтін тапсырмалар кешенін ұсынады.

Түйінді сөздер: әлеумет, оқыту, инновациялық технологиялар, коммуникативтік бағыт, тілдік жағдаяттар, тілдік емес аудитория, орыс тілі.

Аннотация: В статье рассматриваются особенности преподавания русского языка в неязыковой аудитории. Авторы предлагают комплекс заданий, предполагающих использование инновационных технологий и нацеленных на формирование коммуникативной компетенции студентов, обучающихся на неязыковых специальностях.

Ключевые слова: инновационные технологии, коммуникативная компетенция, языковая ситуация, неязыковая аудитория.

Abstract: The article discusses the features of teaching the Russian language in a non-linguistic audience. The author considers the main task of teaching the use of innovative technologies that assist students in the development and improvement of communication skills. The example of several situational tasks shows the effectiveness of the communication direction, which provides for language situations.

Keywords: society, training, innovative technologies, communicative direction, language situations, non-linguistic audience, Russian language.

В эпоху глобализации современной экономики актуальной проблемой системы образования Республики Казахстан является подготовка высококвалифицированных специалистов, владеющих несколькими языками. Наряду с государственным языком, функционирование которого осуществляется во всех сферах общественной жизни, следовательно, повышается его роль как фактора укрепления межнационального согласия и казахстанского патриотизма, также в Республике Казахстан языковую политику определяет и русский язык. Русский язык служит как основной источник информации в разных областях науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем. Необходимо отметить, что интеграция в мировое экономическое пространство не представляется возможной без знания иностранных языков.

В этом случае особую актуальность приобретают проблемы преподавания русского языка как иностранного в неязыковых аудиториях.

Проблемой методики преподавания русского языка в неязыковой аудитории занималось не одно поколение методистов, психологов, лингвистов. На сегодняшний день указанная выше проблема обретает особую актуальность, так как современный мир выдвигает свои требования в данном вопросе. Современный образовательный процесс немалозначим без применения инновационных технологий обучения.

Основной задачей использования инновационных технологий является оказание помощи студентам в развитии и совершенствовании коммуникативных умений.

Инновационные технологии обучения играют значительную роль в формировании коммуникативной компетенции обучающихся. С этой целью нами был разработан целый комплекс заданий и упражнений, ориентированных на развитие всех видов речевой деятельности студентов неязыковых специальностей. Наряду с этим, учитывается уровень владения русским языком студентов указанных специальностей, следовательно, осуществляется дифференцированный подход в процессе обучения второму языку, а также интерферирующее влияние родного языка обучающихся.

На первом этапе обучающимся могут быть предложены задания, направленные на усвоение учебной информации, на ее репродуктивное воспроизведение. Например: работа с терминами, дефинициями, работа со словарями, выявление лексических, морфологических, синтаксических особенностей того или иного стиля.

На втором этапе предусмотрены задания, предполагающие работу по содержанию текста, выявление основной и дополнительной информации, описание, обобщение, интерпретация с целью использования информации в учебно-профессиональном общении.

Задания, предлагаемые в рамках третьего этапа основаны на творческой активности обучающихся, предусматривают умение обосновывать, аргументировать свою точку зрения.

Коммуникативный метод занимает основное место в изучении второго языка. Его суть заключается в том, чтобы при обучении научить студента строить общение с носителями других языков. Суть общения всегда заключается в разъяснении, интерпретации полученных сведений. В результате общения коммуникант может не только выразить свое мнение, но и донести до него социальную точку зрения определенной общественной среды. Формирование коммуникативной компетенции предполагает развитие всех видов речевой деятельности.

Рассмотрим речевые ситуации, используемые в процессе преподавания русского языка как иностранного в целях формирования коммуникативных навыков.

1. Группа делится на три команды. Командам даются соответствующие задания: 1-ой команде – построить диалог с опоздавшим на работу сотрудником с позиции руководителя; 2-ой команде – с позиции подчиненного; 3-ей команде – с позиции равных. Разыграйте ситуацию. Обратите внимание на интонацию, выбор жестов, мимики, умение выдерживать паузу в процессе общения, умение выслушать собеседника.

2. Речевая ситуация: в процессе обсуждения (кого назначить на освободившуюся должность) необходимо ваше мнение. Вы знаете, что в назначении на указанную

должность отчаянно нуждается ваш друг. Но Вы также знаете, что другой человек (который вам не нравится) является более квалифицированным специалистом и лучшей кандидатурой на эту должность. Что делать? 1. Быть честным. 2. Надо помогать друзьям. 3. Надо служить той компании, на которую работаешь. Какова Ваша позиция? Обоснуйте ее.

3. Метод проектов. Метод проектирования – одна из эффективных форм, способствующая формированию коммуникативных навыков студентов в процессе усвоения русского языка как иностранного.

Группа студентов работает над научным проектом открытия предприятия нового уровня, подбора кадров в новое предприятие, этическим кодексом каждого работника данного предприятия, решением проблем дальнейшего процветания и т. д. Задача учебного проекта, результаты которого представлены в виде исследования, заключаются в том, чтобы дать ответ на проблемный вопрос проекта и всесторонне осветить ход его получения, то есть само исследование.

Главная цель любого проекта — формирование различных ключевых компетенций, под которыми в современной педагогике понимаются комплексные свойства личности, включающие взаимосвязанные знания, умения, ценности, а также готовность мобилизовать их в необходимой ситуации. В процессе проектной деятельности формируются следующие компетенции: рефлексивные умения; поисковые (исследовательские) умения; умения и навыки работы в сотрудничестве; менеджерские умения и навыки; коммуникативные умения; презентационные умения.

Для того чтобы проектирование создавало благоприятную почву для формирования коммуникативных умений, необходимо соблюдение ряда условий, среди которых мы выделили: информационно-коммуникативные, регуляционно-коммуникативные, аффективно-коммуникативные умения и умения ориентироваться в условиях внешней ситуации общения, планировать содержание акта общения, реализовывать задуманное, подбирать вербальные и невербальные средства, оценивать результативность общения и отвечать адаптацией своего коммуникативного поведения; предметно-развивающая среда будет обеспечивать единство социальных и предметных средств и функционально моделировать содержание формируемых у студентов коммуникативных умений.

4. Научная конференция. Для формирования и развития коммуникативных навыков студентов можно использовать метод проведения научной конференции, так как обучение в вузе предполагает занятие научно-исследовательской деятельностью. Программа русского языка включает изучение особенностей научного стиля, подстилей, жанров и т.д. Следовательно, метод проведения научной конференции является незаменимым не только для формирования необходимых коммуникативных навыков, наряду с этим и навыков научно-исследовательской деятельности и формирования профессиональной компетенции.

Студенты под руководством преподавателя заранее готовят научные доклады.

Большинство студентов первого курса испытывают определенные трудности в процессе общения, стресс перед публичным выступлением, не имеют навыков построения монологических высказываний, не имеют навыков убеждения собеседников и аргументации своего мнения. Исходя из этого, для дальнейшего развития коммуникативных умений студентов нами были разработаны следующие формы работы со студентами первого курса.

5. Дискуссия. Для того чтобы организовать дискуссию и обмен информацией, необходимо тщательно подготовить группу. Используя специальную литературу, необходимо составить тексты-рассуждения об актуальных проблемах будущей профессиональной деятельности. Используя данную информацию, студенты готовят свои выступления. Данную информацию прорабатывают все малые группы. Ознакомившись с полученной информацией, студенты имеют возможность задавать вопросы другим группам, могут высказать свое критическое мнение по поводу рассматриваемой

проблемы. Выступающие должны заранее подготовить вопросы, которые можно было бы ставить на обсуждение по выводу дискуссии, чтобы не дать ей погаснуть; не допускать ухода за рамки обсуждаемой проблемы; не допускать превращения дискуссии в диалог двух наиболее активных студентов или преподавателя со студентами; обеспечить широкое вовлечение в разговор как можно большего количества студентов, а лучше – всех; не оставлять без внимания ни одного неверного суждения, но не давать сразу же правильный ответ; к этому следует подключать студентов, своевременно организуя их критическую оценку; не торопиться самому отвечать на вопросы, касающиеся материала —круглого стола: такие вопросы следует переадресовывать аудитории; следить за тем, чтобы объектом критики являлось мнение, а не участник, выразивший его; сравнивать разные точки зрения, вовлекая участников в коллективный анализ и обсуждение [2, с. 114].

6. Виртуальная экскурсия. В целях успешного приобщения обучающихся к шедеврам мировой культуры, для эффективного формирования профессиональной коммуникативной компетенции будущих специалистов занятие по русскому языку можно провести в форме виртуальной экскурсии.

Организация данного занятия начинается с предварительной разработки учебного сайта группы, на котором группа размещает всю необходимую информацию.

Основополагающими являются тексты, к ним прилагаются фото, видео, слайды, сделанные самими студентами, картины.

Преподавателем разрабатываются предэкскурсионные, приэкскурсионные, послеэкскурсионные задания. Готовятся тексты с информацией об истории открытия, экспонатах музея.

Особое внимание уделяется заданиям по развитию речи, направленным на подготовку экскурсоводов к проведению экскурсии. Приэкскурсионные задания способствуют проверке восприятия информации, несущей элемент новизны при проведении учебной виртуальной экскурсии. Основной задачей является формирование коммуникативных навыков. Приэкскурсионные задания, как и притекстовые упражнения, должны нацелить студента на извлечение информации из текста и проверку того, как эта информация понимается и усваивается. Послеэкскурсионные задания призваны обеспечить контроль понимания услышанного (увиденного и/или прочитанного), успешность выполнения смысловой обработки информации, т. е. продемонстрировать —практическую способность студента порождать развернутый монологический текст с элементами повествования, описания и рассуждения [3, с. 805].

Практика преподавания русского языка как иностранного показывает, что языковая подготовка будущих специалистов сопряжена с определенными трудностями и требует использования специальных методов преподавания данной дисциплины и профессионально значимой информации. Будущие специалисты должны обладать навыками представления своих профессиональных знаний на русском языке. Поэтому основной задачей использования инновационных технологий является оказание помощи студентам в развитии и совершенствовании коммуникативных умений.

Таким образом, одной из актуальных проблем системы образования является совершенствование, оптимизация методов обучения русскому языку как иностранному. Приведенные выше материалы исследования показали, что эффективное обучение русскому языку в вузе на современном этапе невозможно без использования инновационных технологий.

Список использованной литературы:

1. ru.wikipedia.org
2. Вербицкий, А. А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход / А. А. Вербицкий. – М., 1991. – 124 с. – ISBN 978-5-7695-7057-5.
3. Пахалкова–Соич Т.В., Иванова Н.Г. Образовательное пространство XXI: организация виртуальных экскурсий как одна из форм обучения русскому языку, литературе, страноведению. // Русский язык и литература в пространстве мировой

УДК 502

Сабилова Жулдыз Рахатовна
«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және
тілдік пәндер» кафедрасының магистранты
Тұран-Астана университеті
Нұрсұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
п.ғ.д., профессор Нағымжанова Қ. М.

«ЖЕТІМ» ӘНГІМЕСІН ОҚЫТУДАҒЫ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ В ОБУЧЕНИИ РАССКАЗУ «СИРОТА»

PROBLEMATIC ISSUES IN TEACHING THE STORY "ORPHAN"

Аннотация. «Жетім» әңгімесін оқытудағы мәселелерді ескерсек мына жағынан оқушыға пайдасы бар деп ойлаймыз. 1) Жас ұрпақ өз тарихын ұғынып, оған құрметпен қарайды. 2) Тарихта халқымызға бағыттап адам қолынан жасалған қиянаттардың көп екенін, қағидаларды да өзгерту керек екенін сезінеді.

Түйінді сөздер: жетім, халық, жазушы, Кеңес заманы, саясат.

Аннотация. Учитывая проблемы при обучении рассказу "сирота", мы считаем, что это приносит пользу ученику. 1) молодое поколение осознает свою историю и относится к ней с уважением. 2) в истории чувствуется, что есть много злоупотреблений со стороны людей, которые направляют нас к нашему народу, что нужно изменить и принципы.

Ключевые слова: сирота, народ, писатель, советские времена, политика.

Annotation. Given the problems of teaching the story "orphan", we think that it will benefit the student in this regard. 1) the younger generation understands their history and treats it with respect. 2) he feels that in history there are many abuses committed by human hands aimed at our people, and the principles must also be changed.

Key words: Orphan, People, writer, Soviet times, politics.

Көркем шығарманы талдау әдістемесі-мектепте әдебиетті оқытудың өзекті мәселелерінің бірі. Бұл бірқатар себептерге байланысты. Біріншіден, көркем шығарманы ғылыми талдау мәселесі әлі де ең қиын және пікірталас мәселелерінің бірі болып табылады. Екіншіден, қазіргі жағдайда, көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылық жоғалған кезде, бұл мәселенің әдістемелік аспектілерін ғана емес, сонымен қатар әдеби шығарманы зерттеудің әдіс-тәсілдерімен тығыз байланысты психологиялық-педагогикалық, мотивациялық шешімдердің жаңа жолдарын табу қажет. Үшіншіден, тарихи-мәдени аспектінің маңыздылығын ескеру қажет, өйткені қазіргі заманғы оқушы, өкінішке орай, белгілі бір көркем мәтінді барабар қабылдауға мүмкіндік беретін фондық білімнің тиісті деңгейіне ие бола бермейді. Төртіншіден, бұл оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға көбірек көңіл бөлуді талап ететін тілді дамытудың жалпы проблемасына байланысты. Мектеп тәжірибесі көрсеткендей, әдеби шығармаларды зерттеу көбінесе идеялық мазмұнды талдауға және әртүрлі жолдарды табуға байланысты.

Оқушылардың алдына «басты кейіпкер Қасымға не болды?», «Ол неге олай жасады?», «Оның әрекеттері қандай қасиеттер туралы айтады?» және т.б. оқушы қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, шығарманың идеялық мазмұнын қайталайды. Сонымен бірге олар пайымдамайды, өз пікірін білдірмейді, тек оқығанын қайталайды. Осындай талдау нәтижесінде көркем шығарманы оқушылар өнер туындысы ретінде қабылдамайды, олар әдеби шығарманың сұлулығын, оның бейнелері мен идеяларының

әлемін толық түсінбейді. Біздің ойымызша, бұл өзекті мәселенің шешімін оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға негізделген кешенді тәсілмен ғана табуға болады. Сонымен қатар, бұл проблема болашақ филолог мұғалімдерді даярлауда тиісті аспектке назар аудару қажет екенін көрсетеді. Өздеріңіз білетіндей, оқытуға деген қызығушылықты оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану арқылы балаларды қолдауға болады және әдебиеттің ерекшелігіне, проблемалық және ізденіс, зерттеу сипатындағы әдістерге байланысты осыған байланысты ең нәтижелі болып табылады.

Қазақ әдебиетінің өткені мен кеткеніне, кешегісі мен бүгініне зер салып қарасаңыз Әуезов әлемі өз алдына оқ жетпес биік болып қалыпты. Мұхтардан шебер, майталман жазушы жоқтың қасы екен. Бар болса жалғыз адамды атар едік. Ол – Жүсіпбек Аймауытов. Өкініштісі татар дәмі ерте таусылды. Тағдыры заманның алағай-бұлағай шағына түс келді. Аттың жалы, түйенің қомында жүрсе де «Ақбілек» сынды ғажап роман қалтырды. Алаш кезеңіндегі әдеби туындылардың қайсысын алып қарасаңыз да шоқтығы биік, бәсі жоғары. Цензураның темір бұғауында қалған Кеңес дәуіріндегі әдебиет жалтақ, ол кезеңдегідей өткір емес екені ақиқат. Сонда да ары мен жанын шүберекке түйген қалам иелерінің көл-көсір дүниесін жоққа шығармаймыз, әрине. Ең басты шығарма – «Абай» эпопеясы. Дегенмен, біз көбінде осы ғажап романға салмақ салып Әуезовтың басқа туындыларын көбінде көлеңкеге қалтырып қоятын сияқтымыз. Оның дәлелі мектептерден ары кетсе екі-үш әңгімесін ғана кездестіреміз. Әуезовті қанша оқытсақ та таусылмайтын, сарқылмайтын білім кені бар.

Әуезов әңгімелері түбі терең айдын шалқар теңіздей. Оның бетінде қалқып жүзуге болады. Ол кезде сен көз жетпес көгілдір су бетін ғана көресің. Ал тереңіне сүңгі білсең сонда нағыз мұғжизаға кез боласың. Біз айтпақ ол мұғжиза – психологизм. Әуезовтың ең қатпарлы, терең тұсы да, әуселесін асқақтататын қыры да – осы. Бұл жөнінде жазушы: «Нағыз көркем прозаға психологизм араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақтақ жолы» [1] дейді. Адам жанынан күрделі, шытырман ештеңе жоқ. Қаламгер ақ қағазға адамның алуан түрлі қырын бейнелейді. Әлмисақтан бері хұсни сөзді, қауырсын қаламды данышпандар өз заманының көрінісін бейнелеп келеді. сонда да адам жаны әлі толық ашылған жоқ, жұмбақ, қалтарыс тұстары мол. Ол ешқашан ашылып болмайды да. Себебі, дәуір адамға әсер етеді. Әр заманның өз құрқылтайы демекші әр пенде өз дәуірінің құлы. Мінезі де, болмысы да соған қарай қалыптасары даусыз. Біз қазір XVIII ғасыр, жаугершілік замандағы қазақтар мен бүгінгі халықтың мінезін салыстыра алмаймыз. Тіпті иек астындағы Кеңес заманының тұрғыны мен Тәуелсіздіктің жас ұрпағы екі басқа мінезде. Психологиясы бір-бірімен түйіліспейтін екі сәуле сияқты.

Замандар өтіп, уақыт алмасқан сайын бүгін қызық, таңсық болған дүниелердің ескіріп қаларына не себеп? Иә, дәуірмен бірге адам жаңарады, санасы өзгереді. Саяси жүйе, әлемдік өзгерістер бұған тіке әсер етуші. Бір мемлекеттің жүргізген идеологиясы сол елді тәрбиелейді, қалыптастырады. Соған қарай халқының психологиясы да ауытқиды, бейімделеді, үйлеседі. Әлемдегі социалистік және капиталистік мемлекеттердің тұрғындары екі түрлі ойлайды, бір арнаға симайды. Оның ұсақ критерийлерін зерттеу өте жіңішкелікті, көп жұмысты қажет етеді. Оған бір адам түгілі бір институттың әлі жете қоймайды.

Біз мұны не үшін айтып отырмыз? Келер жылы Әуезовтың 127 жылдығы. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейді қазақ. Ел жаңарды, заман басқа арнаға ауысты. Біз енді Әуезов сынды ұлы жазушымыздың қаламынан туған ғаламат дүниелерді өскелең жас ұрпақтың бойына қалай нәр қылып себе аламыз? Осы сауал бізді көбірек ойлантады. Мектептерде оқытылатын Әуезовтың «Жетім» атты әңгімесін алып қарайық. Қазіргі зерек оқушы уақиға желісін жылдам түсініп, тез қағып алуы мүмкін. Бірақ оның миында көп сұрақ қалады. Ең бастысы кейіпкер бала Қасымның өлімі. Ол неліктен олай істеді? Осы сауал мазалары қақ. Әрине, жас балаларға трагедиямен аяқталатын шығармаларды оқыту ауыр. Қазірде әке-шешесі жоқ, ағайынның немесе мемлекеттің қамқорлығында есейіп-ержетіп келе жатқан балалар жоқ емес. Солар өмірінде бірер қиындыққа кез болса одан шығар жол не екенін біле алмай сарсаң болады. Сол тығырықтан шығатын жол өлім деп

білсе бұл ең қатерлі болмақ. Қазақстанда қазір жасөспірімдердің өзіне қол жұмсауы өте жиілеп кетті. Бұл – көзде ұстар басты мәселе. Жас ұрпақты өмірге құштар қылып тәрбиелеу – мемлекет пен біздің парызымыз.

Қайта айналып «Жетімге» келейік. Әрине, бұл шығарма оқушы санасына кері идея тудырады, оны праграмадан сызып тастау керек деген ойдан мүлдем аулақпыз. Ең басты мәселе – «Жетімді» оқытқанда неге көңіл аудару керек? Біріншіден, «Жетім» жазылған тарихи кезең. Бала оқыған дүниесін бүгінмен, өз заманымен салыстырып ойлайды. Кейіпкер Қасым мен оның бүгінгі замандастары екі түрлі тұлға.

Сөздік мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқытудың әртүрлі әдістерін шығармашылық қолдану және синтездеу дағдылары мен қағидаларын игерумен тығыз байланысты. Әдеби шығарманы зерттеу әдістемесін оқытудағы маңызды аспект талдаудың үш аспектісінің бірлігі принципін ескеру болып табылады:

- мазмұны жағынан;

- құрылымы;

- оқыту функциясы. Мұның бәрі біз қолданатын оқыту әдістерінің сипатын және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша сабақтарда оқу іс-әрекетінің түрлерін анықтады. Мәселен, "көркем шығарманы «Жетім» әңгімесі арқылы талдау әдістері" тақырыбын зерделеу кезінде келесі тапсырмалар кешені ұсынылуы мүмкін:

1) оқулықты талдауға байланысты тапсырма. Көркем мәтіндерге арналған сұрақтар мен тапсырмалар жүйесі шығармалардың идеялық-тақырыптық және көркемдік ерекшелігін терең түсінуге қаншалықты ықпал етеді?

2) көркем образды талдаудың ұсынылған нұсқасының тиімділігінің әдістемелік негіздемесі бар көркем образ-кейіпкер сипаттамасының шамамен жоспарын жасау.

3) «Жетім» әңгімесіндегі аяныш пен қатігездік мәселелерін қамтуға және әңгіме кейіпкерлерін сипаттауға болатын әңгімелесу үшін проблемалық, аналитикалық сұрақтар құру

4) образ-кейіпкерді талдау сабағын келесі тармақтар бойынша әдістемелік бағалау:

- шығарманы талдаудың қай жолы таңдалды?

- шығарманы талдаудың қандай әдістері мен тәсілдері қолданылады?

Олардың әдістемелік ұйымдастырылуы қаншалықты тиімді.

- Сабақта проблемалық оқыту әдістері қолданыла ма?

5) проблемалық сұрақтар:

1) эпикалық шығарманы талдаудың ең тиімді жолын қалай анықтауға және қолдануға болады?

2) оқушыларды қалай қызықтыруға және олардың көркем әдебиет оқуға деген қызығушылығын оятуға болады?

б) кез келген шығарманың материалында оқушыларды әдеби кейіпкердің бейнесін талдауға бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмаларды тұжырымдау. Оқушыларға олардың әдістемесін үйрету үшін дәстүрлі емес сабақтарды тиімді өткізу, мысалы: «Әдеби кейіпкердің соты немесе «педагогикалық және әдістемелік идеялар жәрмеңкесі» сабағы, онда топтарда жұмыс істеген оқушылар әдебиет сабақтарын өткізуге өздерінің ерекше тәсілдерін ұсынады. «Мектептегі әдеби шығарманы талдау жолдары» тақырыбын сапалы игеру үшін сабақты әзірлеуге және өткізуге болады, онда оқушылардың үш тобы талдаудың нақты жолын ұсынады және қорғайды және мектепте оқылатын шығарманың материалында оның тиімділігін дәлелдейді.

«Жетім» әңгімесі 1917 жылы жазылған. Жиырма жасар бала жігіттің алғашқы әңгімелерінің бірі. Ол ол кездегі қазақ қоғамы қандай болды? Халық патшалық ресейдің отарлық саясатынан қажыған, жалыққан. Еркіндікті, теңдікті аңсаған шақ. 1905 жыл Алаш баласының осы жолға ұмтылуындағы маңызды уақиғалардың бастауы болды. Әйгілі Алаш қозғалысы басталды. Тарихшы М. Қойгелдиев 1905 жылды Алаш қозғалысының басталған жылы деп қарайды. «Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1905 жыл туралы: «Бүкіл

дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді» десе, Міржақып Дулатұлы: «Жұртқа бірдей жақсылық таңы атқан 1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елеңдеп, солардың ісіне еліктеп ұлт пайдасын қолға ала бастады» деп жазады. Осыларға ұқсас ойларды М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедұлы пікірлерінен де кездестіреміз» [2, 291] дейді алаштанушы Е. Тілешов. Осы кезеңде қазақтың дәстүріне, мәдениетіне деген жаңаша көзқарас пайда болды. Қазақ баласының танымы да ақырын-ақырын өзгеріске ұшырай бастады. Ал «Жетім» жазылғанға дейінгі 12 жылдың ішінде қазақ қоғамы көптеген тарихи уақиғаларды бастан кешірді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, оның соңы қанды қасап пен босқындыққа ұласты. 1917 жылы ақпан төңкерісі басталды. Осы жылы бостандық үшін күрескен «Алаш» партиясы құрылды. Осы өзгерістердің бәрі қазақ қоғамына әсерін тигізіп жатты. Ешкім заманнан тыс қала алмайды. Қалам ұстаған зиялы азаматтар елге оң өзгерістердің орнауын тіледі. Қазақ өз алдына дербес ел болса деп көкседі.

Ертеңі белгісіз, бұлдыр тұмандай заман төніп келе жатты. Әуезовтың тілімен айтқанда: «Сол алыста күн күркіреп жатты. Анда-санда көкжиектің тұсында күн жарқылдап тұр. Бұлт қалың, жарқылдағы күшті еді» [3, 214]. «Жетімдегі» осы суреттеулер символикалық тұрғыдан сол дәуірдің келбетін ашып көрсетіп отыр. Міне, екі дәуірдің өларазында жазылған әңгіменің астарын, ойын ұғыну үшін алдымен тарихи кезеңді түсінудің сыры осында. Әңгіменің өзі көңілсіз, жүдеу суреттеулермен басталады. Өнші жігіттер күннен түнге қарай сіңіп келеді. Күн не? Түн неге меңзейді?

Әңгімедегі психологизм астарын ашу үшін осы тарихи астарға үңілу керек. Әрине, көркем шығарманы қалай түсінсе де әр оқырманның өз еркі. Мысалы, қорғансыз, шарасыз Қасымды сол кездегі сүйеусіз, тірексіз қазақ жұрты деп түсінсек те ауа жайылып кетпейміз. Міне, әңгімедегі ауыр, суық суреттеулер, қою қара бояулар сол заманның суреті еді.

Қасым неге өлді? Бұл сұраққа Кеңес өкіметі 70 жыл бойы бай мен төреден көріп келді. Кедей мен байды бір-біріне қарсы қойды. Байды қаралап, күйелеп сөйлеу дағдыға айналды. Бай десе есер, содыр, өзімшіл, сараң адам көз алдыға келетін болды. Осы таптық теорияның санаға сіңгені сонша біз әлі күнге дейін содан айыға алмай келеміз. Сол заманда жазылған шығармалар болса осылай талдауға бейім тұрамыз. «Абай жолын» оқысақ та бай мен кедейдің, әке мен баланың таласын, араздығын іздеуге бейімбіз. Әрине, Алаш баласы тәуелсіз ел болып тұрса Әуезов «Абайды» бұлай жазбас еді. Кеңестік цензурадан аман құтылу үшін олар қойған талапты орындау керек болды. Ал қазақтың дәстүрлі қоғамы бай мен жарлыға бөлінбейді. Дәулетті адамдар Кеңес қоғамы айтқандай сараң емес, қайта нағыз жомарт, қамқор болған. Жарлыға пана, жоққа қорған болған. Өнер мен кісілік, мәрттік пен ақыл – бай мен төреде.

Әуелі біз Кеңес заманынан бері уланған санамызды тазартуымыз шарт. Ол дімкәсті жас ұрпаққа жұқтыруға әсте болмайды. Бай мен төрені жамандау – тектен жеріну. Біздің одан арғы замандағы кемел тарихымыз соған байланысты. Қазақ қоғамында ешкім кедей, қайыршы болмаған. Оны есіркеген, көштен қалтырмай, жоғын білдірмей алып жүрген және сол бардам әулеттер. Осыны оқушы санасына мықтап ұғындыру керек.

Бүгінгі таңдағы біздің қоғам кедей болсаң төрге озасың, байдың малын талан-таржыға салу дегенге үйретпейді. Ақылыңмен, біліміңмен, адал еңбегіңмен табысқа, жетістікке жет. Сол кездегі баяғыдағы атымтай жомарт аталарыңдай айналаңа шуағыңды шаш. Жетімге пана, жесірге ажа бол. Еліңді, жұртыңды қаңғытпа. Қайырымды елдің келешегі кемел болады. Қайырсыз елдің ертеңі тұлдыр болады. Осы идеяны жас ұрпақтың бойына сіңіре білу керек.

Ал «Жетім» әңгімесіндегі Қасымды сорлатып, бар малын тартып алаған ағайыны Иса мен Қадишаны образын қалай түсінуге болады? Большевиктердің билікке келуі, кедей тапқа үстемдік береміз деуі біздің қоғамды ойпыл-тойпыл қылды. Ол саясаты өзінің орыс қоғамына сай келетін шығар. Бірақ, қазақтың дәстүрлі қоғамын, мың жылдар бойы қалыптасқан ұлттық менталитетті өзгертті. Есікте жүрген тексіз құл төрге шықса дастарханға саритынын данышпан халық баяғыда айтқан. Большевиктер асылдың сынығы

болған, текті халықты қырып қана қоймай, тексіз құлдардың талауына да салды. Қолымыз теңдікке жетеді деп есірген, құтырған олар адам айтса сенгісіз сұмдықтарға барды. Жаны хайуанға айналды. Осы тұсты оқушыларға жақсылап ұғындыру керек. Байдың малын баққан жалшы кедей ме? Жоқ, ол өз еңбегін, адал терінің өтеуін алып, отбасын асырады. Бай түк татырмайды деген идея Кеңестік саясат пен әдебиет арқылы санамызға сіңіп кеткен қасаң түсінік. Бұл – рухани кедейлік. Тексіздік. Құдайдан, ұяттан безген имансыздардың топалаң салғаны. Міне, Иса мен Қадишаның характері осыдан кейін барып айқындалады. Жетімін жылатпаған халықтың ұрпағы осындай қиянатқа барып отыр. Малың тартып алды. Таяқ пен жәбір ғана көрсетеді. Кеңестік таптың айқын өкілдері осы – Иса мен Қадишалар. Осы тұрғыдан оқушыға түсіндіру керек. Қатып-семген қағидаға салып байды жамандап, кедейдің ақ-қарасын айырмай көпіртіп мақтау – қазақтың дәстүрлі түсінігіне қауып төндіреді.

«Суреткер кейіпкердің жан дүние диалектикасын, белгілі бір іс-әрекетке бастар көңіл-күйінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда талдап жазғанда ғана шығармада психологизм өріс алады» [4, 13] дейді ғалым Г.Пірәлиева. М. Әуезов кейіпкердің жан дүниесін ашудың қас шебері. Оны оқушыға тереңдеп ұғындыру, толық санасына сіңіру нағыз маманның қолынан келеді. «Жетім» әңгімесін оқытуда біз айтқан мәселелер ескерілсе мына жағынан оқушыға пайдасы бар деп ойлаймыз. 1) Жас ұрпақ өз тарихын ұғынып, оған құрметпен қарайды. 2) Тарихта халқымызға бағыттап адам қолынан жасалған қиянаттардың көп екенін, қағидаларды да өзгерту керек екенін сезінеді. 3) Қасым сынды баланың тағдырына аяушылық білдіріп, бойындағы мейір-махаббаттың артуына дәнекер болады. 4) Өткен мен өз заманын салыстырып іштей ой түйеді. Бүгінгі бейбіт заманның, тәуелсіздіктің қадір-қасиетіне жете түседі.

Әдебиет сабағының тапсырмаларының материалы мен сипаты айқын прагматикалық бағытқа ие болуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқытылатын оқу пәнінің кең шығармашылық мүмкіндіктерін көрсететін тапсырмаларды ұсына аласыз. Мысалы: белгілі бір шығарманың (әңгіме немесе әңгіме) мәтінінде қорытынды жұмыс жасау үшін жалпылама сипаттағы сұрақтар жүйесін жасауға болады. Немесе: М.О.Әуезовтің «Жетім» әңгімесін зерттеу кезіндегі сұрақтарды талдаңыз:

- 1) «Жетім» әңгімесін автобиография деп санауға бола ма?
- 2) сюжетте ерекше оқиғалар бар ма? Әңгіменің тартымдылығын не түсіндіреді?
- 3) Қасым жақындарын сағынады. Олар кездесуге қуанышты ма?
- 4) Қасымның туған сәтінен сипатталған оқиғалардан бастап аздаған жылдар ішінде қалай өзгерді?
- 5) неліктен автор кейіпкер туралы әңгімені бір баяндаушыдан екіншісіне жеткізеді? Барлық сұрақтар сәтті болып көрінеді ме? Олардың қайсысы ішкі сұрақтарға мұқтаж? Жұмыстың қандай түрлерін орындау сұрақтарды қамтиды? Әдебиет сабақтарында іздеу іс-әрекеті туралы білімді бекіту үшін келесі жоспардың тапсырмасын ұсынуға болады: шығарманы зерттеудің қай кезеңінде іздеу сипатындағы тапсырмаларды беруге болады. Оқушылар әдебиет сабағында әдеби шығарманы зерттеудің белгілі бір әдістерін біліп қана қоймай, сонымен қатар көркем шығарманы талдау талап ететіндей оларды өз бетінше түсіндіре немесе өзгерте білуі керек. Осыған байланысты сыншылардың ұстанымдарын салыстыру, көркем әңгімелеу, өзіндік жұмыс («Қалам сынағы», «Әңгіме жазу», «Сценарий жазу») сияқты шығармашылық және зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды қолдану қажет.

Е.А.Деманованың пікірінше, көркем шығарманың кез келген талдауы бізге қарама-қарсы эмоциялар тудыратын екі полюсті іздеуден басталуы керек. Бұл қарама-қарсы бейнелер немесе эмоционалды қарама-қарсы мотивтер болуы мүмкін, бұл түс схемасына, кеңістік пен уақыт нүктелеріне, сондай-ақ дыбыс қатарларына қарсы болуы мүмкін. Содан кейін шығарманы терең қабылдау үшін эмоциялар бойынша ассоциациялардың ерекше түрі өте маңызды, яғни белгілі бір идеяларды, бейнелерді,

заттарды, оқиғаларды нақты ұқсастық бойынша емес, тек олар тудыратын эмоциялардың ортақтығы бойынша біріктіру [5]. Сонымен, ұсынылған талдау алгоритмі келесідей:

1. Шығармадағы кейіпкерлердің өзара әрекеттесуі мен күресі олардың динамикасын, энергиясын, эмоционалды шиеленісін тудыратын эмоционалды дыбысқа қарама-қарсы негізгі бейнелерді анықтау. Шығарманың мазмұнын алғашқы әсер деңгейінде қабылдауға тырысу.

2. Осы негізгі бейнелердің әрқайсысына қатысты лексикалық тізбектерді жазу.

3. Негізгілердің мағынасын кеңейтуге, тереңдетуге немесе нақтылауға мүмкіндік беретін ілеспе бейнелерді анықтау.

4. Жазушының көркем әлемінің құпиясын көруге мүмкіндік беретін мазмұнның тереңдігіне апаратын барлық мүмкін ассоциативті қатарларды құру. Бұл алгоритмді қолдану, әрине, әдістемелік тұрғыдан негізделген, әдебиет әдістемесін оқыту тәжірибемізбен расталады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. М. Әуезов. Анкетаға жауап. Алматы. «Жұлдыз», 1991, №10. 6-8 б.
2. Тілешов Е. Қайнар. – Алматы: «ЖК Айдаргазин Е.С.», 2016. – 376 б.
3. Әуезов М. Көксерек. Әңгімелер. – Алматы: «Балауса», 2006. – 512 б.
4. Пірәлиева Г. Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм мәселелері. «Автореферат. – Алматы, 2004.
5. Деманова Е.А. Шығармашылық жазуды оқытуда көркем шығарманы талдау әдістемесін қолдану. – М., 1993.

УДК 343.13

Жұмабек Қырмызы Назымбекқызы
М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің
халықаралық құқық мамандығы бойынша
2 курс магистранты,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
ассистент-профессор, PhD Н.С. Ешниязов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК КОНСУЛДАРДЫҢ НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУ ҚҰЗІРЕТІНІҢ ІШКІ ЗАҢНАМА БОЙЫНША РЕТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

ВОПРОС ЮРИСДИКЦИИ ИНОСТРАННЫХ КОНСУЛОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ПО СОВЕРШЕНИЮ НОТАРИАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РАМКАХ ОТЕЧЕСТВЕННОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

THE QUESTION OF JURISDICTION OF FOREIGN CONSULS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ON THE PERFORMANCE OF NOTARIAL ACTIVITIES WITHIN THE FRAMEWORK OF DOMESTIC LEGISLATION

Аннотация. Берілген мақалада Қазақстан Республикасында орналасқан шетелдік консулдардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау бойынша құзіреттеріне қатысты заңнамадағы «үнсіздік» және оның мемлекет үшін тиімсіздігі мәселесі қозғалады. Мақалаға сәйкес біздің заңнамаларда шетелдік консулдардың қандай нотариаттық іс-әрекеттер жасауына рұқсат берілгендігі нақты жазылмаған.

Түйін сөздер: консул, құзірет, консулдық мекеме, консулдық конвенция, нотариус, айна қағидасы.

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос «молчания» в

законодательстве относительно полномочий иностранных консулов в Республике Казахстан на совершение нотариальной деятельности и его неэффективности для государства. Согласно статье, в наших законах не указано, какие нотариальные действия иностранных консулов разрешены.

Ключевые слова: консул, юрисдикция, консульское учреждение, консульская конвенция, нотариус, зеркальный принцип.

Annotation: This article discusses the issue of «silence» in the legislation regarding the powers of foreign consuls in the Republic of Kazakhstan to perform notarial activities and its inefficiency for the state. According to the article, our laws do not specify which notarial acts of foreign consuls are allowed.

Key words: consul, jurisdiction, consular office, consular convention, notary, mirror principle.

Жеке тұлғаның қол сұғылмаушылық құқығын шектеу тек заңда көрсетілген тәртіппен және негіздерде, тиісті құзыреті бар органдармен және тек заңда белгіленген адамдарға қатысты жүзеге асырылады (мысалы, күдіктілер, айыпталушылар, куәгерлер, сарапшылар және т.б. болуы мүмкін). Сонымен қатар, осы құқықты шектеу кезінде орындылық пен негізділік қағидаттарына негізделу қажет. Бұл жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаттары мен оларға қол жеткізу құралдары сәйкес келуі керек.

Осылайша, жеке тұлғаның қол сұғылмаушылық құқығын шектеу деп қылмыстық іс жүргізу алдында тұрған міндеттерді шешу мақсатында құқық шектеулерін белгілеуге бағытталған, оған уәкілеттік берілген адамдардың заңмен реттелетін іс жүргізу қызметін түсінуге болады.

Жеке тұлғаның қол сұғылмаушылығын шектеудің дұрыстығына, егер мәжбүрлеу нормалары мәртебесі бойынша дәлелдемелерге сәйкес келетін дәлелді негіздер (дәлелдер)

болған кезде ғана қолданылса, құқық қолданушы жеткіліктілік, салыстырмалылық және рұқсат ету талаптарына жауап беретін, ақылға қонымды және сақ адамды мәжбүрлеу қажет екеніне сендіре алатын деректер деп түсінеді. Жеке тұлғаның қол сұғылмаушылығын шектеудің заңдылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін заңнамалық белгіленген рәсімді мінсіз сақтау да маңызды рөл атқарады. Алайда, нормалардың өзі осы саладағы халықаралық стандарттарға ғана емес, сонымен бірге мораль мен мораль талаптарына сәйкес келуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. БҰҰ Бас Ассамблеясының 217 А(III) қарарымен қабылданған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 12.1948.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=
3. Канафин Д.К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве: монография. – Алматы, 2005. – 168 с.
4. Воеводин Л.Д. Конституционные права и обязанности советских граждан. – М., 1972. – 234 с.
5. Фарбер И.Е. Конституционное право на неприкосновенность личности советских граждан // Правоведение. – 1973. – №3.
6. Григорян Л.А. Неприкосновенность личности, жилища, тайна переписки и телефонных переговоров. – М.: Знания, – С. 179.
7. Иваник Н.П. Проблемы правового статуса личности в уголовном процессе. – Саратов: Издательство Саратовского университета, 1981.
8. Опалев А.А. Личная неприкосновенность: социальное содержание и юридическая форма // Закон и право. – №7.
9. Кистяковский Б.А. Государственное право (общее и русское). – М., 1981. –
10. Большой толковый словарь русского языка / гл. ред. С.А. Кузнецова. – СПб.: Норинт,
11. Васильева Е.Г. Принцип неприкосновенности личности в уголовном процессе // Актуальные вопросы уголовного процесса современной России: Межвузовский сборник научных трудов // Ответственный редактор З.Д. Еникеев. – Уфа: РИО БашГУ, 2003.
12. Петрухин И.Л. Свобода личности и уголовно-процессуальное принуждение. – М., 1985. – 342 с.
13. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексі. - Алматы: "заңгер" баспасы, 2022. – 250 б.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ
САҚТАЛУЫНА КЕПІЛДІК БЕРЕТІН ОТАНДЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ДАМУ**

**РАЗВИТИЕ ОТЕЧЕСТВЕННОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА,
ГАРАНТИРУЮЩЕГО СОБЛЮДЕНИЕ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА В УГОЛОВНОМ
СУДОПРОИЗВОДСТВЕ**

**DEVELOPMENT OF DOMESTIC LEGISLATION GUARANTEEING RESPECT
FOR HUMAN RIGHTS IN CRIMINAL PROCEEDINGS**

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының Конституциясымен және іс жүргізу заңнамасымен бекітілген қылмыстық процесте адам құқықтарын қорғау кепілдігінің даму тарихы қарастырылған: ол сот арқылы қорғау құқығы, қажетті қорғаныс, білікті заң көмегі, сондай-ақ адамның өмірін, бостандығын, қол сұғылмаушылығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін, жеке өмір құпиясын және т. б. қорғауды қамтамасыз етеді.

Түйінді сөздер: қылмыстық процес, адам құқықтары, құқықтық тәртіп, қоғам мен мемлекеттің мүдделері, қағидалар.

Аннотация. В статье рассматривается история развития гарантий защиты прав человека в уголовном процессе, закрепленных Конституцией и процессуальным законодательством Республики Казахстан: это право на судебную защиту, необходимую защиту, квалифицированную юридическую помощь, а также обеспечение защиты жизни, свободы, неприкосновенности, чести и достоинства человека, тайны частной жизни и др. обеспечивает.

Ключевые слова: уголовный процесс, права человека, правопорядок, интересы общества и государства, принципы.

Abstract. The main and main purpose of the criminal process should be the protection of The article discusses the history of the development of the guarantee of protection of human rights in criminal proceedings, enshrined in the Constitution and procedural legislation of the Republic of Kazakhstan: it provides the right to judicial protection, necessary defense, qualified legal assistance, as well as protection of human life, freedom, inviolability, honor and dignity, privacy, etc.

Keywords: criminal process, human rights, law and order, interests of society and the state, principles.

Адам және азамат құқықтары мәселесі адамзат тарихындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Адам құқықтары туралы Мемлекеттік-құқықтық теориялар мен практикалық заңнаманы дамытудағы маңызды қадам XVII-XVIII ғасырлардағы буржуазиялық-демократиялық революциялар болды, олар адам құқықтарының кең спектрін, соның ішінде көптеген демократиялық мемлекеттердің қазіргі заманғы заңнамасының негізіне айналған ресми теңдік принципін негіздеді.

Осы нормаларды талдау 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы әлемдік қоғамдастық мойындайтын құқықтық стандарттарға негізделетінін және оларды толығымен қабылдайтынын көрсетеді.

Осыған байланысты біз академик Г. С. Сапарғалиевтің қорытындыларымен

ынтымақтасамыз, ол былай деп жазады: "қолданыстағы Конституция өзінің демократиялығын, прогрессивтілігін, тиімділігін көрсетті. Өткен 10 жылдағы Қазақстанның жетістіктері Негізгі Заңның ережелеріне, президенттік басқару нысанының, екі палаталы парламенттің әрекетке қабілеттілігіне негізделген халық, мемлекет шығармашылығының нәтижесі болып табылады деген пікір толық негізделген " [1]

Конституцияның ерекше маңыздылығы онда белгіленген нормалар халықтың мемлекеттік ерік-жігерін жүзеге асырудың нысаны ретінде әрекет ететіндігімен, яғни қоғамның алдына қойған міндеттерін бекітіп, жүзеге асыратындығымен, оның ұйымдастырылуы мен өмір сүру принциптерін көрсететіндігімен анықталады. Конституция жеке адам, қоғам және мемлекет үшін ең маңызды және әлеуметтік маңызы бар құқықтар мен бостандықтарды бекітеді. Адам үшін олар оның қадір-қасиеті мен адам тұлғасына тән ар-намысын, өзі мүше болып табылатын қоғамды басқару және басқару мәселелерін шешуге қатысудың табиғи құқығын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар болып табылады; ол үшін өмірлік маңызды материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті әлеуметтік және экономикалық жағдайлар. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясында және аса маңызды халықаралық-құқықтық актілерде тіркелген негізгі іргелі құқықтар олардан туындылар үшін, бірақ басқа да маңызды құқықтар мен бостандықтар үшін құқықтық база болып табылады.

Бұл құжат әр түрлі қызмет салаларын, соның ішінде құқықтық салаларды жаңғырту жолы ғылыми түрде анықталғандығымен өзекті. Осыған байланысты бірқатар конституциялық нормалар мен заңдылық принципіннің арақатынасы мәселесі қызықты болып көрінеді. Бұл мәселені зерттеу, әсіресе, тергеу органдарының адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы заңнамалық нормаларды іске асыруына кешенді көзқарас тұрғысынан өзекті болып табылады.

"Заңдылық" терминінің академиялық тұжырымдамасы қазіргі түсіндірме сөздікте берілген: "заңдылық, мемлекеттің барлық органдарының, лауазымды адамдар мен азаматтардың заң талаптары мен сот шешімдерін сөзсіз орындау принципі. Бұл азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын тиімді қорғауды, шенеуніктердің іс-әрекеттеріне сот арқылы шағымдану мүмкіндігін болжайды. заңдылық талабы алғаш рет 17-18 ғасырлардағы революциялар кезінде алға тартылды." [2]

Біз зерттеген осы Тұжырымдаманың басқа анықтамалары, әдетте, оны қиындатады, бірақ бұл жоғарыда көрсетілген анықтамаға қайшы келмейді.

Мәселен, мысалы, М. А. Челцов-Бебутов өз уақытында "заңдылықтың" келесі анықтамасын ұсынды, онда келесі құрамдас бөліктерді бөліп көрсетті: процесті жүргізетін мемлекеттің барлық органдарының және оның барлық қатысушыларының заңдарды дәл және тұрақты орындауын талап ету [3, б. 52];

"...алдын ала тергеу органдарының, прокуратураның, соттың және іске қатысатын барлық адамдардың заңдарды дәл және тұрақты сақтауын талап ету" [4, 101-бет];

В. И. Басков өзінің "заңдылық" ұғымын келтірмей, соған қарамастан оның мазмұнын құрайтын жекелеген элементтерді көрсетеді: "...а) заңдар мен заңға тәуелді актілер, б) заңдардың орындалуы, яғни оларды іске асыру, в) заңдардың дәл және біркелкі орындалуын қадағалау, г) жол берілген бұзушылық үшін жауапкершілік заңдар " [5, б. 7].

Заңдылықты түсіндіруді Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесінің академиялық курсы авторларының ұжымы ұсынды: " қылмыстық процесс саласындағы заңдылық қағидаты - бұл қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысушылардың әрқайсысының материалдық және іс жүргізу заңдарының, оның ішінде осы қызмет принциптерінің формулалары бар нормалардың барлық талаптарын сақтау міндеті " [6, 287-бет].

Сонымен қатар, біздің ойымызша, бұл тұжырымдаманы және оған енгізілген мағынаны зерттеу процесі қызығушылық тудырады. Б. х. Төлеубекова бұл тұжырымдаманы зерттеу туралы неғұрлым анық айтты: "кейбір авторлар" заңдылықты "тәуелсіз маңызы бар қылмыстық процестің принциптерінің қатарына жатқызбады, ал басқалары" заңдылық " басқалардан ерекше, процестің принципі деп санайды. Сондай -

ақ, "заңдылық" принцип емес, "жұмысшы табының диктатурасын жүзеге асырудың әдістерінің бірі" деген пікір болды [6, 292-294 ББ.].

Айта кету керек, авторлардың әрқайсысы өзі ұсынған ғылымның мүдделеріне сүйене отырып, "заңдылық" ұғымын тұжырымдады. Бұл жағдайда бізді қылмыстық қудалау мәселелерін, атап айтқанда, жеке құқықтарды сақтау және қорғау тұрғысынан зерттейтін осы мәселеге қатысты көзқарастар ғана қызықтырады.

Сонымен қатар, біздің ойымызша, мәселенің түбірі тек "заңдылық" ұғымын тұжырымдаудан ғана емес, оның мәнін құрайтын элементтердің мазмұнын түсінуден тұрады. М. А. Чельцов пен В. И. Басков ұсынған жоғарыда аталған компоненттер заңдылық ұғымына кіретін мазмұн көлемін кеңейтпейді.

Мысалы, С. С. Алексеев сөздің кең мағынасында заңдылықты келесі талаптарда көрсетілген қоғамдық-саяси құқықтық категория ретінде ұсынды:

- ✓ барлық басқа құқықтық актілерге қатысты заңдардың үстемдігі;
- ✓ барлығының заң алдындағы теңдігі;
- ✓ барлық субъектілер үшін субъективті құқықтардың толық және нақты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- ✓ тәуелсіз және тиімді сот төрелігі [7, б.15].

Заңдылықты түсіндірудегі мұндай екіұшты тәсілдер басқа тәсілдерді, бағалауларды, Қорытындыларды қайта қарастыруды, бүгінгі кезеңнің құқықтық шындықтарын ескеруді талап етеді. Бұл бізді келесі ойларға сендіреді.

Біріншіден, заңдылықтың дәстүрлі тұжырымдамасы мен құрылымы негізінен моноидеологиялық теория мен ұйымдық құрылымға негізделген қоғамның барлық элементтерінің қатаң иерархиялық бағыныштылығына негізделген қоғамдық қатынастардың реформаға дейінгі күйін көрсетеді.

Екіншіден, заңдылықты түсіндіру және құрылымы барлық субъектілердің құқық нормаларын мүлтіксіз сақтау талабы ретінде талданатын тұжырымдама қоғамның қоғамдық-саяси өмірін ұйымдастырудың күрделі құқықтық сипатын көрсететін күрделі мәселенің бір бөлігіне жататындығын түсінуден алшақтатады.

Үшіншіден, заңдылықтың сипаттамасы, шын мәнінде, оны құқық пен мемлекеттік тәртіптің объективті қасиеті болып табылатын міндеттемеге дейін төмендетеді. Бастықтың бұйрығы да, сот үкімі де міндетті екендігіне күмән жоқ.

Төртіншіден, бұл тыйым салу нормалары мен міндетті құқықтық нормаларды сақтау талабы ғана емес, сонымен қатар азаматтарға берілген құқықтар мен бостандықтарды тиісінше іске асыру талабы.

Бесіншіден, заңдылық ұғымы заң орындаушыларының мінез-құлқына ғана емес, сонымен бірге заң шығару саласына, заң шығарушылардың қызметіне де қатысты болуы керек. Яғни, заң шығаруға "заңдардың заңдылығына" қосымша талап енгізілуі керек.

Осылайша, қылмыстық сот ісін жүргізу аспектісінде заңдылықтың элементтік құрамын талдау келесі элементтерді қамтуы керек:

- ✓ құқықтық Регламенттің, атап айтқанда қолданыстағы заңнаманың Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген нормаларға сәйкестігінің болуы;
- ✓ заңдардың қоғамның қазіргі заманғы шындықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін, оның ішінде оның дамуын, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді, заңдағы олқылықтарды жоюды, құқық қолдану практикасы анықтаған қайшылықтарды жоюды ескере отырып түсінетін заңнамалық қамтамасыз етудің ұтымдылығы;
- ✓ заңдардың дәл және біркелкі орындалуын тиімді қадағалау. Біздің ойымызша, бұл элементтің өмір сүруге құқығы бар, өйткені прокуратура, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес "ЕО мемлекет атынан заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының және республика аумағындағы өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және біркелкі қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, әкімшілік және Атқарушылық іс жүргізу" [8]. Сондай-ақ, прокуратура органдарының билік тармақтарының ешқайсысына кірмейтіндігін ескеру қажет;

✓ заңды бұзғаны үшін жауапкершілік. Заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі ең өткір мәселелердің бірі болып табылады, соның салдарынан оны іске асыру мемлекеттік стратегияның элементтерінің бірі болып табылады, бұған мемлекеттік деңгейде қабылданған бағдарламалық құжаттар дәлел бола алады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы заңдылық қағидатын түсіну ұзақ уақыт бойы, әсіресе Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу жағдайында жүріп жатқан процесті білдіреді. Бұл ретте оған қоғамның әлеуметтік дамуының қажеттіліктерін білдіретін белгілі бір идеологиялық тәсілді қалыптастыруда, сондай-ақ реформалауға, құқықтық инновацияларға бейім қоғамның озық бөлігін қабылдауда және мемлекеттің заңдылық қағидатын қажетті және іргелі Конституциялық қағидат ретінде қабылдауында көрініс табатын терең мағына салынады.

Олардың қатарына, сөзсіз, қылмыстық қудалау органдарының қызметін және оның механизмін Қылмыстық-процестік реттеу проблемасы жатады, оны түсіндіру құқықтық реттеудегі олқылықтарды көруге, ғылыми тұжырымдамаларды әзірлеуге және кодификацияланған нормативтік актілерді жетілдіруге көмектеседі.

Қылмыстық процестің негізгі мақсаты-адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде заңдылықты сақтау, ал қылмыстық процестің міндеттері қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапкершілікке тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану болып табылады (ҚДЖК-нің 8-бабы).

Кейбір жағдайларда мақсаттар мен міндеттер сәйкес келеді. Сонымен қатар, әрбір келесі тапсырманың алдыңғы мәселені шешудің мақсаты бар.

Сонымен, кінәлілерді әшкерелеу мақсатына жету үшін қылмысты тез және толық ашу міндетін шешу қажет, бұл өз кезегінде негіздер болған жағдайда ең әділ жаза шарасын анықтау үшін заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Г. Основной закон - основа государства. Конституция Казахстана не исчерпала свой политический и правовой потенциал// Казахстанская правда. - 2005.- 23 марта.
2. Современный толковый словарь. - М.: "Большая Советская Энциклопедия", 1997. - 780 с.
3. Чельцов М.А. Советский уголовный процесс. - М.: Юрид. лит., 1982. - 846 с.
4. Уголовный процесс. Учебник / Под ред. Карнеевой Л.М., Lupинской П.А., Тыричева И.В. - М.: Юрид. лит., 2010. - 568 с.
5. Басков В.И. Прокурорский надзор. Учебник. - М.: Изд. БЕК, 1995. - 546с.
6. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая: Академический курс/ Под ред. д.ю.н., профессора Б.Х. Толеубековой. Книга первая. - Алматы: ТОО Издательская компания "NAS", 2004 - 416 с.
7. Алексеев С.С. Государство и право. Начальный курс. - М., 1993. - С. 71, 72.
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=

АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ И ТЕНДЕНЦИИ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

ANALYSIS OF THE STATE AND TRENDS OF INNOVATIVE DEVELOPMENT OF THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN

Аннотация. Статья посвящена актуальной проблеме формирования инновационных процессов в Казахстане. В статье анализируются основные параметры, характеризующие инновационное развитие в соответствии с данными официальных статистических обследований. Делается вывод о том, что масштабы и темпы распространения инноваций недостаточны, значительно отстают от развитых стран и свидетельствуют о низком эффекте принимаемых государственных программ развития инновационных процессов в Казахстане.

Ключевые слова: Инновации, инновационная активность, инновационная экономика, конкурентоспособность.

Аннотация. Мақала Қазақстандағы инновациялық процестерді қалыптастырудың өзекті мәселесіне арналған. Мақалада ресми статистикалық дереккөздердің мәліметтеріне сәйкес инновациялық дамуды сипаттайтын негізгі көрсеткіштер талданды. Қазақстанда инновациялық үдерістерді дамыту бойынша қабылданған мемлекеттік бағдарламалар әсерінің төмендігі, инновациялардың таралу ауқымы мен қарқынының жеткіліксіздігі, дамыған елдерден едәуір артта қалып отырғаны байқалатыны туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: Инновациялар, инновациялық белсенділік, инновациялық экономика, бәсекеге қабілеттілік.

Abstract. The article is devoted to the actual problem of the formation of innovative processes in Kazakhstan. The article analyzes the main parameters that characterize innovative development in accordance with the data of official statistical surveys. It is concluded that the scale and pace of the spread of innovation are insufficient, significantly lag behind developed countries, and indicate the profound effect of adopted state programs for the development of innovative processes in Kazakhstan.

Keywords: Innovation, innovative activity, innovative economy, competitiveness.

Инновационной деятельности отводится важнейшая роль в оценке экономической мощности страны, так как ее результатом является не только рост высокотехнологичной продукции, но и повышение производительности труда и эффективности производства. Инновационное развитие предприятий является приоритетной задачей государства и рассматривается как фундамент конкурентоспособности [1]. В этой связи осуществляются кардинальные меры по развитию инновационной системы в Казахстане и разрабатываются инструменты ее поддержки.

Однако, несмотря на реализацию государственных программ и осуществление кардинальных мер, инновационное развитие экономики Казахстана значительно отстает от развитых стран. Достаточно сказать, что доля инновационной продукции в ВВП в 2021

году составила 1,71%. Для сравнения, уровень аналогичного показателя в Финляндии составляет более 30%, Италии, Португалии и Испании – от 10 до 20%. В России этот показатель колеблется на уровне 5-7%.

За период с 2013 по 2021 годы инновационная деятельность предприятий подвергалась нестабильности. Так, 2015, 2016 годы характеризуются снижением темпов выпуска инновационной продукции в сравнении с 2013 годом на 34,8% и 22,9% соответственно. Только в 2017 году инновационные предприятия по выпуску и реализации инновационной продукции вышли на опережающие темпы роста. В 2017 году выпуск инновационной продукции увеличился значительно, к 2016 году прирост составил 89,5%. Объем инновационной продукции в 2021 году в динамике за 9 лет увеличился на 148,8%, в сравнении с 2020 годом уменьшился на 16,1% и составил 1438708,5 млн. тенге. Выпуск инновационной продукции в 2021 году сосредоточился в основном в обрабатывающей промышленности – 84,0%. Основная доля объема казахстанской инновационной продукции реализуется на внутреннем рынке. Объем экспортируемой инновационной продукции составляет 16,3% [2]. Рост выпуска инновационной продукции в сравнении с 2013 годом обусловлен внедрением инновационных технологий в действующие производства, а также поддержкой новых проектов в рамках программы индустриализации Казахстана.

Инновационная составляющая казахстанской экономики развивается крайне медленными темпами. Об этом свидетельствуют невысокие показатели уровня инновационной активности промышленных предприятий, объемов затрат на технологические инновации и их результативность, недостаточное использование научного потенциала, неразвитость инновационной инфраструктуры. Ключевым показателем в сфере инновационного развития предприятий является уровень инновационной активности предприятий. Уровень инновационной активности измеряется долей предприятий, которые производят инновационную продукцию, применяют новую технику и технологии, новые методы управления в общей численности предприятий в национальной экономике.

Рассмотрим динамику показателей, характеризующих масштабы инновационного развития экономики Казахстана за 2013-2021 гг. (рисунок 1).



1 – Динамика уровня инновационной активности предприятий в РК, %

Статистика показывает, что за период 2013-2021 гг. динамика демонстрирует низкую инновационную активность казахстанских предприятий по всем типам инноваций и составляет в 2021 году 10,5%.

Наблюдается существенное отставание от стран Европейского союза, где доля предприятий, осуществляющих инновационную активность, составляет только в малом бизнесе более 50%. Статистические данные показывают, что в Казахстане предприятия малого бизнеса отстают от среднего и крупного бизнеса по уровню инновационной активности. Так, инновационная активность предприятий в 2021 году была сосредоточена

в сфере крупного бизнеса – 38,9%. Уровень инновационной активности среди средних и малых предприятий составлял соответственно 23,9% и 6,9% [2].

Фактором экономического развития и безопасности является разработка и внедрение на предприятиях технологических инноваций. Динамика уровня активности бизнеса по технологическим (продуктовым и процессным) инновациям показывает, что за 9 лет рост крайне низкий – 1,6%. Только 6,4% предприятий в 2021 году внедряют новые или усовершенствованные продукты, основанные на новых технологиях, и осваивают внедрение новейших технологий производства. Данная тенденция свидетельствует о низком инновационном потенциале экономики Казахстана.

Согласно статистическим данным за 2021 год основные причины низкого уровня инновационного развития предприятий кроются в недостатке собственных финансовых ресурсов и высоких инновационных затратах. Недоступность заемных средств и высокая стоимость привлеченного капитала существенно влияют на развитие инновационных процессов в Казахстане. Также отмечаются внутренние факторы – нехватка компетентного персонала и отсутствие информации о рынках, о новых технологиях.

Расходы на НИОКР являются показателем научно-технического развития страны. Для устойчивой инновационной экономики необходимо масштабное финансирование науки, однако низкий уровень инвестирования в НИОКР остается характерным для казахстанских предприятий (рисунок 2).



Рисунок 2 – Динамика внутренних затрат на НИОКР

Так, за последние 9 лет объем внутренних затрат на НИОКР в Казахстане увеличился на 47,66 млрд. тенге или на 77,3%. По итогам 2021 года внутренние расходы на науку составили 109,3 млрд. тенге, что на 22,8% больше, чем в аналогичном периоде 2020 года. В целом ежегодные темпы роста низкие и анализ трендов изменения за последние годы свидетельствует, что уровень затрат на НИОКР значительно отстает от развитых и некоторых развивающихся стран.

Для устойчивой инновационной экономики в Концепции инновационного развития Казахстана до 2020 года был определен целевой индикатор финансирования – доля расходов на науку к валовому внутреннему продукту 1,5-2% [3]. Финансирование науки в Казахстане чрезвычайно низкое и составляет в 2021 году всего 0,13% от ВВП. В сравнении с 2013 годом доля НИОКР в ВВП страны уменьшилась на 0,04%.

По расчетам международных экспертов, для устойчивого развития экономики развивающихся стран необходимо, чтобы на финансирование науки выделялось от 1 до 1,5% ВВП. Несмотря на ежегодный рост расходов на НИОКР, Казахстан уступает большинству развитых стран и России по этому показателю.

Одним их ключевых вызовов, которые предстоит решать Казахстану для преодоления инерционной динамики в экономике, является технологическое отставание. Основными проблемами инновационного развития казахстанских предприятий являются: несистемный характер процессов управления инновационным развитием предприятий; высокие риски инновационной деятельности; предпочтение разовых реконструкций и реорганизаций разработке системы инновационного развития; приоритетная защита действующих технологий перед внедрением новых; недостаточное внимание к инновациям, ориентированным на внутренний рынок; низкая скорость передачи, развития и использования знаний.

Таким образом, складывающийся в Казахстане механизм не носит инновационной направленности и не способен модернизировать производство и обеспечить конкурентоспособность продукции отечественных производителей, что порождает чрезвычайно низкую эффективность инновационной деятельности на современных предприятиях.

Список использованной литературы:

1. Кубаев К.Е. Инновационная экономика: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2017. – 238 с.
2. Официальный сайт Бюро национальной статистики АСПР РК: <https://www.stat.gov.kz/>
3. Концепция инновационного развития Республики Казахстан до 2020 года. Указ Президента Республики Казахстан от 4 июня 2013 года № 579.

УДК 449

Колумбаева З.Е.
«Тұран-Астана» университетінің
профессоры, т.ғ.к.
А.Мырзахметов ат. Көкшетау
университетінің доценті, ф.ғ.к.
Абильмажинова Б.Ж.

АҢЫЗ, ӘПСАНА, ХИКАЯТ ЖАНРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВРЕМЯ И ПРОСТРАНСТВО В ЖАНРЕ ЛЕГЕНДЫ, ПОВЕСТИ, ПОВЕСТИ

ARTISTIC TIME AND SPACE IN THE GENRE OF LEGEND, APSANA, STORY

Аннотация. Осы айтылғандарды қорыта келе, көне тарихи аңыздардың ішіндегі жанрлық сипатын біршама тәуір сақтағандары қазақ елінің моңғол мен Орта Азия шапқыншыларына күрес жүргізген дәуірі жайындағы аңыздар болып табылады. Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, бұл аңыздардың бейнелейтін шағы XIII - XIV ғасырлар болып саналады. Аңыздағы бұл көрінісі барлық уақыт пен кеңістіктің элементтерін бойына сыйдырған. Аңыздағы кездесетін болмыс шындығы мұндағы көркемдік уақыт пен кеңістікті төңірегінде шоғырланған.

Түйін сөздер: көне тарихи, тарих, аңыз, элемент, уақыт.

Аннотация. Подводя итог сказанному, следует отметить, что среди древнейших исторических легенд наиболее ярко сохранился жанровый характер, являющийся легендами эпохи борьбы казахского народа с монгольскими и среднеазиатскими вторжениями. Исторически сложилось так, что образным временем этих легенд считается XIII - XIV века. Это воплощение в легенде вмещало в себя все элементы времени и

пространства. Реальность бытия, встречающаяся в легенде, сосредоточена здесь вокруг художественного времени и пространства.

Ключевые слова: древняя история, история, легенда, элемент, время.

Annotation. In conclusion, among the ancient historical legends, the legends about the era of the struggle of the Kazakh people against the Mongol and Central Asian invaders are the ones that have preserved their genre character. From a historical point of view, the period that these legends reflect is considered to be the XIII - XIV centuries. This reflection in the legend has permeated all the elements of time and space. The reality of being found in the legend is concentrated here in artistic time and space.

Keywords: ancient historical, history, legend, element, time.

Әпсана сөзі парсыша ертеқ, қиял, мысал ұғымын білдіреді. Әпсана терминін өз еңбектерінде Ә.Марғұлан жиі қолдан ған. Әпсана сөзін термин ретінде қолдану жалпы фольклортануда бар[1, 2176].

Аңыз бен әпсана өзара жақын болғанымен бір-бірінен айырмашылығы бар. Аңыздың мақсаты - бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тындаушыға мәлімет беру. Әпсананың мақсаты - ертеде өткен оқиғаны, баяндау арқылы ғибрат беру.

Әпсана сюжеттік мазмұны шартты түрде кеңістік пен уақыт талабына сай тарихи, мекендік және утопиялық болады. Жер-су тарихын баяндайтын әпсаналарға «Айнақ көл», «Ыстық көл», «Қызылкеніш ордасын» атауға болады. Әпсаналардың «баяғыда бір заманда болыпты» деген қолданыстар оқиға сарынына арнайы кеңістік пен уақыт орнын ұйымдастыруды қажет ететіні бірден байқалады.

Мысалы, Ш.Уәлиханотың шығармалар жинағында «Тоқпанның балалары» деп аталатын әпсанада бір кездерде ырғыз өлкесінде болған Табынқазған, Тумалы деген көлдердің тарихы айтылады. «Баяғыда Тумалы көлінің жағасынан Тоқпан деген адам көшіп келеді. Оның үш ұлы тату болып, бәрі тыныш өмір кешеді. Үлкен ұлы арық қазып, Табынқазған көлінен су шығарады, егін егеді ... Қалған екі ұлы, Баламбек пен Құлсары, мал бағып үй күтеді. Алайда, әкесі Тоқпан өлгеннен кейін үш ұлы бұзылып, бірінің әйеліне бірі ғашық болып, берекелері кетеді. Соның салдарынан үшеуі айдалада қаңғып өледі, ал олардың үйі, дүние-мүлкі түгел өрттеніп, бүкіл аймақты өрт шалады. Сөйтіп, бір кезде көк майса болып, жайқалып тұрған шалғын, ну орман, бәрі өрттенеді, мал бытырыап бет-бетімен кетеді. Тумалы көлі иесіз қалады».

Тарихи факті жоқ, тек Ырғыз, Табынқазған, Тумалы көл деген жер-су аттары ғана. Әпсананың мазмұны ғибраттық мақсат көздеген. Мұнда кеңістік уақытқа қарағанда нақты болып келеді. Ырғыз, Табынқазған, Тумалы көл деген жер-су аттарының айтылуы осының дәлелі.

Қорқыт туралы әпсананың сюжеттік мазмұнында түсінде өлесің деп естіген Қорқыт ажалдан қашып, кеңістіктегі дүниенің төрт бұрышын шарлайды. Ақыры, Сыр өзенінің ортасына жайылған кілемде отырған Қорқыт жыланның шағуынан өмір сызығына жетіп, қайтыс болады. Мұнда сюжет мазмұны арқылы Қорқыт өмірінің кеңістігі мен уақытына саяхат жасатқызады. Әпсанадағы көріністер уақыт пен кеңістіктің қатпарларына сүңгіп, өмірде жоқ қиял-ғажайып өмірдің салт санасын шарлайды [2, 226].

С.А.Қасқабасов адамзат тарихының ерте дәуіріндегі түсініктерді: «Алғашқы тұрмыстық бірінен соң бірі келетін уақыт үзіктерін біртектес сезінбеді. Күндіз бен түннің, ай мен жылдың т.б. кейбір кезеңдері адам үшін ізгілікті немесе апатты да қатерлі әсер етуі мүмкін» - деп пайымдады [3, 46].

Өлімнен қашып құтыла алмаудың мистикамен көмкерілген уақыт пен кеңістік туралы айтылады.Өлемдік кеңістікте мәңгі жасау үшін ажалдан қашып, неше түрлі әрекет істейтін адам туралы сюжет көптеген елдің фольклорында бар. Өлімнен құтылу жолын Қорқыт өзі табуға тырысады. Дүниеіе кеңістігін түгел шарлаған ол еліне қайтып келіп, «желмаясын сойып, оның терісімен қобызының сыртын қаптайды. Құрғақ жерде тұрса да бір күні ажал жетіп келер деген қауіппен бір қырмызы масатты кілемді алып, Сырдарияның суына төсеп, сонда қобызын тартып тұра беріпті. Қорқыт дүние кеңістігін

кезгендегі арманын да, өлімнен қашқан қайғысын да, өзі көрген жақсылық-жамандық жайларын да қобызында ойнаған ғажап сұлу күйлерімен жеткізіп баяндайды. Сол уақытта Қорқыт күйлерін кеңістіктегі бүкіл дүние, жан иесі түгел ұйып тыңдайды ...

Қорқыт Сырдарияның көз жасындай суына қарап отырып «өлім мені қанша қуса да мен оны бұл жерге келтірмеспін» деп қобызын үздіксіз тарта беріпті. Қорқыттың күңіренген күйлерін балқып тыңдаған ажал да жақын келе алмапты».

С.А.Қасқабасов: «Қорқыт бұл айқаста жеңілген жоқ. Ол - ажалдан күшті тұлға. Қорқыттың өлімнен қашуы туралы идеялық мазмұны оптимистік екенін көреміз. Қорқыт ежелгі гректердің Прометейін еске түсіреді» - деп фольклортанушы ғалым болатын[4, 220б.

Ертедегі уақыт пен кеңістік жиегінде қазақ жерінде «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «жер жаннаты Жиделібайсын», «тығулы жатқан қазына» туралы әпсаналар мазмұны Асан қайғының шөбі шүйгін, суы мол, елге де, малға да жайлы жер іздеп, дүние кеңістігін шарлайды.

Қоныс атауы Жерұйық немесе Жиделібайсын деп аталады. Мұндай утопиялық әпсаналадың мазмұны көбінесе әлеуметтік сипатта болады. Бұлай болу себебі қоғамдық-әлеуметтік кеңістігіндегі туындаған айтулы оқиға, дүрбелең кезінді баяндайды. Халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәурен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» туралы утопиялы әңгіме, аңыз шығарады. Аңыздардың басты кейіпкері сол кездегі уақыт пен кеңістіктегі реальді өмірде болған адамдар болуы мүмкін. Бара-бара мұндай аңыздар әпсанаға немесе хикаятқа айналады. Осыдан барып осы кеңістіктегі messiандық рөл атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында сюжет құрылады.

Мұндай әпсананың тарихи аңыздан айырмашылығы оның тек көркемдік дәрежесінде емес. Басты ерекшелігі - тарихи аңызда нақты бір кеңістік пен уақыт аясында өткен дәуірдің оқиғасы жырланады. Арман кеңістігінде туған оқиғалар мен кейіпкерлер дәріптеледі. Асан қайғының Жерұйықты іздегені туралы әпсана осындай жағдайда қалыптасқан.

Асан Қайғы тарихтан белгілі XV ғасырда сонау Жәнібек заманында өмір сүрген. Өз Жәнібектің кеңесшісі болған. Бұл дәуірдің кеңістігі мен уақыт аясында айтулы оқиғалардың болғаны белгілі. Сондай оқиғалардың бірінде Асан Қайғы бүкіл ел қамын ойлап, ерекше көзге түседі.

Өзінен күшті Әбілхайырдан ыққан Жәнібек пен Керей елді Еділ мен Жайық арасынан көшіруге мәжбүр болады. Халық басына түскен ауыртпалықты көрген Асан Жәнібекке ата қоныстан жылжымау керек екенін айтады. Алайда, қаһарлы әміршімен тіресуге шама келмеген соң бүкіл жұрт арып-ашып, талай қиындықты басынан кешіп Моголстанға, Шу бойына ауады.

Әпсанадағы уақыт категориясы халық басына түскен шарасыздықты көрсетеді. Әлеуметтік жағдайдың тарихи деректерін анық көрсету әдісі шебер қолданылған. Мекен-жайын ауыстыру қарапайым халыққа ауыр тиетінін психологиялық тұрғыдан анық ашылған. Халықтың орын ауыстыру туралы деректер географиялық атаулар (Моголстанға, Шу бойына) нақты көрсетілген.

Әпсанадағы тарихи уақыт шынайы оқиғалар көрінісін, қатысушы кейіпкерлерді, уақытын, географиялық мекенін нақты көрсеткен. Географиялық атаулардың, тарихи оқиғалар уақытының нақты берілуі оқиға желілісін реальді тарихи уақытқа тым жақындата түседі.

Кеңістіктегі құтты мекен жайындағы әпсана нұсқалары қарақалпақ, құмық, ноғай елдерінің фольклорында кездеседі. Елге, малға жайлы қоныс іздеу туралы сюжет қыпшақ тобындағы түркілер заманында пайда болғаны туралы М.Ғабдуллин біраз зерттеу еңбектерін жазды.

Құтты мекен жайлы арман-тілектер осы өлкеде мекендеген халықтың ауыр тұрмысы, әлеуметтік әділетсіздіктер сол дәуірдегі кеңістік пен уақыт аясында айқын көрініс береді. Асан Қайғының «елді құтқарушы», «жерұйықты іздеуші» ретінде Асан уақыты суреттеледі.

Ал, осы сюжеттің генетикалық арғы тамырын іздесек, ол алғашқы қауымда қалыптасқан бір-бірімен тығыз байланысы бар кеңістіктегі үш әлем туралы түсінікпен сабақтас. Бұл түсінік көптеген миф, хикая, аңыздарға негіз болғаны белгілі. Асан Қайғы іздейтін Жерұйық та - ойдан шыққан, арманнан туған қоныс. Жерұйық - халықтың жарқын қиялынан пайда болған еркін, азат, жанға жайлы жердің образы. «Жерұйық» деген сөздің өзі «ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер» деген ұғым береді.

Фольклор құрамындағы хикаятта шындыққа негізделген немесе ойдан шығарылған, діни кітаптардан алынған сюжеттерді көркем түрде баяндайтын әңгімелер. Хикаят мазмұнында ерте заманда болған оқиғалар түрлері болуы мүмкін. Сондықтан онда тарихи уақытта болған тарихи есімдер, мекендер де кездесіп қалады. Сондай хикаяттардың бірінде Ескендір Зұлқарнайын есіммен байланысты әңгімелер жатады. Қазақ арасында Ескендір жайында айтылатын әңгімелер үш сюжеттен құрылған. Біріншісі – өлмес суды іздеген Ескендір туралы, екіншісі – қос мүйізін жасыра алмаған Ескендір, үшіншісі – жұмаққа кіре алмаған Ескендір. Мұнда дүниенің төрт бұрышын шарлап, өлмес суды іздегені, о дүниенің бір рақаты жұмаққа кіре алмағаны туралы әңгімеленген хикаяттарда кеңістіктің төменгі бөлігі жұмақтың болуы жөнінде қазақ халқының нанымның болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, нақты кеңістікте үш мөлшер бар (жоғары, орта, төмен) ал фантастикалық кеңістік бір өлшемнен, не сансыз көп өлшемнен тұрады. Бұл хикаят уақыт мөлшері есте жоқ ескі замандарға саяхаттатып, өлмес су, о дүниенің бір рақаты жұмаққа кіру ұғымдары арқылы мифтік, қиял-ғажайып сансыз уақыт өлшемінен тұрады.

Дүниедегі өлмес суды іздеген Ескендір туралы хикаятта өлімнен құтылудың жолын іздеген Қорқыт туралы эпсанадағыдай оптимистік рух пен табанды күрескерлік сипат жоқ. Еген Қорқыт ажалға қарсы тайсалмай күрессе, Ескендір олай күресе алмайды. Сол уақыттың өзінде адам образдарының реальді көрінісін береді.

Фольклор саласында көп кездесетін аңыздарда көркемдік уақыт пен кеңістіктер жиі көрініс береді. Себебі аңыз жанрының кеңістігінде тарихи шындық пен фактілер жатады. Алайда, аңыз аясындағы тарихи фактілер әр дәуірдегі айтушылар мен тыңдаушылардың түсінік-пайымына қарай өзгеріп тұрады. Мұндай құбылысты жырлаушы уақыты және тыңдаушы уақытының болуынан деп Ш.Ыбыраев айтқан болатын.

Айтушы мен тыңдаушы уақыты жөнінде ғалым Ш.Ыбыраев «Эпос әлемі» атты еңбегінде жырлаушы уақыты оқиғаның ішкі оқиғаларына, сюжеттік құрылысына тікелей қатысы болмайтынын айтты [5; 1236]. М.Әуезов «Әр жылдар ойлары» атты зерттеуінде оқиғаның сюжеттен тыс жырлаушы уақытты бар екенін ажырату қиын емес. Сюжетке тікелей қатысы жоқ жыр желісі деп аталып кеткен осындай сөздің басты қызметі айтушының өзі білетін жырлар туралы тыңдаушыға қысқаша мағұлмат беру. Сөйтіп, түрлі көңіл күйдегі отырған тыңдаушылар тас түйін болып, жұмылып, айрықша бір өткен дәуірге қарай зейін қояды, орындаушы мен тыңдаушы арасында тығыз қарым қатынас орнайды деген пікірлерін білдірген [6, 436].

Рулар, тайпалар арасындағы дау-жанжал, ұрыс-соғыс туралы аңыздар ауызша хроника іспеттес, онда шамамен болған оқиғаның мезгілі көрсетілуі мүмкін. Сол оқиғаға қатысқан адамдар міндетті түрде аталады. Мұндай аңыздардың бейнелеу құралдары жұпыны ғана, ал дәріптеу мен көркем жинақтау мүмкіншілігі ертегі мен эпостан төмен. Рулар, тайпалар соғысы туралы аңыздар - батырлық ертегі мен қаһармандық эпостың қайнар көзі [7; 2786].

Аңыз өмірде болған оқиғалар, ертеректе өмір сүрген көрнекті тұлғалар және географиялық кеңістіктегі белгелі бір жер-су, мекен жайлы баяндайды. Сондықтан ел арасында аңыздағы айтылатын оқиғалар мен іс-әрекеттер ақиқат нәрсе деп қабылданған. Жұрт үшін аңыз - ертегі емес, мұнда уақыт пен кеңістік бізді көркемделген қиялдың емес, барынша объективті шындыққа апарады. Әрине аңызда қиял (вымесел) бар, бірақ ол ертегідегідей, я болмаса эпостағыдай көркемделмеген.

Аңызда айтылатын хабар, оқиға еш күмән туғызбайды, өйткені оның түп негізі - тарихи шындық. Сонымен қатар, аңыздың мазмұнын растайтын дерек ретінде жердің аты,

белгілі қайраткердің есімі, я болмаса жыл мезгілі аталып отырады. Тағы бір ескерте кететін жағдай аңыздың айтылу мәнері тұрақтанған, ол ылғи үшінші жақтан және өткен шақта баяндалады. Мұндағы кеңістік те, уақытта біршама тұрақты және нақты болып келеді.

Аңызда баяндалатын оқиға тек ұлттық сипатта және белгілі бір географиялық кеңістіктетегі нақтылы бір жерге ғана байланысты болып келеді. Аңызда тек жергілікті тарихтың ғана оқиғасы әңгімеленеді.

Аңыз дегеніміз бір мекеннің, жергілікті жердің, я болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі, бір географиялық аймақта болған оқиғаның белгісі. Сондықтан аңыздардың сюжеті көп жағдайда ұлттық қана болады, бір елдің аңызы екінші елге ауыспайды. Тіпті аңыздың көпшілігі аймақтық қана болады. Басқа елді былай қойғанда, Қазақстанның бір жерінде болған оқиға екінші жерде болмаған, сондықтан ол оқиғаға байланысты туған аңыз басқа аймаққа кең тарамған.

Аңыздың аймақтық сипаты оны фольклордың басқа жанрларымен салыстыра қарағанда айқын көрінеді. Мәселен, қаһармандық эпос пен тарихи жырда бүкіл қазақ еліне қатысты оқиға бейнеленеді, сондықтан батырлар жыры мен тарихи жырлар Қазақстанның барлық жерінде жырланған.

Фольклорлық прозаның басқа жанрларына қарағанда аңыздың танымдық қызметі айқынырақ, ол елдің өткен тарихи кеңістігіне алып келіп, мағлұмат береді. Аңыз – халықтың өзі айтып берген ауызекі тарихы десе болады. Олай дейтініміз - қазақ тарихында аты белгілі қайраткерлер мен ірі оқиғалардың аңызда айтылмайтыны жоққа тән. Қазақтың жеке ел болу тарихында үлкен рөл атқарған Жәнібектен бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі аралықтағы Қазақстанның әр жерінде болған елеулі оқиғалар жайындағы аңыздың саны мол. Олар көп жағдайда белгілі бір қайраткерлерге немесе белгілі бір географиялық ендіктегі мекенге байланысты болып келеді.

Тарихи аңыздарда кейде оқиғалар мен фактілер көркем түрде жинақталып, қиял тұрғысынан бағланады. Халық қандай да бір оқиғалардың өз ойына, арман-мүддесіне сәйкес болуын қалап, өз қалауынша баяндап көрсетеді. Аңыздағы тарихи оқиғалар, оған қатысатын тұлғалардың образдары арқылы дәл суреттелу әдісі байқалады. Бұл орайда географиялық атаулардың, тарихи кезеңдегі оқиғалардың дәл берілуі, басты кейіпкердің өмірлік прототиптерінің болатындығын, оқиға желілерінің тарихи фактілерден құрылатындығы көркем уақытты реальді тарихи уақытқа тым жақындата түседі.

Аңыздағы негізгі кеңістік бірлігі бірден-бірге нақтылана түседі. Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кеңістік өлшемі сол ел мекен еткен төңіректе, былайша айтқанда, қазақ халқының жер үшін жүргізген шайқастарымен тығыз байланысты өрістеп отырған.

Дегенмен, фольклордың әр дәуір іздерін бойына сіңіріп отыратынын ескерсек, бұл аңызға алғаш түп негіз болған оқиға мұсылман дінін таратушы арабтардың қалаға басып кіруі сияқты. Аңызда мұсылмандық сарынның айқын көрінуі де қосымша дәлел іспетті. Уақыт өте келе аңыз кейінгі кездерде болған оқиғаларды да қамтыған, бырақ бергі замандарда оқиғалар көмескі тартып, аңызда қиял басым бола бастаған. Сөйтіп, біздің дәуірге ол аңыз көркемделіп, көптеген қосымшалармен толықтырылып, басқа сипатта жеткен.

Әрине, бұл аңыздағы көркем сюжеттің кеңістік аумағы реальді кеңістіктен басқаша, жыршының ырқымен жасалған өзгешелеу кеңістік те болуы мүмкін. Өйткені аңыздағы кеңістік бірлігі сюжеттік оқиғаға қарай өзгеріп отырады. Бұл орайда көркем аңыздағы уақыт пен кеңістік бірлігін бір – бірінен бөле-жара қарау қиын, өйткені кез келген кеңістікті тарихи тұрғыдан нақты суреттеу үшін оны сол уақыт шындығымен өлшеу шарт.

Қорыта келе кез келген аңыздарда оқиғалар мен фактілер көркем түрде жинақталып, қиял тұрғысынан суреттеледі. Халық басынан өткен оқиғалар мен фактілерді, өз ойына, арман-мүддесіне сәйкес баяндап көрсетеді. Аңыздардағы көркем сюжеттің кеңістік аумағы мен уақыты жыршының өз ырқымен де жасалады. Себебі аңыздағы кеңістік пен уақыт бірлігі сюжет мазмұнына қарай өзгеріп отырады. Сондықтан

көркем аңыздағы уақыт пен кеңістік бірлігін бір-бірінен бөле-жара қарауға болмайды. Өйткені кез келген кеңістік өлшемін тарихи тұрғыдан нақты суреттеу үшін уақыт шындығымен өлшенуі шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. –Алма-Ата, 1985. –227 б.
2. Марғұлан Ә. Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі. // Шоқан Уәлиханов. – Алматы, 1985.- Б. 22.
3. Қасқабасов С.А., Аймұхамбетов Ж.Ә. Қазақ фольклоры. Жоғары оқу орнына жазылған оқулық. Алматы: «ССК» баспасы, 2017.-288 б.
4. Қасқабасов С.А. Ой өріс. Астана, 2009.-320 б.
5. Ыбраев Ш. Эпос әлемі. –Алматы,1993. –237б.
6. Әуезов М, Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа.–Алма-Ата,1939.- 97с.
7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым , Т.2-1998.-432б

УДК 37.015.4

Кусаинова Самал Қайратовна

«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және тілдік пәндер»
кафедрасының магистранты
Тұран-Астана университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
п.ғ.д., профессор Нағымжанова К.М.

КӨПТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ФОРМИРОВАНИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ЦЕНТРАХ ПОЛИЯЗЫЧИЯ

AMBIANCE OF THE FORMATION OF THE INTELLECTUAL POTENTIAL OF MULTILINGUAL EDUCATION

Аннотация. Бұл мақалада көптілділік білім беру орталықтарында интеллектуалдық әлеуетті қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: Полиязычие, интеллект, образование, педагогическая система, личностно-ориентированное обучение.

Аннотация. В данной статье рассматривается формирование интеллектуального потенциала в образовательных центрах полиязычия.

Ключевые слова: Көптілділік, интеллект, білім, педагогикалық жүйе, тұлғалық-бағдарлы оқыту.

Annotation. This article discusses the formation of intellectual potential in educational centers of multilingualism.

Keywords: Multilingualism, intelligence, education, pedagogical system, personality-oriented training.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді [1]. Осы орайда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек. Кез-

келген қоғамда азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеудің негізгі факторлары өз елінің тіліне деген құрмет болып табылады. Бала тілді неғұрлым ерте жастан үйренсе, соғұрлым ол оны жеңіл меңгереді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңартуға сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға және терең білім беруге, соның ішінде тілді үйрету мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылады. Білім беру саласына үш тілге үйретуді енгізу қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Коммуникация» білім беру саласында мектепке дейінгі ұйым оқытушы алдына қойылған міндет - тілдің негізгі құндылықтарын меңгерген, ана тілінде және өзге тілде әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасқа дайын, сөздік және сөздік емес құралдардың көмегімен қоршаған ортамен қатысым жасауға икемді көпмәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу [2]. Сонымен, әр білім беретін, балаларды тәрбиелейтін мекеменің басты міндеті - Қазақстан ның жаңа азаматын тәрбиелеу болуы тиіс. Қазақстан кеңістігіндегі үштілділік бұл өтпелі кезеңнің талабы болып отыр. Егер осы үштілділік тиімді жұмыс істесін, үштілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда үштілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған екі тіл сол мемлекеттік тілмен таласпай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет етуде құрал ретінде пайдаланылу керек. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлт аралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деген болатын.

Көптілділік – АҚШ, Ресей Федерациясы, Үндістан, Нигерия сияқты жүздеген ұлт пен ұлыс мекендейтін мемлекеттерге тән құбылыс. Көптілділік: жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді. Жаулап алу, халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді тарихи себептерден кейбір халық өкілдерінің жаппай көптілділігі қалыптасқан. Сондықтан да көптілділік көп ұлтты кеңістікте кең тараған. Мәселен, жаппай көптілділік Кавказдағы армян, аджар, осетин, құрд, грек, т.б. халықтар арасында, сондай-ақ, Дағыстан халықтары арасында жиі кездеседі.

Қазіргі Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан жағдай да осыған ұқсас. Мұндағы славян тектес халықтардың дені – негізінен бір тілде ғана сөйлейтіндер, қазақтардың көпшілігі екі тілде сөйлейді. Ал ұйғыр, өзбек, дүнген, құрд, түрік, Әзірбайжан, тәжік, татар, т.б. ұлт өкілдері арасында Көптілділік кең тараған. Неміс, корей, шешен ұлттарында да Көптілділік едәуір жиі ұшырасады. Кейінгі кезде шет тілін үйренуге ден қойыла бастағандықтан, қазақтар арасында да Көптілділік көбейіп келеді. Бүтіндей ұлт пен ұлыстың Көптілділікгі – социолингвистердің зерттеу нысаны боларлық күрделі құбылыс. Жаппай Көптілділік жағдайында коммуникативтік формалар (диалектілер, говорлар, әр алуан жаргондар, жеке тілдер) өте күрделі қолдану иерархиясын құрайды. Мысалы, 1) тар локалды шағын топ арасындағы қатынас (үй-ішілік тіл); 2) топаралық тұрмыспен байланысты локалды қатынас құралы (мыс., Азия мен Африканың көп ұлтты елдеріндегі “базар” тілі); 3) билік жүргізетін әкімш. (немесе ұлт) тілі; 4) көп ұлтты аймақтың ресми тілі; 5) мемл. тіл (немесе халықар. байланыс тілі). Егер бастапқы екеуі ресми қатынас құралы болмай, тек ауызекі сөйлесу тіліне жатса, соңғы үшеуінің атқарар қызметі жан-жақты.

Олар – жалпы халыққа ортақ қарым-қатынас құралы, білім мен ғылымның, ақпарат пен баспасөздің, әдебиет пен мәдениеттің тілі. Көптілділік билингвизмнен (қостілділіктен) бастау алады. Көптілділік сирек кездеседі. 1989 ж. мәлімет бойынша, бұрынғы Кеңестер Одағындағы 73 млн. қос тілділердің (23,4%), 61 млн-ының екінші тілі орыс тілі болған. Олардың шағын ғана тобы Көптілділікке (полиглотқа) жатқан. Көптілділік үшін тілдің қолдану мәртебесінің жан-жақты болуы, қажеттіліктің қалыптасуы, сондай-ақ тілдердің туыстығы (генетик. және типол. жақындығы) шешуші рөл атқарады.[1]

Үштұғырлы тіл – дамыған мемлекет құрудың алғышарттарының бірі, ол өмірлік қажеттілік- тен туындаған игілікті идея екені белгілі. «Тілдердің үштұғырлығы», дәлірек айтқанда, үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей

меңгеруін меңзегенімен, бұ- ның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу, қазақ тілін әлемдік тілдер қатарына қосу үшін нақты ұмтылыс жасау. Қандай мемлекет болмасын, оның ең әуелі мән беріп, ұлықтайтын тілі, әрине мемлекеттік тіл. Елбасының «Біз бүкіл қазақстандықтардың басын біріктіретін басты фактор - мемлекеттік тіл - қазақтардың туған тілін дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек»-деуінің өзі әрбір саналы азаматтарға көп жайды аңғартса керек. Қазіргі жастар еліміздің болашағы қазақ ұлтымен, оның мемлекеттік тілімен тікелей байланысты екенін жақсы түсінеді және сонымен қатар әлемдік үдерістің талабына сай көп тілді меңгерудің де өмір талабы екенін жақсы біледі. Үш тұғырлы тіл мәдениетін қалыптастыру үшін басқа шетел тілдері ішінен не себепті ағыл- шын тілі таңдап алынды? Өйткені, жаңа әлемдік мәдени өмірде ағылшын тілі ең кең тараған дүниежүзілік қатынас құралына айналып отыр. Көптеген қазіргі заманғы тіл мамандарының пікірінше, ағылшын тілі мәдениетаралық қатынас құралы болу сияқты жалпы қоғамдық қызмет атқарумен бірге төмендегідей қосымша міндеттер атқарады екен: біріншіден, ол білімдерді бір тілден екіншісіне аударып тарату қызметін атқарады; екіншіден, халықаралық коммуникация мен ақпарат құралдары қызметін атқарады; үшіншіден, кісі арасында бүкіл әлемдік ой-пікірлер алмасу түрі және төртіншіден аса мол ақпараттарды сақтау құралы қызметін атқару тілі болып табылады. Үш тұғырлы тіл мәдениетін қалыптастыру мемлекеттік қазақ тілін қалыптастыру ісін жүзеге асыруды қиындатады, керек десе, оған зиянын тигізеді деген сияқты пікірлерді айтып жүргендер де жоқ емес. Рас, бұл оп-оңай жүзеге асыратын іс емес, қиын мәселе екені анық. Бірақ қиындық сиз даму жоқ. Қысқасы, үш тұғырлы тіл мәдениетін қалыптастыру әрбір қазақ үшін бүгінгі өмір талабына айналды деуге болады. Елбасының «Қазақстан-2030» стратегиялық Жолдауында: Жастарды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін бірдей жақсы меңгеретін болады. Олар осы арқылы және өзінің бейбіт әрі қарқынды дамыған елінің патриоты болады деген болатын. Ал әлемдік дамудың талабына сай бәсекеге қабілетті ұлт боламыз десек, оның қатаң талаптарына да күш салуымыз керек. Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Қазіргі заманның талабы - көптілділік. Адам баласының рухани байлығы, тәрбиесі, білімі бәрі де тіл арқылы жетіледі. Яғни, жақсылық та -тілден, жамандық та- тілден. «Тілменнен түйілген, тіспенен шешілмес.» демекші, әр адамның сөздік қоры бай болуы үшін тілін, ой өрісін жан- жақты дамытуы керек. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» демекші, жас ұрпаққа саналы, - мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Ең бастысы сол талапқа сай ұстаздар даярлау көтеріңкі оқу орындарына тікелей байланысты. Қазіргі уақытта Қазақстан білімінің жақсы қарқынмен дамуына үкімет тарапынан көп қаржы бөлініп отыр. Көптілділік мәселесі- тек Қазақстан үшін ғана емес, әлем алдында тұрған шешімін таппай тұрған мәселелердің бірі. Көптілді оқыту- бүгінгі жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің түрлі ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең ба- сты қажеттілік. Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге икемді тұлға. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Алайда, бізде қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену, сондай-ақ осы тілде сабақ беруде көптеген кемшіліктер бар. Оның салдарын өз іс- тәжірибемізде барлығымыз сезініп отырмыз. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы оқу-әдісте- мелік құралдар және оқулықтардың маңызы зор. Себебі, осы саладағы ағылшын тілін оқыту жұмысы әлемдік талапқа сай емес. Осыған байланысты келешекте осы мәселені шешу үшін нақты іс-шаралар өткізілуі керек. Тек ағылшын тілі емес қазақ тілі оқулықтарында да олқылықтар кез десіп тұрады. Сондықтан, жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша

халықаралық стандарт көрсеткішінде тиімді іс-әрекетке икемді болуы, кәсіби көрсеткішінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі көтеріңкі, үш тілді: мемлекеттік тілді-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуымыз тиіс. Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжіри- бесін жинақтап, әлемдік көрсеткішге көтерілуіміз керек. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой- пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. «Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі». Бір сөйлем, ал, бірақ қандай мағына. Шыныменде тіл деген ұлттың сүйенетін тамыры. Әр адам өзінің ана тілі арқылы тарихын, салт – дәстүрін, әдет – ғұрыптарын біле алады. Ана тілі арқылы адам өзінің рухани өмірін жақсарта алады. Біздің қазақ тіліміз өте бай тіл. Ерте заманда видеокамера деген заттар болмаған, бірақ біздің ата – бабаларымыз өздерінің сөз шеберлігімен бізге өз шығармалары арқылы жеткізді. Басқа тілдерде бір мағынаны бір сөзбен жеткізе алса, бізде бір мағынаны бірнеше сөзбен жеткізе аламыз. Кейбір сөздеріміз тіпті ерекше, мысалға алсақ «Айналайын» деген сөзді алсақ, біз оны басқа тілге аударма алмаймыз. Бос айтпайды ғой «Тіл өлген ел – тірі өлген ел». Сондықтан біз өз ана тілімізді қадырлеп, құрметтеп, сақтап қалу керекпіз. Кезінде Абай Құнанбаев «Біз орыс тілі арқылы дүниені танимыз» деп айтып кеткен. Біздің тарихымыз орыс тілімен жанасып тұр. Бұл жағдайды жоққа шығара алмаймыз. Шынымен де, біздің көп ұлт зиялыларымыз білімді орыс тілінде алды. Сол заманда олар көп жаңалықтарды осы тіл арқылы біліп отырды. Сосын барып оны халыққа ана тілінде жеткізіп отырды. Қазіргі таңда орыс тілінің рөлі қазақ тіліндей дерлік. Сондықтан біз оны құрметтеу керекпіз. ХХІ ғасыр - мағлұматтар ғасыры. Қазіргі таңда күн сайын мыңдаған жаңа мағлұматтар шығып жатыр. Олар көбінесе ағылшын тілінде шығарылады. Сондықтан бізге қазіргі таңда ағыл- шын тілін білу қажет. Негізінде, менің ойымша, өзін сыйлайтын адам ағылшын тілін білу керек. Жұрттың алдында болу үшін біз өз білімімізді толықтыру қажетпіз, ал жаңа ғылыми жаңалықтар көбінесе АҚШ-та немесе басқа шет елдерде ашылып жатады. Олар бүкілі тағы да айтамын, ағыл- шын тілінде әлемге жарияланады. Қазақ халқымыз бос айтпаған ғой «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілің – тірлік үшін»

Сондықтан қоғамның қазіргі даму жағдайында білім беру жүйесіне, маман дайындау сапасына және көбінесе көтеріңкі оқу орнында іргетасы қаланатын кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу көрсеткішіне көтеріңкі талаптар қойылады. Осыған байланысты оқытушының кәсіби көрсеткішін арттыру өзекті мәселе болып табылады. оқытушы енді тек білім беруші ғана емес, ол өз шәкірттерінің әлеуметтік-тұлғалық саладағы жетістіктеріне де әсері болады. Ол үшін оқытушының өзі кәсіби іс-әрекетте де, әлеуметтік өмірде де табысты, бәсекеге икемді, зиялы тұлға болуы қажет. Бұл жағдай осынау өзгермелі заманда өзінің өмірлік және кәсіби траекториясын таба алатын; үзік, сыңаржақ білуден терең білімге көтеріле алатын; өзінің интеллектуал және адами жақтарын дамытып, таныта алатын оқытушыты дайындауды керек етеді.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру – бәсекеге икемді қоғам құрудың негізі. Бүгінгі күні көптілді білім беру – заман талабы. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады [3]. Еліміздің әлемнің дамыған мемлекеттер қатарынан орын алу үшін бәсекеге икемді, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге икемді азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге икемділігіне өз үлесін қоса алады. Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, ой-өрісі, дүниетанымы дамыған, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады. Біздің тәжірибемізге сәйкес келетін нұсқалар төмендегіше болды:

- көптілді білім беру- бұл мектепте оқу пәндерінде екі немесе одан да көп тілдерде аударма сыз оқыту;

- билингвалды білім беру – оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада:

- бүгінгі қазақстандық қоғамда көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы; - ұлттық мектеп бітірушілерін жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі;

- болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеу- дің өзекті мәселеге айналуы;

- аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпы қазақстан- дық экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау;

- мектеп бітірушілерінің коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының жеткілікті көрсеткішіне қол жеткізу;

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсат анықталды. Ол – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары көрсеткішінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, ру хани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Сабақтан тыс шараларда, факультативтерде, үйірмелерде үш тілді бірдей қолдану, іс-қағаздардың үш тілде жүр-гізілуі тілді білуді әрі қолдануды қажет етеді. Бұл шаралар тілдердің қолданысы мен дамуына жағдай жасайды және осы жұмыстарды еліміздің барлық мектептеріне енгізу – үштілділік бағдар- ламасын іске асырудың жолы болмақ. Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды.

Сондықтан тұлғаны көптілдік білім беру ортасында интеллектісінің ерекшеліктерін зерттеу мен оны дамыту мәселесіндегі кейбір даулы, кейбір шешілмеген тұстарына байланысты одан да тереңірек, жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Мысалы, осы уақытқа дейін көптілдік білім беру ортасында интеллектуалдық әлеуеті ұғымының жалпыланған бір мәнді анықтамасы жоқ. Сол секілді көптілдік білім беру ортасында интеллектуалдық әлеуетті бір мәнді түсіндіретін тұжырымдамада жасалмаған. көптілдік білім беру ортасында интеллектуалдық әлеуеттің табиғаты, сипаты, оны дамытудың заңдылықтары, шарттары мәселе болып табылады. Педагогикалық іс-әрекет субъектілерінің көптілдік білім беру ортасында көптілдік білім беру ортасында интеллектінің дамуындағы ерекшеліктерді ғылымның негізінде қарастырған зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Gardner H. Frames of mind: the theory of multiple intelligens. –Heinemann, 1983. – 294 p.
- 2 Вертгеймер М. Психология продуктивного мышления. – М.,1987. – 335с.
- 3 Айзенк Г.Ю. Интеллект: новый взгляд // Вопросы психологии. – 1995. – №1. – С. 111-131.
- 4 Wechler D. The measurement of adult intelligence. Baltimore: williams& wilkins, 1944.-258 p.

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ
СТИХИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

ПРОЯВЛЕНИЕ СТИХИИ ПРИРОДЫ В КАЗАХСКОМ
МИФОЛОГИЧЕСКОМ ФОЛЬКЛОРЕ

MANIFESTATION OF THE ELEMENTS OF NATURE IN KAZAKH
MYTHOLOGICAL FOLKLORE

Аннотация. Мақалада қазақ мифологиялық фольклорындағы табиғат стихиясының көрінісі туралы сипатталған. Табиғат стихияларының философиясы мен поэтикасы, ондай-ақ мифологияның фольклордың ауқымды бір саласы екені қарастырылды.

Түйінді сөздер: қазақ мифологиясы, фольклор, табиғат стихиясы, мифтік сарындар, аңыздар.

Аннотация. В статье описывается проявление стихии природы в казахском мифологическом фольклоре. Рассматривались философия и поэтика стихий природы, а также мифология как одна из самых масштабных сфер фольклора.

Ключевые слова: казахская мифология, фольклор, стихия природы, мифические мотивы, легенды.

Annotation. The article describes the manifestation of the elements of nature in Kazakh mythological folklore. The philosophy and poetics of the elements of nature were considered, as well as mythology as one of the largest spheres of folklore.

Keywords: Kazakh mythology, folklore, the element of nature, mythical motifs, legends.

Қазақ фольклортану мен әдебиеттану ғылымдарында көркем фольклор мен әдебиеттің тарихы да, теориялық проблемалары да соңғы жылдардың ішінде айтарлықтай зерттелмегені белгілі.

Мұнда зерттеу объектісі болып отырған қазақ мифологиялық фольклорындағы табиғат стихиясы. «Қазірге бізге келіп жеткен мифтер мен мифтік аңыздар сол бір асыптасып жатқан мол мұраның бір бөлшегі ғана, жиналмай қалғаны бар, ұмытылғаны бар, өзге жанрларға ауысқаны бар, әйтеуір миф заманына тән классикалық үлгілердің көбі біздің дәуіріміздегі ауызша ұласа алған жоқ» [1, 22-23]. Қазақ мифі ежелгі классикалық мифтер түріне жақын. Мифтің поэтикасын зерттеген ғалым Е.М.Мелетинский ежелгі классикалық мифтердің мынадай белгілерін көрсетеді: «Қандай да болмасын заттың мәнін оның пайда болуымен байланыстыру, яғни заттың жаратылысын түсіндіру деген сөз – оның қалай пайда болғанын әңгімелеу, айналаны қоршаған дүниені сипаттау деген сөз – сол дүниенің пайда болу тарихын баяндау» [2, 230].

Аспандағы Ай мен Күнді сұлу, егіз қыз, апалы-сіңлілі қыздар, қыз бен жігіт бейнесінде баяндайтын мифтердің маңыздылығы сонша, Күн (солярлық мифтер), Ай (лунарлық мифтер), Жұлдыз (астралдық мифтер) туралы мифтердің жеке-жеке түрлері ретінде арнайы ғылыми атаулар қалыптасқан. Соған сәйкес бұлар туралы қым-қиғаш теориялық тұжырымдар да жетерлік.

Бұл тақырыптардағы мифтердің басты өзгешелігі және көнелік сипаты – аспан денелерінің бір кезде адам болғандығы және олардың белгілі бір себептермен кейде

себепсіз Айға, Күнге, Жұлдыздарға айналып кеткендігі. Кейбір мифтерде олар әлі күнге дейін адам ретінде түсіндіріледі. «Қазақ мифтерінде не себептен аспан денелеріне айналғандығы айтылмайды, бірақ олардың бір кезде адам болғандығы, ал бұрынғы бір мифтерде олар әлі сол адамдардың іс-әрекетін қайталап жүргендері тайға таңба басқандай анық бейнеленеді. Мысалға алып қарайтын болсақ, Жетіқарақшыжұлдыздары Арқан жұлдыздары арқылы темірқазыққа арқандалған Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздарын ұрлап алу үшін әр күн сайын оларды алыстан аңдып, торуылдап жүргенге ұқсайды. Енді ұрламақ болғанда, таң атып кетіп, күндіз ұрылар жасырылып үлгереді. Солтүстік полюс бағытына жақын орналасқан Темірқазық жұлдыздары әрқашан бір орында тұрады да, қалған жұлдыздар жердің өз осін айналуына байланыстыүнемі қозғалыста жүреді. Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздары Темірқазықты жақындау жерден, ал жетіқарақшы алысырақтан айналады. Жұлдыздардың мұндай қозғалысына қарап әлгіндей миф тудырған ата-бабамыз оларды адамдар ретінде түсінген» [3, 56].

С.Сейфуллиннің айтуынша, «адам ол заманда түрлі хайуанаттар туралы, жаратылыстың түрлі заттары, құбылыстары туралы әңгіме қылғанда, өздерінің түсінулеріне нанып әңгіме қылған. Және оларды неше түрлі «керемет», «сиқыр» істеуге, неше түрлі құбылтуға қолдарынан келеді деп сенген. Олардың бірін әңгіме қылған өзінің қиялын шын тәрізді қылып айтатын. Сонымен бұрынғылар шын деген әңгімелер соңғыларға ертек болып қала берген.

Дегенмен, бұрын қазақтар өздері айтатын мифтер мен аңыздарға сенген. Қазақтың мифтері өзінің барлық компоненті жағынан жоғарыда белгілерін сипаттаған көне классикалық мифпен жақын. Онда көне замандағы мифке тән мифтік сана, уақыт, мифологиялық ұғымдардың іздері айқын көрінеді. Қазақ мифінен мифтік сананың дамуындағы адам мен табиғатты қарсы қоюдың, аң мен құстардың мінез-құлқын түсіндіріп әңгімелеудің де көріністерін табуға болады.

«Дүние жүзінің осы күнгі көрінісі – жер беті, аспан шырақтары, аңдар мен құстардың, өсімдіктердің түрлері, адамдардың өмір салты, діни қағидалары, яғни өмірдегі барлық нәрсенің қазіргі күй-жайы – миф бойынша атам заманда болған оқиғалар мен тіршілік ететін ертедегі мифтік адамдардың іс-әрекетінің нәтижесі. Мифтегі оқиғалардың болған шағы – мифтік дәуір» [4, 51].

Салыстырмалы зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, ең қарапайым, әрі ең көне мифтердің қатарына аспан денелері – Күн, Ай, Жұлдыздар мен планеталар туралы айтылатын мифтер жатады екен. Бұлардың әлем жұртшылығына кең тарағаны және миф атаулының ішінде алатын орнының мән-мазмұнына олар бір кезде адам болды деген түсінікті анықтап көрсетеді. Күн сәулесінің өткірлігін, оның мінезінің тік өжеттілігіне, Ай сәулесінің әлсіздігіне оның жұмсақ мінезіне байланысты түсіндіруінің өзі де оның адам кейпінде айтылғандығын дәлелдейді.

Жалпы дүниенің, оның ішінде адам мен жердің жаратылысы туралы айтылатын мифтер мифтік сананың келесі бір даму сатысы болып табылады. Мәдени даму шеттеп қалған халықтарда дүниенің жаратылысы туралы мифтер кең тарамаған, тіпті кездеспейді деп айтуға болады. Космогониялық мифтер деп аталатын мұндай әңгімелердің түп-тамыры бізді қоршаған дүние қашан, қалай жаратылды, жаратқан кім деген күрделі сауалдарға жауап іздеумен байланысты.

Қазақ мифтерінің арасында аспан мен жердің, күн мен айдың, жұлдыздар мен планеталардың қалай пайда болғандығы, оларды кімдер жаратқандығы туралы мифтер аз сақталған. Оның себебін әрине діннің ықпалынан деп айтуымызға болады. Тағы бір себебі – қазақ мифтері күні бүгінге дейін ұқыпты түрде жиналмай ұмыт қалғандығынан.

Қазақ мифтерінің тағы бір ең байырғы түрлерінің бірі жан-жануарлардың, өсімдіктердің қалай пайда болғандығы туралы айтылатын түрлері. Бұлардың дені адамдарға қатысты. Әсіресе бір кездегі адамдардың жан-жануарларға, жәндіктерге, құстарға немесе керісінше олардың адамдарға айналуы жайындағы мифтер. «Мифтер де өзінің байырғылығымен ғана емес, құрылымдық жүйесінің біртектестігімен ерекшеленеді. Адам мен жануар, адам мен табиғат құбылыстарының жалпы жанды мен

жансыздардың арасында айтарлықтай шек қойылмайтын есте жоқ ескі бір ой-сананың нәтижесінде пайда болған бұл ұғымдардың астарында адамның өзін де, өзгені де жыға тани алмайтын кезеңі тұр. Мұндай ойлаудың айшықты бір көрініс адамдардың алғашқы ата-бабаларын жан-жануарлардан тарататын тотемдік түсінігімен байланысты. Ертедегі мифтік ұғымдардың осындай бір мысалын қазақтың «Ақ қасқыр» ертегісінен аңғаруымызға болады. Бұл ертедегі адам мен қасқырдың үйленуі, қасқырдың адамға айналып артынан шарт бұзылған соң қайтадан қасқырға айналуы, жалпы қасқырлар елін адамдардың қоғамымен бірдей дәрежеде түсінуі сияқты мифтік ұғымдар негіз болып алынған. Мүмкін бұл бұрынғы замандарда ертегі емес, миф түрінде тұтас айтылған болуы да мүмкін. Байырғы түріктердің қасиетті тотемі қасқыр болғаны баршаға аян ғой» [5, 27].

Жалпы фольклордың өзін Табиғат стихиясының философия тән табиғаты бар. Оның ішінде таңғажайып ертегі мифінің өз заңы, өз тәсілдері бар. Таңғажайып мифтік ертегінің тағы бір басты ерекшелігі – өмір үнемі қозғалыста көрінеді. Бір орында тұрған зат болмайды. Аспан денелері, жер иесі, жел иесі, жан-жануар мен хайуанаттар, адамдардың аңға айналуы, т.б. бір нүктеден шығып екінші бағытқа бет алып бара жатады. Аң адамға, адам аңға кездеседі. Олардың арасындағы жақсылық пен жамандық үшін күрес бір сәтке де тоқталмайды. Өте ерте дәуірде пайда болған мифтерде адамдардың сұлуы, құстың әдемісі, сән-салтанаттың сарайы – бұлар көбіне перілер елінде деп бейнеленеді. Халықтың неше түрлі таңғажайып мифтік аңыздарды шығару себебі – бір жағы діни нанымдарға байланысты болса, екіншіден, өзіне жұмбақ, жауабын іздеген заңдылықтарға байланысты жұмбақтап сипат берген.

«Мысалы екі табанының астында тұрған дөңгелек жердің арғы жағында не бар, ол недей затқа сүйеніп тұр? Міне, осы сұрақтың төңірегіндегі жерді ұстап тұрған көк өгіз, мамонт, тасбақа сияқты мифтік сюжеттерді ойлап тапқан. Көптеген халықтардың мифтік ертегілерінде айтылатын осындай беймәлім үлкен жәндіктерді әдетте батырлар өлтіреді, олардың денесінен – жер, сүйегінен – тау, қанынан – өзен, көзінен – күн мен ай, тісінен жартастар жаралған деп дәлелдейді. Бұлар өте ерте дәуірдің сенім-нанымдары болып қалыптасқан. Олар табиғаттағы әрбір заттың екі сипаты бар деп қараған: ай мен күн, аспан мен жер, құрғақшылық пен су, құс пен бауырымен жорғалаушы аңдар, ақ пенен қара. Мұндай көне дәуірдегі логикалық жіктеу, жер үсті және жер асты, онда мекендейтін адамдар мен перілер деп екіге бөлген» [5, 355].

Қазақ халық әдебиетіндегі халықтық миф сюжеттерінде күн мен түннің, суық пен жылылықтың, қараңғылық пен жарықтың алма-кезек ауысуы құбылыстарын түсіндіргенде, жарық қараңғылықпен күреседі, түннен періде түріп күн шығады, жылылық суықтықты ерітеді, жаз қысты жеңеді деп айтылған. Дүние осындай алма-кезек қозғалыста көрінеді.

Өте алыс дәуірде шыққан халықтың миф ертегілерінде алыстағы отқа, жылтыраған сәулеге, жалт-жұлт еткен асыл тастарға адамзат ылғи іңкәр болып суреттеледі. Оның басты себебі бар: қазақтардың көшпелі дәуірінде қараңғылықтан гөрі жарықты бағалаған, түнде қараңғы болып тұрғанда адамның, малдың өміріне көптеген қауіп-қатер төнген. Сондықтан қиял тудырған миф ертегілерінде қараңғылық суреттелсе, міндетті түрде түн жамылған ұрыны, жартасқа жасырынып жатқан аңдарды, салт аттыға бұғау тастаған қарақшыны көз алдына елестеткен. Қараңғылыққа қарама-қарсысы жаратылыстағы ең жарық заттар ай мен күнді суреттеген.

Тіршілік-тынысы табиғат аясында өтетін, ғұмыры даламен тығыз байланысты қазақ халқының табиғаттың жіті зерттеушісі де бола білгендігін осыдан-ақ байқауға болады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде ешнәрсе дерексіз айтылмайды, не жайлы айтса да арғы астарын өмірмен әкеліп байланыстыратынын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеукунов Ш. Мифология казахов. Простор, 1983, №1
2. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. - Москва, 1983. – С. 265

3. Стеблин-каменский М.И. Миф. – Москва, 1995. – С.345
4. Мыңжанұлы Н. Қазақтың мифтік аңыздар. - Үрімжі, 1996. – 288 б.
5. Ыбыраев Ш. Қазақ ауыз әдебиетіндегі мифтік сарындар. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 356 б.

УДК 465

Аманжолқызы Айдана
«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және
тілдік пәндер» кафедрасының магистранты
Тұран-Астана университеті
Нұрсұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
п.ғ.д., профессор Нағымжанова Қ. М.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ (8-СЫНЫП)

ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНИКОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА (8 КЛАСС)

EFFECTIVE WAYS TO USE E-TEXTBOOKS KAZAKH LANGUAGE (GRADE 8)

Аннотация. Мақала электронды оқулықтарды қолдану арқылы мектептің оқу-тәрбие процесін ақпараттандыру мәселелеріне арналған. Электрондық оқулық оқытудың заманауи құралы бола отырып, оқытудың сапасы мен тиімділігін, олардың уәждемесін айтарлықтай арттырады және оқытушының қызметін оңтайландырады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, электронды оқулық, ақпараттық технология, педагогика, оқушы, оқытушы, әдіс-тәсіл.

Аннотация. Статья посвящена вопросам информатизации учебно-воспитательного процесса школы с использованием электронных учебников. Электронный учебник, являясь современным инструментом обучения, значительно повышает качество и эффективность обучения, их мотивацию и оптимизирует деятельность преподавателя.

Ключевые слова: казахский язык, электронный учебник, информационные технологии, педагогика, ученик, преподаватель, метод.

Abstract. The article is devoted to the issues of informatization of the educational process of the school with the use of electronic textbooks. An electronic textbook, being a modern teaching tool, significantly improves the quality and effectiveness of teaching, their motivation and optimizes the teacher's activity.

Keywords: kazakh language, electronic textbook, information technology, pedagogy, student, teacher, method.

Мақала электронды оқулықтарды қолдану арқылы мектептің дәлірек айтсақ 8-сыныптың оқу-тәрбие процесін ақпараттандыру мәселелеріне арналған. Электрондық оқулық оқытудың заманауи құралы бола отырып, оқытудың сапасы мен тиімділігін, оқушылардың уәждемесін айтарлықтай қалыпқа келтіріп, оқытушының қызметін оңтайландырады. Мақаламыз қазақ тілі пәндерінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың артықшылықтарын ашады.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру процесінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру болғандықтан, білім беру саласын оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеу және оны оңтайлы пайдалану әдіснамасы жаңа заман шәкірттері үшін қажетті болады. Бұл процесс мектеп оқытушысын келесі міндетті шарттарды орындауға шақырады [1]:

- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында білім алушының жеке басын дамыту міндеттеріне сәйкес келетін оқыту, тәрбиелеудің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық нысандарын іріктеудің әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіру;
- қазақ тілінде білім алушының зияткерлік әлеуетін дамытуға, өз бетінше білім алу, ақпаратты өңдеу бойынша ақпараттық – оқу, эксперименттік – зерттеу, дербес қызметті жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйелерін құру;
- білім алушылардың білім деңгейін бақылау мен бағалаудың компьютерлік тестілеу, диагностикалық әдістемелерін жасау және пайдалану.

Қазіргі уақытта білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагогикалық ғылымның парадигмасы өзгеріп, білім берудің құрылымы мен мазмұны өзгеріп отырғанына күмән жоқ. Негізінен ақпаратты ұжымдық қабылдауға бағытталған білімді игерудің және ақпаратпен жұмыс істеудің белсенді, тәуелсіз формаларына негізделген оқытудың жаңа әдістері дәстүрлі оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылатын демонстрациялық және иллюстрациялық-түсіндірме әдістердің орнын басады [2].

Қазақ тіліндегі оқу процесінің қарқынды үдету, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында электрондық оқулықтарды пайдалану міндеті де маңызды. Электрондық оқулық компьютерлік оқыту жүйелерінің нысандарының бірі бола отырып, мүмкіндіктерге байланысты әр түрлі типтерге жатқызылуы мүмкін. Қазіргі уақытта электронды оқулық автоматтандырылған оқыту жүйелерімен қатар қойылғаны белгілі, одан әрі түрлі әдіс-тәсілдермен дами түсері анық.

Қазақ тіліндегі электронды оқулықтардың бірегей мүмкіндіктерін сипаттау ерекше назар аударуға тұрарлық, оларды пайдалану білім, ғылым тарихында бұрын-соңды болмаған білім беру процесін күшейту үшін пайда болғаны анық, ол үшін мынадай алғышарттар жасалды [3]:

- жедел кері байланыс;
- нақты және «виртуалды» процестердің, құбылыстардың объектілері немесе заңдылықтары туралы оқу ақпаратын компьютерлік визуализациялау;
- ақпараттың жеткілікті үлкен көлемін оңтайлы беру мүмкіндігімен, сондай-ақ пайдаланушының кез келген ақпарат пен мұрағаттық сақтау айналымына оңай қол жеткізуімен;
- қазақ тіліндегі ақпараттық - іздестіру қызметінің процестерін, сондай-ақ фрагментті немесе эксперименттің өзін бірнеше рет қайталауға мүмкіндік берілуімен;
- ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету, оқу қызметін ұйымдастырушылық басқару және игеру нәтижелерін бақылау процестерін автоматтандыру.
- Қазақ тіліндегі электрондық оқулықтардың мүмкіндіктері білім алушының жеке басының дамуына, жаңа формациядағы мамандарды сапалы даярлауға айтарлықтай әсер етеді, адамды ақпараттық қоғам жағдайында жайлы өмір сүру дағдыларымен қаруландырады және қамтамасыз етеді, әсіресе:
- қазақша ойлауды дамыту, (мысалы, интуитивті, шығармашылық, теориялық бағыттарда);
- эстетикалық тәрбие (мысалы, компьютерлік графика, мультимедиялық технология мүмкіндіктерін пайдалану арқылы);
- коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- аз уақытта оңтайлы шешім қабылдау немесе қиын жағдайда шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастыру.
- эксперименттік-зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларын дамыту;
- қазақ тіліндегі ақпараттық құзыреттілік пен ақпараттық мәдениетті қалыптастыру.

Зерттеуімізде атап көрсеткеніміздей, қазақ тілді аудиторияны электронды оқулықтардың функционалдық сипаттамалары бай және алуан түрлі. Олар оқыту процесін

жетілдіретін, оның тиімділігі мен маңыздылығын арттыратын оқыту құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар:

- қоршаған шындықты білу және өзін-өзі тану құралы;
- оқушының жеке басын дамыту құралы;
- зерттеу объектісі;
- қазақ тілінде ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету құралдары;
- озық педагогикалық технологияларды тарату мақсатында коммуникация құралдары;
- бақылау процестерін автоматтандыру, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін түзету, компьютерлік педагогикалық тестілеу және қазақ тіліндегі ақпарат құралдарын тарату;
- оқушылардың өзіндік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және зияткерлік бос уақытын ұйымдастыру құралы.

Қазақ тіліндегі электрондық оқулық - ең алдымен, баспа басылымдарын толықтыратын, топтық, жеке немесе жеке оқытуға қызмет ететін және білім алушылардың алған білімдері мен дағдыларын бақылауға мүмкіндік беретін жаңа ақпаратты ұсынуға арналған компьютерлік, педагогикалық бағдарламалық құрал.

Электрондық оқулық жаңа типтегі оқу құралы ретінде ашық жүйе болуы мүмкін, яғни оқулықтың мазмұны мен құрылымына өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін жүйе. Бұл ретте, әрине, оқулықты рұқсатсыз өзгертуден, біріншіден, "авторлық және сабақтас құқықтар туралы" заң бұзылмайтындай, ал электрондық оқулықты рұқсатсыз өзгертуден қорғау үшін пароль жүйесі қолданылуы тиіс шектеу болуы тиіс. Екіншіден, егер мұндай мүмкіндік қарастырылған болса, электронды оқулықтың жалпы құрылымы мен мазмұны бұзылмауы үшін тек тәжірибелі оқытушыға рұқсат етілуі керек.

Қазақ тіліндегі электронды оқулықтың кейбір міндетті элементтерін қарастырсақ:

Қазақ тіліндегі электрондық оқулықта мәтінді экраннан ұзақ оқу айтарлықтай шаршауға және соның салдарынан білімді қабылдау мен игерудің төмендеуіне әкелетіндігіне байланысты тек минималды мәтіндік ақпарат болуы керек. Мұндай оқулықтарда көптеген иллюстрациялық материалдар болуы керек.

Бейне фрагменттерді пайдалану динамикалы процестер мен құбылыстарды жеткізуге мүмкіндік береді. Файлдардың үлкен көлеміне қарамастан, оларды қолданған жөн, өйткені оқушылардың қабылдауы мен қызығушылығы артады, нәтижесінде білім сапасы жақсарады.

Дәстүрлі оқытуда жаңа материалды қазақ тілінде ұсынған кезде ауызша құралдардың басым болуы шарт. Осыған байланысты электронды оқулықта аудио фрагменттерді қолдану оны ақпаратты ұсынудың әдеттегі әдістерін ғана пайдаланбай, жаңа материалды қабылдауды жақсартуға мүмкіндік береді, сонымен бірге мидың көру ғана емес, есту орталықтарын да белсендіреді. Статистикалық мәліметтері бойынша, аудио қабылдауда ақпараттың тек 12%-ы, визуалды түрде шамамен 25%, ал аудиовизуалды ақпаратта қабылданған ақпараттың 65%-ы ғана игеріледі [4].

Қазақ тіліндегі электрондық оқулықта оқулық элементтері бойынша гиперсілтемелер мен басқа электрондық оқулықтар, анықтамалықтарға сілтемелер болуы оқушының кез келген жұмысы үшін өзінің тиімділігін көрсетеді.

Мәтіндік, графикалық және басқа материалдардың орналасуы ерекше дидактикалық мәнге ие. Жаңа ақпаратты қабылдау сапасы, жалпылау және талдау мүмкіндігі, есте сақтау жылдамдығы, оқу ақпаратын толық игеру көбінесе беттегі (компьютер экранындағы) ақпараттың орналасуына да, бірінен соң бірі жүретін беттердің реттілігіне де байланысты. Қазақ тіліндегі электрондық оқулық кез келген жерде бетбелгі жасауға, бетбелгілер тізімін көрсетуге, оларды кез келген ретпен сұрыптауға мүмкіндік беруі керек.

Қазақ тіліндегі электрондық оқулықта дәстүрлі, баспа түрінде жарияланған ұсынылған әдебиеттердің тізімі болуы керек. Жоғарыда айтылғандай, электронды оқулық 8-сыныптың нақты оқу жоспарына бейімделуі керек, сондықтан оқушыларға әдебиеттер

тізімінде кітапханадағы кітаптардың немесе басқа басылымдардың санын көрсетуге болады. Әдебиеттер тізімін журналдардағы, ғылыми конференциялар жинақтарындағы және т.б. мақалаларға сілтемелермен ғана емес, сонымен қатар оқу орнының серверлерінде немесе Интернет желісінде орналастырылған электрондық басылымдармен де толықтыруға болады. [5]

Әр мектептің сыныптарындағы оқу-тәрбие процесі - шығармашылық тәуелсіз орта деуімізге болады [6]. Осыған байланысты қазақ тіліндегі электронды оқулықты түрлі креативтіліктермен пайдалану қажеттілігі туындайды. Ең алдымен, оны 8-сыныпта оқытылатын пәннің ерекшелігін, материалдық-техникалық базаның мүмкіндіктерін, мұғалімнің жеке тәжірибесін, білімнің қазіргі жағдайын, білім алушылардың базалық дайындық деңгейін, пәнді оқуға бөлінген уақыт және т. б. ескеретін дүниелерді нақты оқу жоспарына енгізу қажет.

Мектепті қазақ тілді сыныптардағы сабақтарда электронды оқулықтарды белсенді қолданатыны белгілі. Оларды жалпы пәндер уақытысында педагогикалық бағдарламалық құрал ретінде қолданауға да болады. Қазақ тіліндегі егжей-тегжейлі мәтіндік ақпаратымен, әр тарау бойынша дыбыстық-анимациялық презентациялармен, егжей-тегжейлі оқу сынақтарымен, бақылау сынақтарымен, терминдер сөздігімен және әр сабақ туралы қысқаша ақпаратпен қамтамасыз етілген кітаптардың болашақ үшін де берері мол.

Айта кету керек, электронды оқулықтар баспа басылымдарын жолын қайталап қана қоймай, компьютерлік технологияның барлық заманауи жетістіктерін қолдануы арқылы ерекшеленеді. 8-сыныптың оқу-тәрбие процесінде қазақ тілінде электрондық оқулықтарды қолдану баспа басылымдарын жоққа шығармай, өзара толықтыра отырып, басқа оқыту жүйелерімен бір кешенде ұсынылады.

Қазақ тіліндегі электронды оқулықтарды әр түрлі тәсілдер арқылы 8-сыныпқа білім беру процесінде бірқатар маңызды артықшылықтарын атап өтсек:

- қазақ тіліндегі электрондық оқу құралдарының көп түрлерінің мүмкіндіктерін іске асыру есебінен оқыту процесінің тиімділігі мен сапасын арттады;
- оқу ақпаратын компьютерлік визуализациялау, ойын жағдайларын қосу, басқару мүмкіндігі, жұмыс режимін таңдау арқылы 8-сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін белсендіруге себеп болатын мотивтерді қамтамасыз ету;
- әр түрлі пәндік салалардың мәселелерін шешуде ақпаратты өңдеудің заманауи құралдарын, оның ішінде аудиовизуалды құралдарды қолдану арқылы қазақ тіліндегі пәнаралық байланыстарды тереңдету;
- оқыту процесін даралау және саралау;
- кері байланыспен, диагностикалаумен (оқушының қате әрекеттерінің себептерін анықтау және компьютер экранында тиісті түсініктемелер беру) және оқу қызметінің нәтижелерін бағалаумен бақылауды жүзеге асыру;
- оқушылар мен ұстаздардың өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі түзетуін жүзеге асыру;
- қазақ тілінде оқу материалын игеру және оқушылардың өзін-өзі даярлау процесінде жаттығуды жүзеге асыру;
- оқыған сабақ пен объектінің, процестің немесе оқу ақпаратын компьютерлік визуализациялау;
- қазақ тілінде оқу қызметінде қажетті ақпараттық деректер базасын құру және пайдалану және ақпарат желісіне қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- білім алушыны оқу материалын игеру стратегиясымен қаруландыру;
- ойлаудың теориялық және көрнекі – бейнелі түрлерін дамыту
- қиын жағдайда оңтайлы шешім немесе вариативті шешімдер қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- білім алушының және білім алушының оқу іс-әрекеті мәдениетін, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру т.б.

Қазақ тіліндегі электронды оқулықтар мен оқытудың осындай тиімділіктері мен артықшылықтарын 8-сынып оқушылары сабақтарында пайдаланып, оларды дұрыс әрі орынды қолдана білу арқылы білім беру жолында жетістіктерге жетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Халықова, К. Электрондық оқулық – оқыту тиімділігін арттыру құралы ретінде [Мәтін] / К. Халықова, Г. Қашағанова // Ұлт тағылымы. – Алматы. – 2007. – №1/(2).
2. Информатика және компьютерлік техника [Мәтін]: қазақ тілі терминдерінің сапалық ғылыми түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2002.
3. Халықова, Г. Электронды оқулықты дайындаудың талаптары [Мәтін] / Г. Халықова // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. – Шымкент. – 2004. – 469 б.
4. Бидайбеков, Е. Ы. Internet / Intranet технологии в образовании [Текст]: учеб. пос. / Е.Ы. Бидайбеков, С.Н. Конаева, Г.А. Абдулкаримова. – Алматы, 2006.
5. Буянов А.А. Оқушылардың оқу мотивациясының динамикасы // Жоғары білім бүгін, 2008, №3

УДК 37.013.2

Қали Меруерт Айтынқызы

«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және тілдік пәндер»

кафедрасының магистранты

Тұран-Астана университеті

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі:

п.ғ.д., профессор Нағымжанова К.М.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЕКТИСІН ДАМУ

РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

DEVELOPMENT OF EMOTIONAL INTELLIGENCE OF FUTURE TEACHERS

Аннотация. Мақалада эмоционалды интеллект және оны болашақ педагог-психологтарда қалыптастыру және дамыту жолдары зерттеледі.

Түйінді сөздер: эмоционалды интеллект, педагог-психологтар, инклюзивті білім, Өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік дағдылар, эмпатия, мотивация, эмоцияны басқару, өзін-өзі таныстыру тактикасы.

Аннотация. В статье исследуется эмоциональный интеллект и способы его формирования и развития у будущих педагогов-психологов.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, педагоги-психологи, инклюзивное образование, самопознание, саморегуляция, социальные навыки, эмпатия, мотивация, управление эмоциями, тактики само-презентации.

Annotation. The article examines emotional intelligence and the ways of its formation and development in future teachers-psychologists.

Keywords: emotional intelligence, educational psychologists, inclusive education, self-knowledge, self-regulation, social skills, empathy, motivation, emotion management, self-presentation tactics.

Студенттің эмоционалдық ортасының жетілуі болашақ маманның өмір сүру сапасы мен дайындығының басты факторларының бірі болып табылады. Бұл үрдістер қалыптастырған әлеуметтік мәдени және білім беру жағдайынан шығу педагогикалық кадрлардың жоғарғы деңгейлі кәсібилігін дамытуды талап етеді. Осыған орай, осы жағдайларға байланысты педагог туралы, оның қызметінің мәні мен мазмұны, қызметі және инновациялық білім беру тәжірибесіндегі қарқынды даму жағдайларындағы дамуы, субъектінің өз қызметінің мағынасын, құндылығын, аксиологиялық негіздерін іздеу және

табу туралы түсінік те өзгереді (Е.И. Артамонова, О.С. Газман, В.П. Зинченко, Н.Б. Крылова, В.А. Слостенин, В.И. Соколов және т.б.) [1].

Заманауи психологиялық-педагогикалық зерттеулерде педагог кәсіби еңбектің мәдени-тарихи сипаты жағынан өз қызметін жобалауға, іске асыруға және шығармашылықты түрлендіруге жауапты, еркін, және жауапты біртұтас субъект ретінде қарастырылады (О.С. Анисимов, А.А. Деркач, Е.И. Исаев, А.В. Мудрик, Ю.В. Сенько, В.Д. Шадриков және т.б.). Бірқатар зерттеулер адамның даму іргетасы ретінде қызмет субъектісінің кәсіби санасына, өзін сезінуіне, оның құндылықтарына, мағыналық түсініктеріне, рефлексиясын зерттеуге және сараптауға (О.П. Елисеев, Е.Н. Шиянов және т.б.), құндылықтық-мағыналық өзін анықтау үрдісімен мұғалімнің кәсіби ойлауының байланысына бағытталды (Е.В. Андриенко, Л.В. Блинов, Ю.В. Варданян, Ю.Н. Кулюткин, О.П. Морозова, Г.С. Сухобская, Б.Е. Фишман және т.б.).

Оқытушы қызметіндегі кәсіби деформацияларға, эмоционалдық күйінішке, фрустрацияларға және психологиялық кедергілерге арналған зерттеулер пайда болды (Г.Ф. Заремба, Э.Ф. Зеер, М.И. Кряхтунов, Н.А. Подымов, Э.Э. Сыманюк және т.б.).

Педагогикалық қызмет жағдайлардың, шарттардың, оқиғалар мен күйлердің тұрақты өзгерістері ішінде іске асады және педагог тек кәсіби бейімделгіштік және өзгере білуді ғана емес, эмоционалдық тұрақтылықтың да жоғарғы деңгейіне ие болуы тиіс. Сонымен бірге, педагогикалық қызметтің кәсібилігінің және тиімділігінің критерийі болып табылатын, педагогтың тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби маңызды қасиеттерінің бірі ретінде эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артып келе жатыр [2].

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге жүргізілген зерттеулер педагогикалық білім берудің теориясы мен әдістемесінде педагогтың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру мәселесін қарастырудың алғышарттары жасалып қойғандығын көрсетті (Л.М. Аболин, М.И. Дьяченко, П.Б. Зильберман, Е.П. Крупник, В.Л. Маришук, Е.А. Милерян, В.Э. Мильман, А.Е. Ольшанникова, С.М. Оя, В.М. Писаренко, Я. Рейковский, О.А. Сиротин, П. Фресс және т.б.). Педагог қызметінің тиімділігінің шарты ретінде кәсіби маңызды қасиеттерге (Е.А. Леванова, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, А.И. Щербаков және т.б.) және кәсіби қызмет тиімділігінің оның субъектісінің тұлғалық ерекшеліктерімен байланысына көңіл бөлетін зерттеулерді ерекше бір бағытқа жатқызуға болады (Л.И. Анцыфирова, Е.А. Климов, Г.С. Никифоров, К.К. Платонов және т.б.). Алайда кейбір жұмыстарда қарастырылып кеткенімен, болашақ педагогтың эмоционалдық тұрақтылығының қалыптасуындағы педагогикалық-психологиялық шарттарды зерттеу қазіргі уақытқа дейін арнайы зерттеу тақырыбы ретінде қарастырылған жоқ (Е.С. Асмаковец, Р.П. Мильруд, Е.М. Семенова және т.б.). Бұл мәселені шешудегі ең негізгі мәселе эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырудың біртұтас жүйесінің жоқ болуы. Психологиялық-педагогикалық жағдайлардың толық зерттелмеуі, теориялық әдістердегі алшақтықтар және эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру әдістерін таңдаудағы еркіндік — педагогика үшін бұл мәселенің өзектілігін арттырады, сондай-ақ эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық технологияларын жасаудың алғышарттарын қалыптастырады.

Осыған орай сапалық жағынан жаңа деңгейдегі эмоционалдық тұрақтылықты болашақ педагогта қалыптастырудың шынайы қажеттілігі мен мәселенің педагогика теориясы мен тәжірибесіндегі қарастырылуы деңгейінің төмендігі арасындағы қайшылық пайда болады.

Анықталған қайшылық ерекше мәселелі бағытты сипаттайды, ол болашақ педагогтардың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырудың принциптік әдістерін зерттеуге және оның концептуалдық негіздерін жасауға байланысты болып келеді.

Осы қайшылықты ескере отырып, зерттеу жұмысының тақырыбы алынды: «Болашақ педагогтың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру».

Психологиялық-педагогикалық технологияларды жаппай енгізу 60-жылдардың басына сәйкес келеді және Дж. Кэрролл, Б. Блум, Д. Брунер, Д. Хамблин және т.б. зерттеушілер есімдерімен байланысты. Біздің еліміздегі педагогикалық технологиялардың теориялық негіздерін қалыптастыруға Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, П.Я. Гальперин, М.В. Кларин, М.М. Левина, И.П. Раченко, Л.С. Подымова, В.А. Сластенин, Н.Ф. Талызина, Т.И. Шамова, Н.Е. Щуркова, П.М. Эрдниев және т.б. үлкен үлес қосты.

Өзіміздің зерттеуімізде біз В.А. Сластениннің анықтамасын басшылыққа аламыз, ол педагогикалық технологияны, өзгеріп отыратын үрдіс жағдайларында анықталатын және болжамды нәтижеге қол жеткізуді аспаптық қамтамасыз ететін, іс-әрекеттердің, операциялардың және процедуралардың реттелген және берілген құрылымды жиынтығы ретінде қарастырады [3].

Аталған анықтамаға сүйене отырып, болашақ педагогтың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық интегративтік технологиясы жасалды, ол психологиялық-педагогикалық цикл тәртіптерінің теориялық және тәжірибелік блоктармен біріктірілген педагогикалық үрдісті ұйымдастыру принциптерін, мазмұндарын және формаларын, мақсаттар бірлігін көрсетеді. Аталған технология болашақ педагогтың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру үрдісіне мақсаттық бағыт, біртұтастық, сабақтастық және реттілікті қамтамасыз етеді.

Философияда интеграция бұрын бөлек болған бөліктер мен элементтерді бір бүтінге біріктіруге байланысты, дамыту үрдісінің бір тұсы ретінде қарастырылады. Интеграция үрдістері қалыптасқан жүйелердің аясында да, жаңадан пайда болғандар ішінде де орын алуы мүмкін. Интеграцияны мақсаттардың, принциптердің, мазмұнның, ұйымдастыру формаларының бірлігінің жоғарғы көрсетілу формасы ретінде және білім беру үрдісінің өзара байланысты әртүрлі компоненттері негізінде үлкейтілген педагогикалық бірлікті қалыптастыру түрінде де қарастырады [4].

Болашақ педагогтың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру негізіне адам туралы заманауи ғылыми білім кешені, оның қалыптасуы, дамуы және ерекшеліктері жатыр. Адам, оның дене және психикалық дамуы, мәдениеті, денсаулығы, мінез-құлқы, коммуникациясы және т.б. туралы теориялық-әдістемелік білім болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жоспарының мазмұнын құрайды, ол жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы математикалық, жаратылыстану мәндерін, жалпы кәсіби пәндерді және мамандану пәндерін қамтиды [5]. Болашақ педагогтың эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруда психологиялық-педагогикалық интегративтік технологиясын пайдалану әртүрлі ғылымдар мен оқу пәндерінің пән аралық байланысының іске асуына себепкер болады. Тәрбиелеу және оқыту теориясы бойынша арнайы мәндерді, педагогика тарихын, жастық, әлеуметтік психологияны оқу үрдісіне енгізу студенттердің болашақ педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері туралы қажетті концептуалдық білімдері мен түсініктерін қалыптастыруға септігін тигізеді. Осыған орай, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыруды бірінші курстан бастау ұсынылады, бұл болашақ педагогтарға тәжірибелік жұмыстарға дайын болып шығуына мүмкіндік береді. Анықталған ерекшеліктер эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын, уақыт диапазонын және мүмкіндіктерін анықтап берді.

Педагогикалық қызметтің ерекшелігі мұндағы эмоциогенділіктің жоғары болуымен, коммуникативтік байланыстардың көп сипатымен, қарым-қатынас және өзара әрекеттесудің алуан түрлілікпен, тұрақты шешімдер қабылдау, қиын жағдайдан оңтайлы шығу жолын табу, оқыту, тәрбиелеу, дамыту және т.б. міндеттерді үйлестіруден көрініс табатын, кәсіби қызметтің көп қырларын ескеру қажеттілігімен қамтамасыз етіледі [6].

Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығының негізгі анықтаушылары:

- Кәсіби құзіреттілік (эмоционалдық тұрақтылық пен педагогтың кәсіби құзіреттілігі өзара байланысты және өзара шартты, кәсіби құзіреттілік деңгейі жоғары болған сайын, өзін басқара білу деңгейі де, сәйкесінше эмоционалдық тұрақтылықта жоғары болады)

- Коммуникативтілік (еңбектің ерекшеліктеріне байланысты, эмоционалдық тұрақтылық деңгейі педагогикалық қарым-қатынас қабілеттерінің дамуына тікелей байланысты болады);

- Стресске төзімділік (педагогикалық еңбек ұзақ мерзімді күйзелісті күйде болудың күрделі үрдісі болып табылады, бұл педагогикалық қызметпен қатар жүретін көптеген стресс факторлардың болуымен байланысты:

- Айқын эмоционалдық күйініштің және кәсіби деформацияның болмауы (кәсіби қызмет барысындағы педагогикалық деформация педагог тұлғасының құрылымына енеді, оның эмоционалдық тұрақтылығына әсер етеді, оқытушының тек қызметіне ғана емес, сонымен қатар жалпы мінез-құлқына өзгерістер енгізеді.

Кәсіби қызметтегі эмоционалдық тұрақтылық педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеті ретінде қарастырылады және оның қалыптасуына ерекше назар аудару қажет.

Эмоционалдық тұрақтылықтың негізгі қалыптасу шарты болашақ педагогты кәсіби дайындау болып табылады, ол тұлғалық және кәсіби дамытудың бүтін жүйесі түрінде болады, психологиялық, теориялық және педагогикалық-тәжірибелік дамытуды, сәйкес теориялық білім мен дағдыны игеруді қажет етеді, белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық циклдің арнайы пәндерін біріктіру құралдарымен іске асырылады [7].

Осылайша, эмоционалдық тұрақтылықтың алғышарттары психика қарқынында, эмоциялар, сезімдер, қажеттіліктер мазмұнында жатыр. Эмоционалдық тұрақтылық қажеттіліктерге, мотивтерге, ерік-жігерге, дайындыққа, ақпараттық қамтамасыз етілуге және тұлғаның қандай да бір міндеттерді орындауға даярлығынан көрінеді. Педагогтың эмоционалдық тұрақтылығының негізгі анықтаушылар мыналар: кәсіби күзіреттілік, коммуникативтілік, стресске төзімділік, айқын кәсіби деформацияның және эмоционалдық күйініштің болмауы. Педагогикалық қызметтік айрықша ерекшеліктеріне жатқызуға болатын түсініктер: жоғары эмоциогенділіктің болуы, коммуникативтік байланыстардың көптігі, қарым-қатынастағы және өзара әрекеттесудің байланыстардың алуан түрлілігі, тұрақты шешімдер қабылдау, қиын жағдайлардан шығатын дұрыс жол таңдау, оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерінің үйлесімінен көрініс табатын, кәсіби қызметтің көп қырлы болуы және т.б.. Эмоционалдық тұрақтылық педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеті ретінде қарастырылады, педагогикалық қызметке дайындықтың және кәсіби дамудың көрсеткіші болып табылады. Эмоционалдық тұрақтылықтың негізгі қалыптасу шарты болашақ педагогты кәсіби дайындау болып табылады, ол тұлғалық және кәсіби дамытудың бүтін жүйесі түрінде болады, психологиялық, теориялық және педагогикалық-тәжірибелік дамытуды, сәйкес теориялық білім мен дағдыны игеруді қажет етеді, белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық циклдің арнайы пәндерін біріктіру құралдарымен іске асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Курлянд З.Н. Формирование и развитие профессиональной устойчивости учителя. Автореф. докт. пед. наук. -М., 1993.
2. Чебыкин А.Я. Эмоциональная регуляция учебно-познавательной деятельности. — Одесса, 1992.
3. Александров А.А. Современная психотерапия. Курс лекций. СПб.: Академический проект, 1997.
4. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. - М.: Наука, 1977.
5. Сыманюк Э.Э. Психологические барьеры профессионального развития личности. - М., 2005.
6. Митина ЛМ. Профессиональная деятельность педагога: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / ЛМ. Митина, Г.В. Митин, О.А. Анисимова; Под общ. ред. ЛМ. Митиной. - М.: Издательский центр «Академия», 2005.

7. Левитов Н.Д. Фрустрация как один из видов психических состояний // Вопр. психол. 1967. № 6.

Григоричева И.В. Мотивация достижения у людей с разной субъективной оценкой успешности

FTAMP 17.82.32:

Қалауова Әсел Жамбылқызы
«Түркітану» кафедрасының доктаранты.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан республикасы
Ғылыми жетекшісі.
ф.ғ.д., профессор А.Шәріп

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ «ҚЫЗЫЛ АЛМА» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ И НАПИСАНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ЧИНГИЗА АЙТМАТОВА «КРАСНОЕ ЯБЛОКО»

THE HISTORY OF THE CREATION AND WRITING OF THE WORK OF CHINGIZ AITMATOV "RED APPLE"

Аннотация. Аталған мақала «адамзаттың Айтматовы», «Шығыстың Шыңғысы» атанған заңғар жазушы, әлем әдебиетінің классигі, түркі әлемінің біртуар тұлғасы Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығына арналған. Автордың «Қызыл алма» шығармасының дүниеге келу және жазылу тарихы баяндалып, жазушы шығармашылығының қазақ әдебиетімен рухани ортақтығы, қазақ-қырғыз әдеби байланыстары сөз болады. Қырғыз жазушысы шығармасының қазақ тіліне сапалы аударылуы қазақ әдебиетін байытқан туынды ретінде бағамдалып, шығарма аясында түрлі пікір-көзқарастар жүйеленеді.

Түйінді сөздер: қызыл алма, Ш. Айтматов, З. Қабдолов, қазақ пен қырғыз әдебиеті, аударма тәсілдері.

Аннотация: Данная статья посвящена творчеству Чингиза Айтматова- писателя, классика мировой литературы, выдающегося деятеля тюркского мира, известного как «Айтматов человечества», «Чингиз Востока». Будет рассказана история зарождения и написания произведения «красное яблоко» автора, а также духовная общность творчества писателя с казахской литературой, казахско-кыргызские литературные связи. Качественный перевод произведения киргизского писателя на казахский язык оценивается как произведение, обогатившее казахскую литературу, в рамках которого систематизируются различные мнения.

Ключевые слова: красное яблоко, Ш. Айтматов, З. Кабдолов, казахская и кыргызская литература, способы перевода.

Abstract: This article is devoted to the work of Chingiz Aitmatov, a writer, a classic of world literature, an outstanding figure of the Turkic world, known as "Aitmatov of mankind", "Chingiz of the East". The story of the origin and writing of the work "red apple" by the author, as well as the spiritual community of the writer's work with Kazakh literature, Kazakh-Kyrgyz literary ties will be told. A high-quality translation of the work of a Kyrgyz writer into Kazakh is evaluated as a work that has enriched Kazakh literature, within which various opinions are systematized.

Keywords: red apple, Ch. Aitmatov, Z. Kabdolov, Kazakh and Kyrgyz literature, translation methods.

Ежелден қоңсы қонған қазақ пен қырғыздың рухани, мәдени, әдеби жалғастығының тамыры тым тереңде. Шыңғыс Айтматовтың бүкіл шығармашылығы мен өмірі басынан аяғына дейін қазақ халқымен астасып жатыр. Жазушының қай шығармасын алсақ та – «Жәмиладан» бастап, әлемге танымал «Қош бол, Гүлсары!», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Жанпида» сияқты барлық шығармаларындағы көркем образдарының рухы мен мінезі қазаққа өте жақын. Жазушының шығармашылық лабораториясының сыры мен шыңы өмірдің әр кезеңін шынайы сипаттаудан көрінеді, «Қызыл алма» туындысы соның дәлелі.

Ш.Айтматовтың шеберлік талантына бас идіріп, жазылу құпиясын білуге асықтыратын шығармаларының бірі – «Қызыл алма» әңгімесі. Шығарманың жазылуына Шыңғыс Айтматовқа досы, академик Зейнолла Қабдолов себепкер болған. Ол туралы автор туындысының соңында «*Оқушыларға екі ауыз сөз*» деп арнайы түсініктемелік тұрғыда былай көрсетеді: «Бұл жаңа әңгімеді Зейнолла Қабдоловқа арнағаным тегін емес. Біріншіден, Зейнолла – менің ең көңілдес достарымның бірі; екіншіден, «Қызыл алманы» жазуға Зейнолла себепкер болды; бұл әңгімені бой жеткізген оның «көз ақысы» бар. Мұның қысқаша тарихы мынадай. Алматының тау жағында, санаторийде бірге демалып, әрқайсымыз өз жазу-сызуларымызбен әлек боп жүрдік. Бір күні түскі тамақ тұсында десертке деп, стол үстіне алма қойылды. Маған тиген алма өте көркем қызыл алма екен. Алманы қарап отырып, менің есіме институтта оқыған бір жолдасымның оқиғасы түсті де, мен оны әшейін күлдірмекке Зейноллаға айтып бердім. Сөйтсем «Өй, сен неге күлесің? Бәлі, мұның не күлкісі бар. Сен мұны жаз, жазуың керек!» деді Зейнолла. Содан бастап, әрбір кездескен сайын, Зейнолла «Қызыл алманы» қашан бересің? деп сұрайды. «Қызыл алма» есімнен кетпей қойды, сен оны ертерек жазсаң, қазақшаға өзім аударар едім деп, асықтырып жүрді. Ақыры, тілектес досымның тапсырмасын қолдан келгенінше орындап, жазып бітіргенім осы ғой. Ал енді мұны айтып отырғаным, кітап оқушылар шығарманың түйіні қалайша басталады, шығарма қайтіп туады деп көп сұрасады. Оның жолы өте көп, өте күрделі. Кейде, міне, осы сияқты, досыңның тілектестігі арқылы шығарма жазылады екен. Бұған менің өзімнің де таңым бар...» [1]. Міне, қырғыз жазушысы өзінің дос алдындағы бір парызын өтеу ретінде өз еңбегін де аямаған.

Табиғаттың жазы мен күзі, қысы мен көктемі алмасып келіп отыратынындай, адам баласының қилы-қилы мінездері «Қызыл алма» лирикалық туындысында сәтті ашылған. Шығармада бас кейіпкер Исабековтің басынан өткен жай-күйі, күйзелісі, студент шақтағы жауапсыз албырт сезімі, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас шынайы суреттеледі. Оның шығарма басындағы отбасылық жағдайы қыл үстінде тұрғаны, жыраққа кеткен әйеліне хатын неден бастап жазарын білмей отырған шарасыздығы бейнеленеді.

Қағаз бетіне көңілдегі кірбіңін түсіруге талпынған Исабековтің көз алдына өткен күндері елестейді. ...Ағасынан қалған, етегі жер сыпырған ұзын шинелін иығына жапқан тұрмысы төмен жігіттің хош иісті қызыл алмадан өзге сүйген қызына берер сыйлығы да болмаған. Ол ес-түссіз ғашық болған ару да кітап оқуға құмар, ақылына көркі сай, ойламауға расымен ерік бермес жан еді. Алайда қыздың қырсық мінезімен қызыл алма кері қайтарылып, жігіт бар жаһаннан түңіліп, салы суға кетеді. Уақыт өте басқа қызға үйленіп, Анар атты ұрпағы дүниеге келеді. Бірақ әйеліне бұрынғыдай сезім оты тұтана қоймайды, мұны ұққан әйелі ажырасуға дейін барады. Десе де, «кішкентай ғана қызы Анардың бұл жерде қандай кінәсі бар?» деген ой Исабековке маза бермейді. Бір күні қызы да бақтан жұпар аңқыған қызыл алма тауып әкеледі. Бұған таң қалған әкесі студент шақтағы оқиғасын есіне түсіреді. Осылайша шығармада автор *қызыл алма* арқылы кейіпкердің бар болмысын аша түседі.

Шығармадағы *қызыл алма* – махаббаттың, сағыныштың символы. Ерлі-зайыптылар арасында өз сезімін бүкпесіз айта алмау да өзара түсінбестіктің орын алуына әкеп соқты. Исабековті сезімін алғашқы махаббатына білдіруге әлсіздік танытқан жігерсіз адам деп табалайтындар да табылуы әбден мүмкін. Осы тұста тағдыр деген нәрсенің де адам

баласын қай арнаға бұрары белгісіз екенін естен шығармаған абзал. Қандай қиын жағдайда қалса да, сол шиеленісен шыға біліп, шаңырақ көтеріп, ұрпақ жалғаған Исабеков бұрынғы ғашығына бұйырмаған алмаға ұқсас қызының тапқан *қызыл алмасын* әйеліне сыйлап, отбасын берік сақтап қалады, тағдырын бөліскен, өзін сүйіп құрметтеген Сәбираға үнемі *қызыл алма* сыйлап жүруі тиіс екенін де ұққандай болады. Ш.Айтматовтың кейіпкері Исабеков алғашқы ғашығын арман еткен бей-жай қалпын серпіп тастап, бауыр еті баласының анасы, тағдыр қосқан қосағы, өз ерін құлай сүйген жары болып табылатын әйелімен табысу арқылы тығырық жолдан шығатын дұрыс шешім қабылдайды. Бұл да көпке үлгі, өзінше бір ерлік, ерекше қасиет. Шығармадағы қызыл алма нағыз махаббаттың символын байқатқанымен, оқиғаның өзі терең философиялық мәселелерді қозғайды.

Автордың қызыл алма арқылы өткенді есіне алуы, әйелін сағынуы секілді сезімдері шығармада кейіпкердің мінез-құлқы мен болмысын танытып қана қоймай, әрекеті барысында көрініс беретін психологиялық күйлерді де ашып көрсетеді. «Қызыл алма» бұл өмірде кез келген тығырықтан шығар жолдың барын да еске салатындай... Автор адамға кейде өз өміріндегі бақыт пен махаббатты сезініп-түйсінуіне, қадірлеуіне ерекше оқиғаның, түрткі болатын мәселенің, ұшырасатын соққының болатынын да ұғындырады. Шынында да, адам табиғаты қолы жетпеген арманына жетуге ұмтылса, немесе орнын толтыруға әрекет етсе жақсы, ал өткенді аңсап, қазіргісін ескермей, білмей жүре берсе, алыстай келе тағы да қолындағысынан айрылып қалуы әбден мүмкін.

Қазақ пен қырғыздың әдеби мұрасын ортақтастырып, қаламының ұшына жан бітіре білген, сыр мен мұңға толы шығармалар тудырған Шыңғыс Айтматов «Қызыл алма» туындысын орыс тілінде жазып, досы, қазақ әдебиетінің зерттеушісі Зейнолла Қабдолов сатылы аударма тәсілімен қазақ тіліне аударып, «Жұлдыз» журналының 1964 жылғы №3 нөмірінде тұңғыш рет жариялайды [2, 127 б.].

Ш.Айтматовтың суреткерлік даралығымен жасалған бұл туынды өмірде шын болған, нақтылы бір адамға қатысты сияқты болып көрінеді. Шығарма тағдыры, оның ішінде «Қызыл алма» әңгімесінің жазылу тарихы жайында баға жетпес деректі З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесіндегі естеліктен табамыз [3, 305 б.].

«Әркім өз ұлты хақында осылай ойлайтын шығар-ау: мен, мәселен, достыққа қазақтай берік халық жер бетінде жоқ, болса да сирек деп ойлаймын. Елуінші жылдардың бас жағында Алматыға Шыңғыс келіп жүрді. Айтматов аты да, атақ-даңқы да кейін шықты ғой. Ол кезде «Жәмилә» жазылмаған, Әуезов оған сәт-сапар тілеп, Арагон оны француз тіліне аударып үлгірмеген... Өзінің түрін түстеу онша қиын емес: ат жақты, ашаң жүзді, ашық ауыздау бір арық бала...

Біз – Шыңғыс Айтматов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов және мен – бір-бірімізді жатырқамай, бірден шұққыраса табыстық. Содан бері талай жыл өтті, талай су ақты. Десе де, біздің бірлігіміз уақыт сынынан сүрінбей өтті. Бір-бірімізге деген ықылас-пейілімізде, кіршіксіз көңілімізде бұршақтай бұдыр жоқ. Бүгін де бәз-баяғы қалпымыздамыз...» деген екен қазақ-қырғыз жазушыларының достығы турасында Зейнолла Қабдолов [3].

Айтматовтанушы, жазушы мұраларын тыңғылықты зерттеп, насихаттап жүрген қаламгер Абдылдажан Акматалиев 1979 жылы «Шыңғыс Айтматов және қазақ-қырғыз әдеби байланысы» тақырыбында докторлық диссертациясын жазып жүріп, заңғар жазушының шығармашылығын зерттеу «Қызыл алмадан» бастау алғанын, сол арқылы Алматыға келіп, Зейнолла Қабдоловпен жолыққанын баяндайды. Және екі ел қандас қана емес, мәдени, рухани, әдеби салада егіз ел болғанына тоқтала келе, бүгінгі аласапыран заманда бай шығармашылық мұраны сақтап қалудың маңыздылығын атап өтеді [3; 4].

Шыңғыс Айтматов туысқан қырғыз халқының басқа халықтармен әдеби және мәдени байланыстарының жолын ашты. Ол өзінің жүрек тебіренерлік шығармаларымен дүниежүзі халықтарына қырғыз халқының рухани келбетін, қызық та, қиын тарихын, асқақ арманын жеткізумен қатар, өз халқының дүние жүзі халықтарымен жақындасуының үлкен арнасын салды. Ш.Айтматов қазақ әдебиетінің озық үлгілерін пайдаланып,

дамытып қана қойған жоқ, халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов шығармаларының бай тәлімін терең түсінді, З.Қабдолов сынды кемеңгердің досы, сырласы ғана емес, туысы да бола білді.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов Шыңғыс Айтматовтың жазушылық алғашқы адымына қуанып: «Әдебиетке өз үлесін қосқан әрбір талантты жазушы халықтық рухани байлығын өлшеусіз молайтады», - деп ерекше атап көрсеткен еді. Ш.Айтматовтың Мұхтар Әуезов рухына бас иіп айтқан мына сөздері, оның Мұхтар Әуезовті қаншалықты құрмет тұтқанын дәлелдейді: «У меня есть две национальные святыни, с которыми я еду в другие страны, с которыми я переступаю порог других народов. Это – «Манас» и Мухтар Ауэзов. Когда меня спрашивают: кто вы такие, казахи и киргизы? Я рассказываю о «Манасе» и Мухтар Ауэзове. Это символы моих народов и с ними я могу достойно представить себя» [6].

Белгілі қоғам қайраткері, әдебиетші Мырзатай Жолдасбеков «...Мұхтар Әуезовтің Шыңғыс жайында айтқан әңгімесі есімде қалыпты. Бір күні Шыңғыс Алматыға Әуезовке сәлем бере келеді. Мұхаң жас талантқа құрмет көрсетіп, Медеуге апарып, тауға шығарыпты. Шатқал туралы, Алатау туралы Шыңғысқа ертегідей әңгіме айтыпты. Әбден риза болған Шыңғыс: «Мұхтар аға, мені Медеудің шатқалымен таудың шыңына шығардыңыз, осыны жақсылыққа жорып отырмын. Әдебиетте маған Сіздің жолыңызды береді екен» деген екен», - деп еске алады [7, 258 б.]. Осыдан қырғыз жазушысының қазақ жазушыларына құрметінің жоғары екендігі ерекше байқалады.

Жазушының қарындасы Р. Айтматова да «Шыңғыс қазақ пен қырғызды ешуақытта бөлген емес. Ол екі халықты бір үйдің егіз баласындай көреді. Балалық шағымыздың біразы да қазақ ауылында өтті. Олардың мейір, шапағатын көріп ержеттік. Оның үстіне екі халықтың дәстүр-салты да, тілі де, ділі де ұқсас. Тіпті, қазақтың қаны араласпаған қырғыз да сирек шығар. Мысалы, менің туған енем де қазақтың қызы. Ал Шыңғыстың қазақ арасында достары да көп. Ол үшін Мұхтар Әуезов, Зейнолла Қабдолов ағаларымыздың жөні тіпті бөлек десек те болады. Қазақ ағайындарымыз да Шыңғысты екі елге ортақ тұлға деп таниды» - деп жазады [8, 3 б.].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ибраев қаламгер шығармашылығы туралы былайша пікір білдіреді: «Әлемдік көркемсөз көкжиегінің қыраны Шыңғыс Айтматовтың шығармалары нақты бір саяси жүйеге, дәуірге, керек десеңіз бір ұлттық шеңберге байланып қалмайды. Оның шығармасының тағылымдық мәні – уақыт жағынан мәңгілік, мекендік жағынан жалпыадамзаттық. Дәуір, оның ішінде кеңестік кезең Ш.Айтматовқа, оның суреткерлік құдыретіне шектеу қоя алған жоқ. Керісінше, қоғамдағы шектеу адам жанының, оның ішкі дүниесінің сол шектеуге қарсылығын көрсету арқылы жалпы адам табиғатына мейлінше терең үңілуіне мүмкіндік берді. Адам бойындағы қайшылық пен қоғам бойындағы кемшілік ұлы суреткердің пендеге тән дүниәуи табиғатын жайып салуға өмірдеректік астар болған» [9, 8 б.].

«Қызыл алма» повесінің желісі негізінде 1975 жылы «Қырғызфильм» киностудиясында Толомуш Өкеевтің режиссерлығымен фильм де түсірілді. Кино мен повестің арасында айырмашылық бар: кинодағы кейбір эпизодтар – Темірдің (фильмде кейіпкер Исабеков аты өзгертілген) әйелімен бірге тойға баруы, қызы Анар екеуінің теледидар тамашалауы, Темірдің суретші шеберханасында өз жұмысымен айналысуы, т.с.с. әңгімеде жоқ, ойдан қосылған. Сондай-ақ бейтаныс қызға алма ұсынғандағы жайт та басқаша сипатталған [10].

Түркі әлемі әлемге әйгілі ұлыларға кенде емес. Десек те, қазақ пен қырғыз Алатауының бауырында дүниеге келіп, түркі топырағынан шыққан, әлемдік әдебиет алыптарымен қатар тұрып, төрін иеленген Шыңғыс Айтматовтай ұлы жазушы некен-саяқ. Оны осындай биікке көтерген ең алдымен қырғыздың киелі топырағы болса, содан кейін оның шығармаларында өрнек тапқан қазақтың сары даласы және ең маңыздысы – қазақ-қырғыз әдеби байланыстары. Қырғыз, орыс тілінде жазатын жазушы туындыларының түгелдей қазақ тілінде жарық көруі – қазақ жазушыларының ерен еңбегі, бауырлас елдің шығармашылық достығы. Шыңғыс Айтматовқа қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар

Әуезов аталы сөзін арнап, «өнерлі перзент» деп масаттана мақтаған. Ш.Айтматовтың шығармасы ұлы М. Әуезовтің шығармаларымен қатар әр қазақ оқырманының төрінде тұруға лайық, өйткені ол – қазақтың бауырының, телқозысының асыл шығармасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтматов Шыңғыс Қызыл алма // Әңгімелер, повестер мен пьеса, құрастырған А. Алтай. – Алматы: Атамұра, 2005. – 286 б.
2. Ысқақұлы Дандай Рухани толғамдар: зерттеулер. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 404 б.
3. Қабдолов Зейнолла Шығармалары. Менің Әуезовім. Роман-эссе. – 6-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 320 б.
4. «Қызыл алмадан» басталған таныстық // «Қазақ әдебиеті» газеті, 11 шілде 2017 жыл <https://qazaqadebieti.kz/10966/yzyl-almadan-bastal-an-tanysty>
5. Акматалиев Абдылдажан Чингис Айтматов. – Бишкек: ЧП «Абыкеев А.Ә.», 2018. – 789 с.
6. Айтматов Чингиз Слово об учителе // Литературная газета. – №16. – 2014. – 14 с.
7. Жолдасбеков Мырзатай Асылдарым. Эсселер, ойлар, тебіреністер. – IV том. – Астана: Күлтегін, 2012. – 360 б.
8. Құдайбергенова А. Ұлытауға лайық ұлы достық // Қазақ елі. – 2004, 21 қаңтар.
9. Ибраев Ш. Айтматов туралы сөз // «Шыңғыс Айтматов және қазіргі түркі әлемі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Ғылым, 2015. – 308 б.
10. Красное яблоко. Кыргызфильм. Режиссер Толомуш Океев <https://www.youtube.com/watch?v=abI58NfFeuE>

УДК 366

Исабекова Аяулым, Мадиева Малика

«Ұлттық және халықаралық құқық» кафедрасының бакалавры

Тұран-Астана университеті

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі:

заң ғылымдарының магистрі, ұлттық және халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы Яғмусова А.Ф.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЗАЛАУ ТҮРЛЕРІ

УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ И ИХ ВИДЫ НАКАЗАНИЯ

CRIMINAL OFFENSES AND THEIR TYPES OF PUNISHMENT

Аннотация. Мақалада құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы толық мәлімет қарастырылады. Жалпы ұғымдары мен жаза түрлеріне тоқала кетіп, нақты мәлімет беріледі.

Түйінді сөздер: ҚР Қылмыстық Кодекс, деликт, мемлекет, классификация.

Аннотация. В статье представлена подробная информация о правонарушениях и преступлениях. Обсуждаются общие понятия и виды наказания и дается подробная информация.

Ключевые слова: Уголовный Кодекс, правонарушение, страна, классификация.

Abstract. The article provides detailed information on offenses and crimes. General concepts and types of punishment are discussed and detailed information is given.

Keywords: Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, delict, state, classification.

Адамзат өмірінің барлық дерлік уақытында, қоғам үшін маңызды және күрделі мәселелердің бірі құқық бұзушылықтар болып табылады. Бұл тақырып жалпы алғанда жетекші орындардың бірін алады. Бұл мәселе еш уақытта да өзектілігін жойған жоқ қоғамдық құрылымдар мен формацияларда да қарастырылады. Қылмыс қашан да қоғамдық орынындарда жиі кездесетін мәселе. Жалпы тақырып мазмұнды және ауқымды мәселе болып табылады.

Құқық бұзушылық – бұл әрекетке қабілетті тұлғаның құқық нормаларының ұйғарымдарына қайшы келетін, басқа тұлғаларға залал келтіретін және заң жүзінде жауапкершілікке тартылуыға әкеліп соғатын қылмысты әрекеті [1].

Қылмыс бұзушылық оны құқықтық емес мінез-құлық қағидаларын (адамгершілік нормалары, қоғамдық ұйымдардың нормалары) бұзудан өзгешелейтін қатаң белгіленген белгілермен сипатталады.

Барлық құқық бұзушылықты екі топқа бөлу қабылданған – қылмыс және теріс қылық. Оларды бөлудің басты критерийлері, біріншіден, қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі, екіншіден, субъективті фактор, бұл шешуші шамада құқыққа қайшылық ретінде сол немесе басқа іс-әрекетті мойындауға әсер етеді. Қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі нысан құндылығымен, құқыққа қайшы қастандықпен, жағдаймен, уақытпен, (зорлық немесе зорлық емес) тәсілдермен, өлшеммен және келтірілетін зиян сипатымен және т.б. анықталады.

Теріс қылықтар – бұл, қылмыстармен салыстырғанда қоғамдық қауіптің аз дәрежесімен сипатталатын құқық бұзушылық, ол қоғамдағы құқықтық тәртіптің жеке жақтарына қастандық жасайды. Теріс қылықты құқық салаларында қолданарлық түрде, сондай-ақ олар теріс қылық енгізетін қарым-қатынас түрлері бойынша және солар үшін қолданылатын жаза түрлеріне қарай топтауға болады[1].

Тәртіптік теріс қылық – қызметтік қарым-қатынастар аумағында жасалатын құқық бұзушылық және ол ең алдымен қызмет бойынша бағынушылық қатынастың тәртібін бұзады. Тәртіптік теріс қылық адамдардың (жұмысшылардың, қызметкерлердің, оқушылардың және т.б.) белгілі ұжымдарының қызмет тәртібіне қастандық жасайды, ол еңбек, қызмет немесе оқу тәртібін әлсіретеді де, тәртіптік теріс қылықты тудырады. Сонымен, мысалы, Еңбек туралы заңдар кодексі ескерту, сөгіс, белгілі бір мерзімге төмен жалақылы жұмысқа ауыстыру немесе төменгі лауазымға түсіру, жұмыстан босату сияқты тәртіптік жазалар қарастырылған. Тәртіптік жазаларды кәсіпорын, мекеме, ұйым теріс қылық шыққан күннен бастап бір айдан кеш қалмай және оны жасаған күннен бастап алты айдан кеш қалмай салады. Тәртіптік жазаның мерзімі – бір жыл.

Әкімшілік құқық бұзушылық (теріс қылық) - заң бойынша бекітілген қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқару және орналастыру қызметі саласындағы қарым-қатынасқа қастандық жасайтын, қызметтік міндеттерді жүзеге асырумен байланысты емес құқық бұзушылық. Әкімшілік теріс қылықтар, мысалы, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін, мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындарда санитарлық гигиенаны бұзу болып табылады. Әкімшілік деликттер, қоғамдық зияндылық немесе қауіп белгілеріне ие бола отырып, зияндылығының аз дәрежелілігімен қылмыстан айтарлықтай айырмасы болады[1].

Әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік заңмен қарастырылады. Бұл ең алдымен, айыппұл, арнайы құқығынан айыру (мысалы, көлік құралдарын басқару құқығы), түзету жұмыстары (екі айға дейін), әкімшілік тұтқындау (15 тәулікке дейін) және т.б. Жаза құқық бұзушылық жасаған күннен бастап екі айдан кеш қалдырмай қолданылуы керек.

Азаматтық теріс қылықтар (деликттер) – мүліктік және сондай-ақ мүліктік емес аймақта жасалатын құқық бұзушылық, ол адам үшін рухани құндылық болып табылады. Азаматтық құқық бұзушылық - ұйымдарға және жеке азаматтарға келісім бойынша міндеттерін орындамаудан, азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратудан тұратын мүліктік зиян келтірумен бейнеленеді. Азаматтық құқық

бұзушылық, зиянның орнын толтыру, бұзылған құқықты мәжбүрлеп қалпына келтіру немесе орындалмаған міндетін атқару сияқты санкцияларды қолдануға алып келеді[1].

Әдебиет мыналарды атап көрсетеді:

1) Құқық бұзушылық – іс-әрекетте көрінетін мінез-құлық (әрекетсіздік). Сезімдерді ренжіту деп санауға болмайды.

2) Бұл жай ғана мінез-құлық емес, адамның ерікті мінез-құлқы. Бақыланды ерікті әрекеттердің болуы, яғни. ерік-жігер әрекеттері және қатысушылардың санасы. Мінез-құлықты қылмыс деп атауға болмайды санамен басқарылады. Демек, құқық бұзушылықтар тек еңбекке қабілетті адамдардың мінез-құлқы.

3) Әрекеттің заңсыздығы. Бұл не тыйымдарды бұзу, не міндеттемелерді орындамау. Заңсыздықтың шекарасы белгіленетін күй. Акті заңсыз болып табылады, егер ол белгілі бір императивтің бұзылуын білдіреді заңды міндеттеме немесе оған қайшы құқықты жүзеге асыру мақсат (құқықты теріс пайдалану). Бұл әрекетке тыйым салынады жағымсыз салдарлардан қорқу кезінде заң, заңдық санкциялармен қарастырылған.

4) Әлеуметтік зиян. Құқық бұзушылық әрқашан зиян келтіредісалдары. Кез келген құқық бұзушылық мүдделерге нұқсан келтіреді тұлға, қоғам, мемлекет. (Мысалы, зақымдану немесе мүлікті жою, адамның өлімі, оның қадір-қасиетіне нұқсан келтіру және т.б.).

5) Бұл әрекет қабілетті, есі дұрыс адамдардың әрекеттері, т.б. жеткендер кәмелетке толған жас (әдетте 14-16) және қабілетті әрекеттеріңіздің есебін беріңіз.

6) Кінә - жеке тұлға өзінің заңсыз әрекет ететінін, кінәлі екенін түсінеді (қасақана немесе абайсызда). Психикалық сипаттайды субъектінің жасалған құқық бұзушылыққа қатынасы. Сонымен Осылайша, құқық бұзушылықтың ең маңызды белгісі – болуы кінә, яғни. құқыққа қайшы әрекетті жасаудағы қасақаналық немесе абайсыздық істер.

7) Жазалаушылық. Бұл белгіні белгілерге де жатқызуға болады қылмыстар, себебі кез келген құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілік болуы керек. Біріншіден, қылмысқа тыйым салынғандығымен сипатталады Заң шығарушы дәл жазалау қаупімен, екіншіден, мұндай тыйымды бұзғандар нақты жазаға тартылады[3].

Құқық бұзушылық түрлері:

Құқық бұзушылықтардың әртүрлі жіктелуі бар.

1. қоғамдық қатынастардың салалары бойынша: -экономикалық; - саяси; - әлеуметтік және тұрмыстық; - және басқа да салалар;

2. заңгерлік қызмет түрлері бойынша: - құқық шығармашылық қызметіндегі құқық бұзушылықтар; - құқық қорғау қызметіндегі құқық бұзушылықтар;

3. кінә нысандары бойынша: - қасақана; - абайсызда жасалған құқық бұзушылықтар;

4. ұлттық экономиканың салалары бойынша: - өнеркәсіпте жасалған; - көлікте; - ауыл шаруашылығында.

5. Құқық бұзушының алдында тұрған мақсаттың сипатына қарай, ажыратуға болады:

- белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған қылмыстар; нақты мақсат;

- белгісіз мақсатқа жетуге бағытталған құқық бұзушылықтар немесе бірнеше нысана.

Дегенмен, ең кең тараған классификация негізделген олардың қоғамдық қауіптілік (зияндылық) дәрежесі бойынша құқық бұзушылықтар болып бөлінеді теріс қылықтар мен қылмыстар.

Қылмыс – қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздік), қоғамда қорғалатын құқыққа немесе заңға зиян келтіру қатынастары. Қылмыс қоғам үшін ең қауіпті әрекет, жазалау қаупімен Қылмыстық кодексте тыйым салынған.

Қылмыстар қоғамдық қауіптіліктің (зияндылықтың) шекті дәрежесімен сипатталады. Олар қоғамның ең маңызды, маңызды мүдделеріне қол сұғады, қылмыстық заңмен қорғалған. Теріс қылық қоғамдық қауіптіліктің аз дәрежесімен сипатталады (зияндылық) қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында жасалған, бар қол сұғушылықтың

әртүрлі объектілері және құқықтық салдары. Осыған байланысты олар азаматтық, әкімшілік, тәртіптік болып жіктеледі құқық бұзушылықтар. Кейде процессуалдық құқық бұзушылықтар да кездеседі (сотқа куәгердің келмеуі).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай 2 түрге бөлінеді. Олар қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар. Қылмыстық Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп қарастырылады. Ал қылмыстық теріс қылық дегеніміз қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) болып табылады. Жаза деген ұғымды қарастыратын болсақ ол сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар қолданылады: 1) айыппұл; 2) түзеу жұмыстары; 3) қоғамдық жұмыстарға тарту; 4) қамаққа алу қолданылуы мүмкін. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар: 1) айыппұл; 2) түзеу жұмыстары; 3) бас бостандығын шектеу; 4) бас бостандығынан айыру; 5) өлім жазасы қолданылуы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар: 1) мүлкін тәркілеу; 2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; 3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін [2].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп қарастырылады. Қылмыстық теріс қылыққа анықтама бере кетіп болсақ қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) деп қарастырылады.

Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды. Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық, яғни бір пиғылмен және бір мақсатпен ұштасып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын, құқыққа қарсы бірқатар бірдей іс-әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады. Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіндегі түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы

деп қарастырылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері Қылмыстық Кодекстің бір бабының бір бөлігінің неғұрлым қатал жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін Қылмыстық Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта тартылады.

Қазақтан Республикасының Қылмыстық Кодексінің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болып табылады. Қылмыстардың жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылатын болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін Қылмыстық Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады [2].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
3. Великосельская И.Е. Қылмыс құрамының конституциясының теориялық мәселелері./ И.Е.Великосельская.// Құқық және саясат. - 2009. - № 8. - С. 1635-1642.
- 4.

УДК 367

Қаиргелді Ажар Бағдатқызы

«Ұлттық және халықаралық құқық» кафедрасының магистранты

Тұран-Астана университеті

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі:

профессор, РФЖД академигің Қапсәлямов Қ.Ж.

ЦИФРЛЫҚ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ, ЗАМАНАУИ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОГО МОШЕННИЧЕСТВА, СОВРЕМЕННЫЕ ВИДЫ И СПОСОБЫ БОРЬБЫ С НИМИ

THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF DIGITAL FRAUD, MODERN TYPES AND WAYS TO COMBAT THEM

Аннотация. Мақалада қылмыстық-құқықтық бағыттағы негізгі нормативтік-құқықтық актілер қарастырылған, электрондық құрылғылар арқылы алаяқтық жасаудың заманауи тәсілдері анықталған. Сондай-ақ, алаяқтықтың осы түрімен күресудің негізгі әдістері мен жолдары тұжырымдалған.

Түйінді сөздер: Компьютерлік қылмыстар, тергеу, цифрлық криминалистика, компьютерлік ақпарат саласындағы алаяқтық, цифрлық сауаттылық

Аннотация. В статье рассмотрены основные нормативно-правовые акты уголовно-правовой направленности, определены современные способы совершения мошенничества с помощью электронных устройств. Также сформулированы основные методы и способы борьбы с данным видом мошенничества.

Ключевые слова: Компьютерные преступления, расследование, цифровая криминалистика, мошенничество в сфере компьютерной информации, цифровая грамотность

Abstract. The article considers the main normative legal acts of criminal law orientation, defines modern ways of committing fraud using electronic devices. The main methods and methods of combating this type of fraud are also formulated.

Keywords: Computer crimes, investigation, digital forensics, fraud in the field of computer information, digital literacy

Бүгінгі таңда техникалық прогресс бір орында тұрмайды. Жыл сайын халықтың өмірін жеңілдететін және жайлы ететін технологиялар пайда болады. Дегенмен, заманауи ақпараттық технологиялардың пайда болуымен, олардың қолдану жаңа тәсілдердіне байланысты қылмыстың бір түрі дамыды.

Компьютерлік алаяқтық – компьютерлік жүйелерді пайдалана отырып, алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы ақпаратты қасақана жария ету, деректерді ауыстыру немесе бұрмалау, бөтеннің мүлкін ұрлау немесе оған құқықты алу. Әдетте, интернетті пайдалану қауіпсіздігі туралы білмейтін және сенімді және ақпараттық қауіпсіздік принциптерін білмейтін пайдаланушылар алаяқтардың айла-амалдарына тап болады. Мұндай түрлерге жататын адамдар алаяқтармен оңай байланысқа түседі және қауіп пен салдар туралы білмей, олардан барлық қажетті ақпаратты беруден тартынбайды.

Осы қылмыстың тарихына келетін болсақ, интернет әр үйге жаппай кіре бастаған кезде пайда болды. Өткен ғасырдың 90-жылдарында дербес компьютерлерге қол жетімділіктің пайда болуымен және интернетті халықтың қалың бұқарасына енгізумен ақпаратты тез алудың оң жағы ғана емес, сонымен қатар интернет-алаяқтардың әрекеттерінен туындаған қауіп те пайда болды. Әдетте осы кезеңде алаяқтар интернетті пайдаланушылардың жеке деректерін заңсыз жолмен алды бастады:

- dial-up (телефон желілері) құралдары арқылы интернет желісіне қосылуға, оны өз құрбандарының есебінен пайдалануға арналған логиндер мен парольдер;

- электрондық поштадан ақпаратты ұрлау үшін пошта жәшіктерінен логиндер мен парольдер [1, 18 б.].

2000 жылдары банктік карталарды жаппай енгізумен және оларды онлайн төлеу қабілетімен экономикалық алаяқтық пайда болды, оның мақсаты алаяқтың қалтасына төлем жасау немесе ақша аудару үшін жәбірленушінің банктік картасы туралы ақпаратты (карта нөмірі, жарамдылық мерзімі, ұстаушының тегі мен аты, сондай-ақ CVC құпия коды) ұрлау болып табылады.

Интернет-дүкендердің, сондай-ақ интернеттегі жарнамалары бар әртүрлі сайттардың пайда болуымен алаяқтар өз құрбандарын сипаттамадан өзгеше немесе сәйкес келмейтін сапаны, басқа жағдайларда және мүлдем жоқ өнімді сату арқылы алдаудың жолын тапты.

Жаппай тіркеу және әлеуметтік желілерді пайдалану алаяқтардың пайдакүнемдік мақсаттары үшін де қолданылды. Қаскүнем адамдардың аяушылық пен сенімділік сияқты сезімдерін қолдана бастады. Әлеуметтік желілерде науқас балаларға көмек туралы хабарландырулар және туыстарынан, таныстарынан көмек сұрайтын хаттар жарияланады, олардың орнына алаяқ отырады және картаға немесе басқа банк жүйесіне аудару түрінде ақша сұрайды.

Киберқылмыс елімізде жиі кездесетін алаяқтық түрлерінің біріне айналуға. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстандағы он интернет алаяқтың жетеуі белгісіз және жазасыз қалып отыр. Әдістер әртүрлі, бірақ барлық схемаларда ортақ белгілер бар: адамдардың сезімдерін манипуляциялау, қорқынышты қоздыру және тез әрекет ету. Алаяқтардың 80%— дан астамы қоңырау шалу кезінде банктік телефон нөмірлерін ауыстыру технологиясын қолданады - олар нөмірлерді ауыстырады. Алаяқтар өздерін банк қызметкерлері ретінде көрсетеді және адамдардан ақша ұрлау үшін қажетті ақпаратты алады [2, 38-39 б.б.].

Өздеріңіз білетіндей, әр әрекет үшін қарсылық бар. Алаяқтыққа қарсы басты қарсылық-қырағылық.

Деректеріңізді зиянды бағдарламалардан қорғау үшін антивирустық

бағдарламаларды қолданыңыз, олар зиянды бағдарламаның сіздің компьютеріңізге орнатылуына жол бермейді және зиянды бағдарлама бар сайтқа кірудің қажет естігі туралы ескертеді.

Жеке басын ұрлаудың алдын алу үшін кіші және жоғарғы әріптерден, сандардан және көмекші таңбалардан тұратын күрделі құпия сөздерді қолданыңыз. Құпия сөз неғұрлым күрделі болса, соғұрлым ол бұзылады. Құпия сөзді мезгіл-мезгіл өзгертіңіз.

Интернет-дүкендерде төлем жасаған кезде, сату туралы хабарландырулары бар сайттарда сатып алған кезде бейтаныс адамдарға ақша аудармаңыз, мүмкіндігінше тауарды алған кезде оны төлеу әдісін таңдаңыз немесе қорғалған мәмілелерді қолданыңыз, бұл жағдайда ақша сатушыға тауарды растағаннан кейін ғана аударылады.

Жеке кабинетті қолдана отырып, әлеуметтік желілердің, электрондық поштаның және басқа қызметтердің есептік жазбасын бұзудың алдын алу үшін екі сатылы авторизацияны таңдаңыз, бұл пайдаланушыны растау үшін парольді енгізіп қана қоймай, сізге кіру коды бар ұялы телефонға SMS жіберуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, күрделі құпия сөзді қолданыңыз және оны үнемі ауыстыруды ұмытпаңыз.

Телекоммуникациялық және компьютерлік желілерді пайдалана отырып алаяқтық жасайтын тұлғалардың төрт топтан тұратын қылмыскерлердің жеке басының әлеуметтік-демографиялық және моральдық-психологиялық сипаттамаларын және ішкі істер органдарының практикалық қызметін талдау барысында қалыптасқан авторлық тәсілге негізделген жіктелімі ұсынылды:

"Кездейсоқ". Бұл топқа өз іс-әрекеттеріндегі құқық бұзушылық фактісін түсінбестен заңсыз қызметке тартылған не көрінеу жаңылыстырылған адамдар жатады. Айта кету керек, нақты эпизодқа байланысты осы топқа жататын адамдар ниеттің болуы немесе болмауы негізінде қылмыскерлер санатына жатқызылуы немесе жатқызылмауы мүмкін.

"Жаңадан бастаушылар". Бұл топ алдыңғы жіктеуге ұқсас, олардың әрекеттері заңсыз екенін анық түсінетін адамдардан тұрады.

"Мамандар". Осы жіктеу шеңберінде осы санатта компьютерлік және телекоммуникациялық жабдықтарды қолдана отырып алаяқтықтың жекелеген кезеңін де, сондай-ақ осындай әрекеттердің жиынтығын да "кәсіби" деңгейде іске асыратын тұлғалар болжанады.

"Ұйымдастырушылар". Бұл санаттың өкілдері бастапқы деректерді (банк карталарының деректері, телефон нөмірлері) алу схемасын қалыптастырудан бастап, қылмыстық әрекеттен қаражат бөлу процесіне дейін бүкіл қылмыстық тізбектің тиімді өзара іс-қимылын қалыптастырумен айналысады [3, 75 б.].

Ұсынылған жіктеу, ең алдымен, қылмыстық топқа қатысушылардың әрқайсысының шынайы "маңыздылық деңгейін" анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде қылмыстық топтың құрамында жеке тұлғамен де, бүкіл топпен де жұмыс істеудің қажетті әдістері мен тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Криминологиялық ғылымды одан әрі дамыту шеңберінде ұсынылған модель негізінде қарастырылып отырған түрдегі қылмыстардың алдын алу мен оған қарсы тұрудың "шаблондық" тетіктерінің едәуір санын әзірлеуге болады.

Және қоса кететінім, қазіргі кезде электрондық цифрлық қолтаңба қазақстандықтар үшін ең маңызды құралдардың біріне айналды. ЭЦҚ көмегімен әртүрлі деректер мен қызметтерге қол жеткізуге болады: үзінді көшірмелер мен анықтамалар алу, төлемдерді рәсімдеу, жылжымайтын мүлік немесе авто сатып алу бойынша мәмілелер жасау, зейнетақы жинақтарын алу. Әр түрлі қызметтерге осындай қол жетімділік ықтимал тәуекелдерді арттырады. Яғни, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қаскүнемдер адамның мүлкі мен қаржылық құралдарына қол жеткізе алады [4, 347 б.].

Сонымен қатар, көптеген отандастарымыз қаржылық және цифрлық сауаттылықтың болмауы проблема екенін түсінеді. Бұл жерде олар алаяқтар үшін оңай құрбан болып қана қоймайды, бұл әл-ауқаттың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Көбісі цифрландыру олардың ұйымдарындағы қызметкерлердің қысқаруына әкеледі деп

қорқады. Сауалнамаға қатысқан әрбір төртінші адам, егер цифрлық сауаттылық деңгейі жоғарыламаса, жұмыссыз қалу қаупі бар деп санайды. Қазақстандық зейнеткерлер еуропалықтармен салыстырғанда цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейіне ие. Цифрлық тұтынуудағы қиындықтар көбінесе пайдаланушылар алаяқтыққа тап болған кезде пайда болады. Көптеген адамдар үшін жалған ақпаратты сенімді ақпараттан ажырату қиын, сондықтан азаматтар интернетте елеулі қауіп-қатерге тап болмас үшін және өздерінің қаржылық ресурстарын жоғалтпау үшін цифрлық қаржылық сауаттылықты арттыруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Толеубекова Б.Қ. Компьютерная преступность: уголовно-правовые и процессуальные аспекты: Учеб. пособие. - Караганда: Караганд. ВШ МВД СССР, 1991. - 82 с.
2. Вехов Б. В. Компьютерные преступления: способы совершения, методика расследования. - М.: Право и закон, 1996. – 179 с.
3. Қапсәлімов Қ.Ж., Қапсәлімова С.С., Абралиев Ж.Ж. Криминалистика. – Нур-Султан, 2022 – 192 с.
4. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Общая и Особенная части. - Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 673 с.

УДК 368

Саутова Айгуль Жанайдаровна

«Құқықтану» кафедрасының магистранты
А.Мырзахметов ат. университеті
Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
PhD Шарыхан Ж.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

ПРАВОВОЙ СТАТУС ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

LEGAL STATUS OF THE CIVIL SERVICE

Аннотация. Ұсынылған жұмыста мемлекеттік қызметкердің әкімшілік және муниципалдық құқық контекстіндегі құқықтық мәртебе мәселесі талданады. Азаматтық және муниципалдық қызметкер ұғымдары ашылады, сонымен қатар осы мамандықтарды салыстыру өндіріледі. Талдау барысында айырмашылықтар тізіміне қажеттілік анықталып белгіленген кәсіптер, олардың міндеттері, құқықтары мен өкілеттіктері, міндеттерді оңтайландыру мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: құқықтық мәртебе, мемлекеттік қызмет, муниципалдық қызмет, қызметші, мемлекеттік қызметшінің құқықтары мен міндеттері.

Аннотация. В представленной работе анализируется проблема правового статуса государственного служащего в контексте административного и муниципального права. Раскрываются понятия гражданского и муниципального служащего, а также производится сравнение этих профессий. В ходе анализа будут рассмотрены профессии, задачи, права и полномочия которых определены и определены потребности в перечне различий, вопросы оптимизации обязанностей.

Ключевые слова: правовой статус, Государственная служба, муниципальная служба, служащий, права и обязанности государственного служащего.

Abstract. The Presented paper analyzes the problem of the legal status of a civil servant in the context of administrative and municipal law. The concepts of civil and municipal employee are disclosed, as well as a comparison of these professions is produced. In the course

of the analysis, the need for a list of differences is identified and identified professions, their duties, rights and powers, issues of optimizing tasks are considered.

Key words: legal status, civil service, municipal service, servant, rights and obligations of a civil servant.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жүйесін дамыту мемлекеттің тәуелсіздік жылдарындағы рөлінің өзгеруі, саяси жүйенің, экономиканың, қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру процестерімен тығыз байланысты екені барлығымызға аян.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мақсаттары мен басымдықтарын іске асыру үшін кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың тиімді жүйесін құру, мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігі мен ашықтығын қамтамасыз ету қазырғы заман қажеттілігі болып тұр. Қазіргі кездегі заң және оны іске асыру үшін әзірленген тиісті нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік қызметке кіру, оны атқару және тоқтату мәселелерін мемлекет өзі жүйелі түрде реттеу керек. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органдар және оның аумақтық бөлімшелері ауқымды ашық жұмыс істеу керек сияқты. Азаматтардың мемлекеттік қызметке тең қол жеткізудегі конституциялық құқығы міндетті конкурстық іріктеуді енгізу арқылы іске асырылуы әрине дұрыс, соған қарамастан оның тетіктері заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітілуі керек. Мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеуді енгізу кандидаттың мемлекеттік әкімшілік лауазымына қойылатын бекітілген, біліктілік талаптарына сай болуын анықтауға бағытталған талаптары әрине орынды болып табылады.

Мәселен, Заңға сәйкес мемлекеттік әкімшілік лауазымға кіру кезіндегі конкурстық іріктеу мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік қызмет туралы қолданыстағы заңнаманы білуге арналған тестілеуді өткізуін, сондай-ақ мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының кандидаттармен әңгімелесу өткізуін көздейді [1]. Алайда, конкурстық іріктеуді жүргізудің қазіргі кездегі тәжірибесін алғанда, мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі конкурстық рәсімдердің әділдігіне азаматтар тарапынан бірқатар сенімсіздіктердің пайда болғаны байқалады. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеу тәртібін жетілдіру және оның транспаренттілігін арттыру қажет.

Қазіргі кезде мемлекеттік қызмет жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың өңірлік орталықтары және басқа да білім беру ұйымдарын қамтитын оқыту инфрақұрылымдары жүйелі түрде қалыптастырылған.

Жыл сайын орташа есеппен мемлекеттік қызметшілердің үштен бірі қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында оқудан өтеді, соның нәтижесінде үш жылдық кезеңде мемлекеттік қызметшілерді жүз пайыздық оқыту қамтамасыз етіледі деп жоспарланған екен.

Мемлекеттің бұл жоспары, қазіргі кездегі оқыту процесінің сапасын басқару жүйесін жаңғырту және мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу бағдарламаларына оқытудың инновациялық әдістерін енгізу қажеттілігін туындап отырғанын көрсетеді.

Мемлекеттік қызметшілерге білім беру жүйесі практикалық маңызы бар және мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін, кәсіби білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған жаңа бағдарламалар керек.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерді оқыту жөніндегі жұмысты тиімді үйлестіруіміз керек сияқты Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымында үш жыл болғаннан кейін аттестаттаудан өтеді. Оның мақсаты олардың кәсіби дайындық деңгейін, құқықтық мәдениетін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін айқындау болып табылады. Аттестаттау рәсімі мемлекеттік қызметшіге тікелей басшысының аттестаттаудан өтетін қызметшінің кәсіби, жеке қасиеттерін және қызметтік жұмысы нәтижелерін көрсететін қызметтік мінездемені

ұсынуында қамтиды. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және олардың лауазымдық жалақыларына үстемақы белгілеу тәртібі айқындалған. Тұрақтылыққа қарамастан, мемлекеттік қызметшілердің еңбек төлемақысы, жеке сектормен салыстырғанда, бәсекеге қабілеттілігі төмен болып қалуда.

Мемлекеттік қызмет жүйесінде жауапты хатшы институты енгізілген болатын, оның негізгі міндеті мемлекеттік саяси қызметшілер ауысқан кезде мемлекеттік органдардың жұмысында кадрлық сабақтастықты сақтау болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы айқын сипатқа ие. Мысалы, мемлекеттік қызметке сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған адам не мемлекеттік қызметке кіруге байланысты және Заңда белгіленген шектеулерді қабылдаудан бас тартқан адам қабылданбайды. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдауы және олардың мемлекеттік қызметте болуымен байланысты жазбаша шектеулерді қабылдау нормасы бекітілген болатын. Халықтың мемлекеттік аппаратқа деген көзқарасы мемлекеттік қызметтердің сапасымен және қол жетімділігімен байланысты екенін де атап өтуіміз керек [2, 89 б.].

«Қазақстан – 2030» стратегиясында айқындалған мемлекеттік қызметті дамытудың басымдықтары: «кадрларды жалдау, даярлау және жоғарылату жүйесін жақсарту»; «мемлекеттік қызмет – ұлтқа қызмет ету»; «мемлекеттік қызметтің жоғары абыройын қалыптастыру және қолдау» осы тұжырымдамамен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделін қалыптастыру негізін алған едік. Соған тоқтала кетсек Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі бірінші кезекте «мемлекеттік қызмет» ұғымын жаңғыртуды көздейді.

Мемлекеттік қызмет «ұлтқа (қоғамға) қызмет ету» ұғымының синонимі болуға және мемлекеттік қызметтерді тұтынушы болып табылатын халыққа бағытталуға тиіс. Осылайша, «Қазақстан-2030» Стратегиясының ережелері негізге алына отырып: мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тиімді кадр саясаты және адами капиталды басқару жүйесі; мемлекеттік қызметтер көрсетудің жоғары сапасы және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі; мемлекеттік қызметшілердің оң имиджі және мінез-құлық этикасы мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастырудың үш тұғырлы мақсаты болып табылады. Үш тұғырлы мақсатқа сәйкес: мемлекеттік қызмет жүйесінде жаңа кадр тетіктерін қалыптастыру және қолданыстағыларын жетілдіру; мемлекеттік қызметшілердің жұмысын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру және мемлекеттік қызметшілердің жұмысын мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халыққа бағдарлау; мемлекеттік қызметтің жоғары мәртебесі мен беделін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілер мінез-құлықның этикалық нормаларын қалыптастыру мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастырудың міндеттері болып айқындалатын болды [3, 88 б.].

Халықаралық практикада мемлекеттік қызметтің екі үлгілік модельін бөліп қарастыруға болады – баспалдақтық және позициялық. Мемлекеттік қызметке кіру мен оны атқару тәртібіне қатысты осы модельдердегі айырмашылықтарға қарамастан, оларға мемлекеттік қызмет тиімділігін қамтамасыз ететін бірқатар жалпы шарттар тән. Біріншісі – мемлекеттік қызметшілерді саяси «тағайындалатындар» және кәсіби «орындаушылар» деп бөлу. Екіншісі – мемлекеттік қызметке конкурстық негізде қабылдау, бұл мемлекеттік қызметке білікті әрі құзыретті мамандарды іріктеп алуға мүмкіндік береді және кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың патронаждық жүйесі үшін мүмкіндіктерді азайтады. Мемлекеттік қызметтің жоғары беделі мен мәртебесі шетелдердегі мемлекеттік қызмет жүйесінің маңызды ерекшелігі болып табылады [4, 78 б.].

Қазіргі кезде, көптеген елдер мемлекеттік басқарудың ұлттық жүйесінің ерекшеліктерін ескеретін мемлекеттік қызметтің аралас моделін құруды жөн көреді. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде конкурстық іріктеудің бірінші кезеңінде уәкілетті орган және оның аумақтық басқармалары мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр

резервіне іріктеуді жүргізетін болады. Басқаша айтқанда, мемлекеттік қызметке кіру үшін кандидаттардың бірыңғай дерек қоры қалыптастырылатын болады. Тестілеудің жаңа бағдарламасы кадр резервінің деңгейіне қарай сараланатын болады: мемлекеттік қызметке алғаш рет кіру үшін, яғни «Б» атқарушылық корпусының лауазымына орналасуға кадр резервіне қосу үшін; «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілерді қызметтік саты бойынша жоғарылату үшін және «А» басқарушылық корпусының лауазымдарына орналасуға кадр резервіне қосу үшін. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар конкурстық комиссияларының төрағасы мен мүшелерінің өткізілген конкурстық іріктеудің сапасы мен объективтілігі үшін дербес жауапкершілігін белгілеу көзделеді. Осылайша, екі кезеңнен тұратын конкурстық іріктеуді енгізу мемлекеттік қызметтің кадр резервін тиімді пайдалануға және мемлекеттік органдарды кәсіби құзыретті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әлемдік практикада мемлекеттік қызметшілердің қойылған мақсаттар мен міндеттерді, лауазымдық нұсқаулықты, орындалатын жұмыс пен қол жеткізілген нәтижелерді салыстыруға негізделген жұмысының түпкілікті нәтижелерін бағалау қолданылады. Сапалы әрі тиімді еңбекті ынталандыру мемлекеттік орган ұжымында жайлы атмосфераны қамтамасыз ететін, мемлекеттік қызметтегі еңбек қатынастарының маңызды элементі болады [5, 24 б.].

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде ынталандырудың тиімді жүйесін қалыптастыру жеке сектормен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Мемлекеттік қызметшілерді ынталандырудың тиімді жүйесі жұмыстағы жоғары көрсеткіштер үшін тікелей ынталандыруларды құрушы, кадрларды мемлекеттік қызметте ұстап қалуды қамтамасыз етуші фактор және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға арналған қосымша шаралар қолданылып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа «Қазақстан – 2050» жолдауы // online.zakon.kz
2. Сапарғалиев Г.С. Основы государства и права. Хрестоматия. - Алматы 1996. – 633 с.
3. Сапарғалиев Г., Ыбраева А. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: «Жеті жарғы», 1995. – 427 б.
34. Табанов С.А. Құқық теориясы мен сот жүйесінің Конституциялық негіздері. - Алматы 2001. – 357 б.
5. Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. – Алматы, 2003. – 284 б.

УДК 456

Даулетбек Айдана Каскирбайқызы
Қазақ бизнес және технология университетінің бакалавры
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
аға оқытушы, магистр Бекербекова А.Т.

БӨКЕЙ ОРДА ТАРИХИ-ӨЛКЕНАТУ МҰРАЖАЙЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ОРНЫ

МЕСТО МУЗЕЯ БОКЕЙ ОРДЫ В РАЗВИТИИ ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛИ

THE PLACE OF THE HISTORICAL AND HISTORICAL MUSEUM OF BOKEI ORDA IN THE DEVELOPMENT OF THE TOURISM INDUSTRY

Аннотация. Туризм саласы елдің тарихымен, мәдени әл ауқатымен және салт дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік беретін үлкен әлеуметтік-экономикалық сегмент. Соның ішінен тарихи-мәдени туризмнің дамуын алға шығару, елге системалық түрде

өзгеріс енгізе алады деп санаймын. Өзіміз білетіндей, ел тарихына қатысты көрнекті орындардың көбісі әлеуміттік-экономикалық климаты аз дамыған, инфрақұрылымның қолжетімділігі төмен аймақтарда орналасқан.

Түйінді сөздер: туризм, тарих, аймақ, системалық, инфрақұрылым.

Аннотация. Сфера туризма представляет собой большой социально-экономический сегмент, позволяющий познакомиться с историей, культурным благополучием и традициями страны. Считаю, что развитие историко-культурного туризма может способствовать системным изменениям в стране. Как известно, большинство достопримечательностей, связанных с историей страны, расположены в регионах с менее развитым социально-экономическим климатом, низкой доступностью инфраструктуры.

Ключевые слова: туризм, история, регион, система, инфраструктура.

Annotation. The tourism sector is a large socio-economic segment that allows you to get acquainted with the history, cultural well-being and traditions of the country. I believe that the development of historical and cultural tourism can lead to a systematic transformation of the country. As we know, most of the sights related to the history of the country are located in regions with a less developed socio-economic climate and low availability of infrastructure.

Key words: tourism, history, region, system, infrastructure.

Осындай, маңыздылығы мол және даму әлеуеті зор аймақтардың біріне Батыс Қазақстанның, Хан ордасы ауылында орналасқан «Бөкей Ордасының тарихи-өлкетану мұражайын» жатқыза аламын. Мұражай тематикалық көзқарастан этно-мәдени, тарихи, архетикуралық, өлкетану салаларының барлығына қатысты ағартушылық рөлді атқарады. Осыған сүйене отырып, мұндай құнды орындардың халыққа тигізер тәрбиелік ықпалы зор деп сеніммен айта аламыз. Мұражайдың сақталып қалған ғимараттары мен естеліктері бізге 19 ғасыр қалашығының бейнесін тамашалауға мүмкіндік береді, ал мұражайдың аумағындағы 13 сәулет нысаны мен 17 мыңға жуық экспонаттар сол кездің өмірі туралы құнды бейне береді. Мұражай комплексінің қатарына «Бөкей Ордасы тарихының мұражайы», «Тәуелсіздік мұражайы», «Хан сарайының қару-жарақ қоймасы», «Қазақстанның тұңғыш мектебінің тарихы мұражайы» кіреді. Ғимараттар мұрағат құжаттары негізінде, сондай-ақ куәгерлердің естеліктері бойынша қайта жаңғыртылып, хан өмірінің қалалықтығы туралы түсініктер алынған болатын. Сарайдың маңызды бөліктерінің бірі қару-жарақ қоймасына сипат бере кетсек мұнда біз екі жарым метрлік найзаны, жебелері бар кулчанды, садақты көреміз. Кішігірім Мұражайдың тарихымен таныса кетейік.

Хан ордасы Бөкей ханның ұлы Жәңгір-Керей ханның күшімен 1826 жылы тұрғызылып Бөкей Хандығының саяси, экономикалық және мәдени өмірінің орталығына айналған болатын. 1823 жылы 22 маусымда Ресей императоры Александр I Жәңгірді Бөкей Ордасының ханы етіп тағайындау туралы жарлыққа қол қойды. Хан болып сайланбас бұрын Жәңгір, хандықты әскери басқару бойынша дәрістер, еуропалық білім, сонымен қатар араб, парсы, татар және орыс тілдерін жетік меңгерген болатын. Жер көрген, Ел таныған Жәңгір Халықтың дамып жетілуінде білім жүйесінің қаншалықты маңызды екенін түсінген. Дәл осы себептен ол ең алғаш болып осы жерлерге отырықшыл өмірдің бастауын салып, Бөкей Ордасының ішіне білім жүйесін енгізу бойынша саясатын жүргізеді, нәтижесінде 1841 жылдың 6 желтоқсанында Хан Ордасында ең алғаш орыс-қазақ білім беру мектебі ашылады. Кейбір деректерге сүйенсек, Жәңгір хан жылына үш рет мектепке барып оқушылардың білімдерін бақылауға алған. Бөкей Ордасының көптеген тумалары кейін орманшылар, инженер ғалымдар болып таным болды. Жәңгір ханның 20 жылдық билігі уақытында Хан Ордасында көптеген салалар дамып жетілген, соның ішінде орман ісі жақсы дамыған. Орданың қай жерден бастау алатынын шешпес бұрын Хан сол кездің ғалымдарынан кеңес сұрау арқылы, дәл осы аймақта жер сулары жер бетіне жақын орналасқанын ескереді. Осылайша Хан ордасында үйлер мен мекемелер ғана емес, сонымен қатар ағаштар да салынған. Қазір бұл шешімнің нәтижесін Хан Ордасының

айналасында созылып жатқан флораның түрлілігінен көре аламыз.Тіпті қазірдің өзінде Хан Орда ауылы және оның шығыс онтүсік-шығысында орналасқан Сайхин ауылы сияқты аймақтар осы артықшылықтың пайдасын көруде.

Жәңгір ханның сауатты шешімдерінің арқасында денсаулық сақтау саласында да маңызды өзгерістер мен инновациялар орын алды.Мысалға,жұқпалы ауруларға қарсы екпе салу практикаға еңгізілді,аурухана мен дәріхана мекемелері ашылды.Алғаш мұсылман мешіті салынды.Жәңгір хан Орданы Хан билігімен басқарған соңғы адам болды.Әділ реформатор өмірден 1845 жылы 11 тамыз айында,44 жасында озды.Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін Жәңгір ханға ақ құмтастан кесене құрылды,оның жанында басқа да Бөкей Ордасының тұлғаларына кесене тұрғызылды.Кесененің авторы-Көпбол Демесінов.Қазіргі уақытта бұл аймақта сол кездің тарихи бейнесін сақтап қалған көптеген ескерткіштер Бөкей Ордасының жеке тарихи мұражай кешеніне айналған.

Сондай-ақ 1841 жылы орыс-қазақ мектебі ашылғанын білеміз.Бұл мектепті Жәңгір хан өмірінің сонына дейін өз қаражатына ұстады.Осы жерден оның маңызды тағдырлы шешімдер қабылдаған кеңсесін көруге тамашалауға болады.Хан сарайында негізгі бөлмелердің бірі тақ бөлмесі болды.Ол қымбат парсы кілемдерімен безендірілген,ал қабырғаға жақынырақ,тағының өзі орналасқан және оның жанында ханның мөрі сақталған.Жәңгірдің хандық өмірінен бөлек,оның жұбайы Фатима ханымның қайта қалпына келтірілген жатын бөлмесіне көз сала кеткен жөн.Ханшаның бөлмесі қарапайым және таза жиһаздалған,көзге бірден түсетін-қызыл ағаштан жасалған төсек орын.Кереуеттің шатыры сирень парсы матасынан тігілген,ал төсек орын тысы жібектей нәзік матадан жасалып,өзінің ақшылдығымен көзге жағымды әсер береді.Фатима ханшаның өміріне бір зейін сала кетейік.Орынбор мүфтиі Мұхаммеджан Гусейнованың қызы Фатима 1824 жылы Жәңгірге тұрмысқа шықты, ол небәрі 15 жаста еді.Бірақ осы уақытқа дейін ол еуропалық білім алып,француз,неміс,орыс тілдерін меңгерген.Ханның үлкен әйелі аз уақыт бұрын қайтыс болғандықтан,жас Фатима Жәңгірдің үйіне бәйбіше болып кіреді.Фатима сол кездің қоғамдағы этикет тәртібін толық меңгерген болатын және кез келген дәрежедегі қонақты әрқашан құрметпен қарсы алатын.

Бұрынғы қазына ғимаратында қазір Бөкей Ордасының тарихы мұражайы орналасқан.Мұнда сол кездегі өмірден сыр шертетін 19 ғасыр экспонаттары, бірегей құжаттар мен фотосуреттер сақталған.Ең бірден бір маңызды экспонаттардың бірі бұл 19 ғасырлық сейф.Қазына сейфінің салмағы 1 тоннадан астам,сыртқы есігі қара түсті темірден,ал оның беті алтын түсті үлгімен безендірілген,ішкі есігі ағаштан жасалып оның ортасына және ішкі сейф полкарына құм құйылған.

Бұл қауіпсіздік шаралары қазынаны өрттен сақтауға көмегі болған.Тағыда бір керемет ғимарат-1918 жылы ашылған кеңестік қазақ баспаханасын жатқызсақ болады.Дәл осы жерде,ең алғаш,баспахана өз атауымен ашылмай тұрып 1911 жылы Шангерей Бөкейдің ат салысуымен “Қазақстан” атауымен татар,қазақ,орыс тілдерінде алғаш баспалар шығарыла бастаған.Ол Орал қаласында және осы Хан ордасында шығарылған,ал оның бас редакторы Елеусін Бұйрин болған. Баспаханың ішінде,сол кезде қолданылған баспа машинасын, алғашқы тілшілер мен баспа командасының суреттерін,тұңғыш газеттер мен камераларды тамашалауға болады. Шангерей атасы Жәңгірдей оқуға деген құштары зор болып,әдебиет пен мәдениетке ден қояды.Қазақ даласын алғаш фотоға түсіріп,тұңғыш фотограф ісі осы Шангерей Бөкейден басталған дейді.Жалпы сипатта,жекеленген кешенді тематикадағы мұражайлардан бөлек туристтерге демалуға арналаған кішігірім демалу алаңы мен фонтан жасалған.Хан сарайының жанында,Жәңгір ханның дәрігері А Сергачев үйі,қайда қалпына келтірілген хан құдығы,Мендешев Сейткалидің тұрған үйі орналасқан.

Бөкей Орда ауданын сөзге алғанда міндетті түрде осы жердің басқа да атақты тумаларын еске ала кеткен жөн.Бұл аймақта музыкалық мәдениетіміздің дамуына зор ықпалын тигізген ұлы тұлғалар дүниеге келген: Құрманғазы, Дина, Сейтек және Дәулеткерей.Кеңес одағының батыры,бәрімізге белгілі батыр қыз Мәншүк Мәметова да осы жердің тумасы.

Қазіргі уақытта Хан ордасы бірте бірте халқымызға танылып келе жатыр. Саяхатшылар тек ішкі аймақтардан емес, сонымен қатар көрші мемлекеттерден де ағылады. Хан Орда мұражай кешенінің алға қойған даму жоспарлары тоқтап жатқан жоқ, атап кеткен кешендерден бөлек мұражайдың болашақ экспликация кестесі бар. Ол сызбаға: велосипед жолы, жазғы 300 орындықтық шығармашылық сахна, қарағайлы саябақ, қонақ үй, қазақтың ұлттық этноауыл кешені, көлшікті кесіп өтетін жаяу көпір, 19 ғасырлық этноқалашық кешені және санаторий кіреді. Бұл жоспарды жүзеге асыруды қолға алып, мұражай кешенінің дамуына аса белсенді күш жұмсалуды керек деп санаймын. Менің ойымша дәл осы Бөкей Орда мұражайының дамуы Туризм саласын нарықта алға тартуға зор үлесі болады. Жаңа айта кеткендей мұражайдың өнеркәсіп шаруашылығын, орман ісін және алғашқы фотограф пен тіліші ісітерінің бастауындағы рөлі мол.

Осындай маңызды ақпараттарды көпшілікке жеткізу, саяхатшылардың қызығушылығын оятуда көмегі болады деп сенемін, себебі турист ең алдымен мемлекетпен танысу барасында оның тарихына үлкен мән береді.

Бұл тарихы зор аймақты тамашалау үшін Орал қаласынан жол бастау керек. Жана қала ауылына дейінгі жол жақсы, ал одан кейін асфальт мүлдем жоқ. Яғни, арғы 200-270 ге жуық жол көлемін ойшықты, құмды жолмен жүріп шығу керек. Егер кенеттен жаңбыр жауып кетсе, құмды батпаққа батып қалу өте оңай, сондықтан саяхатқа аттанбас бұрын алдымен ауа райын тексеріп алған жөн. Сонғы 2019-2020 деректер бойынша жол Қазаталов маңынан басталды деген ақпарат бар, алайда жұмыс қазіргі таңда жалғасып жатыр ма немесе тоқтап қалдыма белгісіз.

«Қазталов, Жәнібек және Бөкейорда аудандарына қарай асфальт жолдың құрылысы басталды, бұл «Хан Ордасы» мұражай кешенін туристік логистикаға ыңғайлы етеді. Бұл мәселе Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеке бақылауында» деп хабарлайды tengrinews.kz.

Жолдың, яғни оның жоқтығының тудырып отқан «қолжетімсіздік» мәселесі жергілікті дүкендердегі бағалардан жоғарлығынан көрінеді. Хан Ордасы ауылының тұрғыны жолдың жоқтығынан ауылда азық-түлік бағасы басқа елді мекендерге қарағанда әлдеқайда қымбат екенін айтты. Нан бағасы 140 теңгеге жетсе, Жәнібек ауданында 90. Бензиннің литрі 185 теңгеден сатылмақ. Экономикалық мәселеден басқа, қауіпсіздік мәселелері де бар. Жол таза батпақты-құмды болғасын, көліктердің артынан көтерілетін шаң кейде қақтығыстарға әкеп соқтырады.

Қорыта келгенде, саяхаттап келетін туристерге қарсы табылатын факторлар жеткілікті. Бірақ та, Хан Ордасы сияқты әлеуеті зор, мәдени-тарихи ағартушылық рөлі мол жерлермен танысу жолдары қол жетімді және де ыңғайлы болады деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа «Қазақстан – 2050» жолдауы // online.zakon.kz

2. Сапарғалиев Г.С. Основы государства и права. Хрестоматия. - Алматы 1996. – 633 с.

1. Жайлаубаева Д., Атырау облысында туризмді дамытудың маңыздылығы. "Географиялық білім беруді жетілдірудің кейбір өзекті мәселелері» Конференция материалдар жинағы. Атырау 2016, ЫСБН 9965-741-95-6

2. Егемен Қазақстан ақпараттық ресурсы <https://egemen.kz/article/336699-lotosty-korgen-de-armanda-kormegen-de-armanda>

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЛОТОС ЖАУҒАРЫ – ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

ШЕДЕВР ЛОТОСА АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ-НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА

LOTUS MASTERPIECE OF ATYRAU REGION-NEW DIRECTION OF TOURISM DEVELOPMENT

Аннотация. Туризм даму бағытын жаңа қырдан қарастыру әлем бойынша үлкен жетістіктер әкелуде. Сол себепті еліміздің батыс аймағындағы Атырау қаласының туристеріне ерекше болып табылатын лотос гүлдері туризмді жаңа қырдан көрсететін мүмкіндік беруде.

Түйінді сөздер: Атырау қаласы, туризм, туризмді дамыту, жаңа бағыт, лотос жауғары

Аннотация. Рассмотрение направления развития туризма в новом свете приносит большие успехи во всем мире. Именно поэтому цветы лотоса, которые являются уникальными для туристов города Атырау в западном регионе страны, дают возможность показать туризм с новой точки зрения.

Ключевые слова: город Атырау, туризм, развитие туризма, новое направление, цветок лотоса

Abstract. Considering the direction of tourism development in the new world brings great success all over the world. That is why lotus flowers, which are unique for tourists of Atyrau city in the western region of the country, give an opportunity to show tourism from a new point of view.

Keywords: Atyrau city, tourism, tourism development, new direction, lotus flower

Қазақстан Республикасы Атырау облысының кең байтақ жері, мұнайлы өлке, оның көрікті де, тартымды жерлерінің болуы еліміздің туризм саласын одан әрі жетекші даму саласы болуына үлесін қосып, септігін тигізіп келеді.

Елімізде 17 облыстың бірі батыс бөлігінде орналасқан мұнайлы шаһары Атырау облысы қасиетті де киелі, ару қала болып саналады.

Облыс орталығы – Атырау қаласы, оның тарихы сырға толы қала, Каспий теңізінің жағасынан қырық километр жерде орналасқан Жайық өзенінің атырауын алып жатыр, жалпы облыс атауының өзі осыдан шығуында.

Атырау облысы — Қазақстанның ең дамыған индустриялық өңірлерінің бірі. Мұнда шетелдік және отандық капитал салымдары шоғырландырылған, бұл облыстың ғана емес, жалпы республиканың экономикасының қарқынды өсуін үздіксіз қамтамасыз етеді.

Атырау облысы туризм саласын дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Атырау облысында көбінесе туризмнің іскерлік бизнес жағынан Қазақстанда көшбасшы орындардың бірін алады. Жалпы облысымызға келушілердің санағына келетін болсақ, 2021 жылы III тоқсанда ішкі туризм бойынша 130 685 келушіге (2018 жылғы деңгейге 29 312 адамнан астам), келу туризмі бойынша — 57 251 келушіге (2018 жылғы деңгейге 7 837 адамнан астам) қызмет көрсетілді.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, бұрнағы жылдың 9 айында мұнайлы өңірге саяхаттауды жаны қалайтын 30,5 мың турист табан тіреген екен. Ал былтырғы осындай кезеңде келушілер саны 108 158 адамды құрап отыр. Оның ішінде келу туризмі санатына жататындар – 13,7 адам. Ішкі туризммен 94,3 мың адамның келгені тіркелген.

Шетелдік туристердің басым бөлігі ТМД құрамына кірмейтін елдердің тұрғындары болып отыр. Бұл – 5 407 адам. Ал алыстағы АҚШ-тан – 1 359, Біріккен корольдіктен – 532, Нидерландтан – 298, Қытайдан 159 турист мұнайлы өңірге келетіндердің қатарын толықтырды.

Өңірде Қазақстанның киелі жерлерінің тізіміне енген 7 тарихи ескерткіш бар (Махамбет ауданы: «Сарайшық» мемориалдық кешені; Жылыой ауданы: Ақмешіт қорымы, Құлшан ата жерасты мешіті, Аралтөбе қорғаны, Иманқара кешені, Ұшқан ата қорымы; Индер ауданы: Махамбет Өтемісұлы мазары). Жазғы кезеңде қала қонақтары «күзға шығу», «жылқы мен түйемен серуендеу» түрінде ойын-сауық қызметтері ұсынылатын, Жайық өзенінің жағалауындағы турбазаларға бара алады.

Қазіргі кезде Атырау қаласында шолу экскурсиясы бағдарламасы әзірленген және жұмыс істейді, онда көптеген қызықты тарихи, мәдени көрнекті жерлердің, ескерткіштер мен ойын-сауық нысандарының, сондай-ақ өңірде өмір сүріп жатқан түрлі халықтардың ас мәзірлерін қамтыған мейрамханлар мен дәмханалар қамтылған. Сондай-ақ жаз мезгілінде қала тұрғындары мен қонақтары үшін Атырау қаласының дәл орталығынан ағып өтетін және қаланы екі құрлыққа: Еуропа мен Азияға бөлетін Жайық өзені бойынша экскурсиялық теплоходпен серуендеу мүмкіндігі қарастырылған. Сол себепті қала халқы да, қала қонақтары да Каспий теңізі бетінде серуендеп демалуды жақсы қабылдайды.

Оның бірі әдемі және ерекше сирек кездесетін гүлдің өсуі, ашылуы туристерге көруге қызық жер. Ашып айтатын болсам, мұнайлы өңірдің батыс қиырындағы Құрманғазы ауданында Қиғаш деген өзен бар. Бұл өзен Ресей Федерациясының Астрахань өңірімен арадағы шекараны қақ жара ағады. Жыл сайын шілденің ортасынан тамыздың соңына дейін өзен сағасында лотос гүлдейді. Оны тамашалау үшін «Ақтөбе – Атырау – Ресей Федерациясының шекарасы» бағытындағы жолмен ғана жетуге болады. Арақашықтық – 300 шақырымға жуық.

Құрманғазы ауданы демалыс орындарында Қиғаш өзеніндегі балық аулау және аң аулау жұмыстарының жолға қойылғанымен ерекше. Қиғаш өзені жағалауының әдемі табиғи орны мен таза ауасы экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Мұндағы «Сексен кесік, сегіз арал» деп аталатын су қойнаулары аң-құсқа толы. Сонымен қатар бұл аймақта әлемде сирек кездесетін лотос гүлдері өседі. Қос өзен бойындағы тамаша табиғат көріністері ішкі туризмді дамытуға мол мүмкіндік бере бастады. Бес мың гектар аумақты алып жатқан лотос гүлдерінің алқабы Каспий теңізінің інжу-маржаны саналады. Теңіз жағалауы мен Қиғаш-Шора өзендерінің айдыны қазір масатыдай құлпырған кілем іспеттес.

Лотос – әсем гүлді көпжылдық су өсімдігі. Ескі замандағы Мысыр және Үндістан жұрты қатты құрметтеген. Аңызға сенсек, бұл гүлдің тұқымын Ұлы Жібек жолы заманында саудагерлер алып келуі мүмкін немесе жыл құстары арқылы таралған деген тәмсіл бар.

Шығыста киелі саналатын бұл гүлдердің Каспий теңізіне қалай жеткені туралы бірнеше нұсқа бар. Мысалы, оларды бүгінде мындаған қоныс аударатын құстар әкеле алады. Бірақ негізгі нұсқа - лотос тұқымын Ұлы Жібек жолы бар кезінде Үндістаннан немесе Қытайдан жергілікті астрахандық көпестер әкелген.

Лотос гүлінің өзіне келетін болсақ, Лотос (лат. *Nelumbo*) – қосжарнақты өсімдіктер тұқымдасы, лотос тұқымдасының (лат. *Nelumbonaceae*) жалғыз өкілі. Лотос - тамырсабақ биіктігі 150 сантиметрге дейін өсетін және ұзындығы 3 метрге дейін созылатын су көпжылдық шөптесін өсімдіктердің бір түріне жатады. Әртүрлі салада емдік, мәдени және тарихи жағынан маңызы бар және қолданылу мен тұтыну әдістері қолданылады.

Лотос туралы көптеген аңыздар мен қызықты әңгімелер бар. Лотос Үндістан мен Қытайда өсіріледі, көлдер мен каналдардың лайларына тұқым себеді. Спаржа орнына

өсімдіктің жапырақтары пайдаланылады, тұқымынан мармелад, ал гүлдерінен шай дайындалады.

Лотос – тазалықтың символы. Ол көптеген рухани тәжірибелерде қолданылады, өйткені өсімдік адамның аурасын тазартады және оның денсаулығына пайдалы әсер етеді деп саналады. Лотос күн сайын кешке гүлді жауып, таңертең қайтадан пайда болу үшін судың астына тығылады. Ең қызығы, гүл судан шығып, құрғақ болып қалады. Аңыз бойынша, су неғұрлым лас және мөлдір емес болса, лотос гүлі пайда болған кезде соғұрлым әдемі болады. Ежелгі Египетте, Үндістанда және Қытайда лотос ерекше құрметті және қасиетті өсімдік болды. Ежелгі мысырлықтар арасында лотос гүлі өлгеннен қайта тірілуді білдіреді, ал иероглифтердің бірі лотос түрінде бейнеленген және қуаныш дегенді білдіреді. Лотостың Египетте де экономикалық маңызы болды: оның тамырсабақтары жеуге жарамды деп саналды, оларды картоп сияқты қайнатып жеді. Сонымен қатар, лотостың ұнды дәндері де тағам ретінде пайдаланылды, олар ұнға тартылып, одан нан пісірілді. Тамыр мен тұқымнан дәрі де дайындалды.

Мысырдағы лотос күн құдайы Осириске арналды. Осиристің басына лотос гүлі бейнеленген. Ал Мысыр перғауындары өздерінің құдайлық шығу тегінің белгісі ретінде бұл гүлдерді бастарына кигізді, ал олардың билігінің эмблемасы - патша таяқшасы - сабағы бар лотос гүлі түрінде бейнеленген. Лотос мемлекеттік монетада не бүршікте, не гүлдеп тұрғанда және бейнеленген. Лотостың түрлі түстері бар, ақ түрі ұйқы символына айналған, ол түнде ғана гүлдейді. Мысырлық көк лотос түрі күндіз гүлдейді, ол ұйқыдан оянатын таңның символына айналды; өлгендер о дүниеде оянсын деп қабірлерге қойылды. Мысыр храмдарының бағаналары сабақтағы лотос гүліне еліктеу болды. Жабық және ашық гүл бүршігінің суреттері Египет бағандарының астаналар түрлерінің негізін құрады. Ежелгі грек мифологиясында лотос сұлулық құдайы Афродитаның эмблемасы болған.

Көптеген халықтар үшін лотос құнарлылықты, денсаулықты, өркендеуді, ұзақ өмірді, тазалықты, руханилықты, қаттылықты және күнді бейнеледі. Шығыста бұл өсімдік әлі күнге дейін мінсіз сұлулықтың символы болып саналады. Біздің Каспий гүлі қызғылт түсті. Мұндай лотос, айтпақшы, Үндістан мен Вьетнамның ұлттық гүлі болып саналады. Хош иісті шай жасау үшін кептірілген лотос стамендері қолданылады екен.

Су бетінде гүлдеп тұрған лотостың әдемілігін тек көзбен көру керек. Хош иісі мұрныңды жарады. Лотостың түсі – қызғылт, биіктігі 150 сантиметрге дейін жетеді. Бір қызығы, су ортасында өсетін лотос таңертең қауызын ашып, кешке қайта жабады. Таңертең су бетінде қауызын ашқанда құрғақ болып тұрады. Бұл гүлді үндістер мен вьетнамдықтар тазалықтың символы ретінде бағалайды. Тіпті оның емдік қасиеті бар деп есептеледі. Тұқымындағы ақуыз бүйрек пен көкбауыр, жүрек ауруы мен ұйқысыздықты емдеуге қолданылады екен. Алайда лотос гүлін жұлға болмайды. Себебі бұл еліміздегі сирек кездесетін өсімдіктердің тізіміне енгізілген.

Мәселен, былтыр екі ел шарасындағы су айдынында гүлдеген лотосты көруге күніне 50 турист келген. Шетелдік туристтердің былтыр лотос алқабын алғаш рет көрген екен және тек лотосты ғана емес, аққу, аққұтан сынды құстарды да тамашалаған.

Туристер жақсы пікірлерін қалдырып, өздерінің ойларымен бөліскені әрине, бізге жақсы, бірақ та ескеру керек жайт, ол сол мекеннің туристерге қолайлылығы мен қолжетімділігі. Яғни, қазір, туристерге арнап лотос гүлін көру мекеніне жөндей жұмыстарын жүргізіп, жанына инфрақұрылымның салынуы, одан әрі, туристтер санын арттырады және үлес қосады. Жайттарға келетін болсақ, ол, ең алдымен, жолдың қолайлы және дұрыс болуы, туристтерге демдерін басып, тынығып алуына тоқтауға арналған орындарды қойып, қоқыс-жәшіктер, пластикалық заттардан аулақ болуы, одан әрі зоналарды ашып, кеңейтуге жағдай жасағаны дұрыс-ақ, себебі қала мұнайымен танымал болғанымен, мұнай шығаратын және өңдейтін зауыттардың және кәсіпорындардың көптігін туғызды, ал оның кері әсері, ауаға, атмосферасының ластығына себепкер. Бұны шешудің жолы әрқашан табылады және оң нәтижеде әртүрлі қолдаулармен жүргізілуі одан әрі сапасының жақсаруын қамтамасыз етеді. Өзге халық лотос гүлін қатты құрметтеп, қадірлейді, ал бұл лотос гүлі өсетін мекен бізге құндылық екенін түсініп, оны

дұрыс жолда ұстап, сақтап, бағаласақ, осы аймаққа туристердің келуіне жаңа бығыт бола алады.

Атырау облысындағы жалғыз аймақ Құрманғазы ауданында өсетін лотос алқабын көруге келушілерге арнайы нұсқаулық көмек көрсететін кәсіпкерлік нысандар бар. Соның бірі «West Motors service» ЖШС экскурсиялық мекеме болып табылады.

Атырауда туризм саласын дамыту үшін қолайлы аудан ретінде толық қарастыруға мүмкіндік бар. Болашақта емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық, спорттық, экологиялық, экстрималдық түрлерін дамытуға мүмкіндіктер бар. Спорттық туризмді дамытуда балық аулаудың өзіндік үлгісін ұсына алады. Облыста мәдени-танымдық туризм (өлке тарихымен, оның салт-дәстүрімен танысу), спорттық-әуесқойлық (аң аулау және балық аулау), этнографиялық, экологиялық және сауықтыру туризмі дамытыла бастады.

Қорыта келгенде, осы туристік нысандарын көбейту мақсатында олардың инфрақұрылымы мен болашақ дамуына назар аударып, көбейту үшін жүргізілетін мәселелер қаламыздың ішкі туризмінің экономикалық үлесін өсіріп, жетістіктерге жетуге жол ашады. Себебі, бұл жаңа бағыттың болашағы бар, туризм саласында танымал аймаққа айналып, келуші туристерді тартуға және Атырау қаласының туристік даму жағдайына өз үлесін қоса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жайлаубаева Д., Атырау облысында туризмді дамытудың маңыздылығы. "Географиялық білім беруді жетілдірудің кейбір өзекті мәселелері» Конференция материалдар жинағы. Атырау 2016, ЫСБН 9965-741-95-6
2. Егемен Қазақстан ақпараттық ресурсы <https://egemen.kz/article/336699-lotosty-korgen-de-armanda-kormegen-de-armanda>
3. «Атырау облысының экологиялық туризмі өркендеп келеді» мақаласы <https://khabar.kz/kk/news/item/114868-atyrau-oblysyny-ekologiyaly-turizmi-rkendep-keledi>
4. «Туризм: Атырау облысында жеті киелі жер орналасқан» мақаласы <https://egemen.kz/article/222550-turizm-atyrau-oblysynda-dgeti-kieli-dger-ornalasan>
5. Долина лотоса в Атырауской области. Все права защищены. Используйте активную ссылку на pricom.kz <https://pricom.kz/novosti/dolina-lotosa-v-atyrauskoj-oblasti.html>

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ДЕҢГЕЙІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ФАКТОРЫ**

**ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАК
ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ МОТИВАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

**THE LEVEL OF PSYCHOLOGICAL COMPETENCE INCREASE AS A
FACTOR OF PEDAGOGICAL ACTIVITY FORMATION**

Аннотация. Бұл мақалада психологиялық белсенділік педагогикалық іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру факторы ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: Деятельность, психологическая деятельность, педагогическая деятельность, мотивация.

Аннотация. В данной статье рассматривается психологическая деятельность как фактор формирования мотивации педагогической деятельности.

Ключевые слова: Құзіреттілік, психологиялық құзіреттілік, педагогикалық іс-әрекет, мотивация.

Annotation. This article discusses psychological activity as a factor in the formation of the motivation of pedagogical activity.

Keywords: Activity, psychological activity, pedagogical activity, motivation.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру

үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Нәтижеге бағытталған жаңаша білім беру тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейінгіде жетістігінің кепілі болып табылады. Бүгін қоғамның білім беруге қойып отырған талаптары мен білім берудің нақты жағдайы арасындағы қарама-қайшылықтарды үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін барлық деңгейінде – кәсіптікке дейін, жоғарғы оқу орнындағы, жоғарғы оқу орнынан кейін де жаңарту негізделген. Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беруді дамыту стратегиясының негізгі мақсаты жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете алатын жоғарғы оқу орнының ұлттық моделін құру, нәтижеге бағытталған білім беру негізінде кәсіби құзіретті мұғалім қалыптастыру. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді [1].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті [2].

Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту — оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс.

Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне, мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты. «Мектептің жүрегі — жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың

болашағы – ұстаздардың қолында. Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай «қазақ тілі» пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Мен сындарлы оқыту бойынша қазақ тілі пәні бойынша әдіс-тәсілдерімен оқытып жатырмын. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталайық. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл — ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы.

Оқу іс — әрекетті жоспарлағанда мұғалімнің білімділігі, ізденімпаздығы, меңгертуі, педагогикалық шеберлігі аса маңызды. Балалардың оқу іс — әрекет үстінде көңіл — күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, танымдылығын дамыту үшін пікір алысу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мұғалімге байланысты болмақ [3].

Мұғалім оқушыны жігерлендіруші, қуат беруші. Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым деп көрсеткен К.Құдайбергенова. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз — педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы » [4].

К.Құдайбергенова құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазған. Кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер — мұғалімнің, жаңашыл — мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады. Бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы, өзіндік іс — әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және

білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз. Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Педагогикалық қызмет – педагогтың оқушыға, студентке тәлім-тәрбие және білім беруші әсері арқылы, оның интеллектуалды, қайраткерлік-іскерлік және жеке тұлға ретінде дамыту арқылы оның өзінің дамуына және өзін жетілдіруіне бағыттайды.

Педагогикалық кәсіби қызметтің пайда болуын адамдар арасындағы функцияларды (қызметті) бөлісу нәтижесімен байланыстырады. Оның рөлін анықтаған кезде ең алғашқы және бастапқы қызмет екенін атап өткен жөн, өйткені ол балалардың дамуына, тәрбие мен білім алуына бағытталған. Бұл адам қызметінің ішіндегі ең күрделісі, өйткені оның тиімділігі педагогтың адам физиологиясы мен психологиясын терең меңгеру қабілеті арқылы басқа адам дүниесіне кіріп, онда ұйымдастырушы-педагогикалық әрекеттер жасауға арналған. Педагогты қоршаушы социумның қабылдауының күрделілігі мен бірқалыпты еместігіне қарамастан, оның еңбегін приоритетті қызметтер қатарына жатқызуға болады, өйткені педагогикалық қызмет адамның барлық қызмет саласының (сферасының) бастауында тұрып, көпшілік жағдайда қоғамның келешектегі дамуын нормалаушы және реттеуші болып саналады.

Адамның кез-келген қызметі сияқты педагогикалық қызметтің де негізін еңбек құрайды, ол бір немесе бірнеше еңбек қимылымен саналы міндетті шешуге мүмкіндік береді. Педагогикалық шеберлік іс-әрекетте көрінеді (Н.В. Кузьмин), бірақ ол оған енбейді, ол арнайы жалпыланған дағдыларды дамытудың жоғары деңгейімен сипатталады (В.А. Слостененко), бірақ бұл бастысы емес. Мәні мұғалімнің тұлғасында, оның ұстанымында, қызметті жоғары кәсіби деңгейде басқару қабілетінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
2. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**ВОИНСКИХ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЯ****MILITARY CRIMINAL OFFENSES**

Аннотация. Әскерге шақыру бойынша не келісім-шарт бойынша Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер ғана, сондай-ақ запастағы азаматтар әскери жиындардан өту кезінде, әскери қылмыстық құқық бұзушылық субъектілері болып табылады.

Түйінді сөздер: Әскери қылмыс, әскери қызмет, ереже, қызметтік жағдай, бөлім.

Аннотация. Субъектами военно-уголовных правонарушений являются только военнослужащие, проходящие службу в Вооруженных Силах, других армиях и воинских структурах, а также военнообязанные, проходящие военную подготовку.

Ключевые слова: Воинское преступление, военная служба, правила, условия службы, ведомство.

Abstract. The subjects of military criminal offenses are only military personnel serving in the Armed Forces, other armies and military structures, as well as those liable for military service undergoing military training.

Keywords: Military crime, military service, rules, conditions of service, agency.

Қазақстан Республикасын қарулы басқыншылықтан қорғау – мемлекеттің маңызды функцияларының бірі және бүкіл халықтың ісі. Конституцияның 36-бабының 1-бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасын қорғау ұлты мен әлеуметтік тегіне, тұрғылықты жеріне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, нәсіліне, тіліне қарамастан оның әрбір азаматының қасиетті борышы әрі міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген тәртіппен және түрлерде әскери қызмет атқарады.

Қарулы Күштердің әскери нұсқаулықтарында әскери бөлімдердің, ведомстволардың, мекемелер мен ұйымдардың әскери қызметшілерінің қызметтік міндеттерін орындауының қатаң тәртібі нақты белгіленген. Әскери қызметшілер әскери тәртіпті бұзғаны, құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қылмыстық кодекске сәйкес «Әскери қылмыстар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде мерзімді немесе келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер жасаған, осы тарауда көзделген әскери қызметтің белгіленген тәртібіне қарсы қылмыстар деп танылады. және Қазақстан Республикасының әскери құралымдарына, сондай-ақ запастағы азаматтарға олардың жарналары өтуі кезінде.

Заңның мазмұнынан шығатыны, әскери қызметті атқару тәртібін реттейтін қатынастарға қол сұғатын қоғамға қауіпті әрекеттер (әскери қылмыстардың жалпы объектісі) әскери қылмыстар деп танылады.

1. Әскери қылмыстардың жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөліміндегі әскери қылмыстар 18-тарауды құрайды (ҚР ҚК 366-393-баптары). Әскери қылмыстың

анықтамасы қылмыстың қоғамдық қауіпті, заңсыз және кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік ретіндегі жалпы түсінігінен шығады. Сонымен қатар әскери қылмыстың басқа қарапайым қылмыстардан ерекшеленетін белгілерін көрсетеді. Әскери қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі олардың әскери құқық тәртібін, яғни әскери заңмен реттелетін әскери қатынастарды өрескел бұзып, осы құқық тәртібіне нұқсан келтіруінде, әскери тәртіп пен әскерлердің жауынгерлік әзірлігін әлсіретуінде. [1]

Әскери қылмыстардың белгілері:

а) Әрекеттің әскери қызмет өткерудің белгіленген тәртібіне, әскери құқық тәртібіне қарсы бағытталуы;

б) Әскери қызметшінің немесе әскери қызметке міндетті адамның оқу немесе сынақтан өту кезінде, яғни арнаулы субъектінің құқық бұзушылық жасауы. Кез келген әскери қылмыс осындай белгілердің жиынтығымен сипатталады. Әскери қызмет өткеру тәртібі барлық әскери қызметшілер үшін міндетті, оны бұлжытпай және дәл сақтау әскери тәртіптің мәні болып табылады. Әскери-құқықтық тәртіп әскери ұйымның ерекше белгілері мен принциптерін көрсетеді. Әскери қызмет азаматтардың конституциялық міндеті ретінде, қолбасшылықтың бірлігі, қол астындағылардың командирлерге (бастықтарға) сөзсіз бағынуы, қатаң әскери тәртіп.

Заңда көзделген әскери қылмыстар келесі жүйені құрайды:

а) Әскери қызметшілердің бағыну тәртібіне және жарғылық қатынастарына қарсы қылмыстар – қылмыс құрамының 7 құрамы;

б) Әскери қызметтен жалтару – қылмыс құрамының 5 құрамы;

в) Әскери мүлікті сақтау және әскери техниканы пайдалану тәртібіне қарсы қылмыстар – 5

қылмыс құрамы;

г) Әскери құпияны жария ету - 1 қылмыс құрамы;

д) Арнаулы қызметтерді жүзеге асыру тәртібіне қарсы қылмыстар – 4 қылмыс құрамы;

е) Әскери теріс қылық - 2 қылмыс құрамы;

ж) Ұрыс қимылдары аймағында жасалған әскери қылмыстар – қылмыс құрамының 9 құрамы.

Әскери қылмыстың субъектісі, оны жасаушылар, жоғарыда атап өтілгендей, тек әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери міндеттілер болуы мүмкін. Заң бойынша әскерилер деп армияда, теңіз флотында, шекаралық және ішкі әскерлерде мерзімді әскери қызметте жүрген адамдар, сондай-ақ ҰҚК 2-нің қатардағы, сержанттары мен офицерлері түсініледі. Әскери қылмыстар үшін, ереже бойынша, әскери қызметке дұрыс емес шақырылған, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кезде денсаулығына байланысты әскери қызметке жарамсыз адамдар да тартылуы мүмкін. Әскери қызметке дұрыс емес шақырылған адам әскери қызметшілер үшін белгіленген құқықтар мен міндеттердің иесі болады.

Бұл ретте, әскери қызметке жарамсыз адамдардың өздері жасаған әскери қылмысы үшін жауапкершілігі туралы мәселе бұл адамдардың денсаулық жағдайы бойынша немесе өзге де себептер бойынша әскери қызмет міндеттерінен босатылуға жататындығы ескеріле отырып шешіледі. . Әскери қызметке жарамсыздығына әкеп соққан психикалық ауытқулар немесе басқа да ауру жағдайлары немесе дене кемістіктері, сондай-ақ әскери қызметке толмағандар жасалған әрекет үшін жауапкершілік мәселесін шешу үшін де, осы жауапкершілікті даралау үшін де өте маңызды болуы мүмкін. Әрине, бұл мән-жайлардың маңыздылығы іс-әрекеттің сипаты мен қауіптілігіне, сондай-ақ олардың қылмыс жасауға ықпал ету дәрежесіне байланысты болады. Адамның әскери қызметке жарамсыздығы өз алдына жауапкершілікті жеңілдететін жағдай бола бермейді. [2]

Әскери қылмыстардың көлеміне тек осы әскери қызмет қатынастарына, әскери қызметті атқару тәртібіне қол сұғатын әрекеттер жатады.

Әскери қылмыстарға сондай-ақ олардың субъектісі ретінде қатаң белгіленген тұлғалар шеңбері болуы мүмкін, атап айтқанда: оқу-жаттығу жиындары кезінде әскери қызмет өткеруге міндетті әскери қызметшілер, сондай-ақ Заңда ерекше нұсқау бар

адамдар. Бұл адамдар әскери қылмыстың субъектісі болып танылады, өйткені оларға ғана әскери қызметтің нақты міндеттері жүктелген, сондықтан олар ғана осы қылмыстардың тікелей орындаушылары бола алады.

Дегенмен, әскери қызмет тәртібіне кез келген қол сұғушылық, әрбір әскери қызметші немесе оның оқу-жаттығу жиыны кезінде әскери қызмет өткеруге міндетті адам әскери қылмыстар үшін жауапкершілікке тартылмайды. Оның жасаған әрекеті, егер мұндай әрекет Заңда көзделген болса ғана әскери қылмыс деп танылады.

Кез келген қылмысқа екі маңызды белгі тән – қоғамдық қауіптілік және құқыққа қарсылық.

Қоғамдық қауіптілік – қылмыстың қоғамдық мәнін, оның материалдық белгісін ашатын құбылыс. Әрекет қоғамдық қауіпті, өйткені ол қалыптасқан қоғамдық қатынастарға қол сұғады және өзінің табиғаты бойынша адамдардың мүдделеріне қайшы келеді.

Қылмыс қоғамға қауіпті әрекет қана емес. Бұл әрекет белгілі бір құқық нормаларын бұзады, сондықтан ол заңсыз болып табылады.

Әскери қылмыстарды сипаттау кезінде баптың талаптарын басшылыққа алу керек. Конституцияның 36-бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қызметтік борышы әрі борышы» делінген.

Армия мен флот басқа мемлекеттік мекемелерден қатаң орталықтандыруымен ерекшеленеді. Мұнда нақты әскери-қызметтік қатынастар қалыптасады. Қылмыстық кодекстің 18-тарауында көзделген әрекеттер ғана әскери қылмыстар деп танылады.

Әскери қылмыстардың объективтік жағы тиісті заңдармен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен, әскери-құқықтық нормалармен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтарымен айқындалатын Қарулы Күштерде белгіленген әскери қызметті өткеру тәртібі.

Әскери қылмыстардың субъектілері болып мерзім бойынша немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілер, сондай-ақ оқу-жаттығу жиындары кезінде запастағы азаматтар табылады.

Әскери қылмыстардың субъектілері қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен старшиналар, прапорщиктер мен мичмандар, армия мен флоттың офицерлері болып табылады.

Сонымен қатар, ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері қызмет өткеру тәртібін белгілеуге қарсы қылмыс жасаған кезде қылмыстың субъектілері болып табылады.

Әскери қызметшілер де ішкі әскерлерде қызмет ететін адамдар болып табылады. Олар түзеу мекемелерінің қатардағы жауынгерлері мен сержанттарынан ерекшеленуі керек¹. Қылмыстық кодекстің осы тарауының соңғысына әсері олардың қызмет етудің белгіленген тәртібіне қарсы қылмыстар жасаған кезде де таралады. [3]

2. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес әскери қызметті өткеруді және онымен байланысты өзге де мәселелерді реттейтін Қазақстан Республикасы Заңдарының нормалары арасында қарама-қайшылық туындаған кезде кейін қабылданған заңның нормалары қолданылады.

Қылмыстық процесті жүргізуші орган Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 18-тарауының бірқатар баптарының диспозициясы бланкеттік (сілтемелік) болып табылатынын ескергені жөн, сондықтан әрбір нақты жағдайда әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін адамды жауаптылыққа тартқанда әскери қызметті өтеудің жалпы тәртібіне де, сондай-ақ жауынгерлік кезекшілікте, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету бойынша нарядта, қарауылда, тәуліктік нарядта, патрульдеуде, әскери жарғыларда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті және бақылаушылық

қызметті қамтамасыз ету бойынша қызметті өткеруге де қатысты бұзылған қағидалардың мазмұнын анықтау қажет.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықты өзге қылмыстық құқық бұзушылықтан ажырату кінәлінің ниетінің бағытталуына қарай жүзеге асырылуы тиіс, сондықтан бір әскери қызметшінің басқаларға күш көрсету әрекеттері әрқашан ҚК-нің 440-бабы бойынша дәрежеленбейді.

Бір-біріне бағынышты емес әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастарын реттейтін жарғылық ережелерді бұзу деп бір әскери қызметшінің басқаларға қызметке байланысты немесе олардың ең болмағанда біреуінің қызметтік міндеттерін орындауы кезінде, сондай-ақ басқа да жағдайлар кезінде, бірақ әскери ұжымға көрінеу құрмет көрсетпеуге, бөлімшенің ішкі тәртібін өрескел бұзуға ұласқан ҚК-нің 440-бабының диспозициясында көрсетілген күш көрсету түсініледі. Күш қолдану - әскери қызметшіні ұрып-соғу және денесін ауырту, сондай-ақ масқаралау, ар-ождан мен қадір-қасиетін кемсіту, азық-түлікті, арнайы киім бұйымдарын, сондай-ақ әскери қызметшіге берілген заттар және өзге де қажеттілік мүліктерін алып қою немесе айырбас жасау түрінде болуы мүмкін.

ҚК-нің 440-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалу белгісі бойынша егер адам бұрын жасаған әрекеті үшін жауаптылықтан босатылмаса және қылмыстық жауапқа тартудың ескіру мерзімі өтпесе әскери қызметшілер арасындағы өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін екі немесе одан да көп бұзу деп дәрежелену қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жалғаспалы белгісі болмаған кезде әр түрлі уақытта белгілі бір адамға қатысты жасалған әрекеттер бірнеше рет жасалған әрекеттер деп дәрежеленуі жатады.

Екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалған осы әрекеттер бір ниетпен қамтылып жалғасқан болса, бірақ әр түрлі себептермен бір мезгілде жүзеге аспаса, бір уақытта, сол секілді әр мезгілде бірнеше адамдарға қатысты жасалған әрекет деп танылып, ҚК-нің 440-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағы бойынша дәрежеленуі жатады. Осы орайда соттар кінәлінің ниетінің бағытталуын, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты мән-жайын және оның себептерін, әр түрлі жәбірленушілерге қатысты жасалған әрекеттердің арасындағы уақыт шегінің ұзақтығын және т.б. зерттеуі тиіс.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының немесе қылмыстық топтың жасау белгісі бойынша дәрежеленген кезде ҚК-нің 31-бабының ережелерін ескеру қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бір-біріне бағыныштылық қатынастарының маңызы жоқ екі және одан да көп әскери қызметші қатысқан жағдайлардағы әрекеттер аталған саралаушы белгілер бойынша дәрежеленуі тиіс, сондай-ақ олармен бірге қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысқан әскери қызметші болып табылмайтын адамдардың әрекеттері ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші ретінде әскери қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысу деп дәрежеленуі жатады.

Егер бастық қызметтік жағдайы бойынша өзіне тең әскери қызметшіге жарғыдан тыс әрекет жасаған кезде оның іс-әрекетіне оған да, сондай-ақ жәбірленушіге де бағынышты адам қосылған жағдайда, бастықтың әрекетін ҚК-нің 440-бабымен, ал бағыныштының әрекеті олардың қайсысының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бастамашы болғанына және қылмыстық құқық бұзушылық жасауды бастағанына қарамастан, бастыққа күш қолдану әрекеті ретінде ҚК-нің 439-бабының тиісті бөлігімен дәрежеленуі керек. [4]

Егер бастық бағынышты адамға жарғыдан тыс іс-әрекеттер жасаса және оған қызметтік жағдайы бойынша жәбірленушіге тең әскери қызметші қосылса, соңғының іс-әрекеті лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ретінде дәрежеленеді.

Бір-біріне бағынышты емес әскерилердің өзара қарым-қатынастарын реттейтін жарғының ережелерінің бұзылуы (ҚК-нің 440-бабы), билікті теріс пайдалану (ҚК-нің 450-бабы), билікті асыра пайдалану (ҚК-нің 451-бабы) немесе биліктің әрекетсіздігі (ҚК-нің

452-бабы) жәбірленушінің жеке меншігіндегі бұйымдары мен заттарын алып қоюға ұласса, онда бұл әрекеттер әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар мен жеке меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша дәрежеленуге жатады.

Егер күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту қызметті өтеу кезеңінде әскери қызметшіге берілетін заттарды немесе әскери киім бұйымдарын алып қоюға ұласса, онда мұндай іс-әрекеттер ұрлау ниеті болмаған жағдайда әскери қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көздейтін қылмыстық заңның баптарының диспозициясымен қамтылады.

ҚК-нің 441-бабының екінші бөлігінде және 442-бабының екінші бөлігінде көзделген қызмет бойынша сеніп тапсырылған қару деп, Қарулы Күштерде, өзге де әскерлерде және әскери құрылымдарда қарулануға қабылданған, әскери қызметшінің әскери қызмет бойынша оған жүктелген міндеттерге сәйкес иеленуге құқығы бар, табельді атыс қаруын және өзге де қаруды түсіну керек.

Әскери қызметшінің оған қызмет бойынша сеніп тапсырылған қаруды (атыс қаруының қанжар-пышағын, армия мен флоттың басқа да арнайы пышағын) алып бөлімді немесе қызмет орнын өз еркімен тастап кетуі, қашқындық жасауы ҚК-нің 441-бабының екінші бөлігі бойынша не ҚК-нің 442-бабының екінші бөлігі бойынша саралауға жатады.

Қызмет бойынша әскери қызметшіге сеніп тапсырылмаған қаруды алып бөлімді өз еркімен тастап кеткенде, қашқындық жасағанда жоғарыда көрсетілген дәрежеленуші әрекет белгісі болмайды. Мұндай жағдайларда адамның әрекетін, оның қаруды иемдену жағдайына қарай, ҚК-нің 441-бабының, 442-бабының тиісті бөлігі бойынша және атыс қаруын немесе суық қаруды заңсыз ұрлау, иемдену, сақтау, алып жүру үшін жауаптылық көздейтін қылмыстық заңның тиісті баптары бойынша дәрежелену керек.

ҚК-нің 441 және 442-баптарындағы ескертпелерде бекітілген ережелер негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәселені сот істің барлық мән-жайына және кінәлінің жеке басына байланысты әрбір жағдайда жеке шешеді.

Сот ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босатуды ҚК-нің 76-бабының бірінші бөлігінің тәртібімен де жүргізеді, ауыр мән-жайлардың тізбесі толық болып табылмайды.

Әскери қызметті атқару үшін абсолютті кедергі болып табылмайтын, бірақ әскери қызметшінің қызметте болуын айтарлықтай қиындататын тұрмыстық жағдайлар: қызметтестер тарапынан орын алған жарғыдан тыс әрекеттер, командирлер мен бастықтардың заңсыз әрекеттері, әскери қызметшінің өмірі мен денсаулығына шынайы қатер төндіретін немесе оның өміріне немесе денсаулығына шынайы қатер туғызатын, оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе өзге де құқықтарына қол сұғатын әрекеттер (әрекетсіздіктер) басқа ауыр мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

ҚК-нің 34 және 37-баптарына сәйкес, ең соңғы қажеттілік ретінде бағаланатын жағдайлардың - күштеу немесе психикалық мәжбүрлеудің болуы - адамды бөлімді өз бетімен тастап кеткені немесе қашқындық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатады.

ҚК-нің 459, 460, 461-баптары бойынша әскери мүлікті қасақана не абайсызда жойғаны немесе зақымдағаны не жоғалтқаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешкенде "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 Заңында көрсетілген әскери мүлік пен әскери техника ұғымын назарға алу қажет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының әскери дайындығы мен ұрыс қабілетінің материалдық негізін құрайтын әскери мүлікке билік етудің және пайдаланудың белгіленген тәртібі қылмыстық қол сұғушылықтың тікелей объектісі болып табылатынын ескерген жөн.

Қорытындылай келе, ҚК-нің 450, 451, 452 және 453-баптарында көздеген әрекеттер, егер әскери қызметші қызмет өкілеттігін өзі не өзге адамдар не ұйым үшін мүліктік игілік табу мақсатында қызмет мүддесіне қайшы пайдаланса сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар деп танылады.

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ҚК-нің 68-бабын қолдану кезінде соттар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы" 2001 жылғы 21 маусымдағы N 4 нормативтік қаулысының түсіндірмелерін (2003 жылғы 11 шілдедегі N 6 нормативтік қаулымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) басшылыққа алғандары жөн.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы N 6 Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы нормативтік қаулысы.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №221.

4. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағы.

УДК 399

Марат Нұржан Маратұлы
«Ұлттық және халықаралық құқық»
кафедрасының аға оқытушысы
эл.почта: nuralikamarat@yandex.ru
телефон нөмірі: +77054628755

ЭЛЕКТРОНДЫҚ НОТАРИАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННОГО НОТАРИАТА

PROBLEMS OF LEGAL REGULATION OF ELECTRONIC NOTARY

Аннотация. Электрондық нотариат - ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді пайдаланып, нотариустың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен мемлекеттік органдармен өзара әрекет етіп нотариалдық маңызы бар ақпараттарды жинау, сақтау, беруге байланысты әрекеттер жиынтығы. Электрондық құжат айналымы пандемия және шектеу жағдайларында қоғамдық қатынастардың тұрақты дамуына және мемлекеттік органдармен, нотариустармен халықтың байланысын артуына өз септігін тигізді.

Түйінді сөздер: нотариус, байланыс, құжат, электрондық-цифрлық.

Аннотация. Электронный нотариат-совокупность действий, связанных со сбором, хранением, передачей информации, имеющей нотариальное значение, с использованием информационно-телекоммуникационных систем, взаимодействуя с государственными органами с электронно-цифровой подписью нотариуса. В условиях пандемии и ограничений электронного документооборота повысили связь населения с государственными органами, нотариусами и устойчивым.

Ключевые слова: нотариус, контакт, документ, электронно-цифровой.

Abstract. Electronic notary is a set of actions related to the collection, storage, transmission of information of notarial significance using information and telecommunication systems, interacting with government agencies with an electronic digital signature of a notary. In

the conditions of a pandemic and restrictions of electronic document management, the communication of the population with state bodies, notaries and sustainable has increased.

Key words: notary, contact, document, electronic-digital.

Ақпараттық технологиялардың жедел дамып келе жатқан дәуірінде құқық және құқықтық қатынастарда техника мен технология жетістіктерінен сырт қала алмайды. Сондықтан туындаған құқықтық қатынастарды заңды түрде реттеу қажеттілігі туындап отыр. Ғылыми жетістіктердің құқық саласына енуі жаңа құқықтық санаттардың, құбылыстардың, құқықтық қатынастардың қатысушыларының өзара іс-қимыл ету нысандарының пайда болуына әкелді.

Қазақстан Республикасында бірнеше жылдардан бері ақпараттық технологиялар құқықтық қоғам өмірінің барлық салаларына еніп келеді. мемлекеттік құрылымдардың халықпен ақпараттық байланысын арттырды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1-қыркүйекте халыққа жарияланған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру» деп цифрландыруға жоғары баға береді[1]. Цифрландыру үдерісінен халықтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың маңызды құралы – нотариатта сырт қалған жоқ. Жыл сайын азаматтардың электрондық құжат айналымына қажеттілігі артып келеді. Сонымен бірге электрондық құжаттарға байланысты нотариалдық әрекеттердің талаптары өсіп келеді. Электрондық құжат айналымының пандемия және шектеу жағдайларында қоғамдық қатынастардың тұрақты дамуына және мемлекеттік органдармен, нотариустармен халықтың байланысын арттырды. Электрондық құжат айналымының таралуына байланысты азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қиындық туындататын бірқатар мәселелер туындатып отыр.

Қазіргі кезде заң терминологиясына «нотариат» термині берік енген. Ол «notae», яғни ерекше стенографиялық жазбалар, немесе «notarius»- хатшы, жазбашы ұғымын білдіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабының 3-тармағында «Әркімнің заң көмегін алуға құқығы бар» делінген. Сондай азаматтар мен заңды тұлғаларға заң көмегін көрсететін орган –нотариат. Ол «notae», яғни ерекше стенографиялық жазбалар, немесе «notarius»- хатшы, жазбашы ұғымын білдіреді. Нотариаттың пайда болуы азаматтық құқықтық айналымның туындауымен және айналым субъектілерінің мүліктік құқықтарын бекітетін мәмілелер жасаумен тығыз байланысты болды[2]. Рим құқығын зерттеушілер Римде жазбашылар екі санаты болғанын айтады: мемлекеттік қызметтегілер және жеке тұлғаларда қызмет атқаратындар. Мемлекеттік қызметтегі жазбашылар өмірлікке сайланатын болған. Ал жеке қызметтегі жазбашылар дәулетті адамдардың қызметшілері ретінде қызмет атқарды. Олар жария құжаттарды әзірлеп, қоғамдық жұмыстарын жүргізді және құжаттардың көшірмелерін берді. Жазба жасаушылардың әлеуметтік жағдайлары жоғары болды. Цицерон осы топ өкілдерін «құрметті топ» деп атағаны мәлім. Табелиондар және нотариалер орта ғасырларда Италияда нотариат деп атаған институттың негізі болды[3,6]. Рим құқығының барлық нормалары сияқты нотариат та рецепция үдерісінің нәтижесінде еуропалық құқықтануға енді. Ресей мемлекетінде XV ғасырдан бастап алаңдарда жерді, басыбайлыларды, малды сату мәмілелерді ресімдейтін тұлғалар пайда бола бастады. Олар жасаған мәмілелер бұйрықтар кітабына енгізіліп шарт жасалды деп саналатын. Осындай мәмілелер арнайы кеңселерде жасалды. Осы іс табысты болып саналып, оны тастап кету ауыр жауапкершілікке әкелетін[4,416]. Петр I дәуірінде басыбайлы жазу жүргізушілер пайда бола бастады. Ресейде 1864 жылы реформалар жүргізіліп аталған салаға өзгерістер енгізілді. 1866 жылы жаңа ереже қабылданып, нотариустар аумақтық соттардың құрамында болып сот палатасының аға төрағасымен тағайындалды. Нотариуске үміткер ақшалай кепіл енгізіп, тиісті сынақтан өткеннен кейін ғана нотариус лауазымын иелене алатын. Нотариустар дайындайтын актілер адамның өзі келуі тиіс актілер және нотариалды актілерге жіктелді. Ресейдегі мәміле жасау тәртібі сол ғасырлардан бері аса

өзгере қойған жоқ. Адамдар жеке басына қатысты құжаттарды полициядан алып ұсынатын. Жергілікті басқару органынан мүліктің өзіне тиесілілігін білдіретін бекіту актісін беруі тиіс болды. Сонымен қатар мүліктің ауырпалығына байланысты құжаттарды тапсыруға міндеттенді. XIX ғасырдың соңында Ресейде нотариалдық әрекет жасауға құқығы бар лауазымды тұлғалар мен органдардың төрт тобы қалыптасты:

- жария нотариустер;
- биржалық маклерлер және нотариустер, кеме маклерлері;
- коммерциялық банктердің маклерлері, жұмысшы адамдарға қызмет көрсететін жеке маклерлер т.б.

Маклерлік лауазымға конкурс негізінде іріктелініп алынды. Заң сауатсыз адамдардың маклер болуына тыйым салды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1922 жылы желтоқсанда мемлекеттік нотариат туралы ереже қабылданды. Мемлекеттік нотариалдық кеңселер құрылып олардың өкілеттілігі белгіленді. 1922 жылы РКФСР-дің жеке мүліктік құқықтар туралы заңы қабылданды [5,660].

Қазақстан Республикасында нотариаттың қалыптасуы ең алдымен азаматтық қоғамның пайда болуы және оның субъектілерінің құқықтарын қорғау мен міндеттерін орындаумен байланысты болды.

Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңының 1 бабының 1 тармағында нотариатқа төмендегідей анықтама беріледі: Қазақстан Республикасының нотариаты - нотариалдық әрекеттер жасау жолымен азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсетуге арналған құқықтық институт.

Қазақстан Республикасында нотариат қызметі құқық нормаларында көрініс тапқан қағидаларға негізделеді. Нотариалдық қызметтің қағидалары мыналар:

- Нотариустың Қазақстан Республикасының заңнамасының нақты орындауын міндеттейтін заңдылығы;

- Іс жүргізуде мемлекеттік тілде немесе мемлекеттің заңнамасымен анықталған тілді қолдану;

- Нотариалдық әрекеттердің құпиялылығын сақтау.

Нотариустың қызметінде істің дұрыс әрі тез шешілуін қамтамасыз ететін процессуалдық нормалардың маңызы зор. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпті сақтау нотариустардың әрекеттеріндегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңының 1-бабының 2 тармағында нотариалдық әрекеттерді жасауға құқығы бар тұлғалар көзделген:

1. Мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустер және жеке нотариустер;

2. Нотариалдық әрекеттер жасауға уәкілеттігі бар аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігі аппаратының лауазымдық тұлғалары;

3. Қазақстан Республикасының атынан консулдық міндетті атқаратын тұлғалар;

4. Заң арқылы нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар басқа да тұлғалар.

Электронды нотариалдық іс жүргізу - нотариалдық іс жүргізу туралы Әділет министрлігі бекіткен Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Ережелердің орындалуын бақылауды аймақтық әділет органдары және нотариалдық палаталар орындайды. Мемлекеттік нотариустердің құжаттары міндетті тәрде мемлекеттік мұрағатқа өткізіледі. Жеке нотариустердің құжаттары жеке нотариалдық мұрағатқа өткізуге жатады. Нотариалдық электрондық репозитарий біртұтас нотариалдық ақпараттық жүйені қамтамасыз ететін жүйенің нотариалдық құжаттарды электрондық нысанда уақытша сақтауды есепке алуды, пайдалануды жүзеге асыратын компонент болып табылады. Нотариалдық электрондық архив болып электрондық нысанда нотариалдық құжаттарды жинақтауға, пайдалануға, реттеуге, сақтауға бағытталған жүйе танылады.

Осы электрондық нотариаттың негізі 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап Австрияда іс-құжаттарын электрондық мұрағатта сақтаудан басталады. Нотариалдық қызмет туралы заңының 49-бабына сәйкес барлық нотариалдық әрекеттер электрондық реестрде тіркелуі қажет. Әрбір нотариалдық әрекетке реттік нөмір тағайындалады.

Нотариус нотариалдық әрекеттер аяқталғаннан кейін электрондық реестрге жасалған әрекеттері туралы ақпараттарды енгізеді. Нотариалдық әрекеттерді электрондық реестрде тіркеу нотариалдық әрекеттерді тіркеу туралы ереженің екінші қосымшасында белгіленген нысанда іске асырылады. Орфографиялық, грамматикалық немесе техникалық өзгертулер мен қателіктер электрондық реестрдің «Ескертулер» графасында жазылады. Электрондық реестрге қателіктер енгізілген нотариалдық әрекеттер тіркелген сәттен бастап, 24 сағаттан кешіктірмей (мереке және демалыс күндерін қоспағанда) күші жойылады. Нотариус электрондық реестрде берілген сенімхаттың күшін жою туралы немесе одан бас тарту туралы жазба енгізеді. Нотариус қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық нысанын жүйеге жүктейді. Мәмілені жарамсыз деп тану туралы күшіне енген сот шешімін нотариус электрондық реестрде жазба жасайды. хаттамалын электрондық мұрағатта сақтауы міндеттелді.

Қазақстан Республикасында 2003 жылдың 7 қаңтарында «Электрондық құжаттар және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы заңның қабылдануынан бастап электрондық және мәтіндік мәмілелер құқықтық реттелді. Нотариустер алдында шарттарды құқықтық ресімдеуге қажетті осы институттар туралы білімдерін толықтырып, электрондық нысанды қолдануға дайындалу мақсаты қойылды. Нотариустар мұрагерлік, мәмілелер туралы мәліметтерді, мәмілелер туралы мәліметтерді БНАЖ-ге енгізуге міндетті. Нотариалдық куәландыру қызметінің электрондық нысанға өтуі сол уақыттағы шешілуі тиіс маңызды міндеттердің бірі болды. Ол үшін электрондық құжат ақпарат жеткізгіш ретіндегі қағаздың ролін толық ауыстыруы қажет болатын. Күнделікті тұрмыс тіршілікте ақпарат көлемінің артуы нотариустердің заман талабына бейімделуіне алып келді.

Қазіргі жағдайдағы ақпараттық технологиялар жедел дамып нотариат саласының еніп жатыр. Жоғарыдағыларды ескере келе төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

1. Цифрлық қоғамның дамуы, заңдарға ұдайы өзгерістердің, толықтыруларды еніп отыруы нотариустарға ақпараттық коммуникация саласында біліктілікті талап етеді. Сондықтан нотариустердің білімдерін жетілдіріп отыруы маңызды. Сондықтан нотариустардың цифрлық сауаттылығын арттыру міндетін заңнамаға енгізуді ұсынамыз.

2. Жоғарыда нотариат қызметінің ақылы қызмет екендігін айтқан болатынбыз. Нотариат туралы заңның 4 тарауы нотариаттық әрекеттерге ақы төлеуге арналған. Нотариаттық қызметке ақы төлеу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен айқындалады. 2012 жылдан бастап мемлекеттік төлемге қоса жекеше нотариустың қосымша техникалық және құқықтық қызметке ақы алуы көзделген. Салық заңнамасында нотариаттық әрекеттерге төленетін төлем айлық есептік көрсеткішпен белгіленген. Біздің пікірімізше бұл тұрақты бекітілген сома болмауы тиіс. Яғни нотариус қызметіне төленетін төлем, жасалған мәміле құнына проценттік қатынаста болуы қажет деп санаймыз.

3. Нотариаттық қызметтің, әрекеттердің стандарттары қалыптастырылуы тиіс және оның орындалуына бақылау жасауды нотариалдық палата жүзеге асыруы тиіс. Сәйкесінше нотариус қызметіне мемлекеттік бақылау шектелуі немесе заңнамадан алынып тасталуы қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы, 2021 жыл 1 қыркүйек// <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>

2. Нотариат Республики Казакстан: Учебное пособие/С.К.Идрышева.-Алматы:Жеті Жарғы,2013

3. 4.Профессиональное нотариальное право /пер.с франц.Пиепу Ж. Москва:Юрист,2001

4. Юридическая газета 1 қаңтар 2006 ж.

5. Свод законов СССР Т.1./ред. Кол.Гарбузов В.Ф.Георгадзе М.П.Руденко Р.А.М.:Известия,1985

УДК 505

Маутбекова Шұғыла, Нұрхамитова Анелия
«Ұлттық және халықаралық құқық» кафедрасының
студенттері
Тұран-Астана университеті
Астана қаласы,Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Яғмусова А.Ф.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ САНАТТАРЫ

КАТЕГОРИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В УГОЛОВНОМ ПРАВЕ

CATEGORIES OF CRIMES IN CRIMINAL LAW

Аннотация. Жалпы қылмыс дегеніміз жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс әрекет болып табылады. Қылмысты ҚРҚК 11 бабына сәйкес, қоғамға қауіптілігі мен ауырлық сипатына қарай төрт топқа бөліп қарастырған. Олар: ауырлығы онша емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар. Осы төрт топқа сәйкес оларға берілген санкциялары да әртүрлі болып келеді. 2022 жылғы тек қаңтар мен сәуір айларындағы статистикаға сәйкес 3,8 мың адам қылмыстық құқық бұзушылық жасаған. Құқық бұзушылық жасағандардың көбі жұмыссыз болып тіркелгендер.

Түйін сөздер: ауырлығы онша емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар, аса ауыр қылмыстар, статистика.

Аннотация. Под общим преступлением понимается общественно опасное деяние, запрещенное под угрозой наказания. Преступление рассматривалось в соответствии со статьей 11 УКРК, в зависимости от общественной опасности и тяжести, на четыре группы. Это: преступления небольшой тяжести, преступления средней тяжести, тяжкие преступления и особо тяжкие преступления. Согласно этим четырем группам, санкции, налагаемые на них, также различаются. По статистике только за январь и апрель 2022 года 3,8 тыс. человек совершили уголовные правонарушения. Большинство правонарушителей зарегистрированы безработными.

Ключевые слова: преступления небольшой тяжести, преступления средней тяжести, тяжкие преступления, особо тяжкие преступления, статистика.

Abstract. A common crime is a socially dangerous act prohibited under threat of punishment. The crime was considered in accordance with article 11 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, depending on the public danger and severity, into four groups. These are: minor crimes, moderate crimes, serious crimes and especially serious crimes. According to these four groups, the sanctions imposed on them also differ. According to statistics, 3.8 thousand people committed criminal offenses in January and April 2022 alone. Most offenders are registered as unemployed.

Keywords: minor crimes, moderate crimes, serious crimes, especially serious crimes, statistics.

Алдымен «қылмыс» ұғымына тоқталып өтсек. Жалпы қылмыс ұғымына қылмыстық құқықта мынадай екі анықтама берген. Бірінші формальды анықтамасы бойынша қылмыс дегеніміз-жазалау қатерімен тыйым салынған адамның іс әрекеті болып табылады. Ал материалдық анықтамасы бойынша қылмыс адамның қоғамға қауіпті іс әрекеті деп түсіндіріледі. Осы түсіндірілген екі анықтаманы ескере отырып ҚРҚК-нің 10 бабының 2 бөлігінде қылмысты жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс әрекет деп көрсеткен.

Қылмыстың қылмыстық теріс қылықтан бірден бір айырмашылығы оның қоғамға қауіптілігі болып табылады.

1967 жылы қылмыстық құқық туралы заң шыққанға дейін Англияда қылмыстарды қауіптілік дәрежесіне байланысты екі топқа бөліп қарастыруды ұсынған. Бірінші топ аса қауіпті қылмыстар болатын болса, екінші тобы қауіптілігі аз қылмыстар деп бөлген. Аса қауіпті қылмыстарға сатқындық және фелония кірді. Фелонияға ауыр және қарапайым кісі өлтіру, берглари, мүлікті ұрлау, екіжүзділік, зорлау кірді. Аз қауіпті қылмыстарға теріс қылық, жалпы заңға жалған куәлік, қастандық, алдау, алаяқтық, бүлік, шабуыл кірген болатын.

Қазіргі Қылмыстық Кодекске сәйкес Қазақстанда да қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне қарай төрт топқа бөлген. Олар:

1. Ауырлығы онша емес қылмыстар;
2. Ауырлығы орташа қылмыстар;
3. Ауыр қылмыстар;
4. Аса ауыр қылмыстар.

Қылмыстарды бұндай санаттарға бөліп қарастыру кінәнің нысаны мен бас бостандығынан айырудың жоғарғы мерзімді санкция арқылы нақтылайды.

Онша ауыр емес қылмыстар. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 11-бабы 2-тармағы бойынша, онша ауыр емес қылмыстар: « Қылмыс жасағаны үшін ҚРҚК-де көзделгендей ең жоғарғы жаза екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сонымен қатар қылмыс жасағаны үшін ҚРҚК-де көрсетілген ең жоғары жаза бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер онша ауыр емес қылмыстар болып табылады» [1].

ҚРҚК-нің Ерекше бөлігіндегі құқыққа қайшы әрекеттердің едәуір үлкен тобы онша ауыр емес қылмыстарға жатды. Онша ауыр емес қылмыстардың ішінде 191-і яғни 76,1% қасақана жасалған, 60-ы яғни 23,9% абайсызда жасалған қылмыстар болып табылады. Онша ауыр емес қылмыстар ҚРҚК-нің Ерекше бөлігінің барлық 18-тарауында кездеседі.

Көптеген онша ауыр емес қылмыстар зардаптардың ауырлығына, оларды жасау тәсілінің қауіптілігіне және басқа да ауырлататын белгілерге байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда қылмыстық жауапкершілік туындамайды, онда бұл басқа құқақ салалары арқылы, яғни әкімшілік-тәртіптік не болмаса азаматтық жауапкершілікке тартылуы әбден мүмкін.

Онша ауыр емес қылмысқа мысал келтіретін болсақ: «18 жастағы Сулейменов өзінің жүргізуші куәлігін алғанын достарымен бірге тойламақшы болып түнде ойын-сауық мекемесінде жиналмақшы болады. Сулейменов әкесінің көлігін алып достарына қарай жолға шығады. Достары бәрі жиналғанын естіп, Сулейменов жылдамдықты арттырады, тез жету мақсатында. Сол күні түнде Туркина және оның жұбайы Алибеков қонақтан шығап үйлеріне таза ауа жұтып жаяу қайтады. Туркина және Алибеков жүрген жерде жарық бәсең жанып тұратын аудан болатын. Турикина және Алибеков жолдың арғы жағына өтіп бара жатқан сәтте Сулейменов үлкен жылдамдықпен жүріп және жарықтық бәсең жанып тұрғандықтан байқамай абайсызда Туркина мен Алибековты көлікпен қағып кетеді. Нәтижесінде, Алибеков сол жерде көз жұмады, ал жұбайы Туркина емханаға жеткен сәтте көп қан жоғалтқандықтан көз жұмады. Сонымен бұл істе Сулейменов абайсызда екі адамды қазаға ұшыратып тұр, бұл бізде ҚРҚК-нің 104-бабы 2-тармағы арқылы қылмыстық іс қаралады. Сулейменов бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады не шектелуге жазаланады. Бұл бізде онша ауыр емес қылмыс

яғни ең жоғарғы жаза бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекет болып табылады.

Ауырлығы орташа қылмыстар. ҚРҚК-нің 11-бабының 3-тармағына сәйкес, қылмыс жасағаны үшін осы Қылмыстық Кодексте көзделген ең жоғарғы жаза бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сонымен қатар бес жылдам мерзімнен астам бас бостандығынан айыру түріндегі жаза абайсызда жасалатын болса бұл бізде ауырлығы орташа қылмыстар болып табылады [1].

Ауырлығы орташа қылмыстар квалификацияланған қылмыстардағы ауырлататын мән-жайларға объект, субъект және объективтік, субъективтік жақтардың әртүрлі белгілері жатады. Мұндай саралау белгілері ауыр және аса ауыр қылмыстардың құрамында да кездеседі [2, 45 б.]. Мысалға алатын болсақ, ауыр зардаптар олар жалпы ауыр қылмыстарға тән екені белгілі, бірақ егер олар абайсызда жасалатын болса онда бұл ауырлығы орташа қылмыстарға жатқызамыз. Мысалы, азамат Байтурин жұмыс бабы бойынша басқа қалаға жұмыс істеуге кеткен болатын, оның отбасы яғни жұбайы Мамова және баласы өз үйінде қалған болатын. Байтурин отбасын сағынып жұмысын ертерек бітіріп түнде үйіне келеді. Үйіне барса, үйге кіре сала үйде басқа бөгде адамның бар екендігін көреді. Қонақ бөлмеде әйелінің, яғни Мамованың бұрынғы ауылдас сыныптасы Маратов ұйықтап жатқанын көреді. Бұны көрген Байтурин ашуға салынып Маратовқа жұдырықпен жүгіреді, Мамованы бұны басқа бөлмеден естіп жүгіріп келеді. Байтурин не жұбайын не Маратовты тындамай ашуға салынады. Ас бөлмесіне кіріп суық қару яғни пышақты алып Маратовтың ішінен үш рет пышақ сұғады, бұны көрген Мамова кедергі жасамақшы болып Байтуринды тоқтата бастайды. Байтурин әйелі Маратовты қор.ап тұр деп әйелін қылқындырып өлтіреді. Байтурин аффект жағдайында әйелі Мамова мен Маратовты өлтіреді. Бұл іс бізде ҚРҚК-нің 101-бабы 2-тармағы яғни «Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру» бабы бойынша екі адамды өлтіргені үшін қылмыстық іс басталуы тиіс. Байтурин осы қылмысы үшін бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуға жазалануы тиіс. Бұл бізде ауырлығы орташа қылмыс болып табылады [1].

ҚРҚК-нің 11 бабының 4 бөлігіне сәйкес бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана іс әрекеттер ауыр қылмыстар деп танылады. Мысал келтіретін болсақ, Айтуов, Мусағалиев, Арменов үшеуі жақын достар еді. Айтуов пен Арменов үйленген болатын. Бір күні Мусағалиев өзіне үйдегілерінің үйлен деп жатқанын сонымен бірге өзінің де үйленгісі келетінін алға тартады. Оны естіген Айтуов пен Арменов Мусағалиевке көрші ауылдың қызын алып қашуды ұсынады. Сөйтіп олар бір күні кешке ұйымдастырылған түрде Донск ауыла барып, Айтмағанбетова деген қызды алып қашып үйіне әкеледі. Алайда Айтмағанбетова оларды танымайтынын алға тартып өзінің ағасына хабарласады. Ағасы дереу келіп қызды үйлеріне алып кетеді. Кейіннен Айтмағанбетова Айтуов, Мусағалиев және Арменовтың үстінен шағымданады. Оның шағымы қабылданып, іс жариялы тәртіппен қаралады. Айтуов, Мусағалиев және Арменов ҚРҚК-нің 125 бабының 2 бөлігінің 1 тармағы бойынша жеті жылға бас бостандығынан айыруға жазаланады. Яғни бұл мысалда адам ұрлығы көрсетіліп тұр. Бұл жерде қылмыстың объектісі болып Айтмағанбетованың жеке бас бостандығы, ал объективті жағы болып Айтмағанбетованы ұрлау әрекеті танылады. Субъективті жағы тікелей қасақаналық, ал субъектісі болып Айтуов, Мусағалиев, Арменов табылады.

Келесі бізде аса ауыр қылмыстар. ҚРҚК 11 бабының 5 бөлігіне сәйкес он екі жылдан астам мерзімге не болмаса өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана іс әрекеттер аса ауыр қылмыстар болып табылады. Мысал келтіре кететін болсақ, Айдынбаеваның заңды күйеуінен ажырасқанына 6 жыл болған еді. Олардың ортақ 4 жасар ұлы болды. Айдынбаева өзінің күйеуімен ажырасқан соң біраз уақыттан кейін Николов деген азаматпен көңіл жарастырады. Сөйтіп екеуі азаматтық некеде болады. Бір күні Айдынбаева өзінің 4 жасар ұлын өгей әкесі Николовпен қалдырып, өзі құрбыларымен қыдыруға кетеді. Арада біраз уақыт өткен соң 4 жасар ұл қарны ашып жылай бастайды. Оның жылағанына шыдамай Николов ас бөлмесінен пышақ

алып келіп, 15 жерден баланы пышақтап тастайды. Ондай жарақаттарды көтере алмаған бала бірден өліп кетеді. Қыдырудан келген Айдынбаева баласының қанға былғанып жатқанын көріп, бірден жедел жәрдемге хабарласады. Бірақ бәрі кеш болады. Сөйтіп Николовтың үстінен іс қозғалады. Оның ісі жариялы тіртіппен қаралады. Сонымен Николов ҚРҚК 99 бабының 3 бөлігіне сәйкес өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл жерде қылмыстың объектісі Айдынбаеваның ұлының өмірі, объективті жағы Айдынбаеваның ұлын өлтіргендігі, субъектісі Николов, ал субъективті жағы тікелей қасақаналық болып табылады.

Жалпы 2022 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында елімізде 20 мыңнан астам құқық бұзушылық тіркеліп үлгерген. Оның ішінде 3,8 мың адам қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған. 7,2 мың адам орташа ауырлықтағы қылмыс, 5,4 мың адам ауыр қылмыс, 459 адам аса ауыр қылмыс жасаған. Осы қылмыстарды жасағандардың басым бөлігі Алматы, Астана, Алматы облыстарында тіркелген. 20 мың құқық бұзушының 18,1 мыңы Қазақстан азаматтары болса, қалғандары басқа ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар. Көбінесе қылмыстарды жұмыссыз адамдар жасаған. Статистика бойынша 20 мың құқық бұзушының 79,2 пайызы яғни 15,8 мыңы жұмыссыздар болып тіркелген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z11> ;
2. Ағыбаев А. Н Қылмыстық құқық. – Алматы: Жеті жарғы, 1999 ж.

УДК 640 (075.8)

Шәкір А. Д., Қадылбек А.

«Туризм және сервистік қызмет көрсету» кафедрасының студенті
«Алматы технологиялық университеті» АҚ
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
э.ғ.м., Керимбек А.К., Серикпаева С.О

МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІНІҢ ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

ВЛИЯНИЕ РЕСТОРАННОГО БИЗНЕСА НА ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ СТРАНЫ

IMPACT OF THE RESTAURANT BUSINESS ON THE ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COUNTRY

Аннотация. Мақаланы жазудың себебі мейрамхана бизнесінің экономикалық даму жүйесіне әсерін көрсету және кәсіпорынның Қазақстан Республикасындағы ерекшеліктерін бағалау. Оңтайлы әдістерді пайдалана отырып, кәсіпорынның қаржылық әлеуетін ұлғайту үшін негізгі қаржы құралдарының маңыздылығын түсіндіру; кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастыруды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу.

Түйінді сөздер: мейрамхана, тамақтану, экономика, бизнес, кәсіпорын.

Аннотация. Причина написания статьи-показать влияние ресторанного бизнеса на систему экономического развития и оценить особенности предприятия в Республике Казахстан. Разъяснение значимости основных финансовых инструментов для увеличения финансового потенциала предприятия с использованием оптимальных методов; разработка мер по улучшению формирования финансовых ресурсов предприятия.

Ключевые слова: ресторан, питание, экономика, бизнес, предприятие.

Annotation. The reason for writing the article is to show the impact of the restaurant business on the system of economic development and assess the specifics of the enterprise in the Republic of Kazakhstan. Explain the importance of the main financial instruments for increasing the financial potential of the enterprise using optimal methods; develop measures to improve the formation of financial resources of the enterprise.

Key words: restaurant, catering, economy, business, enterprise.

Мейрамхана бизнесі-бұл халықтың сапалы тамақтану қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, клиенттерге сапалы қызмет көрсетуге, олардың эмоционалды және эстетикалық қажеттіліктерін, толықтыруға сол арқылы бос уақытты өткізуге жақсы жағдай жасауға мүмкіндік беретін ерекше қызмет түрі.

Мейрамхана бизнесі экономикалық реформалар басталғаннан бері нарықтық қатынастар толығымен пайда болған, отандық экономиканың белгілі бір салаларының бірі болып табылады. Сонымен қатар бүгінде, ең қарқынды дамып келе жатқан, жоғары кірісті, инвестициялар үшін перспективалы және кәсіпкерлер үшін тартымды сегмент. Мейрамхана бизнесін дамыту табыс алу мүмкіндігіне тікелей әсер ететін бірқатар факторларды зерттеуді қарастырады. Оларға мыналар жатады:

- орналасқан жері
- кәсіпорын алып жатқан аумақ
- отыратын орындардың саны
- танымалдығы
- сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасы.

Халықтың сұранысын қалыптастырудың мәні мен ерекшеліктері, оның даму тенденциялары қоғамдық өндірістің нақты жағдайларына байланысты. Азық-түлік кәсіпорындарының жұмысындағы негізгі және анықтаушы фактор, әрине, аспаздық өнімдердің сапасы болып табылады. Ол тұтынушыға ұсынылатын тағамдардың тағамдық және биологиялық құндылығымен анықталады, энергетикалық және органолептикалық сапа көрсеткіштерімен сипатталады. Осы көрсеткіштердің жиынтығында адамдар үшін пайдалы және қауіпсіз тамақ жасалынады. Тамақтану кәсіпорындарында адамның мінез-құлық мәдениетінің элементтері бекітіледі, дұрыс тамақтану принциптерінің бірі ретінде жақсы дәм, этикалық және эстетикалық нормалар одан әрі сақталуы қажет [1].

Қазіргі уақытта біздің елімізде қоғамдық тамақтану саласының қарқынды дамуы байқалады. Бұл процесс барлығына дерлік әсер етеді, өйткені қоғамдық тамақтандыру қызметтерін тұтынушылар негізінен қаланың барлық тұрғындары мен қонақтары болып табылады. Жайлы кафеде немесе мейрамханада демалусыз заманауи өмірді елестету мүмкін емес. Көптеген кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері жұмыс күні ішінде мейрамханалар, кафелер, буфеттер қызметтерін пайдаланады.

Соңғы жылдары көптеген адамдар кез-келген салтанатты іс-шараларға арналған банкет орны ретінде әртүрлі деңгейдегі және сыныптағы мейрамханаларды таңдайды. Әрине, бұл бизнес елдің әлеуметтік экономикалық дамуына оң әсер береді. Бір жағынан тұрғындардың демалу мақсатына бағытталғанымен қатар, сол кәсіпке түсіп жатқан табыс көзінің айналымы арқылы, көптеген жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, әр түрлі бағыттағы мейрамханаларды ашу- туристердің көптеп келуіне ықпал етеді [2].

Қонақжайлық, ойын-сауық және демалыс индустриясында айтарлықтай өзгерістер болды. Талғампаздар алдында жаңа концепциядағы мейрамханалар құжақ жая ашылды. Мейрамхана басшылары қызмет көрсету стилі мен сапасын үнемі шыңдауда, интерьерге батыл өзгерістер енгізуде, барлық жаңалықтардан хабардар болып отыр. Арт-менеджерлер жаңа шоу-бағдарламалар дайындауда. Аспаздар мәзірге жаңа тағамдар қосып жатыр.

Атап айтқанда, Қазақстандық рестораторлар қоғамдық тамақтану мекемелері ассоциация бекітілген ережелермен сәйкес қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында темекі

шегуге арналған орындарды жабдықтауда көмектесуге дайын, сондай-ақ ассоциация жағынан аталмыш орындардың ережелерге сай болуын қадағалауға әзірлігін білдірді. Бұл мемлекет органдарының шағын және орта бизнесті тексерудегі жүктемесін жеңілдетуге жол беріп, әрі кейбір бақылау функцияларын бизнес-ассоциацияларға тапсырудағы мемлекет саясатына сай болып келеді.

Ал туризмдік жүйені қалыптастыру-мемлекеттің дамуының бірден бір көзі ретінде сипатталады. Қазақстанның экономикалық дамуына әсер ететін маңызды экономикалық функциялардан немесе рөлдерден басқа, қазіргі заманғы отандық мейрамхана кәсіпорындары әлеуметтік рөлдерді де орындайды, өйткені мейрамхана бизнесі қоғамның маңызды мүдделеріне қызмет етеді, өйткені онда қоғамдық тұтыну мәдениеті қалыптасады.

Мысалы, Алматы қаласында жақында ашылған «Сандық», «Тары» «Бауырсақ» сияқты ұлттық нақыштағы мейрамханалар жақсы талғам мен эстетикалық және этикалық стандарттар жүйесін қалыптастыру арқылы, тұтынушылар сұранысын қанағаттандыра алады. Айта кету керек, көптеген қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары халықаралық қатынастардың әртүрлі процестеріне өте белсенді қатысады, өйткені олардың қызметтері әртүрлі дипломатиялық қабылдаулар немесе халықаралық кездесулермен бірге жүреді, яғни олар елдегі шетелдік туризмнің дамуына әсер етеді.

Айта кету керек, мейрамханалар келушінің физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймайды, сонымен қатар бірегей төл мәдениетті, ұлттық және тарихи құндылықтарды алып жүреді, сонымен қатар туристің тұрғылықты жерінің толық бейнесін қалыптастырады. Қазіргі заманғы әлемдік және еліміздегі мейрамхана кәсіпорындарының барлығы дерлік қонақжайлылық жүйесінде маңызды рөл атқаратыны, сондай-ақ ұйымдар мен мәдени мекемелер арасындағы жемісті шығармашылық қарым-қатынастарды сақтайтыны туралы ақпарат даусыз, өйткені олар әртүрлі мәдени іс-шараларды өткізуге арналған орын болып табылады [3].

Мейрамхана бизнесі кәсіпорындары үйден тыс тамақ дайындаудың және тамақты тұтынудың ерекше нысаны ретінде кеңейтілген ұдайы өндіріс жүйесінде ерекше орын алады. Бұл кәсіпорындарда ұдайы өндірістің барлық фазалары орындалады: материалдық өндіріс, еңбек өнімін бөлу (айырбастау, өткізу) және тұтыну. Өндірістік функция мейрамхана бизнесін тамақ өнеркәсібіне жақындатады; іске асыру функциясы – бөлшек саудагерлермен. Өнімді тұтыну процесін ұйымдастыру және оған қызмет көрсету функциясы мейрамхана бизнесінің кәсіпорындарына өте ерекше және тән.

Мейрамхана бизнесінің негізгі мақсаты – адамдарға жұмыс, оқу, демалыс және басқа да үйден тыс жағдайларда тамақтандыру қызметін көрсету.

Қоғамдық тамақтандыру процесінде бір жағынан өндіріс өнімдері тұтынылады, екінші жағынан жұмыс күші ұдайы өндіріледі, сөйтіп жаңа өндірістің іске қосылуына жағдай жасалады. Осылайша, ұдайы өндірістің соңғы кезеңінің құрамдас бөлігі бола отырып, мейрамхана бизнесі кәсіпорындарының үлкен әлеуметтік-экономикалық маңызы бар.

Қорыта келіп айтатын болсақ, мейрамханалар қызметі тұтынушылар пайдасына бағыттала алады, онда қызметтің массалық өткізіліміне ұмтылатын, рестораторлардың біржақты мүдделері басым болады. Мейрамханалық бизнестің маркетингтік стратегиясы, жаңа клиенттерді тартуға және толық қанағаттандыруға, мейрамханалар желісін кеңейтуге, бәсекелестік жайғасымен беріктендіруге және мейрамханалық бизнес нарығында оң бейне жасауға бағытталуы керек.

Адвокатқа құпиялылықты қамтамасыз ететін жағдайларда қорғаушымен жеке кездесулер беруден бас тартуға тыйым салынады. Олардың ұзақтығы мен санын шектеуге тыйым салынады.

Анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттар оның қорғаушыны қамауда ұстаудың бүкіл кезеңіне іске қатысуға жіберілгені туралы жазбаша растауды дереу бергені үшін жауапты болады. Бұл міндет адвокат іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жүзеге асырылады.

Анықтау және алдын ала тергеу органдарының адвокатқа заңда көзделген жағдайларда адвокатпен келісілген мерзімде оның тергеу және өзге де процестік әрекеттерге қатысу қажеттілігі туралы хабарлау міндеті практикада іске асырылуға тиіс.

Адвокат мемлекеттік қызметшілерден 10 күндік мерзімде өз сұрауына жазбаша жауап қабылдауы керек. Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары бұған міндетті.

Адвокаттардың қызметіне заңсыз араласуға жол берген не осындай қызметтің орындалуына кедергі келтіретін адамдарды заңнамалық деңгейде жауапкершілікке тарту бекітілді.

Адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұраған адаммен және басқа адамдармен ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұраған адамның мүддесі үшін қабылданатын іс - әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге де ақпарат-мұның бәрі жеке-жеке адвокаттық құпияны құрайды.

Адвокаттардың, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультациясының, адвокаттық кеңсенің қызметкерлерінің заң көмегін көрсетуге байланысты алынған кез келген мәліметтерді қандай да бір тәсілмен пайдалануға немесе жария етуге құқығы жоқ. Адвокаттық құпия сақталуы керек, заңда осы тармақ болмаса, азаматтардың аз бөлігі өздерінің "құқықтық" тарихын айтуға тәуекел етеді. Егер адвокаттың құпиясы сақталмаса, адвокат оған тиісті жауапкершілік жүктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тыныбеков С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учебник. - Алматы: Данекер, 2004. - 270 с.
2. Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Қазақстан Республикасының заңы. (2022.03.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35069354
3. Фемида Республиканский юридический научно-практический журнал, № 11, 2010 с.26-29
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасының конституциясы. (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды)

5. Пакт Организации Объединенных наций «Основные положения о роли адвокатов».

УДК 343.13

Әбдірәшев Әлішер Мейрамұлы
«Бизнес әкімшілік» кафедрасының магистранты
Тұран-Астана университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:
з.ғ.д., профессор Шаяхметова К.О.

**ҚР-да ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СЕРПІНІН
ТАЛДАУ(КЭСӘПОРЫН МЫСАЛЫНДА)**

**АНАЛИЗ СТРУКТУРЫ И ДИНАМИКИ ИСТОЧНИКОВ
ФИНАНСИРОВАНИЯ В РК(НА ПРИМЕРЕ ПРЕДПРИЯТИЙ)**

**ANALYSIS OF THE STRUCTURE AND DYNAMICS OF FUNDING SOURCES
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (ON THE EXAMPLE OF
ENTREPRENEURSHIP)**

Аннотация. Инвестициялық саясаттың тиімділігін бағалау ұйымның қызметінде маңызды рөл атқарады, сонымен қатар үлкен ғылыми және практикалық қызығушылыққа ие. Кәсіпорынның инвестициялық саясатын басқару әдістерінің тиімділігін бағалауға әртүрлі тәсілдер бар, оларға сәйкесінше тиімділіктің әртүрлі көрсеткіштері қатысады. Қаржылық бағалауды жүргізу салынған капиталға пайданың қолайлы деңгейін алу және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қолдау мақсатында негізделген. Кәсіпорынның инвестициялық саясатының тиімділігін бағалау алгоритмі кесте түрінде ұсынылған.

Кілтті сөздер.

Талдаудың осы түрін жүргізу үшін қаржыландыру көздерінің "меншікті-қарыз", "ұзақ мерзімді-қысқа мерзімді" сияқты құрамдас тармақтарын қарастыру қажет. Қаржыландыру көздерін талдаудағы маңызды тармақ компанияның меншікті және қарыз капиталының құрылымын бағалау болып табылады. Бұл құрылымды анықтау қаржыландыру көздерінің динамикасын зерттеудің маңызды нүктесі болып табылады.

Алдымен "Утеперген" ЖШС жүргізетін қаржыландыру саясатының түрін анықтаймыз (1-кесте).


1-кесте - "Утеперген" ЖШС 2019-2021 жж. теңгерім пассивінің динамикасы

Баланс пассиві бабының атауы	Жылдар			Құрамы, %		
	20 19 ж.	20 20 ж.	20 21 ж.	2 019 ж.	2 020 ж.	2 021 ж.
Жарғылық капитал	25 000	25 000	25 000	1 5,8	1 4,8	1 2,8
Бөлінбеген кіріс (шығын)	85 317	99 817	12 0406	5 4	5 9,1	6 1,6
Капитал және резервтер жиынтығы	11 0317	12 4817	14 5406	6 9,9	7 4	7 4,4
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-	-	-	-
Қысқа мерзімді	47 485	43 933	49 832	3 0	2 6	2 5,5

міндеттемелер						
Баланс	15	16	19	1	1	1
	7802	8649	5238	00	00	00
Ескертпе - "Утеперген" ЖШС-нің 2019-2020 жылдарға арналған қаржылық есептілігі негізінде жасалды						

1-кестеге сүйене отырып, капиталдың үлесі 0,4% - ға артты деп қорытынды жасауға болады. Зерттелетін кәсіпорынның "ұзақ мерзімді міндеттемелері" туралы мақалалары жоқ. Құрылымдағы бөлінбеген табыс та 2,5% - ға ұлғаю үрдісіне ие, бұл кәсіпорын балансының валютасында 61,6% - ды құрайды.

1-суретте "Утеперген" ЖШС баланс пассивінің құрылымын белгілейміз.




1-сурет-2021 жылғы баланстық міндеттемелер құрылымы, %
Ескерту - "Утеперген" ЖШС қаржылық есептілігінің негізінде жасалды

Осы суретті талдай отырып, негізгі бөлігі бөлінбеген пайдаға (61,6%) және қысқа мерзімді міндеттемелерге 25,5%, жарғылық капиталға – 12,8% тиесілі деп айтуға болады.

Осылайша, 1-кесте мен 1-суретте меншікті қаржыландыру көздері (бөлінбеген пайданың өсуіне байланысты) тек құндылық тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар баланстық міндеттеме құрылымында да олардың үлесі артатындығы көрсетілген.

Кәсіпорынның айналым активтеріндегі ең үлкен үлес-дебиторлық берешек. Қаржылық жағдай ушығуы мүмкін, өйткені дебиторлық берешектің үлесіне жартысынан көбі келеді – бұл 2020 және 2021 жылдардағы "Утеперген" ЖШС айналым қаражатының құрамындағы 50,8 және 68,7 пайыз.

"Утеперген" ЖШС қысқа мерзімді активтерінің динамикасын 2-суретте қарастырамыз.



2-сурет - "Утеперген" ЖШС 2019-2021 жылдардағы қысқа мерзімді активтерінің динамикасы.

Ескерту- 2 әдебиет көздері негізінде автормен жасалған.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін мен 2019-2021 жж. кезеңінде ЖШС теңгерімінің деректерін алдым, дәл осы кезеңде көрсеткіштердің өзгеру тенденциясын анықтауға, оң және теріс тұстарын анықтауға, сондай-ақ есептелген көрсеткіштердің халықаралық стандарттар ретінде анықталған стандарттар мен нормаларға сәйкестігін анықтауға болады.

2 кесте-2019-2021 жылдардағы қарыз капиталын пайдалану тиімділігі.

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	ауытқу (+,-)	
				2019 ж. қарағанда	2020 ж. қарағанда
қарыз капиталының айналымдылық коэффициенті	0,7	0,9	1,05	0,35	0,15
Қарыз капиталын пайдаланудың орташа кезеңі	51 5	37 3	34 2	-173	-31
Қарыз капиталын пайдаланудың орташа құны	0,4	0,5	0,4	-	-0,1
Қаржы тұтқасының әсері	23	25	29	6	4

Ескертпе-2019-2021 жылдарға арналған қаржылық есептілік негізінде жасалған «Утеперген» ЖШС

Талданған кезең ішінде қанша айналым жасайды қарыз капиталы кәсіпорынның қарыз капиталының айналым коэффициентін ашады [36]

2021 жылы бұл коэффициент 1,05 - ке тең, бұл осы кезең ішінде меншікті капиталдың 1,05 есеге айналғанын көрсетеді.

Екінші көрсеткіш 9-кестеге сәйкес қарыз капиталын пайдаланудың орташа кезеңі күндердегі бір айналымның ұзақтығын көрсетеді және 2021 жылы 342 күнді құрайды.

2-кесте бойынша үшінші көрсеткіш тартылған қаражаттың бір теңгесін тарту құнын көрсетеді. Осындай мысалды қарастырайық, кәсіпорыннан мысалы 100 мың теңгені несиеге алу қажеттілігі пайда болды, онда $(100\ 000 * 0,4) = 40\ 000$ теңге тарту қажет.

Қазақстандық пайыздық мөлшерлемелер жағдайында да бұл ресурстарды тартудың өте жоғары құны.

Қарыз капиталын тартуда жоғары нәтижеге қол жеткізу немесе қарыз капиталын пайдалану арқылы меншікті капитал рентабельділігінің өсуі қаржылық левередж әсерімен көрінеді.

Зерттеу кезеңінде бұл көрсеткіш бірліктен жоғары, бұл қарыз қаражатын тартудың орындылығын көрсетеді.

Осылайша, "Утеперген" ЖШС кәсіпорнының қаржылық жағдайы тұрақсыз жағдайда, өйткені талданған коэффициенттер бұл туралы айтады. Бұл кәсіпорында қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі, дебиторлық берешектің үлесі артып, ақша түсімдері азайды. Мұның бәрі теріс қаржылық тұрақтылыққа әкеледі, сондықтан кәсіпорында капиталды пайдалану қарқындылығының тиімділігін қарастыру қажет.

Жүргізілген талдау елде инновацияларды қолдау мен енгізудің ұлттық жүйесін дамыту қалыптасу сатысында екенін көрсетті және сол арқылы ұлттық инновациялық жүйелер табысты жұмыс істеп жатқан әлемнің жетекші елдерінен біршама артта қалушылық түсіндіріледі. Көптеген технологиялық дамыған елдер (АҚШ, ЕО елдері, Жапония) ғылым мен инновация саласындағы әлемдік көшбасшылыққа он жылдан астам уақыт бойы көшті және айтарлықтай дәйекті және ұзақ тарихы бар. Әлемде инновациялық экономикалардың қалыптасуының басталуы, әдетте, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңге жатады. Осыған байланысты, осындай қысқа уақыт аралығындағы Қазақстанның инновациялық даму нәтижелерін қатаң бағалау өте ұтымсыз болып саналады [16].

Қазіргі уақытта ғылымды дамыту мәселелері Білім және ғылым министрлігінің құзыретіне кіреді. 2017 жылы Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуының негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындайтын "Ғылым туралы" ҚР тиісті Заңы қабылданды.

Басым, бастамашыл, тәуекелді зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамытуға жәрдемдесу мақсатында 2006 жылы "Ғылым қоры" АҚ мамандандырылған даму институты құрылды.

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті орган болып табылады. 2018 жылы "индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" ҚР Заңы қабылданды, ол экономиканың басым секторларын дамытуды ынталандыру негізінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруда салааралық үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Министрлік мемлекеттік органдардың салалық бағдарламаларын, сондай-ақ технологиялар мен инновацияларды дамыту бөлігінде ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың даму стратегиялары мен жоспарларын келіседі.

Аталған заңға сәйкес инновацияларды мемлекеттік қолдау тетіктерін іске асыру мақсатында 2018 жылы "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" АҚ құрылды. Инновациялық қызметті қолдаудың негізгі құралдары: венчурлік және жобалық қаржыландыру; технопарктерді, Технологияларды коммерцияландыру орталықтарын, салалық конструкторлық бюроларды, технологиялар трансфертінің халықаралық орталықтарын дамыту; технологиялық бизнес-инкубациялау, Технологияларды коммерцияландыру және технологиялар трансферті жөніндегі қызметтер; инновациялық гранттар беру болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан экономиканың ресурсқа бағдарланған дамудың инновациялық түріне көшуінің бастапқы кезеңінде ғана тұр. Қазақстанда инновацияларға сұранысты дамыту, оның ішінде Техникалық реттеу, Мемлекеттік сатып алу жүйесі, инновациялық компанияға ерекше мәртебе беру арқылы дамыту бойынша мемлекеттің арнайы реттеуші шаралары жоқ.

Өнеркәсіптің неғұрлым серпінді дамып келе жатқан секторлары көбінесе шетелде жаңа технологияларды сатып алуға немесе игеруге мәжбүр болады. Бұл отандық ғылым мен бизнестің өзара байланысын ынталандыру жөніндегі шектеулі шараларға байланысты.

Жоғарыда аталған жүйелік кемшіліктермен қатар Қазақстанда ғылым мен технологияларды дамытуды тоғыстырылған жоспарлау мен үйлестіру жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 534-IV Қазақстан Республикасының Заңы(10.07.2021ж. толықтыруларымен)
2. «Утеперген» ЖШС-нің негізгі құралдар туралы есебі. Кәсіпорынның қаржы - шаруашылық қызметі туралы есебі 2-жылдық мәліметтері 2020-2021жж
3. Кошкина Н. Оптимизация управленческих решений в моделях управления затратами // Саясат. - 2021. - № 7. - С. 31-37.
4. Ахметова Г.Р. Концепция национальной системой инноваций: эволюция взглядов.// Вестник университета «Туран».- 2020.-№ 3-4.-С.43-47
5. Баржаксы Н. Инновации требуют поддержки.// www.kazpatent.kz
6. Тулекбаев Е.Т. Построение национальной инновационной системы в Казахстане. //Инновации. – 2020.- № 08 (106).- С.28-34

УДК 1 (575) (09) 001 (575) (092)

Мавлянов Умид Насриддинович
зав кафедры национальной идеи, основ духовности
и правового образования Гулистанского
государственного университета, Узбекистан

ФАХРУДДИН АЛИ САФИ КАК ВЕЛИКИЙ УЧЕНЫЙ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

ФАХРУДДИН ӘЛИ САФИ ОРТА ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ РЕТІНДЕ

FAHRUDDIN ALI SAFI AS THE GREAT SCIENTIST OF THE MIDDLE AGES

Аннотация. Бұл мақалада Тимуридтер дәуіріндегі накшбандиттік тариқаның көрнекті ізбасарларының бірі Фахруддин Әли Сафидің өмірі мен шығармашылығының кезеңдері туралы айтылады, ол өз ұрпағына теология, сопылық, әдебиеттану, сын сияқты ғылым салаларында рухани мұра қалдырды. философия, тарих және этика.

Түйінді сөздер: (Сафи, сопылық, тарикат, кезең, Рашахат, мұра.

Аннотация. В данной статье говорится о периодах жизни и трудах одного из выдающихся последователей тариката накшбандия эпохи тимуридов Фахруддина Али Сафи, который оставил потомкам духовное наследие в таких областях науки как теология, суфизм, литературоведение, философия, история и этика.

Ключевые слова: Сафи, суфизм, тарикат, период, Рашахат, наследие.

Abstract. This article talks about the periods of life and work of one of the outstanding followers of the Nakshbandi tariqa of the Timurid era, Fakhruddin Ali Safi, who left to his descendants a spiritual heritage in such fields of science as theology, Sufism, literary criticism, philosophy, history and ethics.

Keywords: Safi, Sufism, tarikat, period, Rashahat, heritage.

Центральноазиатский регион с древних времен был признан одной из колыбелей человеческой цивилизации. Средневековый период, особенно эпоха Тимура и тимуридов занимает особое место в истории культуры. Ниже мы поговорим об одном великих мыслителей этого периода.

Фахруддин Али Сафи родился 12 февраля 1463 года в Герате в семье Хусейна Ваиза Кашифи. Его творческая деятельность сформировалась в 70-х годах XV века. Абдурахман Джамии оказал сильное влияние на становление научного творчества и деятельности Фахруддина Али, дав ему псевдоним Сафи. Затем по рекомендации Джамии и Навои он продолжил учебу в Самарканде между 1474 и 1490 годами, работая секретарем у Ходжи Ахрара Вали и занимаясь духовно-религиозными и мистическими исследованиями. В 1490 году султан Хусейн Байкара пригласил его в Герат и назначил главным проповедником государства. Помимо того, что он преподавал основы ислама, шариата во всех известных медресе, мечетях и хонака-обителях Гератаб Сафи был признан знатоком учения и практики ордена ходжагон-накшбандия, высокопоставленным государственным и религиозным деятелем, способным давать фетвы.

По имеющимся в источниках сведениях можно выделить нижеследующие этапы его жизни и деятельности:

I – период – 1463 – 1474 годы. Детство, отрочество, школа и медресе. Бейхак – Сабзавар – Герат. Период детства.

II – период – 1474 – 1490 годы. Высшее образование в медресе Самарканда. В течений 16 лет (с 1474 года до смерти Ходжи Ахрара в 1490г.) был мюридом (последователем) и писарем при Ходже Ахраре Вали. Отрочество и юность. Возвращение в Герат ко двору Хусейна Байкары. Научная и просветительская деятельность.

III – период 1474 – 1506 годы. Назначен Султаном Хусейном Байкарой главным ваизом, был мударрисом (профессором) в медресе Герата, провёл многочисленные научные, литературные, творческие собрания, активно участвовал в них. Прославился как передовой представитель в науках адаб (этика) и как ваиз (лектор). Его деятельность нашла отражение в произведении Алишера Навои «Мажолис ун – нафаис».

IV – период – 1507 – 1512 годы. В это время Али Сафи продолжил свою деятельность в Герате в качестве мударриса и ваиза. Стал активным участником всех событий, происшедших при переходе власти от Шейбанидов к Савафидам, социально-политических потрясений. Начиная с 1503 года начинает писать свое знаменитое произведение «Рашахат айн аль-хаят» («Капли источника жизни») и прославился пропагандой идеи суфизма.

V – период – 1512-1514 годы считаются «белыми пятнами» в биографии Али Сафи. Ясно только то, что он был сторонником тимуридов, последовательным суннитом, крупным религиозным и политическим деятелем, не пришедшим по вкусу Шейбанидам и Савафидам. Из-за притеснений с их стороны был вынужден проживать вне стен Герата, в Убахе и там писать свои произведения.

VI – период 1528-1533 годы. Проведший один год в зиндане, Али Сафи был выслан в Гаржастан. В Гаржастане он был уважаемым деятелем при дворе Мухаммада Сайфульмулька и для него были созданы все условия для жизни и творчества. Здесь он написал произведение «Латоиф ут-тавоиф». («Рассказы, бытующие в разных слоях населения»). Али Сафи умер в 1533 году.

Следует отметить, что научное, религиозное, историческое и литературное наследие Али Сафи, его идеи и взгляды изучались рядом зарубежным ученых. Особенно следует отметить работу, проведенную иранским востоковедом Ахмадом Гулчин Маони, собравшим и обнародовавшим многие сведения об Али Сафи. В Узбекистане его жизнь и деятельность осветили Б.Ахмедов, О.Усмон, Н.Комилов, М.Хасани, Б.Умурзок, Э.Каримов, Х. Сотимхон, Х.Аликулов, Р.Махмудов и другие. В России в связи с переводом книг, биография, деятельность, взгляды Али Сафи освещены в трудах А.Д.Миклухо-Маклая, А.Тагирджанова, М.Фофанова, С.Ховари и других.

Али Сафи уже в зрелом возрасте был активным участником общественно-религиозной жизни, его научное творчество достигло расцвета в первой четверти XVI века. Али Сафи поддерживали великие ученые того времени, однако тяжелым ударом для него стала смерть Ходжи Ахрара в 1490 году, Абдурахмана Джами в 1492 году, Алишера Навои в 1501 году, его отца Камалиддина Хусейна Веиза Кошифи в 1505 году, могущественного правителя султана Хусейна Байкара в 1506 году.

Шейбани-хан, правитель Герата в 1507-1510 годах, высоко оценил талант Али Сафи и объявил его проповедником и Хатыбом государства. По этой причине в этот период Али Сафи имел все условия для своего научно-фантастического творчества, как и во времена султана Хусейна Бойкара. Однако, поскольку племянник Шейбани-хана Убайдулла-Хан скептически относился к деятельности Али Сафи, он заключил ученого в темницу на год между 1515 и 1529 годами по неясной причине, а затем депортировал в Гаджастан.

В источниках также нет точных данных о смерти Али Сафи, хотя некоторые источники утверждают, что он прожил в Герате до конца своей жизни, в то время как Нисари-Бухари в произведении «Музакири ахбоб» (Воспоминания о друзьях) пишет, что «что Сафи (погребенный) в Убахе, мы точно не знаем, хорошо видно Самому Богу, Аллах лучше знает». Исходя из этого, М.Хасани и Б.Умрзак утверждают, «что Али Сафи умер в 1532 году в деревне Убах и был похоронен в городе Герат».

Ни в одном из проанализированных нами источников пока нет точной информации о личной жизни, семье, детях и близких Али Сафи. Однако в «Рашахат айнил хаят» он пишет, что женился на дочери Ходжая Калона, старшего сына Саадуддина Кашгари, и стал который был БОД Джами. В частности, он отметил, что «не секрет, что у Мавлана Саадуддина Кашгари были две дочери. Одна вышла за Джами, вторая досталась мне (Сафи). Это свидетельствует о том, что он создал семью, но не имел детей из-за «дардманд шева», «фанатичного качества», как отмечает Навои.

Нисари Бухари также высоко оценил его деятельность в главе «Музакири ахбоб», посвященной Мавлану Фахриддину Али Веизу, а в 1494 году Веиз сказал, что талант, потенциал и человечность сына Кашифи Али «не завалены чистым телом и чистым сердцем».

Проведя сравнительный анализ признаний Али Сафи его отцом, учителями, современниками о его деятельности, в которых засвидетельствовано признание Али Сафи как пропагандиста просвещения науки своего времени, на основе анализа его научного наследия мы установили, что в его активе следующие 13 работ:

1. «Рашахоту айнил-хаят» (Капли источника жизни);
2. «Латоиф ут-тавоиф» (Рассказы разных слоев населения);
3. «Махмуд и Аёз»;
4. «Анис уль орифий н филь-маваиз» (друг последователей в проповедях);
5. «Тухфат уль-Хани» – Подарок хану;
6. «Хирз уль-Амон мин Фатган уз-Заман» (Амулет-оберег, спасающий от злодеяний времени);
7. «Одоб уль-асхаб» (Этикет друзей);
8. «Кашф уль-асрар» (Открытие тайн);
9. «Метод накшбандия»;
10. «Фарасномай Сафи»; (Книга о лошадях)
11. «Лавойих-уль-Камар» (Видения Луны);
12. «Асрори Касими»;
13. Словарь Али Сафи.

Мы должны особо отметить, что наряду с рукописями и литографиями его произведений «Рашахоту айнил-Хаят» «Латоиф ут-тавоиф», имеются издания на современном языке. До наших дней сохранилось несколько рукописей неопубликованного произведения «Одабул-асхаб». Самый древний и единственный экземпляр «Словаря Али Сафи» хранится в фонде рукописей Института востоковедения и письменного наследия Таджикистана. Научное исследование иранского ученого Джалала Нойни показало, что маснави Али Сафи «Махмуд и Аяз», состоящий из 2560 байтов, посвященных Алишеру Навои, был написан в 1506 году. Его работа «Хирз-уль-Амон мин фитан-уль-Заман» посвящена описанию и классификации зикра, тафсира и комментариев к отдельным аятам-стихам Корана, единственный экземпляр которого хранится в центральной библиотеке Тегеранского университета под номером № 2828.

Произведение Али Сафи «Фарасномаи Сафи» написано в стиле одного из жанров средневековой персидской литературы «Фараснома» и посвящено породам лошадей, уходу, болезням и их лечению. Каждая страница работы, состоящей из 38 страниц, 34 глав, содержит 12 байтов текста, в котором представлена информация о методах ухода за лошадью, болезнях и методах лечения. Информация о том, что это произведение было адресовано шаху Тахмоспу, нашла свое подтверждение в том, что он восхвалял шаха Тахмоспа после того, как он принес хвалу Аллаху в начале произведения и наветы пророку.

В заключении можно сказать, что, во-первых, бурные условия того времени, в котором жил Али Сафи, в свою очередь, нашли свое непосредственное отражение в личной жизни, научной, общественно-политической деятельности, мировоззрении, наследии мыслителя и философа. В то же время духовная атмосфера в Герате, влияние его отца и наставников были сильны в становлении Фахруддина Али Сафи зрелым ученым своего времени.

Во-вторых, как ученый-мыслитель своей эпохи, Сафи писал и оставил работы в таких областях, как теология, суфизм, философия, этика и риторика. Его труды служат первоисточниками изучения научно-философского, религиозно-мистического наследия Центральной Азии. Творчество Али Сафи приобретает особую значимость как возможность исследовать корни духовной культуры народов Центральной Азии и дать соответствующую, объективную и справедливую оценку общественно-политической, духовно-культурной и религиозно-просветительской жизни того времени, уникальную информацию об исторических личностях.

Изучение, классификация, поиск рукописей, перевод и публикация трудов Али Сафи на современные языки-одна из актуальных задач, стоящих перед современными востоковедами, философами, историками, филологами и литературоведами.

Список использованной литературы:

1. Миклухо-Маклай А.Д. Описание персидских и таджикских рукописей ИВ АН. Вып. 3. М.: Наука ГРВЛ, 1975. С. 115.
2. Хасаний М., Умрок Б. Фахруддин Али Сафий и о его книги «Рашахот». Фахруддин Али Сафий. Рашахоту айнил хает. Т.: Абу Али ибн Сино, 2004. 8-б.
3. Хожи Сотимхон Хожа Инъом Мунаввар. Урта аср латофатномаси. Сузбоши. // Фахриддин Али Сафий. Латофатнома. Т., 1996. 4-с.

**ЖЕТІМ, АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ-СИРОТ, И ДЕТЕЙ
ОСТАВШИХСЯ БЕЗ ПОПЕЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ**

**SOME ISSUES OF LEGAL PROTECTION OF ORPHANS AND CHILDREN
LEFT WITHOUT PARENTAL CARE**

Аннотация. Қазіргі таңда жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды құқықтық қорғау мәселесі тек Қазақстан Республикасының ғана емес халықаралық өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл мәселенің тамыры әлем елдеріндегі әскери қақтығыстар, соғыстар, саяси төңкерістер мен революциялар экономикалық реформалардың дұрыс жүргізілмеуі, кедейшілік пен халықты әлеуметтік қорғаудың әлсіздігі т.б. мәселелерге тіреледі. Егер бұрынғы уақыттарда балалар соғыс немесе басқа жағдайлардан ата-аналарынан айрылса, қазіргі жетім балалардың басым көпшілігі ата-анасы бола тұра жетімге айналып, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалуда. Осының нәтижесінде ата-аналардың балаларға қамқорлық жасамауынан, одан жалтаруынан, балаларынан бас тартуынан әлеуметтік жетімдіктің де қатары көбеюде.

Кілт сөздер: ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар, қамқоршылық, қорғаншылық, патронат.

Аннотация. В настоящее время вопрос правовой защиты детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, стал одним из актуальных вопросов не только в Республике Казахстан, но и во всем мире. Корни этой проблемы лежат в вопросах военных конфликтов, войн, политических революций и революций в странах мира, неправильного проведения экономических реформ, бедности и слабости социальной защиты населения и др. Если в прежние времена дети теряли родителей из-за войны или других обстоятельств, то подавляющее большинство современных детей-сирот, будучи родителями, становятся сиротами и остаются без попечения родителей. В результате этого увеличивается и социальное сиротство из-за того, что родители не заботятся о детях, уклоняются от них, отказываются от детей.

Ключевые слова: дети, оставшиеся без попечения родителей, дети-сироты, опека, попечительство, патронат.

Abstract. Currently, the issue of legal protection of orphans and children left without parental care has become one of the topical issues not only in the Republic of Kazakhstan, but also around the world. The roots of this problem lie in the issues of military conflicts, wars, political revolutions and revolutions in the countries of the world, improper implementation of economic reforms, poverty and weakness of social protection of the population, etc. If in the old days children lost their parents due to war or other circumstances, then the vast majority of modern orphans, being parents, become orphans and remain without parental care. As a result, social orphanhood is also increasing due to the fact that parents do not take care of children, shy away from them, abandon children.

Keywords: children left without parental care, orphans, guardianship, guardianship, patronage.

Жетімдік пен балалардың қараусыз, қамқорлықсыз қалумен күресудің және оның алдын алудың жүйесін құруды қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен дәстүрлерін есепке алмай жүргізу мүмкін емес. Қазақ халқының басқа да халықтар сияқты әлсіз адамдарға қамқорлық жасау философиясы бар. Өз туыстарына қамқорлық жасау дәстүрі қазақ халқының рулық дамуының ұзақ кезеңінде қалыптасты. Бір-біріне көмек қолын созу әдет-ғұрып нормаларыммен реттеліп, өте ерте уақыттан бастап пайда болған. Қазақ халқы көшпенділіктің қиын жағдайында өмір сүрсе де балаларға қамқорлық жасауға әрдайым уақыт тапқан. Әйелдер балаларды өмірге әкеліп, өз елінің мақтаны болар азамат етіп өсіруге тырысты. Жас кезінен бастап балалар еңбек қызметіне араласқан. Үй шаруашылығына көмектесіп өздерінен кіші балаларға қамқорлық жасаған. Халық даналығында ата-ананың балаларды тәрбиелеу рөлі туралы көптеген нақыл сөздер бар. Мысалы, «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар», «Бала - бақытың» т.б. Өз кезегінде отбасының кіші мүшелері қарт кісілерге, ауру, мүгедек адамдарға көмектесуі міндетті деп саналды. Балалардың ата-анасының бірінен немесе екеуінен айырылуы олардың өз мүлкіне құқықсыз қалуына әкелмейтін керісінше, ру мүшелері балалардың мүлкін сақтауға, оларды жеткізуге және тиісті мұрасын бөліп беруге тиіс еді. Қазақ халқының балалар мен әйелдердің әлеуметтік құқықтарын қорғауы әменгерлік нормалармен де қамтамасыз етілді. Жесір қалған әйел күйеуінің қайтыс болғанына жыл толғаннан кейін, оның туыстарының біріне тұрмысқа шығуға тиіс болатын. Осылайша балалар рулық қауымның толыққанды мүшесі болып қалатын. Жесір әйел екінші қайтара тұрмысқа шығудан бас тарта алатын. Мұндай жағдайда ол отағасы құқықтарына балалары есейгенше ие болатын, бірақ ол үшін ол күйеуінің туыстарының арасында өмір сүруі керек болатын.

Жеті жарғының бір тарауы жесір әйел мен жетім қалған балалардың мүліктік және жеке құқықтарын реттеуге арналған. Бұған ері қайтыс болғаннан кейін мән-жайлар, әменгерлік, жасы толмаған балаларға қамқорлық т.б. жатты. Әкесі қайтыс болғаннан кейін жасы толмаған балалардың қамқоршысы ролін ағалары немесе інілері атқаратын. Жасы толмағандар 15 жасқа дейін қамқорлықта болды. Қазақ халқында жетім балаларға қатысты бір керемет салт бар – бауырына басу. Ол әдет-ғұрып отбасында бала болмағанда немесе бала тұрмаған жағдайда қолданылады. Әдетте жақын туыстарының, ағасының немесе інісінің балаларын бауырына басатын. Бірақ бұл дәстүр ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға да қатысты болды. Баланы бауырына басу салтанатты жағдайда өтіп, оған ауыл ақсақалдары және туыстары қатысты. Тиісті дәстүр орындалғаннан соң, шарт ант беру жолымен ресімделетін. Қорғаншылықтың осыған ұқсас құқықтық нормалары буряттарда, шорлар мен алтайлықтарда кездеседі. Қазақ қоғамында жетім балаларды қорғаудың мықты, әртүрлі нысандары болған. Аталған тарихи жайттар зерттеудің өзектілігін арттыра түседі. Жетімін жылатпаған, жетімге қамқорлық жасаған жасаған елде баладан бас тарту жәй әрекетке айналып отыр.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында отарландырудың күшеюі қазақ халқының тарихи өмір сүру салтынан бірте-бірте бас тартуына әкелді. Жетімдерді қорғаудың қалыптасқан жүйесінің күйреуі қоғамдағы әркілі тарихи оқиғалармен байланысты болды. 1917 жылғы Қазан революциясы, азамат соғысы, екінші дүниежүзілік соғыстар, ашаршылық, репрессия т.б.б. жағдайлар әсер етті. Саяси және әлеуметтік жағдайлар дәстүрлі шаруашылық жүргізуге өз әсерін тигізбей қоймады. «Кіші Октябрь» саясаты, ауыл шаруашылығының құлдырауы, шаруалардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, ашаршылық халықтың ауылдардан қалаларға шұбыра көшуіне әкелді. Кедейлену, аурулар мен аштықтан көптеген балалар құрбан болып көшелерде жатты. Бұрынғыдай руластар мұндай балаларға көмек бере алмады. Таптық күрес туыстық көмек беруді де аяусыз жаншып отырды. Қазақ халқының мейірімділігі шексіз оған Ұлы Отан соғысының куә бола алады. Мысалы, 1942 жылы қазақстандықтар 2000 (екі мың) жетім баланы асырап алды. Соғыс елімізде балалар үйінің көбеюіне алып келді. Ең қиыны, жетімдер және балалар үйінің болу фактісінің өзіне де халықтың толеранттылық көзқарасын қалыптастырды. Өткен ғасыр 50 жылдарынан бастап саяси курстың өзгеруі

отбасы саясатын да өзгертті. Өкімет отбасы институтын нығайтатын шараларды іске асырды, бірақ, қазақ қоғамында ата-анасы қамқорлық жасаудан бас тартқан балалар пайда бола бастады. Мұндай балалар сәбилер үйіне кейіннен балалар үйіне, мектеп-интернаттарға орналастырылды.

Қазақстан Республикасы ХХІ ғасырда жедел дамып келе жатқан елдердің қатарына енеді. Дегенмен, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны көбейіп, оның өзектілігі арта түсуде. Жаһанданған қазіргі қоғамда әртүрлі процестер орын алып отыр. Қоғамдағы рухани дағдарыс тәрбиелеу дағдарысына айналды. 90-жылдардағы саяси –рухани, экономикалық дағдарыс отбасы институтына да әсер етті.

Неке және отбасы кодексінің 1-бабының 1-ші тармағының 5-ші тармақшасына сәйкес ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала деп ата-анасының екеуінің немесе біреуінің ата-аналық құқықтарынан айрылуына немесе шектелуінен, хабар-ошарсыз кетуі немесе өлді деп жариялануынан, әрекет қабілеттілігінің шектелуі, әрекетке қабілетсіз деп танылуынан, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, баланы тәрбиелеу мен оның мүддесін білдіруден бас тартуына, баланы медициналық, өзгеде тәрбиелеу мекемелерінен алудан бас тартуынан, сонымен қатар ата-анасының қорғауына мұқтаж болған болғанда қамқорлықтан тыс болған балаларды айтамыз[1].

«Жетім бала» және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған екеуі екі заңдық түрлі ұғым[2,65]. Енді осы ұғымдардың мағынасын ашып қарайық. Жетім бала – ата-анасының екеуі де жалғыз анасы немесе әкесі қайтыс болған балалар. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалу күшіндегі заңнамаға сәйкес сот арқылы белгіленуді талап етпейді, дегенмен жалғыз әкесінің немесе анасының ата-аналық құқықтан айрылуы немесе осындай құқықтардың шектелуі, әрекет қабілеттілігінің шектелуі немесе әрекетке қабілетсіз деп танылуының өзі де бе баланың ата-ана қамқорлығынсыз қалуын білдіреді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу толық және жан-жақты қамтылуы үшін алғашқы, аймақтық және орталықтандырылған есепке алу жүргізіледі. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды алғашқы есепке алу және оларды басқа отбасына асырауға беруге, қамқоршылыққа немесе патронатқа беруге құжаттарды даярлау Неке және отбасы Кодексінің 119, 133-баптарына сәйкес жүзеге асырылады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала анықталған жағдайда аудандық немес қалалық деңгейде қамқоршы және қорғаншы орган мұндай балаларды есепке алып, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу журналына тіркейді Тіркеу қағаз және электронды нысанда жүргізіледі. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және өзі тұрған жер бойынша бір ай ішінде тәрбиелеуге орналастырылмаған балаға қатысты облыстық деңгейдегі қамқоршылық және қорғаншылықты жүзеге асырушы орган тиісті нысанда белгіленген сауалнама толтырады және оны жеті күн ішінде облыстық білім беру органдарына жібереді.

Қазіргі уақытта жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасында орналастырудың сан алуан балама түрлері көзделген. Сайып келгенде, олардың барлығы бір мақсатта көздейді: баланы отбасында немесе отбасына жақын жағдайда өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау. Қазақстан Республикасының Неке және отбасы кодексінде жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың төмендегідей түрлері бар:

- Балаға қамқоршы немесе қорғаншы тағайындау;
- Патронат;
- Бала қонақтайтын отбасы;
- Баланы қабылдайтын отбасы;
- Бала асырап алу.

Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау төмендегі заң актілерін де бекітілген.:

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау төмендегі заң

- 1.Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңы;

2. Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) отбасы туралы Кодексі;
3. Қазақстан Республикасының отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы Заңы;

4. «Балаларды қорғау және шетелдік асырап алуға қатысты әріптестік туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы Заңына сәйкес әрбір бала отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, ата-анасын білуге, олардың қамқорлығына, егер олардың мүддесіне қайшы келмесе құқығы бар. Бірақ Қазақстан Республикасының Заңнамасында әлеуметтік жетімдіктің алдын алу шараларын қарастырмайды, атап айтқанда, ішкі отбасылық қатынастарды түзетуге қажетті шараларды қамтымайды[3].

Қазақстан Республикасының Конституциясында әрбір азаматтың тұрғын үйге құқығы бар екендігі айтылған. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамту мәселелеріне жеткілікті мән беріліп отырған жоқ. Оның үстіне жетім-мұрагер балалардың тұрғын үйге меншік құқығын тіркеу заңнамасының нормалары бұзылып жатады. Жетім, және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды дер кезінде тұрғын үй кезегіне қоймау салдарынан балалар үйінен шығарылғанда қиын ахуал қалыптасады. Кей жағдайларда балалар үйіне келгенде мұраға қалған үйі бар балалардың да балалар үйінен кәмелетке толып шыққан жағдайда үйсіз қалатын жағдайлар фактілері кездесіп жүр. Сондықтан біріншіден, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтуға байланысты арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылданғаны жөн деп есептейміз. Осындай санаттағы балалардың мүлкін қорғаудың ерекше шаралары да Заңда қарастырылуы қажет.

Екіншіден, баланы қабылдайтын отбасыларды мемлекет тарапынан белгіленген материалдық қолдаудың кешенді шараларын жүргізу қажет. Мемлекет үшін балаларды интернат пен балалар үйінде тәрбиеленгеннен гөрі оларды отбасында тәрбиелеу моралдық психологиялық жағынан да материалдық жағынан да әлдеқайда тиімді.

Бір уақытта жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың әртүрлі нысандарын жетілдіріп, дамытып отыру қажет. Бұл ретте халықаралық практикаға баса мән беруіміз керек (бала асырап алуға қамқоршылық және қорғаншылық, патронат, отбасылық тәрбиелік үй тобы, бала қабылдайтын отбасы, бала қонақтайтын отбасы, кәсіби бала қабылдайтын отбасы).

Үшіншіден, халықты бала қабылдайтын отбасы болуға тарту мақсатында осындай отбасылардың құқықтық және әлеуметтік беделін арттыруымыз керек. Осы мақсатта бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихат жұмыстары ұдайы жүргізілуі тиіс. Аталмыш тақырыпта көркем фильмдер, деректі фильмдер, бейнерликтер шығарып, телеарналардан және басқа тарату каналдарынан көрсетілім жұмыстары ұйымдастырылуы тиіс.

Төртіншіден, балалардың ата-ана қамқорлығынсыз қалуының алдын алу мақсатында Заңға «Алдын ала қорғаншылық» институтын енгізу керек. Егер жасы толмаған баланың мүддесі талап еткен жағдайда дереу қорғаншы тағайындайтын жағдайларда қолданылады.

Келесі ұсыныс патронаттық тәрбиелеуге байланысты болады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды патронаттық тәрбиеге берудің тәжірибесі өзінің тиімділігін көрсетті. Патронаттық тәрбиелеудің артықшылығы бала интернаттық жағдайда емес, керісінше отбасылық жағдайда өмір сүреді. Патронатқа берілген балалардың да ата-аналары баламен қарым-қатынас жасау құқығын сақтап қалады. Осы жағдайларды ескеріп «кәсіби патронаттық отбасы» ұғымын Заңға енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР-ның Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

2. М.В. Антокольская Семейное право: учебник –Москва.: Юристъ,2002 -289 б.
3. ҚР-ның « Бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы-
http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

УДК 330.1

Салкынбаева Фатима Давитбаевна
Экономика БББ PhD докторанты
Yessenov University, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекші:
PhD, MBA Таяуова Г.Ж
э.ғ.к., Естурлиева А.И

ЖАСТАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІ, ОНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ТҮРЛЕРІ

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ МОЛОДЕЖИ, ЕГО РАЗВИТИЕ И ВИДЫ ПОДДЕРЖКИ МОЛОДЫХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

ENTREPRENEURIAL POTENTIAL OF YOUTH, ITS DEVELOPMENT AND TYPES OF SUPPORT FOR YOUNG ENTREPRENEURS

Аннотация. Ғылыми мақалада жастардың қоғамның ең белсенді бөлігі болып табылатындығымен анықталады, ол күштердің, ұмтылыстардың, табысқа жетуге, материалдық әл-ауқатқа, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысы жоғары, яғни жастардың кәсіпкерлік қызметтегі әлеуеті өте жоғары деп айтуға болады. жас кәсіпкерлер аймақтың әлеуметтік - экономикалық дамуына елеулі үлес қосу тәсілдері, бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. жаңа жұмыс орындары, жұмыссыздықты азайту, салық төлеу, инновациялық өнімдер жасау, озық технологияларды насихаттау, тауарлар мен қызметтердің кеңдігін дамыту. Жастарға арналған мемлкеттік бағдарламалардың ақпарат беру.

Түйінді сөздер: жастар, жұмыссыздық, бизнестің жол картасы, жұмыссыздық, бизнес.

Аннотация. В научной статье определяется тем, что молодежь представляет собой наиболее активную часть общества, которая обладает высоким запасом сил, стремлений, желанием достигнуть успеха, материального благополучия, самореализации, то есть можно сказать, что потенциал молодежи в предпринимательской деятельности очень высокий, молодые предприниматели способны внести весомый вклад в социально-экономическое развитие региона, создавая новые рабочие места, сокращая безработицу, осуществляя выплаты налогов, создавая инновационные продукты, продвигая передовые технологии, развивая широту ассортимента товаров и услуг.

Ключевые слова: молодежь, безработица, дорожная карта бизнеса, безработица, бизнес.

Abstract. The scientific article determines that youth is the most active part of society, which has a high reserve of strength, aspirations, desire to achieve success, material well-being, self-realization, that is, we can say that the potential of youth in entrepreneurship is very high, young entrepreneurs can make a significant contribution to the socio-economic development of the region by creating new jobs, reducing unemployment, making tax payments, creating innovative products, promoting advanced technologies, developing a wide range of goods and services.

Keywords: youth, unemployment, business roadmap, unemployment, business.

Жастарды жұмыспен қамтудың, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтудың маңызды шарты жастардың кәсіпкерлік әлеуетін дамыту және қолдау болып табылады. Мұндай

әлеуеттің болуы жас жігіттің Жұмыспен қамтудың классикалық нұсқасын (жұмыс берушімен еңбек шарты бойынша) іздеп қана қоймай, сонымен бірге өзінің күш-жігерімен өзі, құрдастары және басқа адамдар үшін жұмыс орындарын құра алатындығын көрсетеді.

Алайда, "кәсіпкерлік әлеует" ұғымы осы негізгі тұжырымдарға дейін азайтылмайды. Ғалымдар мазмұнын әр түрлі сипаттайды және кәсіпкерлік әлеуеттің мәні. Мәселен, бір жағдайда ол "кәсіпкерлерді, кәсіпкерлік инфрақұрылымды, сондай-ақ кәсіпкерлік этика мен мәдениетті қамтитын экономикалық ресурс" деп түсініледі

Басқа жағдайда, олар кәсіпкерлік әлеует күрделі экономикалық категория екенін мойындайды, оны қазіргі экономикалық әдебиеттерде нақты түсіндіру әлі әзірленбеген, дегенмен зерттеушілер бұл тақырыпқа үлкен қызығушылық танытады[1].

Осылайша, бүгінде "кәсіпкерлік әлеует" ұғымының көптеген түсіндірмелері бар деп айтуға болады, бірақ бірде-біреуі Бұл құбылыстың нақты мәнін толық көрсетпейді. Әр түрлі тәсілдерді талдау негізінде оның тасымалдаушыларына – Жеке тұлғаларға қатысты кәсіпкерлік әлеует туралы өзіндік түсінік беруге болады. Сонымен, тұлғаның кәсіпкерлік әлеуеті-бұл жеке тұлғаның субъективті ішкі психологиялық қабілеттерінің жиынтығы және оның объективті сыртқы (ресурстық) мүмкіндіктері, оны адам өзін-өзі басқару немесе ұжымдық кәсіпкерлік қызметке қатысу үшін қолдана алады.

Кәсіпкерлік әлеуеттің бұл анықтамасы, атап айтқанда, жастарға да қатысты. Бұл, біріншіден, жас адамның кәсіпкер ретінде қалыптасуы үшін еңбек нарығына шығуы керек жеке қасиеттерін, екіншіден, кәсіпкерлік қызметті бастау үшін жас адамда болуы керек объективті әлеуметтік жағдайларды (ресурстарды) сипаттауға мүмкіндік береді.

Жас жігіттің кәсіпкерлікпен айналысудың жеке психологиялық қабілетін қалыптастыратын жеке қасиеттер мен қасиеттердің үлкен тізімі бар. Бұл тізімге келесідей қасиеттер кіреді:

- өзіне деген сенімділік: кейбір психологтар бұл кәсіпкердің ең маңызды қасиеттерінің бірі деп санайды, егер өзіне деген сенімділік болмаса, басқа қасиеттер адамға кәсіпкерлікте сәттілікке жетуге көмектеспейді; мұндай мінез-құлыққа ие адамдарға сәтсіздік пен қателік әсер етпейді, олар әдетте біреудің қолдауына немесе мақұлдауына мұқтаж,

- тепе-теңдік: ауыр стресстік жағдайларда дүрбелеңге түспеу қабілетімен көрінеді; жақсы кәсіпкер кез-келген жағдайды сапалы бағалап, туындаған кез-келген мәселелерді шеше білуі керек,

- жағдайды бағалай білу және жаңашылдықты қабылдау,

- қарым-қатынас; әріптестер мен серіктестерді орналастыру мүмкіндігі кәсіпкерлікте өте маңызды рөл атқарады; адамдармен еркін сөйлесе алатын, оларды өзіне қарай орналастыра алатын және олардың сеніміне ие бола алатын адам табысқа жетеді;

- практикалық; кәсіпкер логикалық және нақты болуы керек; ол әрқашан белгілі бір жағдайды бағалай білуі керек және нақты жағдайда қандай шешім қабылдау керектігін түсінуі керек,

- шығармашылық; өзін-өзі жүзеге асыруға және өз идеяларын жүзеге асыруға деген ұмтылыс әрқашан кәсіпкерлердің ерекшелігі болды; бұл кәсіпкерлік идеялар, шығармашылық оның бизнестегі инновациялық ұсыныстарының қайнар көзі болып табылады,

Кәсіпкерлікке толған кезде кәсіпкерлік белсенділіктің алғышарттары ретінде қызмет ететін ішкі жеке қасиеттер жас адамда қалыптасып, оның жеке кәсіпкерлік әлеуетінің негізі бола алуы үшін жеке тұлғаны дамытумен айналысу керек. Кейбір авторлар қазіргі жағдайда жеке тұлғаның кәсіпкерлік әлеуетін қалыптастыру және дамыту бизнес-білім беру жүйесінен тыс мүмкін емес деп санайды[1].

Зерттеушінің пікірінше, біріншіден бизнес-мектептерде кәсіпкерлік әлеуетті дамыту үшін қажетті жағдайлар мен бағдарламалар бар. Бизнес-мектептер өз жұмыстарын бірден бірнеше бағыт бойынша жүргізеді. Ең алдымен, бұл жастардың жеке дамуы, атап айтқанда – мотивациялық саланы, құндылық бағдарларын, рухани және

кәсіби қажеттіліктерді дамыту; негізгі Мәдениет, коммуникацияға, ынтымақтастыққа, түйсікке, тәуелсіздікке шығармашылық қабілеттер.

Бизнес-мектептерде кәсіпкерлік әлеуетті дамытудың екінші бағыты-ұйымдардың әртүрлі түрлерінде кәсіпкерлік әлеуетті көрсету қабілетін қалыптастыру. Үшіншісі-болашақта өз бизнесін құру мақсатында Кәсіпкерлік әлеуетті дамыту. Төртіншісі-ғылыми қызметтегі кәсіпкерлік әлеуетті дамыту.

Қазіргі жастар бизнеске үйір. Әсіресе шағын және орта бизнестен бақ іздейтіндер көп. Әлбетте, бұл жақсылықтың нышаны. Өйткені олар бизнеске үлес қосу арқылы елдің экономикасын демеп отыр. Дамыған елдерде экономиканың негізгі тірегі біздегідей шикізат емес, бизнес екенін ескерсек, жастардың бұл қадамы құптауға тұрарлық.

Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешу үшін мемлекет елдің жас азаматтарын кәсіпкерлік қызметке тартуға әрекет жасайды, бұл, жалпы, барлығына да – қоғамға да, азаматтарға да, мемлекеттің өзіне де тиімді. Екінші жағынан, басқа жас категорияларының арасында кәсіпкерлік, объективті себептерге байланысты, жаңалыққа жат емес, өзгермелі жағдайларға тез бейімделетін жастардың рухына жақынырақ келеді, бұл дамыған елдерде жеткілікті түрде табысты пайдаланылып, белсенді ынталандырылады.

